ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Келиманова Жанар Мейрамбаевна

«ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ДАМУЫ» ПӘНІНЕН СЕМИНАР САБАҚТАРЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Тараз 2019

УДК 159.9 (075.8)
ББК 88.4
К 28

Пікір жазғандар:

Керімбаева Р.Қ. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Елубаева Р.С.- педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Көшімбетова С.А. - «Жалпы педагогика және психология» кафедрасының профессоры,педагогика ғылымдарының кандидаты.

Б 88 Келиманова Ж.М. «Психология және адамның дамуы» пәнінен семинар сабақтары. Оқу-әдістемелік құрал/ **Ж.М.Келиманова**-Тараз: ТарМПУ, 2019. - 210 б.

ISBN 978-601-7908-49-7

«Психология және адамның дамуы» пәнінен семинар сабақтары оқу-әдістемелік құралы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған.

«Психология және адамның дамуы» пәнінен семинар сабақтары оқу-әдістемелік құралында жалпы психологияның қарастыратын мәселелері, танымдық процестер, жеке тұлға, тұлға қасиеттері мен қабілеттері, жас ерекшелік психологиясының қарастыратын ғылыми-теориялық мәселелері, пәннің міндеттері мен мақсаты, зерттеу әдістері, даму ұғымы, баланың психикалық дамуы жайлы теориялар, дамудың жас кезеңдеріне қарай жіктелуі және жас шамасының мәселелері толығымен қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралда тұлғаның онтогенездегі психикалық даму ерекшеліктері бірізділікпен жүйеленген.Ұсынылған«Психология және адамның дамуы» пәнінен семинарлық сабақтар оқу-әдістемелік құралы жоғары оқу орында оқитын барлық мамандық студенттеріне арналады.

УДК 159.9 (075.8)
ББК 88.4
К 28

ISBN 978-601-7908-49-7

© Келиманова Ж.М., 2019

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 5
1.Психология пәніне кіріспе
1.1.Психология ғылымы және оның қалыптасу кезеңдері 6
1.2.Психология ғылымының салалары мен зерттеу әдістері 13
1.3. Психологияның даму тарихы 28
2.Танымдық психикалық үрдістер
2.1. Түйсіктің негізгі заңдылықтары 30
2.2. Қабылдау, оның қасиеттері 42
2.3. Қабылдау формаларын дамыту 44
3. Танымдық психикалық үрдістер
3.1. Естің физиологиялық негізі 48
3.2. Естің түрлері 51
3.3. Ес процестерін дамыту 53
4. Танымдық психикалық үрдістер
4.1.Ойлау сипаттамасы 57
4.2.Ой операциялары мен түрлері 60
4.3.Сөйлеуді психологиялық талдау 64
5. Танымдық психикалық үрдістер
5.1.Қиялды психологиялық талдау және оның негізгі қасиеттері 68
5.2.Зейіннің түрлері 76
5.3. Оқушылардың қиялы мен зейінін дамыту 78
6. Психикалық күйлер
6.1. Психикалық күйлердің жіктелуі 79
6.2. Эмоцияның функциялары 80
6.3. Сезім мен оның түрлері 85
6.4. Тұлғаның ерік сапалары және олардың дамуы 87
7. Іс-әрекет және тұлға құрылымы
7.1. Жеке адам құрылымы 99
7.2. Тұлға туралы түсінік 101
7.3. Іс-әрекет құрылымы 110
7.4. Мотивациялық-қажеттілік сферасы 118
8. Психикалық қасиеттер
8.1. Темперамент типтері 122
8.2. Мінез құрылымы мен типі 128
8.3. Қабілет түрлері мен нышан 131
9. Психикалық даму сферасы
9.1. Психика туралы жалпы сипаттама 150
9.2. Псииканың қозғаушы күштері 153
9.3.Психологияға психогенетикалық тоериялары (Ст.Холл. А.Гезел, В.Штерн, К.Бюлер) 155
10. З.Фрейд психоаналитикалық теориясы

10.1. З.Фрейд тұлға моделы 156
10.2. Психоанализ: тұлға құрылымы 157
11. Тұлғаның даму теориясы
11.1.Ж.Пиаженің операционалдық интеллект теориясы 159
11.2.Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теоиясы 163
11.3.А.Н.Леонтьев пен Д.Б.Эльконинниің жас кезеңдері тоеориялары 169
12. Мектепке дейінгі жастағы психикалық даму
12.1.Нәрестелік психикалық шақ. 173
12.2. Ерте сәбилік кезең 174
12.3. Мектепке дейінгі жастағы психикалық даму 177
13.Бастауыш мектеп жасы және жеткіншектік кезең
13.1.Бастауыш мектеп жасы психологиясы 179
13.2.Жеткіншектік кезең сипаттамасы 188
13.3.Жеткіншектік кезеңдегі дағдарыс 191
14. Жасөспірімдік және ересек жас кезеңдері
14.1.Жасөспірімдік кезеңдердің психикалық даму ерекшеліктері 194
14.2. Жасөспірімдік кезеңнің кәсіби бағыттылығы 196
14.3. Ересектік жастағы физикалық және когнитивтік даму 198
15. Кемел жас және кәрілік шақ психологиясы
15.1. Кемел жас психологиясы 201
15.2.Геронтопсихология. Қартаюдың биологиялық және әлеуметтік белгілері 205
15.3. Ұзақ өмір сүру және оны анықтайтын факторлар 206
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі 209

АЛҒЫ СӨЗ

«Психология және адам дамуы» курсы университеттің барлық мамандықтары бойынша 1 курс студенттеріне оқытылатын міндетті пән. Ол «Жалпы психология» мен «Даму психологиясы» атты екі пәннің қосындысынан тұрады. Бул курс студенттердің психологиялық дүниетанымы мен көзқарастарын кеңейту және психологиялық таным бойынша білімдерін тереңдету мақсатымен құрылған және студенттердің психологиялық даярлығы жүйесінде маңызды орын алады. Психика дамуының механизмдері мен заңдылықтарын білу білім саласындағы, сондай-ақ, қоғамның басқа да түрлі салаларында жұмыс атқаратын психологтың практикалық іс-әрекетінің негізі болып табылады.

Пәннің мақсаты: «Психология және адам дамуы» курсы студенттердің жалпы психология курсы білімдерін игеру, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру негізінде олардың психологиялық ойлауын дамытуды, сонымен қатар, студенттерді олардың кәсіби психологиялық даярлығын күшейтуге және психологиялық білімнің маңызды салаларының бірі даму психологиясын терең оқып-зерттеуге мүмкіндік беретін теориялық және практикалық білімдермен қаруландыру.

Пәннің міндеттері:

- психологиялық құбылыстардың зандылыктары негізінде психологияның әр салалары бойынша студенттерде білімдерді жүйелендіру;
- әртүрлі психологиялық фактілер мен теорияларды жүйелі-психологиялық талдау үрдісінде студенттерде танымдық дағдылар мен ептіліктерді дамыту;
- даму психологиясы саласындағы зерттеулерді құрудың әдіснамалық, теориялық және әдістемелік негіздері жөнінде білімдермен қамтамасыз ету.

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІНЕ КІРІСПЕ

1.1.Психология ғылымы және оның қалыптасу кезеңдері

Психология – психика дамуының жалпы заңдылықтарын, зерттеу әдістерін, теориялық принциптерін және оның ғылыми негіздерінің қалыптасу жүйесін зерттейді. Психика жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның нақты формасының қызметін, әрекет тәсілін бейнелейді, адам психологиясы жаңғырту арқылы пайда болады.

Ресейлік атақты психолог Борис Герасимович Ананьев адам танымының жүйесін 4 негізгі ұғымға бөліп қарады: индивид, іс-әрекет субъктісі, тұлға және жеке даралық.

Индивидң түсінігінің бірнеше мәні бар. Алдымен, индивид - *ол табиғи жалғыз тіршілік иесі адам, Homo sapiens түрінің өкілі.* Мұнда адамның биологиялық жағы айтылған. Кейде бұл түсінікте адамды адамзат қауымының жеке өкілі, еңбек құралдарын пайдаланатын әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қолданады. Алайда бұл жағдайда да адамның биологиялық тұрғысы ұмытылмайды.

Б.Г.Ананьев индивидтің бірінші және екінші қасиеттерін бөліп көрсеткен. Бірінші қасиетке адамның барлығына ортақ жас ерекшеліктерін (белгілі бір жасқа сай болу), жыныстық диморфизм (белгілі бір жынысқа сай болу), сонымен қоса, жеке-типтік сипаттамалар, оның ішінде конституционалды ерекшеліктер (дене бітімінің ерекшеліктері), мидың нейродинамикалық қасиеттері, үлкен жартышарлардың функционалды геометриясының ерекшеліктерін жатқызады.

Индивидтің бірінші қасиеттерінің жиынтығы оның екінші қасиеттерін анықтайды, олар: психофизиологиялық функциялардың динамикасы және органикалық қажеттіліктердің құрылымы. Осы қасиеттердің барлығы қосыла келіп, темперамент пен адам нышандарының ерекшеліктерін жасайды.

Тұлғаң ретінде адамды әлеуметтік тіршілік иесі деп сипаттайды. Осы ұғымның аясында тұлғаның мынадай психологиялық қасиеттері қарастырылады. (1-кесте).

Т Ұ Л Ғ А

↓

Темперамент
Нышандар мен қабілеттер
Мотивация (бағытталғандығы)
Мінез
Ерік
Сезім

Кесте – 1. Тұлғаның психологиялық қасиеттері

Б.Г.Ананьев бойынша тұлға ұғымының құрылымы:

Адамды тануда Б.Г. Ананьев бөліп қараған тағы бір ұғым ніс-әрекет субъектісің. Бұл ұғым өзінің мазмұны бойынша ңиндивидң және ңтұлғаң ұғымының ортасында. Іс-әрекет субъектісі адамның биологиялық бастауы және әлеуметтілігін біріктіреді.

Адамды субъект ретінде басқа тіршілік иелерінен ажырататын басты белгі – сана.

Сана – психикалық дамудың ең жоғары сатысы, ол тек адамға ғана тән. Ол адамның объективті шындықты тану, бағытталған мінез-құлықты қалыптастыру, сондай-ақ айналаны өзгерту мүмкіндігін анықтайды. Қоршаған ортаны саналы түрде өзгерте алу іс-әрекеті адамның субъект ретіндегі тағы да бір белгісі. Осылайша, субъект – іс-әрекет ете алу қабілеті бар саналы жеке тұлға.

Сонымен, біріншіден адам тірі табиғат өкілі – биологиялық объект, екіншіден, саналы іс-әрекет субъектісі, үшіншіден, әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарастырыла алады. Яғни адам – саналы және қызметке қабілетті биоәлеуметтік тіршілік иесі. Осы үш деңгейдің бір бүтінге бірігуі адамның интегралды сипаттамасы – оның жеке тұлғалылығын қалыптастырады.

Жеке тұлғалылық – бұл нақты адамның өзгешелігі және қайталанбастығы көзқарасынан психикалық, физиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерінің жиынтығы болып табылады. Адамның жеке тұлғасының қалыптасуындағы алғышарттарына қоғамдық сипаты бар тәрбие процесінде өзгеретін анатомия-физиологиялық бастамалар жатады. Тәрбиелеу жағдайлары мен туа біткен мінездердің әр түрлілігінен жеке тұлғалылықтың көп түрлілігі пайда болады.

Сондықтан, адам – нақыт өмірдің ең күрделі объектісінің бірі деп қортынды шығаруға болады. Адамның құрылымдық ұйымдасуы көп деңгейлі сипаты мен оның табиғи, әлеуметтік мәнінен көрінеді. Сол үшін де адам және оның іс-әрекетін зерттейтін көптеген ғылымдардың болуы ғажап емес.

Дүниені танудағы рационалды көзқарас бізді қоршаған шынайы өмір санамызға байланыссыз өмір сүретіндіктен, оның тәжірибелік жолмен зерттелуі мүмкіндігіне, ал бақыланатын құбылыстарды ғылыми тұрғыдан толығымен түсіндіруге болатындығына негізделеді. Ғылымның әр түрлі салаларында ғалымдар бірнеше мәрте адам жайлы бүтіндей түсінік қалыптастырғысы келді. Әрине, мұндай ұғым психологияда да бар.

Ғылымда пәндердің негізігі құрылымына байланысты үшке бөлінеді: жаратылыстану, гуманитарлық, техникалық. Адам- әлеуметтік тірі организм, оның барлық психикалық құбылысы қоғамдық ортада қалыптасады, сондықтан психология гуманитарлық пєндерге жатады.

“Психология” ұғымы ғылыми жєне тұрмыстық мағынаға ие.

Әрбір адам практикада қарым-қатынасқа түсе отырып психологиялық заңдылықтарды үйренеді. Осылайша біз келесі адамның пікірін оның сыртқы келбетінен - мимикасынан, жестінен, дауыс ырғағынан, эмоционалдық көңіл

күйінен, мінез-құлқынан ажыратамыз. Сондықтан әрбір адам өзінше психолог, себебі қоғамда адамдардың психикасы жайлы білмей өмір сүру мүмкін емес.

Алайда, тұрмыстық психологиялық білімдер айқын емес және де ғылыми білімнен ерекшеленеді.

Бұл ұғымдарды мынандай екі бағытта көрсетуге болады:

Тұрмыстық технологиялық білім	**Ғылыми психологиялық білім**
Нақты білім	Талдап қорытылған білім
Интуициялық мінез білімі	Ақыл- парасаттылық білім
Білім беруде бөгеттер болуы	Білім жинақталады жєне беріледі.
Білімнің көзі- бақылау	Білімнің көзі- эксперимент
Берілетін білім- шектеулі	Білім єрқашан кеңейіп отырады.

Біріншіден, тұрмыстық психологиялық білімдер нақты жағдайда, адамдармен оларға қатысты міндеттер айналасында болады. Ғылыми психология жалпылауға бағытталған, ол үшін сәйкес ұғымдар пайдаланылады.

Екіншіден, тұрмыстық психологиялық білімдер интуициялық сипатқа ие. Бұл себепті алу тәсіліне - кездейсоқ тәжірибе және санасыз деңгейде субъективті талдауға бағытталған. Бұған қарағанда ғылыми таным экспериментке негізделген, ал алынған білімдер толық рационалды және түсінікті.

Үшіншіден, білімді беру тәсілдерінде айырмашылықтар бар. Әдетте, тұрмыстық психологиялық білімдер қиындықпен беріледі немесе көбінесе беріле алмайды да. Ю.Б.Гиппенрейтер жазғандай “әке мен балалардың” мәңгі проблемасы да осында, өйткені балалар әкелерінің тәжірибесін қабылдай алмайды және қабылдағысы келемейді де”. Ал ғылымда білім жинақталып, оңай беріледі.

Сонымен психология негізінен грек сөзінен аударғанда ”жан туралы ғылым”, ал “психология” термині қолданысқа алғаш рет XVI-ғ. енді. Алғашқыда ол ерекше ғылым ретінде “жанды” немесе психикалық болмысты єрбір адам өзін бақылау нєтижесінде анықтап отыруға қолданса, кейіннен XVII-XIX ғ.ғ. психология - бұл психика жєне психикалық құбылыстар туралы ғылым болды.

Психикалық құбылыстар үшке бөлінеді;

1. Психикалық процестер дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы түрлі бейнелері.

2. Психикалық ерекшеліктер дегеніміз- бір адамды екінші адамнан ажырытуға нгегіз болатын ең маңызды, ең тұрлаулы ерекшеліктер.

3. *Психикалық күй дегеніміз*- адамның түрлі көңіл күйінің тұрақты компоненттері.

1.6 Психикалық құбылыстардың құрылымы былай анықталады.

Психикалық процестер

↓

Танымдық
түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлау, тіл, зейін.

Эмоционалдық
Эмоция және сезім.

Ерік
Мотивпен күресу, өз мінез- құлқын басқару, қиындықты жеңу, шешім қабылдау

Психикалық қасиет

↓

Темперамент, мінез, қабілет, бағыттылық.

Психикалық күй

↓

Қорқу, қуану, зерігу, зорығу, т.б.

Психикалық процестер адам мінез-құлқының алғашқы регуляторы болып шығады. Оның белгілі бастамасы, ағымы және соңы болады, яғни, алдымен психикалық процестердің ұзақтығы мен тұрақтылығын анықтайтын өлшемдер кіретін белгілі бір динамикалық сипаттарға ие болады. Осы процестердің арқасында адам өзі және қоршаған орта жайлы ақпарат алады. Бұл психикалық процестердің аясында аффекттер, эмоциялар, сезімдер, көңіл-күйлер және эмоционалды стрестер қарастырылады. Сонымен қатар тұлғаның *психикалық қасиеті* дегенде белгілі бір сандық және сапалық қызмет деңгейі мен адамның мінезін қамтамасыз ететін оның ең басты ерекшеліктерін түсінген жөн. Психикалық қасиеттерге бағытталуы, темперамент, қабілеттік, мінез-құлық жатады. Осы қасиеттердің даму деңгейі, сонымен бірге психикалық процестің даму ерекшеліктері және басыңқы (адамға тән) психикалық күйлер адамның қайталанбастығын, және оның жекелігін анықтайды.

Адам және адамзат туралы ғылымдар.

Қазіргі заман ғылымында адам біріншіден, биологиялық түрдің өкілі ретінде, екішіден, қоғам мүшесі, үшіншіден, адамның пәндік қызметі зерттеледі, төртіншіден нақты адамның даму заңдылықтары зерттеледі.

Адамды биологиялық түр ретінде бағытты түрде зерттеу Карл Линнейдің еңбектерінен басталады, ол адамды приматтар отрядындағы *Homo sapiens* жеке түрі ретінде бөліп көрсетеді. Осылайша алғашқы рет адамның тірі табиғаттағы орны анықталды. Бірақ бұл адамға деген қызығушылық бұған дейін болмады деген сөз емес. Адамды ғылыми тұрғыдан тану натурфилософиядан, тіршіліктанудан және медицинадан бастау алады. Алайда бұл зерттеулердің аясы тар, жүйелілігі жеткіліксіз, бастысы қарама-қарсы

сипатта, мұнда адам көбенсе тірі табиғатқа қарсы қойылған. К.Линней адамды тірі табиғаттың элементі ретінде қарастыруды ұсынды. Бұл адам зерттеудегі оң бетбұрыс болды.

Ерекше биологиялық түр ретінде адам туралы арнайы ғылым антропология деп аталады. Қазіргі антропологияның құрылым үш негізгі бөлімнен: *адам морфологиясы* (физикалық типтің жеке өзгергіштігін, жас ерекшелігін – шала кезден кәрілікке дейін, жыныстық диморфизмді қоса, өмір мен қызметтің өзгеруіне қарай адамның физикалық дамуының өзгеруін зерттейді), *антропогенез* жайлы зерттеу (ширек кезеңде адамның жақын аталары мен адам табиғатының өзгеруі), ол приматтарды тану, адамның эволюциялық анатомиясы және палеоантропология (адамның қалдық түрлерін зерттейтін) және *нәсілтанудан* тұрады.

Адамды биологиялық түр ретінде антропологиядан басқа, онымен байланысты ғылымдар да зерттейді. Мысалы, адамның физикалық типін оның жалпы соматикалық ұйымы ретінде адам анатомиясы және физиологиясы, биофизика және биохимия, психофизиология, нейропсихология секілді нақты ғылымдар зерттейді. Осы қатарда ерекше орын алатын медицинаға көптеген тараулар енеді.

Адамның пайда болуы және дамуы жайлы антропогенез ілімі Жер бетіндегі биологиялық эволюцияны зерттейтін ғылымдармен де байланысты, өйткені адам табиғатын жануарлар әлемінің жалпы және тізбекті даму процессінен тыс түсіну мүмкін емес. Бұл ғылымдар тобына палеонтология, эмбриология, сондай-ақ салыстырмалы физиология және салыстырмалы биохимия жатады.

Антропогенез жайлы ілімнің дамуына жеке пәндердің әсер етуін атап кеткен жөн. Бұған алдымен жоғарғы нерв қызметінің физиологиясын жатқызамыз. Жоғарғы нерв қызметінің физиологиясының генетикалық проблемаларына аса қызыға қараған И.П.Павловтың арқасында салыстырмалы физиологияның антропоидтардың жоғарғы нерв қызметінің физиологиясы жеке бөлім болып қалыптасты.

Биологиялық түр ретінде адам дамуын түсінуде зоопсихология мен адамның жалпы психологиясын біріктіре қарастыратын салыстырмалы психология маңызды рөл атқарады. Зоопсихологияда приматтарды эксперименталды түрде зерттеу бойынша В.Келер және Н.Н. Ладыгина-Котс еңбектері бар. Зоопсихология саласындағы жетістіктер арқасында адамның көптеген мінез-құлық механизмдері мен оның психикалық даму заңдылықтары белгілі болды.

Антропогенез ғылымымен тікелей түйіспейтін ғылымдар да бар, бірақ олар оның дамуында маңызды рөл атқарады. Оларға генетика және археология жатады. Тілдің пайда болуын, оның дыбыстық құралдарын және басқару механизмдерін зерттейтін палеолингвистиканың орны бөлек. Тілдің пайда болуы социогенездің орталық кездеріне, ал сөйлеудің пайда болуы - антропогенездің орталық кезіне жатады, өйткені, бөліп сөйлеу адамды жануарлардан ерекшелейтін басты белгі.

Социогенездің проблемалары жайлы сөз қозғауымызға орай, антропогенез проблемаларымен тығыз байланысты қоғамдық ғылымдарды айту қажет. Оларға адам қоғамының дамуын және алғашқы қауым мәдениетінің тарихын зерттейтін палеосоциологияны жатқызуға болады.

Осылайша биологиялық түрдің өкілі ретінде адам көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады, соның ішінде психологияның да. 1.7 суретте Б.Г.Ананьевтің *Homo sapiens* жайлы ғылымның негізігі проблемалары классификациясы көрсетілген. Дербес биологиялық түр ретінде адамның пайда болуы мен дамуын зерттейтін ғылымдардың ішінде орталық орынға антропология ие болады. Адам дамуына орай қазіргі заман антропологиясы туралы жасаған қортындыны былайша келтіруге болады: биологиялық дамудың белгісіз бір кезеңінде адам жануарлар әлемінен бөлініп шықты (ңантропогенез бен социогенездіңң шекаралас кезеңі) және адам эволюциясында биологиялық дағдылы және табиғи ортаға аса бейімделген түрлердің өмір сүруіне негізделген табиғи таңдау қызметі тоқтап қалды.

Адамның жануарлар әлемінен әлеуметтік әлемге өтуіне байланысты, оның биоәлеуметтік тіршілік иесіне айналуына қарай табиғи таңдау заңдары дамудың басқа сападағы заңдарымен ауысты.

Адамның жануарлар әлемінен неге және қалай бөлініп шықты деген сұрақтар антропогенез ғылымын зерттейтін ғылымдардың арасында орталық орынға ие болып, осы күнге дейін бұл сұрақтарға біркелкі жауап табылмай тұр. Осы проблемаға орай бірнеше көзқарас бар. Олардың бірі мынадай болжамда: мутация салдарынан адам миы супермиға айналып, жануарлар әлемінен бөлініп шығып, қоғам құруға жеткізді. Бұл П.Шошардың көзқарасы. Ол бойынша тарихи кезеңде мутациялықтың әсерінен ми органикалық түрде дами алмайды.

Тағы да мынадай көзқарас бар. Ол мидың органикалық дамуы мен түр ретінде адамның дамуына байланысты мидың сапалы құрылымды өзгерісіне әкелді де, содан соң даму табиғи таңдаудан өзгеше заңдармен жүре бастады. Алайда, дене мен ми өзгеріссіз қалғанмен, даму тоқтап қалмайды. И.А.Станкевичтің зерттеулеріне қарағанда, адам миында құрылымдық өзгерістер болады, жартышарлардың әртүрлі бөлімдерінде прогрессивті даму, жаңа иірімдердің бөлінуі, жаңа жолдардың қалыптасуы байқалады. Сондықтан адам өзгеріп отыра ма деген сауалға ниең деп толық жауап беруге болады. Дегенмен мұндай эволюциялық өзгерістер адам және оның тұлғалық дамуының әлеуметтік өмір сүру жағдайына әсер етеді, ал *Homo sapiens* түрінің биологиялық өзгеруі қосымша мәнге ие болады.

Осылайша, адам әлеуметтік тіршілік иесі, қоғам мүшесі ретінде ғылымға қызықты, себебі *Homo sapiens* түріндегі қазіргі заман адамы биологиялық заңдармен емес, әлеуметтік даму заңдарына сай өмір сүреді.

Социогенез проблемасын қоғамдық ғылымдарсыз қарастыру мүмкін емес. Оларды зерттейтін құбылыстарына немесе солармен байланыстыларын бірнеше топқа бөлуге болады. Мысалы, өнермен, біліммен, техникалық прогресспен байланысты ғылымдар.

Адам қоғамын зерттеуде жинақталу дәрежесіне қарай бұл ғылымдар екі топқа бөлінеді: қоғам дамуын барлық элементтердің өзара қатынасында бүтіндей қарастыратын ғылымдар, адамзат қоғамы дамуының жеке аспектілерін зерттейтін ғылымдар. Ғылымдарды осылайша бөлу адамзат өзіндік заңдарымен дамитын бүтіндей, сонымен бірге, көптеген жекелеген адамдар боп танылады. Сондықтан барлық қоғамдық ғылымдар не адамзат қоғамы жайлы ғылым, не социум элементі ретіндегі адам жайлы ғылымға жатады. Бірақ бұл жіктемеде әр түрлі ғылымдардың нақты шекарасы анықталмаған, өйткені көптеген қоғамдық ғылымдар қоғамды бүтіндей, сондай-ақ жеке адамды зерттеумен байланысты бола алады.

Ананьевтің пікірінше, адамзат (адамзат қоғамы) жайлы ғылым жүйесіне қоғамның өндірістік күші жайлы, адамзаттың қоныстануы мен құрамы жайлы, өндірістік және қоғамдық қатынастар жайлы, мәдениет, өнер жайлы ғылымдар және де ғылымның өзін танымдық жүйе ретінде, қоғамның әртүрлі даму кезеңдеріндегі формалары жайлы ғылымдар енуі қажет.

Мұнда адамның табиғатпен және адамзаттың табиғи ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылымдарды ерекше атап өту керек. Осыған байланысты биогеохимиялық ілімді жасаушы В.И.Вернадскийдің пікірі қызықты – онда ғалым өзара қатынастағы және еркін оттегі O_2 молекуласының тарихымен байланысты қарама-қарсы екі биогеохимиялық қызмет жайлы сөз етеді. Бұл тотығу және қайта қалпына келу қызметтері. Бір жағынан олар тыныс алу мен көбеюге және екінші жағынан өлген организмдерді бұзумен байланысты. В.И. Вернадскийдің пайымдауынша адам және адамзат өздері өмір сүретін планетаның белгілі бөлігі биосферамен байланысты, себебі олар Жердің материалды-энергетикалық құрылымымен геологиялық заңдылықта байланысқан.

Адам табиғаттан бөліне алмайды, бірақ жануарларға қарағанда адамның өмір сүру мен қызметтің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз етуге орай табиғи ортаны өзгертуге бағытталған белсенділгі бар. Мұнда ноосфераның пайда болуы жайлы айтылып тұр.

ңНоосфераң ұғымын 1927 ж Ле-Руа және Тейяр де Шарден біріге отырып енгізді. Олар 1922-1923 жж Сорбондағы В.И. Вернадскийдің ұсынған биогеохимиялық теориясын негізге алды. В.И. Вернадскийдің анықтамасы бойынша ноосфера немесе ңойлаушы қабатң - біздің планетамыздағы жаңа геологиялық құбылыс. Мұнда алғашқы рет адам планетаны өзгерте алатын ірі геологиялық күш ретінде көрсетіледі.

Зерттеу пәні нақты адам болатын ғылымдар да бар. Бұған жеке организмнің даму процессі *онтогенез* жайлы ғылымды жатқызуға болады. Осы бағытта адамның жас, жыныстық, конституционалды және нейродинамикалық ерекшеліктері зерттеледі. Бұдан бөлек тұлға және оның өмір жолы жайлы психология ғылымы да бар, олардың аясында адам іс-әрекетінің мотиві, дүниеге көзқарасы және құндылық бағдары, қоршаған ортамен байланысы зерттеледі.

Адамды зерттейтін ғылымдар немесе ғылыми бағыттар бір-бірімен тығыз байланысты, олар біріге отырып, адам және адамзат қоғамы жйлы бүтіндей көрініс береді. Алайда қай бағытты алып қарасақта, оларда психологияның әр түрлі тараулары келтірілген. Бұл кездейсоқ емес, өйткені психологияның зертейтін құбылыстары бисоциалды тіршілік иесі ретіндегі адамның іс-әрекетін анықтайды.

Осылайша адам – көпқырлы құбылыс. Оны зерттеу бүтіндей жүйелі әдіснамалық сипатқа ие болуы керек.Сондықтан да адамды зертеудегі ең негізгі әдіснамалық тұжырым- жүйелі көзқарас тұжырымы. Ол әлем құрылымының жүйелігін көрсетеді. Осы тұжырымға сай кез-келген жүйе жүйежасайтын фактор болғандықтан өмір сүреді. Адамды зерттейтін ғылымдар жүйесінде мұндай фактор адам, оны көпқырлы көріністе және сыртқы өмірмен байланысты зерттеу қажет, өйткені сонда ғана адам және оның әлеуметтік - биологиялық даму заңдылықтары жайлы толық көрініс алуға болады.

1.2.Психология ғылымының салалары мен зерттеу әдістері

Қазіргі кезде психология ғылымы – көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған өрісі кең ғылыми пән. Бұл салалар мен тармақтар дамуы мен қалыптасуы жағынан адамның түрлі тәжірибелік іс – єрекеттерін қамтитын єр қилы сатыда тұр. Оларды топтастырып, жік – жікке ажырату жіктеу деп аталады. Енді осы мәселенің сырын ашуға кірісейік. Біз психиканың дамуын жіктегенде, ең бірінші, осы пєннің зерттейтін обьектісін, екінші, адамның іс – әрекет түрлерін негіз етіп аламыз. Үшінші, адамның өзін даму мен іс – әрекет иесі деп санап, оның әлеуметтік ортаға қатынасын алып қарастырамыз.

Адамның нақты іс – әрекеттеріне сүйене отырып, оның психикасының дамуын төмендегіше жіктейміз.

Тәлім – тәрбие психологиясы.

Бұл пәннің зерттейтіні – адамды оқыту мен тєрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтар. Ол оқушылардың ақыл – ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың тиісті оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз – шәкірт арасындағы өзара қарым – қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Сөйтіп, оқушылар ұжымындағы өзара қатынастармен, олардың психологиялық даралық ерекшеліктерімен санасып отырудың мүмкіндіктерін іздестіреді. Оқу – тәрбие жұмыстарын жєне балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, бірқалыпты даму заңдылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім – тәрбие жұмысын жүргізу әдіс – тәсілдерінің психологиясын зерттейді.

Тәлім – тәрбие психологиясының мынандай тармақтары бар: а) Оқыту психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерін, бағдарлап оқыту мен балалардың ақыл – ойын қалыптастыру сияқты өзге де мәселелермен шұғылданады. Є) Тәрбие психологиясы – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің

психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді іздестіреді. Бұлардан басқа мұғалімдер психологиясы және кемтар балаларды оқытудың тәрбиелеуі мәселелерін қамтиды.

Жас ерекшелік психологиясы – әр қилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық сапаларын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы, қарт адамдар психологиясы. Бұл сала оқыту мен ақыл - ойдың дамуын жєне олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп, оқыту ісіндегі адамның ақыл – ойын, сана – сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын нендей әдістер арқылы өрістетуге болады деген мәселелерді іздестіреді.

Арнаулы психология - бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады.

Арнаулы психологияның мына тармақтары, атап айтқанда: олигофренопсихология – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын, сурдопсихология – саңырау не керең болып туған балалар психикасын, тифлопсихология – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді. Ал туа пайда болған ауру адамдар психологиясын зерттейтін тармақ патопсихология деп аталады. Бұл сөз грек тілінде “патос” – зардап шегу, ауру деген мағынаны білдіреді. Патопсихология медицина ғылымымен оқу – тәрбие істерін зерттейтін пән – педагогика мен жан дүниесінің сырын қарастыратын психология ғылымының түйіскен торабына жатады.

Еңбек психологиясы – адамның іс – әрекет түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Еңбек психологиясының мақсаты – әр түрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын, өндірістік – кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерін, құрал – аспаптардың құрылысы мен орналасуын, хабар жүйелерінің қажетті заттарын қарастыру. Бұл салалардың єрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен бір-бірімен – байланысты болып келетін мынадай тармақтары бар: инженерлік психология – бұл, негізінен, автоматталған жүйелерді басқару мен әр түрлі операторлардың жұмысын зерттейді. Инженерлік психологияда ең өзекті мәселе эргономика деп аталады. Бұл термин гректің “эргон” – жұмыс жєне “номос” – заң деген екі сөзінің бірігуі нәтижесінде пайда болған. Бұл орайда, өндіріс пен адам арасында қатынас орнатудың түйінді мєселелері болып саналатын еңбек єрекетіндегі адамның өнімді ісі, оның психологиялық ерекшеліктері, жүйке жүйесінің қызметі мен еңбек гигиенасы, адамның өнім өндірудегі жетекші рөлі, техникалық құрал – жабдықтар эстетикасы және автоматтанған тетіктер теориясына қатысты мәселелер қарастырылып, олардың сыр – сипаты зерттеледі. Эргономика, негізінен, “адам – машина – орта жағдайын” қарастыра отырып, олардың неғұрлым өнімді болуы мен нєтижелерін жүйелі түрде үйлестіруді басты міндет етіп қояды.

Авиациялық психология - ұшқыштарды оқыту мен ұшу кезінде орындалатын істердің жай – жапсарын, жалпы адам психикасының әуе кеңістігіне бейімделудегі ерекшеліктерін зерттеп, жоғары дәрежеде ысылған мамандар мен кадрларды даярлап шығару мақсаттарын көздейді.

Ғарышкерлік психология – адамның салмақсыздық пен әлем кеңістігінің айдынында бағдарсыз жағдайда жұмыс істеу сәтіндегі аса қиыншылық жағдайлардағы психологиясын, оның шектен тыс әсерден кейінгі көңіл – күйі мен төзімділік көрсету шараларын зерттейді.

Еңбек психологиясында арнайы зерттелуге тиісті күрделі тармақтар да бар. Олар ауыл шаруашылығына қатысты болып келеді.

Медициналық психология – дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез – құлқын зерттейді. Бұл сала бірнеше тармаққа бөлінеді, әрбір тармақтың адам психикасын зерттеуге қатысты мақсат – міндеттері бар. а) Нейропсихология психикалық құбылыстыр мен жоғары жүйке құрылысының физиологиясын жєне олардың өзара қатынасын зерттейді; є) Психотерапия – ауру адамға психикалық әдіс – айла және емдік тєсілдер қолдану мәселелерін қарастырады; в) Психопрофилактика және гигиена адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асыру жүйесін, оның єдіс – тәсілдерін айқындаумен шұғылданады.

Әскери психологияның ең басты міндеті – азаматты ел – жұрты мен Отанын қорғайтын қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау. Мұнда жауынгердің мінез – құлқы мен отаншылдық қасиетін тәрбиелеп қалыптатыру жағдайлары, бастықтар мен бағынушылар арасындағы қарым – қатынастар, үгіт – насихат жұмыстарын жүргізу, дұшпанға деген өшпенділік сезімдерінің оянып, оған қарсы барлау істерін ұйымдастыру және соғыс техникасын меңгеру мен басқару әдістері зерттеледі.

Әлеуметтік психология - адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Бұл сала адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтары мен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым – қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді. Қазіргі кезде әлеуметтік психология шеңберінде мынандай үш түрлі мәселе қамтылды:

А) Үлкен, ірі топтардағы психологиялық – әлеуметтік жағдайлар. Бұл проблеманың құрамына жалпы бұқаралық байланыстыр: радио, теледидар, баспасөз т.б. кіреді. Әр түрлі топқа жататын адамдарға осы құралдар арқылы алуан түрлі хабарлар, көпшілікке тән талғамдар, әдет – ғұрыптар мен дәстүрлер, иланулар мен сенімдер, қоғамдық көңіл – күйлер жайлы әсер етудің психологиялық астарлары жеткізіледі. Бұған таптық психологияға қатысты мәселелер, этностық жєне ұлттық психология сипаттары, дін психологиясының өзекті мәселелерін зерттеу де жатады.

Є) Кіші топтардағы психологиялық – әлеуметтік жағдайлар. Оңашаланып тұйықталған топтардағы адамдардың бірігуі, олардың өзара қарым – қатынастарының сыры мен хал – жағдайы, топ ішіндегі жетекшінің алатын орны, әр түрлі топтық типтері болып саналатын ассоциациялар, корпорациялар, ұжымдар, ресми және бейресми топтар арасындағы қатынастар, сол топтардың

шеңбері, олардың бірігуінің себептері мен мақсат – мүдделері, шоғырлану деңгейі зерттеледі. Бұл мәселеге отбасындағы ата – ана мен баланың өзара қарым – қатынасы, үлкендерді сыйлау сияқты да мәселелер енеді.

Б) Қоғамдағы адамның қасиеті мен әлеуметтік – психологиялық орны. Азамат – әлеуметтік психологияның зерттеу обьектісі. Осы ретте олардың жоғырыда аталған топтарда қандай рөл атқаратыны жєне соларға бейімделу ерекшеліктері де зерттеледі. Сондай – ақ, қоғамдағы азаматтың өзін - өзі бағалай білуін, оның ұстамдылығы мен бағыт – бағдарын, табандылығы мен көнбістігін, ұжымшылдығы мен менмендігін, тұрақтылығы мен болжампаздығын зерттеуге мән беріледі. Әрине, бұл аталған үш топқа қатысты күрделі мәселелер єлеуметтік психологияда біріне – бірі қарама – қайшы не бір қатарға қойылмайды. Азамат пен қоғамның тұтастығы тұрғысынан бұл мєселелер барлық қарым – қатанастардың жиынтығы деп қарастыралады жєне адамның азаматтық бейнесі мен оның ішкі мєнін ашып көрсетеді. Әлеуметтік психологияның тармақтары: этностық психология, ұлт психологиясы, таптар психологиясы және дін психологиясы әлеуметтік өмір тынысын жан – жақты қамтиды.

Спорт психологиясы - спортшылардың іс – әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым – қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш – қуатын жинақтау деңгейін, жарыстарды ұйымдастыру, өткізу мәселелерінің психологиялық факторларын зарттейді. Әрбір ел мен халықтың спорт өнеріндегі ерекшеліктерінде ескере отырып, оларды жаттықтыру міндеттері анықталды.

Сауда психологиясы – қазіргі заманда кеңінен дамып отырған сала. Бұл сала бойынша әрбір елдің саяси – экономикалық және мєдени – материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді. Сонымен қатар, әсіресе, жарнамалардың психологиялық ықпалы, елдегі адамдардың жас ерекшеліктері, сатып алушылардың мұқтаждығы, оларға қызмет көрсетудің факторлары қарастырылады.

Ғылыми – шығармашылық психологиясы – соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл салада шығармашылық адамның жасампаздық қызметі, өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы интуициясы, сезімдік рөлі т.б. сипаттары зерттеледі. Осы бағыттағы ерекше маңызды заңдылық – эвристика тәсілі.

Көркемөнер, әдебиет пен шығармашылыққа қатысты психология -бұл сала бойынша қарастырылатын мәселелер – әсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары. Бұл саланың өзекті мәселелері әлі күнге дейін жүйелі түрде өз дәрежесінде зерттеле қойған жоқ.

Салыстырмалы психология психиканың филогенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері ажыратылады. Бұл саланың жануарлар психологиясын зерттейтін тармағы

әрбір түр мен тектің, олардың тобындағы жан – жануар, жәндіктердің құлқын, әрқилы механизмдерін қарастырады. Мысалы, өрмекші, құмырысқа, ара, ит, құс, жылқы және маймылдың психикасы едәуір деңгейде зерттелген. Қазіргі кезде бұл тармаққа биология мен психологияның тоқайласқан жер інде этология деп аталатын тамақ қосылып отыр. Бұл орайда, киттер сияқты дельфиндердің де қылықтары бақылауға алынып, хайуанаттар құлқындағы туа пайда болатын механизмдер зерттелуде.

Заң психологиясы хұқыққа қатысты мєселелерді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан құралады. Сот психологиясы сот, айыпталушылар, куєлар, сот тергеуін жүргізу, олардан жауап алу тәрізді т.б. жайттардың психологиялық астарларын қарастырады. Қылмыс психологиясы қылмыскердің жеке басы мен оның зиянды әрекеттерінің сырын ашады. Еңбекпен түзету психологиясы тұтқындағы адамдарды сендіру не күштеп істету арқылы тәрбиелеудің жолдарын іздестіреді.

Психологиялық зерттеулердің негізгі әдістері

Психологияның басқа ғылымдар сияқты өз әдістері бар. Ғылыми зерттеулердің әдістері – практикалық ұсыныстарды шығару және ғылыми теория құру үшін керекті мәліметтер алынатын тәсілдер мен құралдар. Әрбір ғылымның дамуы көбнесе пайдаланылатын әдістердің жетілгендігіне және олардың қаншалықты *сенімді* екендігіне байланысты. Мұның барлығы психологияға да қатысты.

Психология зерттейтін құбылыстардың күрделілігі мен көптүрлілігі ғылыми танымға қиындығы соншалықты, психологиялық ғылымның жетістіктері тек осы әдістерге байланысты болған. Психология жеке ғылым ретінде тек XIX ғ ортасында бөлінді, сондықтан ол философия, математика, физика, физиология, медицина, биология және тарих сияқты ңескің ғылымдардың әдістеріне сүйенеді. Сонымен қатар психология информатика және кибернетика секілді жас ғылымдардың әдістерін пайдаланады.

Кез келген дербес ғылымның өзіне ғана тән әдістері бар екенін атау керек. Ондай әдістер психологияда да бар. Олардың барлығы екі негізгі топқа бөлінеді: субъективті және объективті. (2-кесте).

СУБЪЕКТИВТІ	ОБЪЕКТИВТІ
Бақылау өзін бақылау, сыртқы, еркін, стандартты қосылған	Тесттер Объективті Жобалы

Сауал Ауызша, жазбаша, еркін стандартты	Эксперимент Табиғи Зертханалық
Тест Саулнама-тест Тапсырма-тест	Моделдеу ↓ техникалық математикалық кибернетикалық логикалық

(2-кесте).Психологиялық зерттеулердің негізгі әдістері.

Субъективті әдістер сыналушылардың өз-өзін бағалауына немесе олардың өзінше есептеріне, сондай-ақ кейбір құбылыстарға сыналушылардың айтқан пікіріне немесе алынған ақпараттарға негізделеді. Психология дербес ғылым саласына айналғаннан бері субъективті әдістер бірінше кезекте дами бастады және қазірде жетілу үстінде. Бақылау, өз-өзін бақылау және сауалнама психологиялық құбылыстарды зерттеудің алғашқы әдістері еді.

Бақылау әдісі психологиядағы ескі және бір қарағанда өте қарапайым әдіс секілді. Ол әдеттегі өмір сүру жағдайындағы адамның қызметіне бақылаушы кіріспей, жүргізілетін жоспарлы бақылауға негізделеді. Бұған психологияда бақыланатын құбылыстарды толық және дәл сипаттау, сонымен бірге оларды психологиялық тұрғыдан түсіндіру жатады. Міне психологиялық бақылаудың басты мақсаты осы: ол деректерге сүйене отырып, олардың психологиялық мазмұнын ашу.

Бақылау – ол барлық адамдардың пайдаланатын әдісі. Ал қарапайым адамдардың бақылауы мен ғылыми бақылаудың айырмашылығы өте көп. Ғылыми бақылау жүйелілігімен сипатталып, объективті шындықты алу үшін белгілі бір жоспарға негізделе отырып, жүргізіледі. Яғни, ғылыми бақылау жүргізілгенде арнайы білім және сапаны психологиялық көріну объективтілі ашылатын арнайы дайындықты талап етеді.

Бақылау әр түрлі нұсқаларда жүре алады. Мысалы, кеңінен қолданылатын әдіс *қосылған бақылау.* бұл әдіс психологтың өзінің қатысуымен жүргізіледі. Егер зерттеушінің қатысуынан, оның жағдайды қабылдауы мен түсінуінен нәтиже бұзылатын болса, онда болып жатқан жағдайларды объективті түсіну үшін шеттен бақылаған жөн. Қосылған бақылау мазмұнына қарай басқа әдіске - *өз-өзін бақылауға* өте ұқсас.

Өз-өзін бақылау яғни, өз қалып-күйлеріңді бақылау тек психологияда қолданылатын әдіс. Бұл әдістің артықшылығымен қатар, бірнеше кемшілігі де бар. Біріншіден, өз қалпыңды бақылау өте қиын. Бақылауға орай олар дұрыс болмауы мүмкін немесе тоқтап та қалады. Екіншіден, бұл бақылауда

субъектіліктен құтыла алмайсың, өйткені біздің қабылдауымыз субъективті бояуға ие. Үшіншіден, біздің кейбір қалыптарымызды түсіндіру қиын бұл әдісте.

Дегенмен, өз-өзін бақылау әдісі психолог үшін аса маңызды. Тәжірибеде басқа адамдардың мінезін көргенде, психолог оның психологиялық мазмұнын білгісі келеді. Көбінесе ол өз тәжірибесіне, өз қалпын талдауға сүйенеді. Сондықтан психолог табысты жұмыс істеу үшін өз жағдайы мен қалпын объективті түрде бағалауды үйренуі керек.

Бұл әдіс көбінесе экспериментте пайдаланылады. Мұнда бұл әдіс дәл сипатталып, мұны эксперименталды өз-өзін бақылау деп атайды. Бұл жағдайда зерттеушінің аса қызықтыратын кездерінде дәл есептелінген жағдайда адамға сауал қойылады. Мұндайда өз-өзін бақылау әдісі *сауалнама* әдісімен бірге жүргізіледі.

Сауалнама зерттелетіндерден сұрақ - жауап қою арқылы ақпарат алуға негізделген. Сауалнама жүргізудің бірнеше нұсқасы бар. Олардың әрқайсысының артықшылығы және кемшіліктері де бар. Саулнаманың үш түрі бар, олар: ауызша, жазбаша және еркін.

Ауызша сауал, әдетте зерттелушінің реакциясы мен мінез-құлқына бақылау жасау үшін қолданылады. Сауалдың бұл түрі жазбашаға қарағанда адам психологиясына терең бойлатады, себебі зерттеушінің қоятын сұрақтары зерттелушінің мінезіне қарай түзетіле алады. Мұндай нұсқа көп уақытты, арнайы дайындықты қажет етеді, өйткені жауаптардың объективтілігі зерттеушінің мінезі мен тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты.

Жазбаша сауал, аз уақыттың ішінде көптеген адам санын қамти алады. Мұның ең көп тараған түрі – анкета. Оның кемшілігі мынада, қойылған сұрақтарға зерттелушілердің реакциясын біле алмайсың және зерттеу барысында оның мазмұнын өзгерте алмайсың.

Еркін сауал, жазбаша және ауызша саулнаманың бір түрі, мұнда қойылатын сұрақтар алдын ала белгілі болмайды. Мұндай сауалнамада зерттеудің тактикасы мен мазмұнын оңай өзгертуге болады, онда зерттелуші жайлы әртүрлі ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, стандартты сауалнама уақытты аз алады, ең бастысы нақты зерттелуші жайлы алынған ақпарат басқа адамның ақпаратымен салыстырылады, өйткені мұнда сұрақтар өзгеріп отырады.

Сауалнама әдісін қарастыра келе, біз алынатын ақпараттың дәл екендігі жайлы және психологиядағы сандық және сапалық сипаттама проблемаларына тірелдік. Бір жағынан бұл проблема зерттеудің объективтілігімен байланысты Психологтар өзіне көптен бері мынадай сұрақ қойып жүр: ңБақыланып жүрген құбылыстың кездейсоқ екенін немесе оның объективті бар екенін немен дәлелдеуге болады.?ң Психологияның қалыптасу және даму барысында эксперимент нәтижесінің шынайылығын дәлелдейтін әдіснамасы анықталды. Бұған дәлел сондай жағдайдағы басқа зерттелушілерді зерттеудегі нәтижені қайталау. Ұқсастықтар көп болған сайын, табылған құбылыстың бар екендігі жоғары. Бұл нәтижелерді салыстыруға болатындығы проблемасына да

байланысты. Әр түрлі адамдардың белгілі бір психологиялық мінездерін қалай салыстыру қажет?

Психологиялық құбылыстарды мөлшерлі бағалау XIX ғ. екінші жартысынан басталды, сол кезде ғана психологияны дәл және пайдалы ғылым жасау қажет болды. Одан ерте 1835 ж., қазіргі статистиканы жасаушы А.Кетленің (1796-1874) ңСоциальная физикаң кітабы жарық көрді. А. Кетленің бұл еңбегінде мүмкіндік теориясына сүйене отырып, ол теория бойынша адамдардың мінезі белгілі бір заңдылықтарға бағынатындығын анықтады. Статикалық материалдарды талдай келе, ол адамдардың семья құруы, өз-өзіне қол жұмсауы және т.б. сияқты актлеріне мөлшерлік сипаттама беретін тұрақты мән алды. Бұл актілер алдында еркін болып саналатын. А.Кетленің қалыптастырған тұжырымы қоғамдық құбылыстарға метафизикалық көзқарастан туындаса да, ол көптеген жаңалық әкелді. Мысалы, А.Кетле егер орташа мән тұрақты болса, онда оның артында физикамен салыстыруға болатын шындық тұруы қажет, соған орай статистикалық заңдар негізінде әр түрлі (сонымен бірге психикалық та) құбылыстарды болжауға болады. Бұл заңды түсіну үшін әрбір адамды жекелеп зерттеу керек. Зерттеу объектісі ретінде көптеген адамдарың мінез – құлқы арқылы, негізгі әдіс – вариациялық статистика болуы қажет.

Психологияда сандық өлшемдер проблемасын алғашқы шешуге деген талпыныс адамның сезіну күшін физикалы бірліктегі стимулмен байланыса отырып адам организміне әсер ететін бірнеше заңды ашуға және қалыптастыруға әкелді. Оған Бугер-Вебер, Вебер-Фехнер, Стивенс заңдарын атауға болады. Онда физикалық стимулмен адамның сезінулерінің арасындағы байланыс анықталатын математикалық формула, сонымен бірге сезінудің салыстырмалы және абсолютті шектері анықталды.Соңынан психологиялық зерттеулерде математика енгендіктен зерттеулер объективтілін арттырып, психологияны практикалық мәні бар ғылымға айналдырды. Математика психологияға енуінен біртипті зерттеулердің көп рет жасауға болатын әдістерді талап етті, яғни процедура мен әдістердің стандартталуы проблемасын шешуді қажет етті.

Стандарттанудың негізгі мәні мынада екі адамның немесе бірнеше топтың психологиялық зерттеулерінің нәтижелерін салыстырғанда қате аз болуын қамтамасыз ету үшін, бірдей әдістерді яғни сыртқы жағдайға қарамай бірдей психологиялық мінезді өлшейтін әдісті қолдану керек.

Мұндай психологиялық әдістерге *тест* жатады. Бұл әдіс жиі қолданылады. Ол психологиялық құбылысқа дәл және сапалы мінездеме бере алатындықтан, сонымен қатар алдымен шешілуі қажет практикалық мәні бар нәтижелерді салыстыруға болатындықтан тиімді. Басқа әдістерге қарағанда тесттер мәліметтерді жинау мен оларды өңдеу, оларды психологиялық түсінуге болатындығымен ажыратылады.

Тесттердің де бірнеше нұсқасы бар. Олар:сауал-тесттер, тапсырма-тесттер, жобалаушы тесттер.

Сауал-тесттер белгілі бір психологиялық мінездеменің бар болуын я айқындалғандығы жайлы сенімді ақпарат алатын сұрақтарға зерттелушілердің жауабына талдау ретінде қалыптасты. Мұндай мінездеменің дамуы мазмұнына сай келген жауаптардың санына негізделеді. *Тапсырма-тест* белгілі бір тапсырмаларды табысты орындау арқылы адамның психологиялық мінездемесі жайлы ақпарат алу. Мұндай тесттерде тапсырмалардың бірнешеуін орындау қажет. Орындалған тапсырма санынан ол адамдағы белілі бір психологиялық сапаның бар немесе жоқ, сонымен қатар оның даму деңгейіне негіздеме бола алады. Мидың даму деңгейін анықтайтын тесттердің көбі осы категорияға жатады.

Тесттерді әзірлеуге талпынған адамдардың бірі Ф.Гальтон (1822-1911). 1884 ж Лондондағы Халықаралық көрмеде Ф.Гальтон антропометриялық зертхана ұйымдастырды (кейіннен бұл Лондондағы Оңтүстік-Кенсингтон мұражайына ауыстырылды). Бұл зертханадан бойының ұзындығын, салмағын, сезімталдықтың әр түрін, реакция уақыты және басқа да сенсомоторлы қасиеттері өлшеуден тоғыз мыңдай адам өткізілді. Ф.Гальтон ұсынған тесттер мен статистикалық ұсыныстар өмірдің практикалық мәселелерін шешу үшін кеңінен пайдаланылды. Бұл қолданбалы психологияның бастамасы еді, соңынан бұл ңпсихотехникаң деген атқа ие болды.

Бұл термин Д.Кеттелдің (1860-1944) 1890 ж *Mind* журналында Ф.Гальтонның қортынды сөзімен *ңMental Tests and Measurmentң* (ңАқыл-ой тесттері және өлшемдерң) мақаласы жарық көргеннен кейін ғалымдардың лексиконына енді. Кеттел бұл мақалада ңПсихология эксперимент пен өлшемдерге сүйенбейтін болса, физикалық ғылымдар секілді тұрақты және дәл ғылым бола алмайды. Көптеген адамдарға ақыл-ой тесттерін қолдану арқылы бұл салада алғашқы қадам жасауға болады. Мұның нәтижелері психикалық процестердің тұрақтылығын, олардың өзара байланысын және әр түрлі жағдайда өзгеруін ашуда ғылыми бағалы болады ң.

1905 ж француз психологы А.Бине интеллектті бағалайтын бірінші тестті жасады. ХХ ғ. басында француз үкіметі оқушыларды оқу деңгейіне қарай бөлу үшін А.Бинеге мектеп оқушыларына арналған интеллектуалдылық қабілет шкаласын жасауды тапсырды. Соңынан көптеген ғалымдар тесттердің сериясын жасап шығарды. Олардың практикалық міндеттерді жедел шешуге бағытталғандығы бұл психологиялық тесттердің кеңінен тарауына әкелді. Мысалы, Г.Мюнстерберг (1863-1916) кәсіби таңдап алуға арналған тесттер жасады. Олар былайша жасалды: алдымен олар ерекше жетістікке жеткен бір топ жұмысшыларға, содан соң жаңадан жұмыс орнына келгендерге. Бұл ой психикалық жұмысшылардың қызметі табысты орындау құрылымдарының тест кезінде зерттелушінің орындай алатын құрылымдарымен өзара байланысына негізделді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде психологиялық тесттерді көптеп пайдаланды. Бұл кезде АҚШ соғысқа кірісуге дайындалып жатқан болатын. Бірақ соғысып жатқан жақтардағыдай қаруланбаған еді. Сондықтан соғысқа кіріспес бұрын (1917 ж.) әскери биліктегілер елдің ең ірі психологтары

Э.Торндайк (1874-1949), Р.Йеркс (1876-1956), Г.Уипплге (1878-1976) психологияны әскери қызметте қолдану проблемасын шешіп беруді ұсынды. Американ психологиялық ассоциациясы мен университтер бұл бағытта жұмысты бастап та кетті. Р.Йеркстің басшылығымен әр түрлі әскерлерге әскери қызметке шақырылатындардың жарамдылығын (интеллекті бойынша) жалпы тексеру үшін алғашқы топтық тесттер жасалды. ңАльфаң әскери тестісі сауаттыларға, ал ңбетаң тестісі сауатсыздарға арналды. Бірінші тест А.Биненің балаларға арналған вербалды тесттеріне ұқсас болды. Екінші тест вербалды емес тапсырмалардан тұрды. 1 700 000 солдат және 40 000 офицер сыналды. Көрстекіштер жетіге бөлінді. Осыған орай жарамдылық деңгейі жеті топқа бөлінді. Бірінші екі топқа міндеттерді орындау қабілеті жоғары және тиісті әскер оқу орындарына жіберілетін тұлғалар жиналды. Кейінгі үш топ қабілет көрсеткіші орташа статистикалық тұлғалардан жиналған еді.

Осы кезде Ресейде де психологиялық әдіс ретінде тесттер жасала бастады. Бұл бағыттың дамуы А.Ф.Лазурский (1874-1917), Г.И.Россолимо (1860-1928), В.М.Бехтерев (1857-1927), П.Ф.Лесгафттың (1837-1909) есімдерімен байланысты.

Тесттерді әзірлеуде Г.И.Россолимоның қосқан еңбегі зор. Оның есімі тек невролог-дәрігер ғана емес психолог ретінде де танымал еді. Жеке психикалық қасиеттерді анықтау үшін тұлға туралы толық көрініс беретін сандық бағалау әдісін әзірледі. Бұл әдіспен бес: зейін, қабылдаушылық, ерік, есте сақтау, ассоциациялық процесстер (ойда суреттеу және ойлау) топқа бөлінетін 11 психикалық процесті бағалауға болады. Осының әрбір процессін орындауға қарай арнайы шкаламен ңкүшің бағаланды. Оң жауаптар сызбада нүктемен белгіленді. Осы нүктелерді қосып, адамның ңпсихологиялық бағытың анықталды. Сыналушылардың категориялары (балалар үшін, интеллигентті ересектер үшін, интеллигенттер емес үшін) бойынша тапсырмалар берілді. Бұдан басқа Г.И.Россолимо сызбадағы көрсеткіштерді арифметикаға айналдыру формуласын ұсынды.

Бүгінде тесттер психологиялық зерттеуде кеңінен пайдаланылатын әдіс. Бірақ тесттер объективті және субъективті әдістердің арасында. Сыналатындардың өз есептеріне негізделген сауалнама-тесттер де бар. Осы тесттерді орындауда тестіден өткізудің нәтижесіне әсіресе оның жауабы қалай түсінілетінін білетін болса саналы немесе санасыз әсер ете алады. Алайда объективті тесттер де бар. Оларға *жобалы тесттерді* жатқызуға болады. Тесттің бұл категориясына сыналатындардың есебі қажет емес. Сыналушының орындайтын тапсырмасын зерттеуші еркін түрде түсіндіреді. Мысалы, сыналатын адамның түрлі-түсті карточкалардың түсін таңдауынан оның эмоционалды күйін білуге болады. Кейде сыналушыға белгісіз жағдай салынған сурет беріледі де, психолог оны сипаттауды сұрайды, соның нәтижесінде сыналушының психикалық ерекшеліктерін сипаттайды. Бірақ жобалы тесттер психологтың кәсіби дайындығының жоғары және тәжірибесінің мол болуын және сыналушының интеллектуалды дамуының жоғары болуын талап етеді.

Объективті мәліметтерді зерттелетін қасиет бөлініп, дұрыс бағаланатын жасанды жағдай жасалуға негізделген *эксперимент* - әдістің көмегі арқылы алуға болады. Зерттелетін феноменнің басқа феномендермен себептік байланысы жайлы, құбылыстың пайда болуы мен дамуын ғылыми тұрғыдан түсіндіретін басқа психологиялық әдістерге қарағанда, эксперимент ең сенімдісі. Эксперименттің екі түрі бар: зертханалық және табиғи. Олар бір-бірінен эксперимент жүргізудегі жағдайлармен ажыратылады.

Зертханалық экспериментте зерттелетін қасиет дұрыс бағаланатын жасанды жағдай жасалады. Табиғи эксперимент әдеттегі тұрмыстық жағдайда жасалады. Мұнда зерттеуші кіріспей, жағдайларды сол күйінде жазып отырады. Табиғи экспериментті алғаш рет А.Ф.Лазурский қолдана бастады. Әрине, табиғи жағдайдағысы адамдардың өмірлік мінезіне сай келеді. Бірақ табиғи жағдайда зерттеуші толық бақылау жүргізе алмайтындықтан оның нәтижесі дәл болмауы да мүмкін. Осы тұрғыдан зертханалық дәл, ал табиғи өмірлік жағдайға сай келеді.

Психологиялық әдістердің бірі – *моделдеу.* Ол дербес әдіске жатады. Ол басқа әдістерді қолдану қиындағанда ғана жүргізіледі. Олардың ерекшелікгі белгілі бір психологиялық құбылыс жайлы ақпаратқа сүйенетіндігінде, екінші жағынан оны қолданғанда сыналушы қатыспайды немесе нақты жағдай есепке алынады. Сондықтан моделдеудің әр түрлі әдістерін объективті немесе субъективті әдістерге жатқызу қиын.

Моделдер техникалық, логикалық, математикалық, кибернетикалық және т.б. болуы мүмкін. Математикалық моделдеуде ауыспалылардың өзара байланысы мен олардың қатысы, зерттелетін құбылыстардағы қайталанатын элементтер мен қатынастар көрсетілген математикалық мән немесе формула қолданылады Техникалық моделдеуде зерттеуді елестететін құрал немесе құрылғы жасалуы қажет. Кибернетикалық моделдеу информатика және кибернетика саласының психологиялық міндеттерін шешуге пайдаланылады. Логикалық моделдеу математикалық логикада қолданылатын идеялар мен символға негізделген.

Компьютер мен бағдарламалық қамтамасыз етудің дамуы ЭСМ жұмыс істеу заңдарындағы психикалық құбылыстарды моделдеуге бастады, өйткені адамдардың ойлауда қолданатын операциялары, міндеттерді шешудегі ойлау логикасы компьютерлік бағадарламалар жұмыс істеуіне жақын екен. Ол компьютердің жұмыс істеуіне қарай адамның мінезін көзге елестету және сипаттауға бастады. Осындай зерттеулерге байланысты Д.Миллер, Ю.Галантер, К.Прибрам атты америка ғалымдарының және ресей психологы Л.М.Веккердің есімдері белгілі.

Көрсетілген әдістерден басқа психикалық құбылысты зерттейтін басқа да әдістер де бар. Мысалы, *әңгімелесу* - сауалнаманың бір нұсқасы. Сауалнамаға қарағанда әңгімелесу әдісі процедураны жүргізудің еркіндігімен ерекшеленеді. Әдетте әңгімелесу жайлы жағдайда өтеді, ал сұрақтар сыналушының жағдайы мен ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Басқа әдіске *құжаттарды зерттеу әдісі* немесе *адамның қызметін талдау әдісі* жатады. Психикалық

құбылыстарды зерттеу барысында әр түрлі әдістерді кешенді түрде қолданғаннан зерттеу тиімді болатынын ескерген жөн.

Психология ғылымының негізгі салалары

Қазіргі кезде психология ғылымы – көптеген салалар мен тармақтарға бөлініп, ілгері дамып отырған өрісі кең ғылыми пән. Бұл салалар мен тармақтар дамуы мен қалыптасуы жағынан адамның түрлі тәжірибелік іс – єрекеттерін қамтитын єр қилы сатыда тұр. Оларды топтастырып, жік – жікке ажырату жіктеу деп аталады. Енді осы мәселенің сырын ашуға кірісейік. Біз психиканың дамуын жіктегенде, ең бірінші, осы пєннің зерттейтін обьектісін, екінші, адамның іс – әрекет түрлерін негіз етіп аламыз. Үшінші, адамның өзін даму мен іс – әрекет иесі деп санап, оның әлеуметтік ортаға қатынасын алып қарастырамыз.

Адамның нақты іс – әрекеттеріне сүйене отырып, оның психикасының дамуын төмендегіше жіктейміз.

Тәлім – тәєрбие психологиясы.

Бұл пәннің зерттейтіні – адамды оқыту мен тєрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтар. Ол оқушылардың ақыл – ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың тиісті оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз – шәкірт арасындағы өзара қарым – қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Сөйтіп, оқушылар ұжымындағы өзара қатынастармен, олардың психологиялық даралық ерекшеліктерімен санасып отырудың мүмкіндіктерін іздестіреді. Оқу – тәрбие жұмыстарын жєне балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, бірқалыпты даму заңдылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім – тәрбие жұмысын жүргізу әдіс – тәсілдерінің психологиясын зерттейді.

Тәлім – тәрбие психологиясының мынандай тармақтары бар: а) Оқыту психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің жекелеген әдістеме мәселелерін, бағдарлап оқыту мен балалардың ақыл – ойын қалыптастыру сияқты өзге де мәселелермен шұғылданады. Є) Тәрбие психологиясы – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді іздестіреді. Бұлардан басқа мұғалімдер психологиясы және кемтар балаларды оқытудың тәрбиелеуі мәселелерін қамтиды.

Жас ерекшелік психологиясы – әр қилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық сапаларын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы, қарт адамдар психологиясы. Бұл сала оқыту мен ақыл - ойдың дамуын жєне олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп, оқыту ісіндегі адамның ақыл – ойын, сана – сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын нендей әдістер арқылы өрістетуге болады деген мәселелерді іздестіреді.

Арнаулы психология - бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады.

Арнаулы психологияның мына тармақтары, атап айтқанда: олигофренопсихология – ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын, сурдопсихология – саңырау не керең болып туған балалар психикасын, тифлопсихология – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді. Ал туа пайда болған ауру адамдар психологиясын зерттейтін тармақ патопсихология деп аталады. Бұл сөз грек тілінде “патос” – зардап шегу, ауру деген мағынаны білдіреді. Патопсихология медицина ғылымымен оқу – тәрбие істерін зерттейтін пән – педагогика мен жан дүниесінің сырын қарастыратын психология ғылымының түйіскен торабына жатады.

Еңбек психологиясы – адамның іс – әрекет түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Еңбек психологиясының мақсаты – әр түрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын, өндірістік – кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерін, құрал – аспаптардың құрылысы мен орналасуын, хабар жүйелерінің қажетті заттарын қарастыру. Бұл салалардың єрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен бір-бірімен – байланысты болып келетін мынадай тармақтары бар: инженерлік психология – бұл, негізінен, автоматталған жүйелерді басқару мен әр түрлі операторлардың жұмысын зерттейді. Инженерлік психологияда ең өзекті мәселе эргономика деп аталады. Бұл термин гректің “эргон” – жұмыс жєне “номос” – заң деген екі сөзінің бірігуі нәтижесінде пайда болған. Бұл орайда, өндіріс пен адам арасында қатынас орнатудың түйінді мєселелері болып саналатын еңбек єрекетіндегі адамның өнімді ісі, оның психологиялық ерекшеліктері, жүйке жүйесінің қызметі мен еңбек гигиенасы, адамның өнім өндірудегі жетекші рөлі, техникалық құрал – жабдықтар эстетикасы және автоматтанған тетіктер теориясына қатысты мәселелер қарастырылып, олардың сыр – сипаты зерттеледі. Эргономика, негізінен, “адам – машина – орта жағдайын” қарастыра отырып, олардың неғұрлым өнімді болуы мен нєтижелерін жүйелі түрде үйлестіруді басты міндет етіп қояды.

Авиациялық психология - ұшқыштарды оқыту мен ұшу кезінде орындалатын істердің жай – жапсарын, жалпы адам психикасының әуе кеңістігіне бейімделудегі ерекшеліктерін зерттеп, жоғары дәрежеде ысылған мамандар мен кадрларды даярлап шығару мақсаттарын көздейді.

Ғарышкерлік психология – адамның салмақсыздық пен әлем кеңістігінің айдынында бағдарсыз жағдайда жұмыс істеу сәтіндегі аса қиыншылық жағдайлардағы психологиясын, оның шектен тыс әсерден кейінгі көңіл – күйі мен төзімділік көрсету шараларын зерттейді.

Еңбек психологиясында арнайы зерттелуге тиісті күрделі тармақтар да бар. Олар ауыл шаруашылығына қатысты болып келеді.

Медициналық психология – дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез – құлқын зерттейді. Бұл сала бірнеше тармаққа бөлінеді, әрбір тармақтың адам

психикасын зерттеуге қатысты мақсат – міндеттері бар. а) Нейропсихология психикалық құбылыстыр мен жоғары жүйке құрылысының физиологиясын жєне олардың өзара қатынасын зерттейді; є) Психотерапия – ауру адамға психикалық әдіс – айла және емдік тєсілдер қолдану мәселелерін қарастырады; в) Психопрофилактика және гигиена адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асыру жүйесін, оның єдіс – тәсілдерін айқындаумен шұғылданады.

Әскери психологияның ең басты міндеті – азаматты ел – жұрты мен Отанын қорғайтын қалқан болуға психологиялық тұрғыдан даярлау. Мұнда жауынгердің мінез – құлқы мен отаншылдық қасиетін тәрбиелеп қалыптатыру жағдайлары, бастықтар мен бағынушылар арасындағы қарым – қатынастар, үгіт – насихат жұмыстарын жүргізу, дұшпанға деген өшпенділік сезімдерінің оянып, оған қарсы барлау істерін ұйымдастыру және соғыс техникасын меңгеру мен басқару әдістері зерттеледі.

Әлеуметтік психология - адам мен қоғам арасындағы қатынас мәселелерімен айналысады. Бұл сала адамдардың белгілі бір негізде ұйымдасқан топтары мен кездейсоқ топтары арасындағы өзара қарым – қатынастағы психологиялық құбылыстардың сырын зерттейді. Қазіргі кезде әлеуметтік психология шеңберінде мынандай үш түрлі мәселе қамтылды:

А) Үлкен, ірі топтардағы психологиялық – әлеуметтік жағдайлар. Бұл проблеманың құрамына жалпы бұқаралық байланыстыр: радио, теледидар, баспасөз т.б. кіреді. Әр түрлі топқа жататын адамдарға осы құралдар арқылы алуан түрлі хабарлар, көпшілікке тән талғамдар, әдет – ғұрыптар мен дәстүрлер, иланулар мен сенімдер, қоғамдық көңіл – күйлер жайлы әсер етудің психологиялық астарлары жеткізіледі. Бұған таптық психологияға қатысты мәселелер, этностық жєне ұлттық психология сипаттары, дін психологиясының өзекті мәселелерін зерттеу де жатады.

Є) Кіші топтардағы психологиялық – әлеуметтік жағдайлар. Оңашаланып тұйықталған топтардағы адамдардың бірігуі, олардың өзара қарым – қатынастарының сыры мен хал – жағдайы, топ ішіндегі жетекшінің алатын орны, әр түрлі топтық типтері болып саналатын ассоциациялар, корпорациялар, ұжымдар, ресми және бейресми топтар арасындағы қатынастар, сол топтардың шеңбері, олардың бірігуінің себептері мен мақсат – мүдделері, шоғырлану деңгейі зерттеледі. Бұл мәселеге отбасындағы ата – ана мен баланың өзара қарым – қатынасы, үлкендерді сыйлау сияқты да мәселелер енеді.

Б) Қоғамдағы адамның қасиеті мен әлеуметтік – психологиялық орны. Азамат – әлеуметтік психологияның зерттеу обьектісі. Осы ретте олардың жоғырыда аталған топтарда қандай рөл атқаратыны жєне соларға бейімделу ерекшеліктері де зерттеледі. Сондай – ақ, қоғамдағы азаматтың өзін - өзі бағалай білуін, оның ұстамдылығы мен бағыт – бағдарын, табандылығы мен көнбістігін, ұжымшылдығы мен менмендігін, тұрақтылығы мен болжампаздығын зерттеуге мән беріледі. Әрине, бұл аталған үш топқа қатысты күрделі мәселелер єлеуметтік психологияда біріне – бірі қарама – қайшы не бір қатарға қойылмайды. Азамат пен қоғамның тұтастығы тұрғысынан бұл

мєселелер барлық қарым – қатанастардың жиынтығы деп қарастыралады жєне адамның азаматтық бейнесі мен оның ішкі мєнін ашып көрсетеді. Әлеуметтік психологияның тармақтары: этностық психология, ұлт психологиясы, таптар психологиясы және дін психологиясы әлеуметтік өмір тынысын жан – жақты қамтиды.

Спорт психологиясы - спортшылардың іс – әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Спорт жетекшілері мен бағынушылардың өзара қарым – қатынасын, оларды даярлаудың жағдайын, құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілуін, психологиялық даярлығын іздестіре келе, оларды жаттықтыру және күш – қуатын жинақтау деңгейін, жарыстарды ұйымдастыру, өткізу мәселелерінің психологиялық факторларын зарттейді. Әрбір ел мен халықтың спорт өнеріндегі ерекшеліктерінде ескере отырып, оларды жаттықтыру міндеттері анықталды.

Сауда психологиясы – қазіргі заманда кеңінен дамып отырған сала. Бұл сала бойынша әрбір елдің саяси – экономикалық және мєдени – материалдық қажеттіліктерін өтеу мақсаттарына қарай дамыту шаралары белгіленеді. Сонымен қатар, әсіресе, жарнамалардың психологиялық ықпалы, елдегі адамдардың жас ерекшеліктері, сатып алушылардың мұқтаждығы, оларға қызмет көрсетудің факторлары қарастырылады.

Ғылыми – шығармашылық психологиясы – соңғы кездерде зерттеле бастаған сала. Бұл салада шығармашылық адамның жасампаздық қызметі, өзіндік ерекшеліктері, белсенділігі айқын көрініп, ғылыми жаңалықтарды ашудағы интуициясы, сезімдік рөлі т.б. сипаттары зерттеледі. Осы бағыттағы ерекше маңызды заңдылық – эвристика тәсілі.

Көркемөнер, әдебиет пен шығармашылыққа қатысты психология -бұл сала бойынша қарастырылатын мәселелер – әсемдікті қабылдау және оның адам жан дүниесін байытуға ықпал ету факторлары. Бұл саланың өзекті мәселелері әлі күнге дейін жүйелі түрде өз дәрежесінде зерттеле қойған жоқ.

Салыстырмалы психология психиканың филогенетикалық түрлерін қарастырады. Мұнда адам мен хайуанаттар психикасын салыстыра отырып зерттейді. Олардың психикасындағы айырмашылықтары мен ерекшеліктері ажыратылады. Бұл саланың жануарлар психологиясын зерттейтін тармағы әрбір түр мен тектің, олардың тобындағы жан – жануар, жәндіктердің құлқын, әрқилы механизмдерін қарастырады. Мысалы, өрмекші, құмырысқа, ара, ит, құс, жылқы және маймылдың психикасы едәуір деңгейде зерттелген. Қазіргі кезде бұл тармаққа биология мен психологияның тоқайласқан жер інде этология деп аталатын тамақ қосылып отыр. Бұл орайда, киттер сияқты дельфиндердің де қылықтары бақылауға алынып, хайуанаттар құлқындағы туа пайда болатын механизмдер зерттелуде.

Заң психологиясы құқыққа қатысты мєселелерді реттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолданудың психологиялық мәселелерін зерттейді. Бұл сала сот психологиясы, қылмыс психологиясы, еңбекпен түзету психологиясы деп аталатын тармақтардан құралады. Сот психологиясы сот, айыпталушылар, куєлар, сот тергеуін жүргізу, олардан жауап алу тәрізді т.б. жайттардың

психологиялық астарларын қарастырады. Қылмыс психологиясы қылмыскердің жеке басы мен оның зиянды әрекеттерінің сырын ашады. Еңбекпен түзету психологиясы тұтқындағы адамдарды сендіру не күштеп істету арқылы тәрбиелеудің жолдарын іздестіреді.

1.3.Психологияның даму тарихы

Психология басқа ғылымдар сияқты белгілі даму жолдарынан өткен. Әлемдік психологияның даму тарихы екі кезеңге бөлінеді:

Біріншіден, басқа ғылымдардың аясында психология білімінің қалыптасу кезеңі (IV-V ғ.ғ. біздің дәуірге дейінгі XIXғ-дың 60-шы ғ.ғ.). Бұл шамамен 2400 жылдай уақытқа созылып, Арестотельден (348-322) басталатын философиялық ілім тарихы.

Осынау, сан ғасырлық үлкен кезеңге әр кезде өмір сүрген ғалымдарды атап айтқанда, Герофил, Эрасизтарт, Гипократ, Демокрит, Гален, Гераклит, Декарт, Геббос, Спиноза, Лейбнец, ЛЗК, Руссо, Дидро, Кант, Гегель, т.б. ғұламалар адамның жан дүниесінің сыры мен қыры туралы небір сындарлы пікірлер айтқан. Мәселен, Арестотель өзінің “Жан туралы трактатында “жан тәнінің өмір сүруінің формасы екендігін, мұның өзі ес, қиял, ойлау, эмоция, секілді процесстерге бөлінетіндігін айтса, келесі бір грек ғылымы Демокрит (460-370) жанды заттың атомдары секілді өсіп, өшіп отыратын үнемі қозғалыста болатын қасиет де п түсіндіреді.

Сонымен қатар, ежелгі Грециянның философтары психиканы түсіндіру амалын отпен немесе бумен салыстырудан іздеді. Мысалы, Гераклит түсіндіруі бойынша барлық әлем оттан пайда болады, “жан” ылғалдан буланып шығады, мұнда жанның құрғақ буы оның даналылығын қамтамасыз етеді. Ал, ылғалдылық жанды ауырлатып, оның мерт болуына сұйыққа айналдырады- деп есептеді.

Ал француз ғалымы Рене Декарт (1596-1650) жануар сыртқы ортаның әсеріне рефлекс (жүйке жүйесінің қызметі) арқылы десе, Голонд ғұламасы Бендикт Спиноза (1632-1667) адамның еркі мен эмоциясы (аффект, құмарлақ т.б.) дене қызметімен тығыз байланыста болатындығы жайлы терең түйін айтқан.

Шығыс әлемінде жан туралы ғылыми пікірлерді ұлы ғұламалар Әбу Нәсір әл – Фараби (870-950) мен Әбу Әлі ибн Сира (980-1037), Ж.Баласағұнй, әл-Ғазали, Ибн Рүшд, Ита Баджа т.б. тоқтаған.

Екіншіден, психологияның өз алдына дербес ғылым ретінде (XIXғ-дың 60-шы ғ.ғ-қазіргі уақытқа дейін) көрінуі өте беріде, яғни 1870 жылдан басталады. Сол жылы неміс ғалымы Вильгельм Вундт (1832-1920) Лейпциг қаласында тұңғыш лаборатория ұйымдастырып, психикалық құбылыстарды арнаулы құрал-сайман, аспаптардың көмегімен зерттеуге болатындығын дәлелдеп, мұның дербес эксприменттік (тәжірбиелік) ғылым болуына жол ашты.

XIX ғ-дың аяғы XX ғ-дың басында атақты психолог Г.Эббингауз психология тарихына қысқаша және нақты анықтама берген. Ол психология

ғылымының зерттеу пәні бойынша психикалық құбылыстардың тарихи даму процестерін қарастырды. Осы көзқарас бойынша психология тарихын шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады: *Бірінші кезеңде* –психология жан туралы ғылым болып қалыптасады, *екіншіден* – сана туралы ғылым, *үшіншіден* –мінез-құлық туралы ғылым, *төртіншіден* –психика туралы ғылым. Осылардың әрқайсысын нақтырақ қарастырып көрейік. Психологиялық зерттеулердің негізгі әдістері. (3-кесте).

4-кезең

Психология- психикалық құбылыстарды зерттейтін ғылым.	XX-ғасырдың екінші жартысынан басталады.

3-кезең

Психология - мінез құлық туралы ғылым.	XX.психология –адамның мінез-құлқын реакциясын т.б. бақылап отыру.

2-кезең

Психология –сана туралы ғылым.	XVII-ғ. басталады. Сезіну қабіле-ті мен ойлау сана деп аталады. Негізгі әдіс адамның өзін-өзі бакылауы.

1-кезең

Психология –жан туралы ғылым**.**	Адам өмірінде түсініксіз болмысты жанның бар болуымен түсіндіреді. Бұдан екі мың жыл бұрынғы көзқарас.

(3-кесте).Психология ғылымының дамуының негізгі кезеңдері

Мұнда бірінші кезеңде психология “жан туралы ғылым” болғандықтан ежелгі замандардан бері, біріншіден психика бейнесі “рух” пен материяның өзара байланысынының жалпы проблемасын шешу барысында да қалыптасты. “Рух” материядан тыс бола ала ма, “жан” денеден бөлек өмір сүре ала ма? Осындай және осы тектес философиялық және идеологиялық проблемаларды талдау барысында психикаға адамдардың қиялында бейнеленетін қасиеттерді басқа қасиеттерге байланысты анықтаса, екінші жағынан нақты осы қасиеті арқылы барша табиғатты мифологиялық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндіктер ашады.

Екінші кезеңде психологияның зерттеу объектісі – сана деп қарастырылып мұнда ұзақ уақыт интроспекция әдістемесі негізгі ғана емес жалғыз психологиялық әдіс болды. Ол екі негізгі бағытпен тұжырымдалады; біріншіден, сана процесі сыртқы бақылау үшін “жабық”, ал екіншіден сана

процесі субъектінің өзінде ашылады. Бұл тұжырымдардан сана процесі басқаға түсініксіз нақты адамның өзінде ғана оқылады. Осы интроспекция әдісінің негізін қалаған Дж. Локк. Психология ғылымының дамуы үшін интроспектифті психология айтарлықтай мәнді әсер қалдыра отырып, мынандай теориялар қатарын ұсынды;

- В.Вундт және Э.Титченер негізін қалаған сана элементтерінің теориясы;
- Ф.Брентано атымен байланысты дамыған сана актілерінің психологиясы;
- У.Джемсом құрған сана қарқыны теорясы;
- В.Дильтеяның түсіндірмелік психологиясы.

Қазіргі психологияда интроспекция ұғымын өзін-өзі бақылау әдістемесі ретінде қолданылып жүр.

Үшінші кезеңде – психолгияның зерттеу объектісі мінез-құлық деп қарастырылып, сонымен бірге американ психологы Джон Уотсон (1878-1958) негізін салған бихевиоризім бағыты еді. Олар "психология бихевиористің" көзқарасы тұрғысында деген еңбегінде ескі псиология тіліндегі сана, ерік, эмоция, қабылдау, бейнелеу, т..с.с. терминдерден бас тарту дұрыс деп есептеді. Оның орнына "бихевиоур" –ағылшын сөзі, қазақша "мінез –құлық" деген мағынаны білдіреді. Бихевиористер психиканы мінез-құлықтың әр түрлі көріністері, организімнің сыртқы әсерге (ұ) стимул қайраттан жауап (R) реакцияларының жиынтығы деп түсіндіреді. Бихевиористер мынадай анайы тұжырымға келді: мінез-құлықта белгілі бір стимулдар жинағына қатаң белгіленген реакциялар сәйкес келеді, түптеп келгенде, стимул мен реакциялардың арасындағы өзара байланысты дәл сипаттауға болады. Сол арқылы адамның мінез-құлқын зерттеу мәселесі шешіледі.

Төртінші кезеңде – психикалық құбылыстардың механизмдері мен заңдылықтарын зерттелінеді. Қазіргі психология ғылымының негізін қалаған атақты ғалымдар С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.Р.Лурия зерттеулері айрықша айтылса және XX ғ-дың 30-60-шы жылдардағы психологтар Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин; А.В.Запорожец, Д.Б.Эльконин т.б. еңбектерімен байланысты қаралады.

ТАНЫМДЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

1.1. Түйсіктің негізгі заңдылықтары

Түйсік – таным негізі.Біз енді танымдық психикалық процестерді қарастыруды бастап, ең алдымен, олардың ішіндегі ең қарапайымдысы - түйсіктерге тоқталамыз. Түйсік процесі сезім мүшелеріне тітіркендіргіштер деп аталатын әр түрлі материалдық факторлардың әсер етуі салдарынан пайда болады. Ал осы әсер ету процесі тітіркену деп аталады. Тітіркенудің өзі басқа процесті – орталыққа бағытталған немесе афференттік жүйкелер арқылы бас ми қыртысына өтіп, түйсікті тудыратын қозу процесін тудырады. Осылайша, түйсік объективтік ақиқатты сезімдік бейнелендіру болып табылады. Олар

сананың сыртқы ортамен байланысын қамтамасыз етіп, объективті дүние заттары мен құбылыстарының қасиеттерін бейнелейді.

Түйсік – бұл материалдық дүние заттары мен құбылыстарының, сондай-ақ организмнің ішкі күйлерінің жеке қасиеттерін бейнелеуде көрінетін қарапайым психикалық процесс. Бұл процесс материалдық тітіркендіргіштердің сәйкес рецепторларға тікелей әсері нәтижесінде жүзеге асады.

Рецептор – бұл дененің үстінде немесе оның ішінде орналасатын, және табиғаты жағынан әр түрлі тітіркендіргіштерді - физикалық, химиялық, механикалық және т.б. - қабылдауға және оларды жүйкелік электр импульстарына түрлендіруге арналған арнайы органикалық құрылғы.

Эволюция барысында әрбір рецептор белгілі бір тітіркендіргішке арнайы бейімделе отырып, дамыған. Осылайша, тангорецепторлар сипап сезуді сезінуге, аусторецепторлар дәм сезу тітіркендіргіштерін түйсінуге, стиборецепторлар – иіс сезуге, фонорецепторлар дыбыстық тітіркендіргіштерді және фоторецепторлар жарықтық (немесе сәулелік) рецепторларды түйсінуге бейімделген.

Алайда кейбір парадоксалды жағдайларда адекватты емес тітіркендіргіш белгілі бір рецепторға әсер ете отырып, оған тән түйсіктерді тудыруы мүмкін. Осылайша, мысалы, электр тоғы немесе күшті қысым көздің жарығын тудыруы мүмкін (мысалы, соққы кезінде көзден ұшқын шығады). Бұл өте сирек жағдайларда болады. Ал, жалпы алғанда, түйсіктер арнайы сезім мүшелері (анализаторлар) арқылы тек өзіне ғана тән тітіркендіргіштерді түйсінуге арналған, яғни көбінесе объективті болып келеді. Бұл жерде тағы бір ескеретін нәрсе, түйсіктер, сезім мүшелерінің, рецепторлардың арнайы қызметіне немесе спецификалық энергиясына (И. Мюллер тұжырымдағандай) байланысты емес, ал негізінен сыртқы тітіркендіргіштердің қасиеттеріне тәуелді болады.

Түйсіктер біздің дүние жөніндегі білімдеріміздің ғана емес, сондай-ақ біздің сезімдеріміз бен эмоцияларымыздың да қайнар көзі болып табылады. Эмоциялық күйзелістің ең қарапайым түрі – бұл түйсіктің сезімдік, немесе эмоциялық тоны, яғни түйсіктермен байланысты болатын сезім. Мысалы, кейбір түстер, дыбыстар мен иістердің олардың мәніне, олармен байланысты болатын естеліктер мен ойларға тәуелсіз, бізде жағымды немесе жағымсыз сезімді тудыратыны бәрімізге жақсы белгілі. Әдемі дауыстың дыбысы, шабдалының дәмі, раушан гүлінің иісі – жақсы, жағымды эмоциялық тонды тудырады. Пышақтың шыныға үйкелгендегі сықыры – жағымсыз эмоциялық тонға ие болады. Сонымен, түйсіктер эмоциялардың пайда болуында да үлкен рөл атқарады.

Түйсіктердің адам тіршілік іс-әрекетіндегі рөлі

Түйсіктердің адам тіршілік іс-әрекетіндегі рөлі өте зор, себебі олар бізге сыртқы дүние және өзіміз жайлы білімдерді береді. Сыртқы ортаның сан-алуан әсерлері, дыбыстар мен бояулар, иістер мен температура, мөлшер және т.б. жөнінде мәліметті біз сезім мүшелеріміз арқылы алып, оларды жан-жақты танып-білеміз.

Сезім мүшелерінің ақпаратты алу, сұрыптау, жинау және миға жіберу процестері негізінде әсер еткен объектінің адекватты (шындыққа сәйкес) бейнесі қалыптасады. Осындай күрделі процесс В.П. Зинченконың пікірінше, үздіксіз болып отырады. Ол секундына мыңнан астам өтетін операциялардан тұрады.

Сезім мүшелері – сыртқы дүниені адам санасына жеткізетін каналдар. Сезім мүшелері адамның сыртқы ортада және өз ішкі күйінде бағдарлай алуына мүмкіндік береді.

Адамда қоршаған дүниеден ақпаратты алу тепе-теңдікте немесе баланста болуы қажет. Ақпараттық балансқа қарсы ақпараттық салмақ түсу мен ақпараттық жетіспеушілік (сенсорлық изоляция) сияқты құбылыстар кездеседі. Бұл екі келеңсіз жағдайлар организмнің күрделі функционалдық бұзылысына алып келеді.

Сенсорлық изоляция дегеніміз - адамның ұзақ уақыттық, толық немесе жартылай сенсорлық әсерлерден айрылуы. Осы тұрғыдан сенсорлық ақпарат алуды шектеу бойынша жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижелері өте көрнекті болып табылады. Бұл эксперименттерде зерттелушіні арнайы камераларға орналастырып, толық сенсорлық изоляцияға дейінгі жағдайға жеткізген. Бірнеше сағаттан кейін-ақ зерттелуші мазасыздық күйіне жетіп, экспериментті доғаруды сұраған. Ал ұзақ мерзімдік эксперимент жағдайына түскен зерттелушілер, алдымен, уақыттық бағдардан, ал одан кейін, тіптен, ойлау қабілетінен айырылған. Олар тіпті оңай есептерді шеше алмай, көбісінде ес процесінің бұзылысы байқалған. Зерттелушілердің 80% жуығында көру галлюцинациялары пайда болған. Осындай эксперименттерге адамдар 2-3 күннен артық шыдамаған.

Осы және басқа да мысалдар адамның түйсіну түріндегі қоршаған дүние жөнінде ақпаратты алу қажеттілігінің күшті екендігін көрсетеді.

Түйсіктердің физиологиялық негіздері. Түйсік жүйке жүйесі бар тірі организмдердің барлығында болады. Бірақ саналанатын түйсіктер, яғни белгілі бір күйлердің шығу себебі мен қасиеттері жөнінде өз-өзіне есеп бере алушылық тек адамға ғана тән.

Тірі организмдердің эволюциясында түйсіктер тітіркену, яғни тірі материяның ортаның биологиялық мәнді әсерлеріне өзінің ішкі күйі мен сыртқы мінез-құлқын өзгертуінде көрінетін қасиеті негізінде пайда болған. Түйсіктер алғашқы кезеңдерден бастап, организмнің іс-әрекетімен, өзінің биологиялық қажеттілігін өтеумен байланысты туындаған. Түйсіктердің өмір үшін маңызды рөлі – орталық жүйке жүйесіне ішкі және сыртқы ортаның күйі жөнінде (мысалы, шөлдеу, суықтық және т.б.) мағлұмат беру. Түйсік, тітіркенумен салыстырғанда, сыртқы әсердің белгілі бір қасиеттері жөнінде ақпарат береді. Адамның түйсіктері қоршаған ортаның оған қажетті алуан-түрлі қасиеттерін бейнелейді. Мұның өзі түрлі модалдық (қасиеттер) бойынша ақпарат беретін әр түрлі сезім мүшелері арқылы жүзеге асады.

Сонымен қатар, адамның түйсіктері тек биологиялық факторларды ғана бейнелеу емес. Олар, сонымен қатар, абиотикалық, яғни әлеуметтік маңызы бар

факторларға да жауап беру қабілеті болып табылады. Бұл қабілет сезгіштік деп аталады.

Түйсіктердің физиологиялық негіздері болып табылатын – ол тітіркендіргіштің оған сәйкес анализаторға (сезім мүшесіне) әсері нәтижесінде пайда болатын жүйке процесі. И.П. Павлов бойынша, анализатор - бұл тітіркендіргіштерді қабылдау, өңдеу және оларға жауап қайтаруға қатысатын афференттік және эфференттік жүйке жолдарының жиынтығы. Анализатор – тітіркендіргіштердің әсерімен рефлекторлық түрде өзгеріп отыратын белсенді мүше, сондықтан түйсік пассивті емес, ал әрқашан қозғалыстық компоненттерден тұратын белсенді психикалық процесс болып табылады.

Анализатор үш бөлімнен тұрады:

1. Периферияльық бөлім (рецептор) - сыртқы энергияны жүйке процесіне айналдыратын арнайы трансформатор.

2. Афференттік (орталыққа бағытталған) және эфференттік (орталықтан шығатын) жүйке талшықтары немесе өткізгіш жолдар;

3. Анализатордың мидағы қабықасты және қабықты бөлімдері; бұларда периферияльық (шеткі) бөлімдерден келетін жүйке импульстарының өңдеуі іске асады.

Анализатордың шеткі бөлімдерінің белгілі бір клеткаларына ми қыртысы клеткаларының белгілі-бір бөлімшелері сәйкес келеді. Осылайша, мысалы, көз торының әр түрлі нүктелеріне ми қыртысында кеңістік бойынша әр түрлі орналасқан нүктелер сәйкес келеді.

Жасанды тітіркендіру әдістері арқылы жасалған көптеген байқаулар көрсеткендей, қазіргі кезде әр түрлі сезгіштіктің мидағы локализациясын анықтауға болады. Мысалы:

1. Көру сезгіштігі мидың желке бөлімдерінде орналасқан.

2. Есту сезгіштігі жоғарғы самай иірімдерінің орта бөлімінде локализацияланады.

3. Сипап сезу-қозғалыстық сезгіштік артқы орталық иірімдерде орналасқан.

Түйсіктің пайда болуы үшін анализаторлардың тұтас, бірыңғай жұмысы қажет. Рецептор сырттан келетін энергияны жүйке процесіне ауыстырғанда тітіркену басталады. Бұл процесс рецептордан орталыққа бағытталған жүйкелік жол арқылы анализатордың жұлындағы орталығына немесе бас миының ядролық бөліміне жетеді. Қозу анализатордың қыртыс клеткаларына жеткенде, адам тітіркендіргіштің қасиетін түйсініп, ажыратады, содан кейін организмнің оған жауап беруі жүзеге асады.

Организмнің осындай үйлесімді жұмысы рефлекторлық доға механизмі арқылы қызмет етеді. Рефлекторлық доға рецептордан, өткізгіш жолдардан және эффектордан тұрады. Рефлекторлық доғада жүретін процестердің динамикасы болып сыртқы әсерлердің қасиетіне өзіндік сәйкестелу табылады. Мысалы, сипап сезу дәл сондай процесс. Себебі қолдардың қимыл-қозғалысы берілген объектінің құрылымына сәйкес келіп, оның қалпын қайталайды.

Сонымен қатар, көру, есту, сөйлеу мүшелері де өздері қабылдайтын объектінің қасиеттеріне сәйкестеніп, қозғалыстар жасайды.

Түйсіктің пайда болуында эффекторлық процестердің қатысын көрсеткен көптеген зерттеулер түйсіктің психикалық құбылыс ретінде организмнің жауап қайтуынсыз және оның сәйкестігінсіз болуы мүмкін еместігі жөнінде қорытындыларға келді. Сезім мүшелері қозғалыс мүшелерімен тығыз байланысты болады, және қозғалыс мүшелері организмнің тек бейімдеу және атқарушы қызметін ғана атқарып қоймай, сондай-ақ ақпаратты алуда маңызды рөл атқарады.

Түйсіктердің жіктелуі

В.Вундтың энергетикалық жіктеуі. 1898 жылы В. Вундпен рецепторлардың адекватты тітіркендіргіштердің энергиясынан тәуелділік бойынша классификациясы ұсынылды. Ол механикалық, химиялық және жарықтық сезгіштікті қабылдауға арналған рецепторлардың келесі үш типін бөліп шығарды:

1) *механорецепторлар* ткандердің деформациясының, жиырылуының немесе жылжуының механикалық энергиясын қабылдайды. Олар бүкіл дененің бетінде және ішінде орналасқан: теріде, бұлшықетте, сіңірлерде, тамыр қабырғаларында т.с.с. Механорецепторлардың сан-алуан түрлері белгілі. Жоғарғы дамыған механорецепторларға ішкі құлақта орналасқан, ұзындығы 0,03-0,04 мм. қылдық клеткалар жатады. Олардың бір түрі дененің жылдам қозғалыстарын және салмақ күшінің бағытын тіркеуге арналған, ал екіншісі ауаның толқуын тіркеуге арналған.

2) *хеморецепторлар* – рецепторлардың анағұрлым ежелгі тобы. Химиялық заттарға сезгіштік бірклеткалық организмдерде де болады. Жоғары дамыған сезгіштік насекомдардың хеморецепциясына тән. Олардың кейбір түрі аналықтарын екі километр қашықтықта тауып ала алады. Балықтардың хеморецепторлары теріде орналасқан. Құрлықтағы жануарларда олар тұмсықтық және ауыздық қуыста орналасқан. Хеморецепторлардың кейбір ерекше түрлері ішкі мүшелерде де кездеседі.

3) ф*оторецепторлар* жарықтық энергияны қабылдайды. Жарықтық тітіркендіргіштерге сезгіштік филогенезде прогрессивті түрде дамыған. Оның эволюциясы көру мүшесі – көздің өзгеруімен байланысты болды. Көздің жетілуі ішекқуыстылардың жарық сезгіш пластиналарынан бастап, насекомдардың күрделі фасеталық көздеріне дейін, одан әрі қарай омыртқалардың камералық көзіне дейін жүзеге асты. Соңғысы екі-ақ фоторецептордан тұрады – таяқшалар мен шақшалар. Олардың әрқайсысы жарықты қабылдауда өзінің арнайы қызметін атқарады. Едәуір күрделі әрі жоғары дамыған жарықсезгіш клеткалар – ол шақшалар. Олар күндізгі көру қызметін ақарады және объектінің анағұрлым жіті әрі дәл қабылдануын қамтамасыз етеді. Таяқшалар көру қабығының (фовеаның) шетінде орналасып, ымырттық көруді қамтамасыз етеді.

Шерингтон бойынша рецепторлар жіктеуі. 1906 жылы ағылшын физиологы. Шерингтонмен организмде орналасуы мен атқаратын қызметі

бойынша сенсорлық процестердің жіктеуі шығарылды. Ол сезгіштіктің үш тобын бөліп көрсетті: интероцепция, экстероцепция және проприоцепция.

1) *Экстероцептивті* деп сыртқы тітіркендіргіштердің әсерлеріне сезгіштікті айтады. Ол бес негізгі модалдықтан тұрады – көру, есту, сипап сезу, иіс сезу және дәм сезу. Экстероцептор маңызды бағдарлаушы және реттеуші қызмет атқарады. Объектінің рецепторға әсері бойынша экстероцепторлардың екі түрін бөліп көрсетеді: контакттық және дистакттық. Контакттық рецепторлар, дистанттыққа қарағанда, филогенезде ертерек қалыптасқан. Оларға дәм сезу, сипап сезу рецепторлары жатады. Дистанттыққа көру, есту, иіс сезу рецепторлары кіреді. Бұлар құрылымы мен функциялары жағынан күрделі қызмет атқарады.

2) *Проприоцептивті* - дененің немесе оның бөліктерінің кеңістіктегі орналасуы мен қозғалысына сезімталдық. Қозғалысты қабылдауға арналған проприоцепцияның түрін *кинестезия* деп атайды. Проприоцептивтік түйсіктер, экстероцептивтікпен салыстырғанда, жақсы байқалмайды. Проприоцепцияның негізінде пайда болатын дене бөліктерінің бірыңғай орналасуын *дене схемасы* деп атайды. Әсіресе, эфференттік бұйрықтарды атқаруда проприоцепциядан келетін дене схемасы жөніндегі ақпаратты пайдалану маңызды. Себебі, оларды ескерудің негізінде ғана денені дұрыс қозғалтуға болады. Сондықтан, мидан келетін сигнал дұрыс орындалу үшін перифериялық эфференттік мүшенің күйін, қалпын ескерген дұрыс.

4) Интероцептивті – организмнің ішкі ортасында жүретін алмасу процестеріне сезгіштік. Интероцепторлар қатарына механо- және хеморецепторлар кіреді. Олар барлық ішкі мүшелерде кездеседі және сан-алуан органикалық процестерге - қанның химиялық құрамы мен қысымының өзгеруіне, ткандердің температурасының өзгеруіне, асқазанның толуының және т.б. өзгеруіне жауап береді. Интероцептивті қызмет ету көбінесе санадан тыс жүзеге асады. Органикалық түйсіктер пайда болғанымен, тек диффуздық түрде организмнің жалпы күйін комфорт немесе дискомфорт, қысылу немесе босаңсу, мазасыздық немесе тыныштық түріндегі көбінесе эмоционалдық боялған күйін бейнелейді. И.М. Сеченов оларды ңқараңғы сезімдерң деп атаған.

Интероцептивті қызмет тек 1930-шы жылдардан кейін ғана, Кеннонмен *гомеостазис* ұғымы ашылғаннан кейін ғана едәуір толық түсінікті болды. Организмнің ішкі тепе-теңдік күйі немесе гомеостазис өмір сүрудің қажетті шарты болып табылады.

Сенсорлық процестердің эволюциялық жіктеуін 1920 жылы ағылшын неврологы Х. Хед ұсынды. Ол сезгіштіктің екі түрін бөліп, ажыратты: эпикритикалық және протопатикалық.

1) Эпикритикалық сезгіштік анағұрлым жас әрі жетілген болып табылады. Ол объектінің кеңістіктегі орналасуын дәл табады және ол жөнінде объективті мағлұматтар береді. Мысалы, сипап сезу жанасу орнын дәл анықтай алады, ал есту – дыбыс шыққан бағытты анықтай алады. Эпикритикалық сезгіштікке жататындар: көру, есту, сипап сезу (жартылай).

1) Протопатикалық сезгіштік едәуір ежелгі болып табылады және сыртқы кеңістікте де, дене кеңістігінде де объекттің дәл локализациясын бере алмайды. Олар әрқашан аффективті боялған болып табылады және көбінесе объективті процестерді емес, ал субъективті күйлерді білдіреді. Оларға жататындар: дәм сезу, иіс сезу, сипап сезу (жартылай).

Экстероцептивтің негізгі бес түрінің ішінде сезгіштіктің эпикритикалық және протопатикалық компоненттері әр түрлі арақатынаста кездеседі. Бұл келесі схемада көрсетілген:



Түйсіктердің түрлері

Түйсік белгілі-бір физикалық тітіркендіргіштің сәйкес рецепторға әсері болып табылғандықтан, олай болса, түйсіктердің жіктеуі де осы рецепторларға негізделетіні анық. Осының нәтижесінде, берілген қасиетті (модалдықты) түйсіну пайда болады.

Түйсіктердің негізгі түрлеріне жататындар: тері түйсіктері – жанасу, қысым, сипап сезу, температуралық түйсіктер, ауырсыну түйсіктері, дәм сезу түйсіктері, көру түйсігі, есту түйсігі, күй-қалып пен қозғалыс түйсіктері (статикалық және кинестетикалық), сондай-ақ, органикалық түйсіктер (аштық, шөлдеу, жыныстық түйсіктер, ішкі мүшелерді түйсіну және т.б.).

Әлі күнге дейін көп зерттеле қоймаған түйсіктердің ішінде интермодалдық сезгіштік – вибрациялық түйсіктерді атап көрсетуге болады. Олар тактилді-моторлық аумақты есту аумағымен байланыстырады және генетикалық тұрғыдан сипап сезу түйсіктерінің есту түйсігіне өту формасы болып табылады.

Вибрациялық сезгіштік – бұл дененің қозғалысынан туатын ауа тербелісіне сезімталдық. Бұл сезгіштік түрі адамның, әсіресе, көру мен естуінің бұзылысы кезінде ерекше практикалық мәнге ие болады.

1. Органикалық түйсіктер. Органикалық түйсіктер, біріншіден, организмнің органикалық қажеттіліктерімен байланысты туады, екіншіден, ішкі мүшелердің қызметінің бұзылу кезінде пайда болады. Органикалық түйсіктерге аштықты, шөлді түйсіну, жүрек-қан тамырлық, тыныс алу және жыныстық жүйеден келетін түйсіктер, сонымен қатар, жалпы көңіл-күйдің жақсы немесе жаман сезімдік негізін құрайтын айқын емес, ажыратылмайтын түйсіктер

жатады. Түрлі ішкі мүшелерде кездесетін рецепторлар ×. Шерингтонның жіктемесі бойынша интероцепторлар категориясына жатады. Интероцепторлар механикалық, химиялық, физикалық-химиялық сипаттағы тітіркендіргіштерді қабылдайды.

Барлық органикалық түйсіктердің бірқатар ортақ қасиеттері болады. Мысалы:

1. Олар көп жағдайда органикалық қажеттіліктермен байланысты. Бұл қажеттіліктер осы органикалық түйсіктер арқылы санада бейнеленеді. Органикалық түйсіктердің барлығы белгілі-бір қысылумен байланысты. Мұның өзінде оларда қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты болатын түйсіктер тәрізді динамикалық, елігу, ұмтылыс және кернеуді босату сияқты сәттері болады.

2. Органикалық түйсіктерде сенсорлық, перцептивті сезгіштік әлі аффективті сезгіштікпен ұласады. Сондықтан ңаштықты түйсінудің ңаштық сезімің, ңшөлді түйсінудің ңшөлді сезінуң деп бекерден айтпайды. Барлық органикалық түйсіктер күшті аффективті сипат, айқын эмоциялық бояуға ие. Сондықтан органикалық түйсіктерде тек сенсорика ғана емес, сондай-ақ аффективтілік те көрініс табады.

Органикалық түйсіктер организмнің қасиетін емес, ал оның күйін бейнелейді, және көп жағдайда саналанбайды. Органикалық түйсіктер жиі диффузды сипатта болып, өзінің шоғырланған жерін көрсетпейді.

3. Органикалық түйсіктер қажеттіліктерді бейнелей келе, әдетте, қозғалыстық импульстармен байланысты болады. Осылайшва, мысалы аштық сезімінде, тыныс қысылғанда және т.б. спазмалық қозғалыстар және түрлі ырықсыз әрекеттер пайда болады.

Осылайша, органикалық түйсіктер психиканың әр түрлі жақтарымен – аффективтік күйлермен, елігулермен және ұмтылыстармен жапсарлас келеді; ең басынан бастап, олар қажеттіліктермен тығыз байланысты болады.

2. Тері сезгіштігі сезім мүшелерінің классикалық физиологиясы бойынша төрт түрге бөлінеді. Әдетте, келесі рецепцияларды ажыратады: 1) ауырсыну, 2) жылулық, 3) суықтық және 4) жанасу және қысым. Шамамен, бұл сезгіштіктердің әрқайсысында өздерінің арнайы рецепторлары және ерекше афференттік жүйесі болады.

1. Ауырсыну түйсігі

Ауырсыну биологиялық өте маңызды қорғаныс бейімі болып табылады. Сипаты мен күші бойынша қиратушы тітіркендіргіштердің әсерінен ауырсыну организм үшін қауіпті әсерлер жөнінде белгі береді.

Адам денесінде ауырсынуға сезімтал емес және ауырсынуға сезімтал учаскелер болады. Шамамен, 1 см-ге 100 ауырсыну нүктелері сәйкес келеді.

Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, ауырсыну нүктелерінің таралуы динамикалық, қозғалғыш сипатта болады. Ауырсыну түйсіктері белгілі бір тітіркендіргіштен келетін импульстардың қарқындылығы, ұзақтығы мен жиілігінің шамадан тыс артуының нәтижесі болып табылады.

Ауырсыну сезгіштігіне аз қозғыштық тән. Ауыртатын тітіркендіргіштен кейінгі импульстар баяу өткізіледі. Ауырсыну импульстарына бейімделу өте баяу жүреді. Ауырсынуды сезіну белгілі бір қанағаттанбағандықпен немесе азап шегумен байланысты. Ауырсынудың орналасқан жері айқынсыз болады.

2. Температуралық (термиялық) түйсіктер

Температуралық түйсіктер бізге жылулық пен суықтықтың түйсігін береді. Бұл сезгіштік дене температурасын рефлекторлық реттеу үшін үлкен маңызға ие. Сезім мүшелерінің классикалық физиологиясында жылулық пен суықтыққа сезгіштікті екі, бір-бірінен тәуелсіз сезгіштік түрлері ретінде қарастырады. Себебі олардың әрқайсысында өз шеткі рецепторлық аппараты болады.

Суықты түйсінудің анатомиялық аппараты болып Краузе шақшалары, ал жылуды түйсінудің аппараты – руфиндік денешіктер табылады. Бірақ бұл әлі тек ғылыми болжам ғана.

Суықтықтық нүктелерді адекватты емес тітіркендіргішпен, мысалы, ыстық ұшпен тітіркендіргенде, олар суықтық түйсінуін береді. Бұл – суықтықты парадоксалды түйсіну.

Термиялық түйсіктерде терінің әр түрлі температураларға тез бейімделгіштігі маңызды рөл атқарады.

Субъективті түрде нөлге тең температура орташа, тері температурасына тең температуралар болып табылады. Едәуір жоғары температура жылулықты сезінуді, ал төменгі температура суықтықты сезінуді береді.

3. Жанасу, қысым түйсіктері

Жанасу мен қысым түйсіктері өзара өте тығыз байланысты. Қысым қатты жанасу болып табылады.

Ауырсыну түйсігімен салыстырғанда, жанасу мен қысым түйсіктерінің салыстырмалы нақты локализациясы болады. Бұл көру мен бұлшықет сезімінің қатысуымен, олардың негізінде жиналған тәжірибемен байланысты. Қысым рецепторларының өзіне тән ерекшіліктерінің бірі – олардың бейімделгіштігі. Сондықтан біз қысымның өзін емес, ал көбінесе оның өзгеруін сезінеміз. Жанасу мен қысымға сезгіштік терінің түрлі учаскелерінде әр түрлі болады.

4. Есту түйсіктері. Адамның есту түйсіктері сөйлеу мен музыканы қабылдаумен байланысты.

Есту түйсіктері есту рецепторына әсер ететін дыбыс шығарған денемен тудырылатын және ауаның кезекпен шоғырланып, сиреуі болып табылатын дыбыстық толқындарды бейнелеу болып табылады.

Дауыс көмекейдегі дыбыс желбезегінің (шымылдығының) тербелісінен туады. Оның тербелісі ауаның өтуіне және дыбыс желбезегінің керілу күшіне байланысты болады.

Есту адаптациясы - есту сезімталдығының түрлі дыбыс күшіне бейімделуі.

Есту жіткірлігі - сыбырлап айтылған сөзді құлақтың ұзақтан анық есту қабілеті.

Дыбыстық толқындар, біріншіден, тербелістің түрлі амплитудасымен сипатталады. Екіншіден, тербелістің жиілігі мен созылу ұзақтығына байланысты болады. Үшіншіден, тербеліс түрімен сипатталады.

Есту түйсіктері жүйелі, сондай-ақ жүйелі емес тербелістік процестермен де тудырылуы мүмкін. Біріншілері музыкалық дыбыстарда, ал екіншілері шуда бейнеленеді.

Адамның сөйлеуінде де шулармен қоса музыкалық дыбыстар да бар.

Кез-келген дыбыстың негізгі қасиеттеріне жататындар:

1. оның қаттылығы;
2. жоғарылығы;
3. тембрі.

Дыбыстың есту аппаратына әсері барысында оның сезгіштігін өзгертетін адаптация процестері жүреді. Бірақ есту түйсіктері аймағында адаптация жоғары болмайды және айрықша жекедара ауытқулармен сипатталады.

Біздің құлақпен барлық дыбыстар қабылдана бермейді. Ультрадыбыстар да (өте үлкен тербелісті дыбыстар), сондай-ақ инфрадыбыстар да (өте баяу тербелісті дыбыстар) біздің естуімізден тыс қалады.

Абсолюттік есту (толық есту) - индивидтің полифониялық дыбыстарды, жоғарылығы белгілі басқа дыбыстармен қатаң салыстырмай, олардың жоғарылығын дауыспен дұрыс қайта жаңғыртып, анықтай алуы.

Абсолюттік есту – бұл музыкалық естудің абсолютті модалдығы, оның сипаттамасы емес, ал дыбыстарды қабылдаудың айрықша түрі.

Абсолюттік естуі жоқ адамдар белгілі бір дыбыстарды өз дауысының ең жоғарғы және ең төменгі дыбыстық тембрімен салыстырып, тондарды жақсы қабылдап, дұрыс ажыратып, тани алатын индивидтердің естуі квазиабсолюттік есту деп аталады.

Абсолюттік естуі бар адамдар ешбір қосалқы акустикалық-жоғарылықтық байланыстарды қолданбай музыкалық тондарды дұрыс қабылдап, тани және нақты тауып ала алады.

Абсолюттік есту, әдетте, балалық-жасөспірімдік кезеңдерде жақсы анықталады.

Бинауралды есту - екі құлақпен бірдей есту. Осылай есту адам дыбыс шыққан жаққа бетімен тура қарай алады, ал бір құлағы нашар еститін болса, дыбыс шыққан жаққа сау құлағын тосып, басын бұрып тыңдайды.

4. Көру түйсігі. Көру түйсігінің таным процесіндегі рөлі зор. Олар адамға өте бай әрі нәзік ажыратылатын кең көлемді мәліметтерді береді.

Көру түйсігі көзге жарық сәулесінің әсері нәтижесінде пайда болады. Біздің көзіміз жалпы түстерді емес, ал белгілі бір заттардың түсін қабылдайды. Заттар бізден белгілі бір қашықтықта орналасып, түрлі формада, көлемде және т.б. болады. Көру бізге объективтік шындықтың барлық осы көптүрлі қасиеттерін бейнелендіреді.

Көру түйсігінің негізгі рецепторлары – ол таяқшалар мен шақшалар.

Таяқшалар - көздің ішкі бетінің әсіресе жиек шетінде қалың орналасқан фоторецепторлардың бір түрі. Ол ымырттағы көруді қамтамасыз етеді. Адамның көзінде 110-125 млн. таяқша клеткалары бар. Егер оның қызметі бұзылса, кеш болғанда, ымыртта көз көрмей, ңақшам соқырң (ңтауық соқырң) болып қалады.

Шақшалар - фоторецептордың тағы бір түрі. Көздің тор қабығының ішкі бетінің орта бөлігінде (шұңқырында – фовеада) 1 мм-де 140 000-ға дейін қалың орналасқан. Ш. өте жарық сәулелерді ғана қабылдайды. Адамның көзінде 6-7 млн. Шақша клеткалары бар. Егер оның қызметі бұзылса, адам жарыққа қарай алмай, "түс соқыры" (ахромазия) ауруына ұшырайды.

Конвергенция (жақындау, үйлесу) – өте жақындағы затты көру үшін оның білігін (осін) екі көздің ішкі бұлшықеттерінің жәрдемімен жақындату кезіндегі екі көздің көру жолының бір нүктеде түйісуі.

Көз аккомодациясы (көздің жаттығуы) - көз бұршағы дөңестігінің өзгеруі арқылы көздің әр түрлі қашықтықтағы заттарды анық көру қабілеті. Мыс: жақындағы затты көргенде көз бұршағының дөңестігі артады. Аккомодация кезінде бұршақтың алдыңғы дөңестігі 10-нан 6 мм-ге, ал артқы дөңестігі 6 мм 5,5 мм-ге дейін өзгере алатыны есептелген.

Барлық сезім мүшелері тәрізді көру анализаторының, ондағы көз құрылымына кіретін барлық ағзалар қозғалыста болады. Оның ұзақта, жақында қозғалып немесе жылжып бара жатқан нәрселерді көріп анықтауда маңызы зор. Көз алты бағытта (2 - қиғаш, 4 – тура) бұлшықеттердің жәрдемімен тура сыртқа (42°), ішке (45°), жоғары (54°), төмен (57°) қозғалады.

Көздің өткірлігі - көру бұрышы бір минутқа тең болған жағдайда, көздің екі нүктені жеке-жеке көру қабілеті. Көздің ең өткір жері сары дақ аймағы. Көз өткірлігін арнайы сандар немесе сөздер жазылған кестені пайдалану арқылы анықтайды.

Көру түйсігінде рецепторлық іс-әрекеттің барлық негізгі психофизиологиялық заңдылықтары – адаптация, контрасттылық, әрекеттен кейінгі бейне, өзара әрекеттесу айқын көрініс табады.

Әдетте, адамға бинокулярлық көру тән. Бинокулярлық көру дегеніміз - екі көзбен бірдей көру, сәуленің екі көздегі тор қабыққа бірдей түсуінен екі түйсіну сезімінің бірігіп, бір көру түйсігі, қабылдауының тууы.

Алыстан көргіштік - көздің жарық сәулесін дұрыс сындырмауынан туатын ауытқулардың бір түрі. Бұл кемістік салдарынан бір заттан шыққан параллель сәулелер фокусы көз ішінде бағытын өзгертіп, сынғаннан кейін көз торының арт жағына түседі. Шын мәнінде, қалыстан көргіштікң деген сөз өз мағынасына сәйкес келмейді, өйткені ондай адам затты алыстан да, жақыннан да анық көре алмайды. Алыстан көруді рефракцияны күшейтетін дөңесті көзілдірік арқылы жүзеге асыра алады.

Сонымен қатар, көру түйсігін қарастырғанда дальтонизм деп аталатын ерекше құбылыстың адамдардың ішінде кездесетінін айта кеткен жөн. Дальтонизм - түсті ажырата алмаушылық - ағылшын химигі әрі физигі Дж. Дальтон (1766-1844) тапқан көру кемістігінің бір түрі. Ол - іштен туа және туғаннан кейін заттың түсін, әсіресе қызыл түсті ажырата алмау. Бұл жағдайда науқас адам қызыл түсті жасыл түстен, күлгін және күрең түстерден ажырата алмайды. Дальтонизммен азап шеккен адам барлық затты тек екі түсте: сары мен көк түсте ғана көреді. Мұндай ауруға әйелдерге қарағанда, ер адамдар көп шалдығады.

5. Иіс сезу түйсігі. Иіс сезу мен дәм сезу химиялық сезгіштіктің түрлері болып табылады. Осы кезге шейін иіс сезу адамда маңызды рөл атқармайды деген пікір болды. Алайда иіс сезу вегетативтік жүйке жүйесінің қызметіне әсер етеді және адамның көңіл-күйінің тонын анықтайтын жағымды немесе жағымсыз эмоциялық фонды тудырады. Иіс сезу дистанттық рецепторларға жатады.

Иіс сезу түйсігі мұрынға ауамен бірге кіретін әр түрлі заттардың молекулаларының әсерінен пайда болады.

6. Дәм сезу түйсігі иіс сезу сияқты заттардың химиялық қасиеттерімен шартталады. Дәм сезетін қасиеттердің негізгі төрт түрін бөліп көрсетеді – тұзды, қышқыл, тәтті және ащы.

Дәм сезуге, әдетте, иіс сезу, ал кейде қысым, жылулық, суықтық және ауырсыну түйсіктері қосылады.

Дәм сезуде компенсация, яғни бір дәм сезу түйсігінің (тұзды) басқамен (қышқыл) басылып қалуы үлкен рөл атқарады.

Контраст құбылысымен қатар, дәм сезуде контраст құбылысы да орын табады. Мысалы, қант ерітіндісінің тәтті дәмін түйсіну тұздың аз мөлшерінің қосындысынан күшейеді.

Дәм сезу түйсіктері вегетативтік жүйке жүйесі арқылы эмоциялық көңіл-күйге әсер етеді. Дәм сезу, иіс сезу сияқты басқа рецепторлық жүйелердің табалдырықтарына, мысалы, ол көз бен естудің жіткірлігіне, тері сезгіштігі мен проприоцепторлар күйіне әсер етеді.

Сезгіштік және түйсік табалдырықтары.

Абсолюттік сезгіштік және абсолютттік табалдырық. Төменгі және жоғарғы абсолюттік табалдырықтар. Айырма сезгішттік және айыру табалдырығы.

Адамның түйсіне алуға қабілеттілігін *сезгіштік* деп атайды.

Абсолюттік сезгіштік дегеніміз – сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіне алуы.

Абсолюттік табалдырық - сенсорлық табалдырықтардың бір түрі. Психофизикада *абсолюттік табалдырық* деп негізінен қабылданбайтын немесе мүлдем қабылданбайтын стимулдар (егер олардың мөлшері табалдырықтық мөлшерден едәуір аз болған жағдайда) мен (егер стимул мөлшері табалдырық мөлшерінен белгілі бір шамадан асқанда) негізінен қабылданатын немесе толық қабылданатын стимулдарды өзара ажырататын мөлшердің мәнін атайды.

Әрбір түйсік түрлері үшін өз абсолюттік табалдырықтары болады. Мысалы, қараңғыға бейімделген көз жарықтың 7 квантына жауап береді… Көру арқылы адам қараңғы түнде көзден 48 км қашықтықта тұрған балауыз шамның жалынын қабылдай алу қабілеті. Естуде қолсағаттың жүрісін тыныш бөлмеде 6 м қашықтықта ажырата алу. Дәм сезуде 8 л судағы бір шай қасық қанттың дәмін сезу. Иіс сезу 6 бөлмеден тұратын пәтерге бір тамшы әтір сепкенде оның иісін сезіп қалу. Сипап сезу 1 см биіктіктен шыбынның қанатынын тері үстіне құлауынан пайда болған ауа тербелісін сезіну.

Абсолюттік табалдырық сенсорлық жүйенің сезімталдығының модалдылығы ретінде пайдаланылады.

Алғашқы рет сәл білінерлік түйсік туғызатын тітіркендіргіштің ең аз күшін сезгіштіктің *төменгі абсолютттік табалдырығы* дейді.

Тітіркендіргіштің осы түрдегі түйсігін тағы да туғызатын ең жоғарғы күшін сезгіштіктің *жоғарғы абсолюттік табалдырығы* дейді.

Осы айталғандар түйсік табалдырықтарының организм үшін маңызды бағдарлаушы және, ең алдымен, қорғаныс функциясын атқаратынын байқатады.

2.2. Қабылдау, оның қасиеттері

Біздің сезім мүшелерімізге әсер ететін сыртқы құбылыстар субъектінің қабылданатын әсерге ешбір қайта жауабынсыз, белсенділігінсіз түйсіктер түріндегі субъективтік эффектіні тудырады. Түйсінуге деген қабілеттілік тек бізге ғана емес, сондай-ақ жүйке жүйесі бар барлық тірі организмдерге де тән. Ал дүниені бейнелер түрінде қабылдау тек адамдар мен жоғары жануарларда ғана кездеседі. Бұл қабілеттілік оларда өмірлік тәжірибе барысында қалыптасып, жетіліп отырады.

Егер түйсік сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі болса, қабылдау заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады. Сондықтан *қабылдау* дегеніміз – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп, тұтастай заттық түрде бейнеленуі.

Түйсіктер біздің өзімізде болатын болса, ал қабылданатын заттардың қасиеттері мен бейнелері кеңістікте шоғырланады. Түйсіктерден ерекшелейтін қабылдаудағы бұл процесс *объективация* деп аталады.

Егер түйсіктер қандай да бір анализаторға ңбайланып қалғанң сияқты болып, және шеткі органдары – рецепторларға стимул әсер еткенде олар бірден пайда болатын болса, ал қабылдау нәтижесінде пайда болатын бейне бірден бірнеше анализаторлардың өзара әрекеттесіп, үйлесімді жұмыс атқаруының нәтижесінде қалыптасады. Осы анализаторлардың қайсысы едәуір белсенді жұмыс атқарып, едәуір мәнді қасиеттер жөнінде ақпаратты көп берсе, соған байланысты қабылдау түрлері де ажыратылады: көру, есту, тері және қозғалыстық қабылдаулар.

Қабылдаудың түйсіктерден едәуір дамығандығын көрсететін тағы бір ерекшелігі, егер, түйсіктердің нәтижесінде белгілі бір сезім (ашықтық, аштылық, тепе-теңдік, суықтық, дыбыстың жоғарылығы және т.б.) пайда болатын болса, ал қабылдаудың негізінде адам санасының затқа, құбылысқа, процеске жатқызатын өзара байланысты түйсіктердің жиынтығы ретіндегі бейне қалыптасады.

Бірақ қабылдау міндетті түрде түйсіктерге негізделеді. Түйсіну мен қабылдаудың маңызды ұқсастығы – екеуінің де пайда болуы үшін дүниедегі

заттар мен құбылыстардың адамның сыртқы сезім мүшелеріне тікелей әсер етіп отыруы керек.

Сонымен, қабылдау - түйсікке қарағанда, едәуір күрделі әрі жоғарырақ сатыда тұрған психикалық процесс. Қабылдауға түйсіктермен қатар, ой элементтері де, елестер мен ұғымдар еніп отырады. Заттар мен құбылыстарды қабылдаған кезде соларды түйсініп, қабылдаумен бірге біз ол заттардың қайдан пайда болғанын, олардың қасиеттерінің қандай екендігін елестетіп, түсінігімізді, ұғымымызды кеңейтіп отырамыз. Сондай-ақ, анық және жақсы қабылданған заттар ғана түсінікті болады.

Түйсіну мен қабылдау процестері болмайынша, дүниедегі заттарды білу мүмкін емес. Адам дүниедегі заттарды қабылдай отырып, оларды сипаттайды, бірімен-бірін салыстырады, олардың арасындағы ұқсастығын, айырмашылығын, олардың жалпы қасиеттерін ажыратып отырады. Осының нәтижесінде ғана, адам қабылдау процесінен жоғары сатыда тұрған ойлау сияқты күрделі психикалық процестерге көшіп отырады. Қабылдау басқа психикалық функциялар сияқты, дүниедегі объективтік заттардың адамның санасында субъективтік бейнеленуі болып табылады. Әр адам айналасындағы заттарды өзінше қабылдайды. Адам қабылдауының мазмұны түгелімен сыртқы дүниедегі заттардың және құбылыстардың мазмұнымен байланысты. Бірақ сонымен қатар қабылдау тек сыртқы дүниедегі заттардан тәуелді болып қоймай, адамның физиологиялық әрекеттерімен де байланысты.

Қабылдау процесінде адамның өткендегі тәжірибесі ерекше маңыз алады. Бұл ерекшелікті *апперцепция* деп атайды.

Сыртқы ортадан адамға дамылсыз ақпарат келіп отырады. Жалпы, адамның қабылдауы эволюциялық жолмен дамып, қоғамдық тәжірибе әсерінен жетіліп, күрделеніп, кеңейіп, мазмұны жағынан байып отырды.

Қабылдаудың физиологиялық негіздері. Қабылдаудың (бейне қалыптастырудың) физиологиялық негізі болып, П.К. Анохин бойынша, функционалдық жүйе жұмысына бірігетін көптеген психофизиологиялық жүйелердің үйлесімді жұмысы. Оған шартты рефлекторлық байланыстарды қалыптастыру схемасы да кіреді.

Қабылдау да, түйсік тәрізді – рефлекторлық физиологиялық процесс. И.П. Павловтың көрсетуі бойынша, қабылдаудың негізінде рецепторларға қоршаған дүние заттары мен құбылыстарының әсер етуі нәтижесінде үлкен ми сыңарларының қабығында пайда болатын уақытша жүйке байланыстары, яғни шартты рефлекстер жатады. Заттар мен құбылыстар комплекстік тітіркендіргіштер ретінде сипатталады. Анализаторлардың қабықты бөлімдерінің ядроларында осы комплекстік тітіркендіргіштердің күрделі анализі мен синтезі жүреді. Анализ қабылдау объектісін фоннан бөліп алуды қамтамаыз етеді. Анализдің (немесе талдаудың) негізінде қабылдау объектісінің барлық қасиеттерін тұтас бейнеге келтіру жүзеге асады. Түйсіктермен салыстырғанда, қабылдау - ми қабығының күрделі аналитико-синтетикалық іс-әрекетінің ең жоғарғы формасы.

Қабылдаудың негізінде екі түрлі жүйкелік байланыстар жатады: бір анализатордың шегінде қалыптасатын байланыстар және анализатораралық байланыстар. Біріншісі организмге бір модалдықтағы комплекстік тітіркендіргіштің әсер етуі нәтижесінде пайда болады. Мұндай тітіркендіргіш ретінде белгілі-бір әуенді алып қарастыруға болады. Оның өзі есту анализаторына әртүрлі жеке дыбыстардың ерекше үйлесімі ретінде әсер етеді. Осының нәтижесінде үлкен ми сыңарлары қабығында интеграция мен күрделі синтез процесі жүреді.

Байланыстың екінші түрі әртүрлі анализаторлардың шегінде пайда болатын байланыстар. Осы ретте, И.М. Сеченов зат пен кеңістікті қабылдауды көру, кинестезиялық, сипап сезу және т.б. түйсіктердің ассоциациясымен түсіндірді. Бұл ассоциацияларға, сонымен қатар, берілген зат немесе кеңістіктік қатынас белгіленетін сөздің есту бейнесі де қосылады.

Қабылдаудың негізінде жататын уақытша жүйкелік байланыстар сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының қасиеттерінің объективтік байланыстары негізінде қалыптасады.

2.3. Қабылдау формаларын дамыту

Қабылдаудың тұтастылығы деп объектінің кейбір қабылданатын элементтерінің жиынтығын сенсорлық түрде және ойша тұтас бейне күйіне толықтыруды айтады.

Қабылдаудың объектісі кейбір жеке қасиеттерден, жеке бөліктерден тұрғанымен, біз оларды бүтіндей, тұтастай қабылдаймыз. Қабылдаудың нәтижесінде қалыптасатын тұтас бейне түйсіну түрінде алынатын заттың жеке қасиеттері мен сапалары жөніндегі білімдерді жалпылау негізінде құрылады.

Қабылдаудың құрылымдылығы қабылдаудың тұтастылығымен тығыз байланысты. Біз белгілі бір объектіні жеке элементтермен емес, ал тұтас құрылым ретінде қабылдаймыз. Мысалы, музыканы қабылдағанда, біз оны жеке ноталар бойынша емес, ал тұтас әуен ретінде қабылдап, қайта жаңғырта аламыз.

Қабылдаудың заттылығы – қабылдаудың көрнекі бейнесін сыртқы дүниенің белгілі бір заттарына жатқызу. Бұл объективация актінде жақсы көрініс табады. Осындай объективациялық қасиетінсіз қабылдау өзінің бағдарлаушы және реттеуші қызметін атқара алмайды. Қабылдаудың заттылығының дамуында адамның практикалық іс-әрекеті маңызды рөл атқарады. Біз заттарды олардың тәжірибеде қолданылу қызметі негізінде ажыратамыз. Мысалы: ересек адам кірпішті жарғыштан оңай ажырата алады. Бұлардың сыртқы пішіні бірдей көрінгенімен, олардың кейбір айрықша қасиеттерінің болатынын біз өткен тәжірибемізден білуіміздің арқасында оларды әр түрлі екі зат ретінде қабылдаймыз.

Қабылдаудың мағыналылығы. Бұл ерекшелікте қабылдаудың түйсіктерден негізгі айырмашылығы жақсы көрінеді. Объектілердің мазмұнын жақсылап түсінбейінше, оларды белгілі тұжырымдар мен сөз арқылы атамайынша, олар

толық қабылданбайды. Егер объектінің аты сөзбен берілсе, ол қандай нәрсе болса да, оңай және тез қабылданады.

Қабылдаудың тұрақтылығы немесе константтылығы деп сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарамастан, заттардың мөлшері, формасы, түсі және т.б. қасиеттерінің салыстырмалы бір қалыпты болып қабылдануын айтады. Мысалы, ақ қағаз қараңғы бөлмеде қара болып көрінсе де, біз оны ақ түсті ретінде қабылдаймыз. Сондай-ақ мысалы, құрылысшылар биік объектінің үстіне шығып тұрғанда, адамдардың құмырсқадай кішкентай болып көрінгенімен, олардың мөлшерін тұрақты қабылдай алады.

Қабылдаудағы иллюзия. Түрлі себептерге байланысты шындықтағы объектілерді қате қабылдауды иллюзия деп атайды. Иллюзиялар сан-алуан себептерге байланысты пайда болады. Мысалы, шай құйылған стақанға салынған қасықтың сынған сияқты көрінуі физикалық қасиеттермен түсіндірілсе, кейбір нәрсе жөніндегі жаңсақ пікірлер әр түрлі ерекшеліктеріне байланысты.

Иллюзияларды адамның жүйке жүйесінің ауруға шалдығуына байланысты туатын заттардың жалған, теріс бейнелері - *галлюцинациялардан* ажырату қажет.

Апперцепция. Қабылдаудың адамның жалпы психикалық тұрмысы мен өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығын апперцепция дейді. Бұл адамға қабылданатын заттар немесе құбылыстар таныс болып, оның бұрыңғы тәжірибесінде кездескен болса, онда адам оларды дұрысырақ, тереңірек қабылдайды.

Апперцепция *тұрақты* және *уақытша* болып екі түрге бөлінеді. Тұрақты апперцепция адамның қызығуы мен мамандығы, білімі мен дүниетанымына байланысты болып отырады. Апперцепция затты түрлі жағынан бағалай алу, адамның оны өзінше талқылап, өзінше өз көзқарасын білдіре алуы. Әртүрлі иллюзиялардың негізінде адам жаңсақ пікірде болады. Оны *уақытша апперцепция* дейді.

Қабылдаудың түрлері: кеңістікті, уақытты және қозғалысты қабылдау.

Қабылдау түйсіктер сияқты негізгі анализаторларға байланысты классификациясы бар. Қабылдауда жетекші рөлді қандай анализатордың түрі басым болуына байланысты көру, есту, сипап сезу, кинестетикалық, иіс сезу және дәм сезу қабылдауларын бөліп көрсетеді.

Әдетте қабылдау процесі өзара әрекеттесетін анализаторлар негізінде жүзеге асады. Қозғалыстық қабылдаулар белгілі-бір дәрежеде қабылдаулардың барлық түрлерінде қатысады. Мысалы, сипап сезу қабылдауында тактилдік және кинестезиялық анализаторлар қатысады.

Қабылдаудың әр түрлері таза күйде сирек кездеседі. Олар көбінесе комбинацияланып, қабылдаудың күрделі түрлерін құрайды. Мысалы, оқушының мәтінді қабылдау әрекетінде көру, есту және кинестезиялық қабылдаулар қатысады.

Қабылдаудың келесі классификациясында материяның тіршілік етуінің белгілі бір формалары – кеңістік, уақыт, қозғалыс негізге алынады.

Қабылданатын объектінің ерекшеліктеріне байланысты қабылдаудың келесі түрлерін бөліп көрсетеді: заттарды қабылдау, сөйлеуді немесе музыканы қабылдау, адамның адамды қабылдауы. Соңғысы *әлеуметтік перцепция* деп аталады. Бұл процесс әлеуметтік кәсіптерде маңызды қасиет болып табылады.

Кеңістікті қабылдау: заттардың формасын, көлемін, тереңдігін және алыстығын, бағытын қабылдау.

Кеңістікті қабылдау адамның ортамен өзара әрекеттесуінде үлкен рөл атқарады және адамның онда бағдарлауының қажетті шарты болып табылады. Кеңістікті қабылдау кеңістіктің объективті көрінісінің бейнеленуі болып табылады және объекттердің формасын, көлемін және өзара орналасуын, олардың рельефін, қашықтығын және олардың бағытын қабылдаудан тұрады.

Адамның ортамен өзараәрекеттесуі адамның денесін және оған тән координаттар жүйесін де қамтиды. Адам затттарды қабылдауы, өзінің және олардың кеңістіктегі орналасу ерекшелігін талдау негізінде жүзеге асады. Бұл - адамның *кеңістіктік анализ* деп аталатын күрделі аналитикалық-синтездік іс-әрекетінің жемісі. Кеңістіктік бағдарлауда қозғалыстық анализатор ерекше рөл атқарады. Кеңістіктік бағдарлаудың арнайы механизмдеріне анализаторлардың іс-әрекетіндегі ми сыңарлары арасындағы жүйкелік байланыстарды жатқызуға болады. Олар: бинокулярлық көру, бинауралдық есту, бимануалдық сипап сезу, дириникалық иіс сезу және т.б. Заттардың кеңістіктік қасиеттерін бейнелеуде барлық жүп анализаторларға тән болатын функционалдық асимметрия маңызды рөл атқарады. Функциялық ассиметрия анализатордың бір жағының жетекші, доминантты болып табылатынын білдіреді.

Заттардың көлемі мен түрін қабылдау. Заттардың көлемі мен түрін қабылдауда олардың көздің тор қабығында бейнеленуінің үлкен маңызы бар. Үлкен заттарға үлкен кескін, кіші заттарға кіші кескін сәйкес келеді. Адамның көз құрылысының ерекшелігіне байланысты алыста орналасқан зат, көлемі жағынан бірдей болғанымен, жақын қашықтықтағы затқа қарағанда, кіші болып бейнеленеді. Заттардың көлемі мен түрін қабылдау көру, сипап сезу және бұлшықеттік-қимылдық түйсіктердің күрделі үйлесімі негізінде жүзеге асады.

Заттардың аумақтылығы мен қашықтығын қабылдау. Заттардың аумақтылығын немесе тереңдігін қабылдауда *бинокулярлық көру* (немесе екі көзбен көре қабылдау) негізгі рөл атқарады.

Монокулярлық көру (бір көзбен қарау) қашықтықты белгілі-бір шек маңында ғана дұрыс анықтай алады. Егер шамалы қашықтықта керулі тұрған жіңішке жіпке бір көзбен қарасақ, жоғарыдан тасталған кішкентай шардың оның алдынан немесе артынан өткенін айыру қиын. Ал егер екі көзбен қарайтын болсақ, дәл осы құбылысты дұрыс қабылдау бізге қиын соқпайды.

Бинокулярлық көруде заттың кескіні *диспаранттық* нүктелерге, яғни оң және сол көздің тор қабықтарының толық сәйкес емес нүктелерге келіп түседі. Кескін сәулесі біртектес нүктелерге, яғни тор қабықтың бір-біріне толық дәл келетін нүктелеріне келіп түссе, онда кескін жалпақ болып қабылданады. Егер зат бейнесінің диспаранттылығы тым үлкен болса, онда бейне қосарлана

бастайды. Диспаранттылық белгілі мөлшерден аспаған жағдайда тереңдікті қабылдау пайда болады.

Тереңдікті қабылдауда көз бұлшықеттерінің жиырылуы мен жазылуынан пайда болатын бұлшықеттік-қозғалыстық түйсіктердің маңызы аз емес. Саусақты ақырындап мұрынға жақындату, көз бұлшықеттерінің тартылуының нәтижесі болатын проприоцептивтік түйсіктер туғызады. Бұл түйсіктер көз остерін жақындататын (*конвергенция* құбылысы), ажырататын (*дивергенция* құбылысы) бұлшықеттерден және көз бұршағының шапыраштануын өзгертетін бұлшықеттен шығады.

Заттар қашықтаған сайын кеңістікті қабылдауда заттардың орналасуына қарай туатын жарық пен көлеңкенің өзара орналасуының маңызы үлкен болады. Адам мұндай ерекшеліктерді байқайды да заттың кеңістіктегі орнын жарық пен көлеңкеге сүйеніп-ақ, дұрыс анықтап беруді үйренеді.

Уақытты қабылдау. Уақытты қабылдау – бұл құбылыстар мен оқиғалардың ұзақтығы мен тізбегін бейнелендіру.

И.П. Павлов пен оның ізбасарлары тәжірибе жүзінде дәлелдеген адамдарда үнемі жасалынып отыратын уақытқа деген шартты рефлекстер уақытты қабылдау процесінің физиологиялық негізі болып табылады. Уақыттық аралықтар адам организмінде болатын ырғақты процестермен анықталады. Уақытты дәл, тікелей қабылдауға көнетін тек қысқа мерзімді интервалдар ғана. Уақыттық аралықтарды дәл бағалауға есту және қимылдық түйсіктер себепші болатындығы анықталған.

Уақыттың қабылдану ұзақтығы адам іс-әрекетінің мазмұнына тәуелді. Қызықты, маңызды істерге толы уақыт зымырап тез өтеді. Егер оқиға қызықсыз, елеусіз болса, уақыт мүлдем өтпей қояды.

Уақытты бейнелеудегі кейбір субъективтілік адамның жасына да байланысты болады. Мысалы, балалар үшін уақыт өтпейтіндей көрінсе, ересектер оның тез өткендей қабылдайды.

Адам уақытты қабылдаудағы субъективтіліктен практикалық іс-әрекет пен тәжірибесі негізінде арыла алады.

Қозғалысты қабылдау – бұл объектілердің кеңістіктегі орны мен қалпының өзгерісін бейнелеу. Қозғалысты қабылдау өмірлік маңызға ие. Қоғалысқа көру жүйесінің периферияльық бөлімі сезімтал келеді. Объект табылғанда, көру аумағының шет жағында оның түскен бейнесі көздің рефлекторлық бұрылысын тудырады, нәтижесінде объект бейнесі көру аумағының орталығына ауысады, осы жерде бұл обектіні ажырату мен тану жүзеге асады. Заттың қозғалысын қабылдау, негізінен, оның қандай да бір фонда орын ауыстыру немесе жылжи отырып, көз торының түрлі клеткаларының кезекті қозуын тудырады.

Қозғалысты қабылдауда көру және кинестезиялық анализаторлары негізгі рөл атқарады. Объект қозғалысының параметрлері болып табылатындар: жылдамдық, үдеу және бағыт. Адам объекттердің кеңістіктегі орын ауыстыруы жөніндегі мағлұматты екі жолмен алады: орын ауыстыру немесе қозғалысты

тікелей көру, қабылдау арқылы және белгілі бір уақытта басқа орында болған объектінің қозғалысы жөнінде ой қорытындысы негізінде.

ТАНЫМДЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

3.1. Естің физиологиялық негізі

Ес туралы көптеген теориялар бар. Олар ес құбылысын әр түрлі жағынан қарастырған әрі түсіндірген. Солардың ішінде алғашқы рет Аристотель ұсынған, бірақ өзінің көкейтестілігін осы күнге дейін әлі де жоғалтпаған ассоциациялық теория. Аристотель біздің елестеріміздің бір-бірімен байланысуына мүмкіндік беретін принциптерді табуға тырысқан. Артынан психологияда ассоциация принципі деп аталған бұл принциптер мыналар:

1. Іргелес ассоциациялар. Қабылдау бейнелері немесе қандай да бір елестер бұрын солармен бірге немесе олардан соң бастан кешірген елестерді туғызады. Мысалы, "таң ату" дегенде қораздың дауысын, "қоңырау" дегенде сабақтың басталуын немесе аяқталуын есімізге аламыз.

2. өксастық ассоциациялары. Қабылдау бейнелері немесе белгілі бір елестер біздің санамызда осыларға қандай да бір белгілері бойынша ұқсас елестерді шақырады. Бұларға мысалды келтіретін болсақ,

"дөңгелек" десек шарды және допты, "асқар" десек тауды, "ақ" дегенде ақ қарды немесе сүтті еске түсіреміз. Мысалы біз қандай да бір затты көрсек ол бір адамды немесе құбылысты еске түсіруі мүмкін.

3. Контрастық ассоциациялары. Қабылдау бейнелері немесе белгілі елестер біздің санамызда бір белгісі бойынша қарама-қарсы елестер туғызады.Мысалы, "ыстық" дегенде суықты, "су" дегенде отты еске түсіреміз. Осы ассоциациялық байланыстарды жарнама жасаушылар әр кезде қолданып жатады. Мысалы, "тазалықты" білдіргілері келгенде суды, ақ немесе көк тустерді және жуынғанды көрсетеді.

Осылардың әсерінен ми қабығында есте сақтау мен қайта жаңғыртудың физиологиялық негізі болып саналатын уақытша байланыстар пайда болады.

Ассоциация принципінің нағыз ғылыми негіздемесі мен олардың заңдылықтарын ашқан И.М.Сеченов пен И.П.Павлов болды. Павлов бойынша асаоциациялар дегеніміз бір немесе бірнеше тітіркендіргіштердің бір уақытта немесе бірінің артынан бірі әрекет етуінен пайда болатын уақытша байланыс. Қазіргі кезде көптеген зерттеулер ассоциацияларды естің негізгі емес, бір ғана феномені деп қарастырады.

Ес зерттеулері психология ғылымындағы эксперименттік әдіс қолданылған алғашқы бөлімдерінің бірі болды. XIX ғасырдың 80 жылдары неміс психологы Г.Эббингауз ойлау іс-әрекетінен тәуелсіз “таза” естің заңдарын зерттеуге болатын әдісті ұсынды.Ол мағынасыз буындарды жаттау әдісі еді. Ол өз зерттеулерінің негізінде материалды есте сақтаудың негізгі қисықтарын тапты және ассоциалардың пайда болу механизмдерінің кейбір ерекшеліктерін ашты. Мысалы, ұзақ қатарды еске сақтаған кезде соңында

тұрған материал тез еске түсетінін тапты (“шеткі эффектсі”). Г.Эббингауздың маңызды жетістіктерінің бірі ұмытудың заңдылықтарын ашу болды. Бұл заңдылық мағынасыз үш әріптен тұратын буынды есте қалдыру тәжірибесі негізінде ашылды. Алғашқы 1 сағаттан соң алынған ақпараттың 60% ұмытылады, ал алты күннен кейін бастапқыда да жатталған буындардың 20%-дан аз бөлігі ғана есте сақталады екен.

Г.Эббингаузбен қатар басқа да ғалымдар зерттеулер жүргізді.Атап айтқанда, неміс психиатры Э.Крепелин психикалық ауру адамдарда есте сақтау қалай жүретінін зерттеген. Келесі немістің белгілі ғалымы – Г.Э.Мюллер адамдағы естің қайта жаңғыруы мен есте қалудың негізгі заңдылықтарына фундаменталды зерттеулер жүргізді. Адамдағы ес процестерін зерттеудің алғашқы кезеңінде арнайы саналы мнемикалық іс-әрекетті зерттеуге (материалды арнайы жаттап, қайта жаңғырту процесі) бағытталды, кейінірек іздердің өз бетінше есте қалу механизмдеріне талдау жасалынды

XIX ғасырдың аяғында ассоциациалық теорияның орнына гештальттеория келді. Бұл теорияның негізгі түсінігі заттар немесе құбылыстардың ассоциациясы емес, олардың бастапқы, тұтастай ұйымдасуы - гештальт болды. Бұл теорияны жақтаушылардың пікірінше ес процестері гештальт қалыптасуымен анықталады. “Гештальт” сөзі “тұтастық“,“құрылым”,“жүйе” деген мағынаны береді. Бұл терминді XX ғасырдың алғашқы ширегінде Германияда пайда болған бағыттың өкілдері ұсынған. Бұл бағыттың негізгі постулаты тұтастың жүйелі ұйымдасуы ол құралған бөлшектердің қасиеттері мен қызметін анықтайды. Сондықтан бұл теорияның өкілдері есті зерттегенде есте сақтау және қайта жаңғыру материалы ассоциациалардың негізінде элементтердің кездейсоқ жиналуы арқылы емес, тұтастай құрылым түрінде болады дейді.

Гештальтпсихология тұрғысынан есте сақтау мен қайта жаңғыртудың динамикасы былай жүреді. Адам үшін сол мезетте өзекті болатын кейбір күйлер есте сақтау мен қайта жаңғыртуға белгілі нұсқаулар туғызады. Сәйкес нұсқау адам санасында белгілі тұтастық құрылымдарды белсендіреді. Өз кезегінде, олардың негізінде материал есте сақталады немесе қайта жаңғырады. Бұл нұсқау есте сақтау мен қайта жаңғырудың жүру жолын бақылайды, қажет ақпаратты таңдауды анықтайды.

Гештальтпсихология негізінде жүргізілген кейбір зерттеулерден көптеген қызықты фактлер алынған. Осылай Б.В.Зейгарниктің зерттеулерінде сыналушыларға біреуін соңына дейін орындауға рұқсат беретін, екіншісін соңына дейін аяқтамай бітіретін тапсырмалар сериясын ұсынған. Нәтижесінде сыналушылар аяқталмаған тапсырмаларды соңына дейін жеткізген тапсырмаларға қарағанда екі есе жиі есіне түсіре алған. Бұл құбылысты былай түсіндіруге болады. Тапсырманы алғанда сыналушыларда оны орындауға деген қажеттілік пайда болады. К.Левин квазиқажеттілік деп атаған бұл қажеттілік тапсырманы орындау барысында күшейеді. Тапсырма орындалса ол жүзеге асады, ал тапсырма соңына дейін жетпесе ол қанағаттанбайды. Сәйкесінше мотивация есте аяқталмаған тапсырманың ізін сақтап, естің таңдамалығына

әсер етеді.XX ғасырдың басында естің мағыналық теориясы пайда болды. Бұл теорияның өкілдері сәйкес процестердің жұмысы мағыналық байланыстардың бар немесе жоқ болуына тәуелді деп пайымдады. Мағыналық байланыстар есте сақталған материалды азды-көпті көлемді мағыналық құрылымдарға біріктіреді. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері А.Бине мен К.Бюлер болды. Олар есте сақтауда, қайта жаңғыртуда материалдың мағыналық мазмұны басты орын алатынын көрсеткен.

Алғаш балалардың есінің жоғары формаларын жүйелі түрде зерттеген көрнекті кеңес психологы Л.С.Выготский болды. Ол өзінің шәкірттерімен бірге естің жоғары формалары шығу тегі жағынан әлеуметтік және психикалық әрекеттің күрделі формасы екендігін көрсетті. Выготский ұсынған жоғары психикалық функциялардың шығу тегі туралы теорияның шеңберінде естің фило- және онтогенетикалық даму сатылары анықталды.

Выготскийдің жұмыстары француз ғалымы П.Жаненің зерттеулеріне ықпал етті. Француздардың психологиялық мектебі барлық ес процестерінің әлеуметтік келісілгендігін, адамның практикалық іс-әрекетіне тікелей байланыстылығын дәлелдеді.

Кеңес психологтары ерікті мнемикалық іс-әрекеттің күрделі формаларын зерттеуді жалғастырды. Онда ес процестері ойлау процесімен байланыстырылды. Осылайша, А.А.Смирнов пенП.И.Зинченконың іс-әрекеттің психологиялық теориясы позициясынан жүргізілген зертеулері естің заңдылықтарын мағыналанған адам іс-әрекеті ретінде ашуға жол берді, есте сақтаудың қойылған тапсырмаға тәуелділігін және күрделі материалды есте сақтаудың негізгі тәсілдерін тапты. Мысалы, Смирнов ойларға қарағанда әрекеттер жақсы есте сақталатындығын, ол әрекеттердң ішінде қиындықтарды жеңумен байланыстылары ұзақ есте сақталатындығын тапты.

Естің физиологиялық теориясын жасаған И.П.Павлов және П.К.Анохин зерттеулері бойынша жүйкелік импульстар нейрон арқылы өткенде, өзінің ізін қалдырады – бұны нейрондық модель теориясы деп те атайды. Жүйке клеткаларынан таралатын аксондар басқа клеткалардағы дендриттермен жанасады немесе өзінің клетка денесіне қайта оралады.Жүйке клеткаларында осындай құрылымдарға сәйкес байланыс пайда болады. Сөйтіп, клеткалардың өз-өзінен жанауы іске асады. Мұндай құбылыстар жүйесін іздердің сақталып қалудың физиологиялық субстраты деп есептейді.

Есті нерв клеткаларының ішіндегі биохимиялық реакциялармен түсіндіретін XX ғасырда терең зерттеліне басталған *биохимиялық теория.* Еске сақтау екі сатылы сипатта болады деген жорамал бар. Сонда алғашқы сатыда тітіргендіргіштер тікелей әсер еткеннен кейін мида электрохимиялық қысқа реакциялар пайда болады. Олар нейронда физиологиялық өзгерістерге әкеледі. Екінші сатыда, бірінші реакциядан кейін жаңа белоктік заттар (протейіндер) пайда болады. Бірінші сатыдағы реакция секунттар мен минуттарға созылады содан оны қысқа мерзімді естің физиологиялық механизімі деп есептейді. Ал екінші кезеңдегі клеткада болатын химиялық өзгерістерді ұзақ

мерзімді естің механизімі деп есептейді. Бұны атжалманндарға өткізілген эспериментерде тексерген және адамдардан байқаған. Мысалы, егер адамға бір әсерден кейін мидағы электрохимиялық ізі биохимиялық өзгерістерге айналмай түрғанда (10 секунттың ішінде) бұл әрекет үзілсе (мысалы, есінен танып қалғанда, эпилепсия жағдайында), онда соңғы әсерді адам есіне түсіре алмайды.

Естің зерттеулерінің ішінде кибернетикалық модельдеу де бар. Бұл арқылы естің *биокибернетикалық теориясы* пайда болады. Әр түрлі ЭВМнің (электро-есеп машина) ішіндегі мәліметтерді сақтау және солармен жұмыс істеуді ойластырған кезінде, адам есінің механизмдеріне сүенген. Сонда бұл теория бойынша адамның миының әрекеттері бағдарламалардан (алгоритмдердің жиынтығынан) түрады деген. Сөйтіп адам миын, сонымен бірге есті де, кибернетикалық модельдеу арқылы зерттейді. Бұл бағытта копьютерлердің электронды есте сақтауларын, қайта жаңғыртуын қарастырады. Адамның есте сақтау қабылеті ЭВМнің есінен әлде қайда асып кетеді, бірақ адам бұл қабылетін саналы түрде қолдана бермейді. Сөйтіп, ЭВМнің адамға толық ұқсас болуы мұңкін ба деп сұрағанда, жасанды интеллектісі бар машиналар, мұңкін сол деңгейге жетер, дейді. Есті психологиялық зерттеудің табыстарына қарамастан іздердің есте қалуының физиологиялық механизмдері мен естің табиғаты толығымен зерттелмеген.

3.2. Естің түрлері

Естің түрлерін жіктеуінде белсенділікке, мақсаттың бар немесе жоқ болуына, негізгі психикалық әрекеттің сипатына, есте сақтау мерзіміне орай келесі түрлері болады.

1. *Ерікті* және *еріксіз* ес түрлері. Сонда, белгілі мақсат қоймай-ақ, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтауды мен жаңғыртуды, еріксіз ес деп атайды. Еріксіз ес көбінесе балаларда балалық шағында кездеседі бірақ өсе жоғалып кетпейді. Мысалы, жаңадан әсер еткен, қызықтырған бейнелер, адам арнайы мақсат қоймасада, еріксіз есте қалып отырады.

Мақсат қойып, арнайы әрекеттерді қолданып жатып есте сақтағанды *ерікті ес* деп атайды. Адамға қажетті деп тапқан нәрселерді еске сақтау үшін арнайы амалдарды қолданады, ерікті есте қалдырғанды жиі қажет етеді. Осы арнайы амалдарды мнемиқалық әрекеттер дейді. Осыған орай, есте сақтаудың сапалылығы, нәтежиелігі келесі факторлардан тәуелді болады. Мысалы, алдына мақсатты қалай қоюлығынан. Егер адам әр кезде керек болатын мәліметті жақсылап есте сақтағысы келсе, онда бұл мәлімет жақсы сақталады. Керісінше, мәліметті онша керекті есмес деп санаса, ол жаман сақталады.

Арнайы амалдарды қолданып есте сақтауыда, келесі ес түрлері болады:

Механикалық ес. Мұндай есте қалдыру ешбір өзгеріссіз, дәлме-дәл қайталауды коздейді. Мысалы, түрлі ережелерді жаттау барысында механикалық сақтауды қолданады. Бұған көп күш кетеді және сапасы төмен болады.

Логиқалық ес. Бұл есте сақтау амалында логикалық түсіңу, жүйелеу, негізгі логикалық компоненттерді бөліп шығару, солардың араларында мәндік

байланыстарды табу жасалынады. Сонда есте сақтаудың нәтежиелігі, механикалық еске сақтаудан, 20 есе өседі екен.Біздегі ой, ұғым, пікір ой қорытындылары сияқты түрлі формалар арқылы із қалдыруын *сөздік-мағыналық* ес деп атайды, ойіткені ойдың қандай формасы болмасы да тілмен, сөзбен байланысты болады.

Бейнелі-көрнекілік ес. Мәліметтерді бейнелерге, схемаларға, графиктерге, сүреттерге айландыру. Бейнелеу естің бірнеше түрлерін ажыратуға болады: көру, естү, дәм, сипау, иіс естері болып бөлінеді (түйсіктердің түрлері сияқты). Бейнелі ес, әсіресе көркемөнер кәсібімен шұғылданатын адамдарда өте жақсы дамыған. Мысалы Рафаэль өзінің сүреттерін салғанда көз алдында оның бейнесін көріп тұрады екен. Осы бейнелеу естің түрлерін *эйдетикалық ес* ("эйдос" грек сөзі - бейне) дейді. Мұндай адамдарда әсерлер мен бейнелер көз алдында нақты елестетіп, олардың жеке қасиеттері мен бөлшектері айқын ажырата алады. Осы ес түрінде адам бәрінде өте жақсы есіне сақтай алады. Бұны тағы феноменалды ес дейді. Әйгілі композиторларда В.Моцартта, С.В.Рахманиновта, сүретшілерде – Н.Ге, Г.Доре, Дж.Рейнолдста, колбасшыларда- Юлий Цезарда, Александы Македонскийда, Наполеон Бонапарртта осы ес түрі болған.

Ал соқыр, саңырау адамдарды алатын болсақ, бұларда жоқ сезімдердің есесіне сипау, иіс, дәм естері өте жақсы дамиды, басқа естердің кемістіктерін толықтырады.

Бейнелі-көрнекілік естің сонымен бірге қимыл-қозғалыс, эмоциялық-сезімдік түрлері болады. *Қимыл-қозғалыс есі* дегеніміз – ойын, спорт, еңбек, оқу әрекеттеріне байланысты әр түрлі қимыл-қозғалыстар мен әрекеттерді есте қалдырып, оларды қайта жаңғыртып отыру. Естің бұл түрі қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың негізі болып табылады. Мысалы, әріптерді, сөйлемдерді жазу, суда шомылу, машинаны айдау. Калыптасқан дағдылар өмір бойы есте сақталып келеді.

Эмоциялық-сезімдік ес дегеніміз бастан кешірген түрлі сезімдер мен эмоциялық күйлерін есте қалдырып отыруы және қайта жаңғыртуы. Бұл естің түрі, басқалармен салыстырғанды, әлде қайда күшті болады. Адам есіне ең жақсы сақталатыны ол бакстан кешірген ең құанышты немесе өте қайғылы оқиғалары болады, өйіткені сол кездегі сезімдер мен күйлер өте қатты есте қалады. Бұл ес түрінің кәсіптік жағынан театр немесе кино актерлардың жұмысына маңызы өте зор.

Есте сақтау, мерзіміне қатысты: қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді (түпкілікті ес) және оперативті ес деп бөледі. Әсер еткен әр түрлі тітіркендіргіштердің немесе мәліметтердің бейнесі адамда алдыменен тұрақсыз, құбылмалы болып тұрады (көз алдында тұрғандай, құлағында әлі естіліп тұрғандай, оқиға бітседе ойымызда жалғасып жататындай). Еске қалдыру үшін ең алдыменен бұл мағлуматтар жинақталынып алынуы керек. Оған бір шама уақыт кетеді. Бұл уахытты іздердің консолидациясы дейді. Есте сақтаудың ерекше бұл түрін *қысқа мерзімді ес* дейді. Өмірде уақытша ғана есте сақталатын әсерлер туралы "алғашқы ес" немесе "шапшаң көрініс" деп те айтады. Көбінесе бір әрекетте

ғана керекті болатын мағлұматты қысқа мерзімде сақталуды *оперативті ес* деп айтады. Мысалы, есеп шығарғанда ойда бір сандарды ұстау. Бұл сақталған нәрсе керекті болып саналатын болса, онда ұзақ мерзімге есте қалады немесе мұлде ұмытылады. Оперативті естің көлемі 7-,+ 2 белгі болады.

Ал қабылданған бейнелерді, құбылыстарды, тиісті мағлуматтарды еріксіз немесе арнайы амалдар арқылы ұзақ уақыт бойы есте сақтауды *ұзақ мерзімді* немесе *түпкілікті ес* дейді. Бұл ес түрінде адамның ең маңызды деп бағаланған (өзінің өміріне, кәсібіне қатысты) нәрселер сақталынады. Мысалы, "өзінің аты жөні", "мектеп аяқтау күні", "жақындарының тұған күндері". Бірақ, ұзақ мерзімді есте саналы түрінде жаңғыртылатын, маңыздылығын жоғалтқан, қосымша және керекті мәліметтердің де бір проценті ұмытылып отырады.

3.3. Ес процестерін дамыту

Естің негізгі процестері: есте қалдыру, есте сақтау, қайта жаңғырту, тану және ұмыту. Есте қалдыру дегеніміз - жаңадан қабылданған бейнелер мен мәліметтерді және олардың мәнін есте бұрыңғы сақталғандармен байланыстырып отыруды айтамыз. Жаңа білімдерді алуда және іс-әрекеттердің жаңа түрлеріне ие болуда ол орын алады. Бірақ есте қалдыруда әр нәрсе сақтала бермейді. Бір экспериментте адамдарға карточкалар берілді. Ол жерде сүреттер мен сандар болған. Бірінші зерттелінушілірге сол сүреттерде заттарды танысын деп тапсырма берді, ал екіншілерге сандарға қарап карточкаларды реттерімен қойсын деген. Тапсырма біткеннен кейі, карточкадағыны есіңізге түсіріңізші дегенде, біріншілер тек сүреттерді, екіншілер сандарды ғана түсіріпті. Осыған орай, еске қалдыру әрекеттердің мақсаттарыменен, мотивтеріменен және тәсілдерменен айқындалынып отырады. Бұл есте қалдырудың *таңдамалығын* көрсетеді. Өйткені адам бастан көшіргеннен және болмыстан өмір мен тіршілікке қажетті әсерлерді, білімдерді және мәліметтерді жадысына қалдыруды мақсаттайды. Арнайы есте үшін мынадай шарттар қажет:

- Арнайы мақсат қою, оны меңгеруге ұмтылу;
- Есте қалдырудың қоғамдық, эксперименталдық мәнінің адам қажетіне байланысты болуы;
- Есте қалдыруды жоспарлап, ішіндегі ой түйінділердің мәнін ашу, бірін бірімен байланыстыру;
- Мән-мағыналарды түсіну үшін ойлау құбылысы мен ұштастыру;
- Қабылдаған нәрселерді өз сөзімен құрастыру және өз ұғымдарыменен байланыстыру;
- Сапалы түрде қайталау. Мысалы, керекті мәліметті жаттағаннан кейін, сақтау үшін 40 минуттан кейін тағы қайталау керек. Өйіткені бір сағаттан кейін есте оқылған мәліметтің 50% ғана қалады екен. Содан, бірінші күні 2-3 рет, екінші күні 1-2 рет, 3-7 күннен кейін бір рет қайталаса, бірінші күні 100 рет қайталағаннан да артық болады екен.

Мұндай талаптарды орындау адамның есте сақтауын дамытып отыруына ықпалын көрсетеді. Психологияда есті дамытуға арналған жаттау тәсілдерін

– *мнемоника* немесе *мнемотехникалар* деп атайды. Солардың кейбіреулері тақырыптың соңында беріледі.

Есте сақтаудың ерекшеліктері болады. Психологтардың зерттеулері бойынша мәліметтің басындағысы мен аяқталғандағысы есте жақсы сақталады екен. Сол үшін маңызды және керекті нәрселерді жақсы есте қалдыру үшін, мысалы, баяндаманың басына немесе соңына қою керек.

өзақ мерзімді есте сақталған мәліметтерді қайта санаға келтіруді қайта жаңғырту дейді. Ол ерікті және еріксіз бола алады. Еріксіз қайта жаңғырту дегеніміз – мақсатсыз өзімен өзі есіне түсуді айтады. Арнайы қайта жаңғыртуда белгілі мақсат болады және ерік-күш жұмсалынып, арнайы әдіс-тәсілдер қолданады. Қайта жаңғыртудың ішінде тануды мен есте қайта елестетуді ажыратады.

Тану – естің бұрын қабылдағандарға кезіккенде көрінетін қайта жаңғыртудағы қарапайым түрі. Тану ұқсатумен байланысты болады. Мысалы, бір нәрсені есіне түсіргісі келгенде, басқаларға ұқсатып барып есіне түсіреді. Тану айқын, айқын емес, толық,толық емес болады.

Есте қайта елестету - бейне түрінде жаңғыртуда айтамыз. Бұрын қабылданған нәрселер мен қазір жоқ көріністің бейнесі еске түседі. Соған орай қабылданған нәрсенің бейнесі елестейді. Бұл елестетулерді сөз айтып та, пікірлем мен ой қорытындылары арқылы тудыруға болады және олар белгілі уақытқа және белгілі жерге байланысты болады. Елестер қайта жаңғырғанды, біз қашан, қай жергде, қай кезде екенін де есімізге түсіреміз.

Кезінде еспен айналысқан психолог А.Р.Лурия өзінің "Үлкен естің кішкентай кітабы" деген жұмысында феноменальді естің иесі С.В.Шерешевский туралы әңгімелейді. Сонда ол кісі 50-100 саннан тұратын қатарларды және сөздерді еске сақтай алатын екен. Қалаларда сол қабылетін елге көрсетіп сахынаға шығатын. Бірақ оның кемшілігі, еске сақтағанды ұмыта алмайды екен. Бұл әрекеттке ол әдеі үйренуге мәжбүр болды. Сонымен, еске сақталғандардың кей біреулері жақсы сақталады, кейбіреулері оңай ұмытылады.

Дамыту дегеніміз - қабылдағанды, еске қалдырғандарды қажет болғанда еске түсіре алмау, танымау немесе еске түсіру мен танудың қателесіп жаңылысуы. Сонда миға келген мәліметтің барлығын есте сақтай бермей, керегін қалдырып, маңызы жоғын ұмытамыз. З.Фрейдтің айтуы бойынша, адамның атына кір келтіретін, адамгершілікке қарсы тұрған, ар-намысқа сәйкес келмейтін өткен уақиғалар ұмытылады екен. Олар әр кезде мазасыздану немесе адам жанына ауырлық әкеледі де адам есінен ығыстырылады екен.

Дамытудың себептерін көбінесе жүйке қызметінің күйлеріне және мәліметтің эмоцианалдылығымен байланыстырады. Мысалы, көп жұмыс істеп шаршағанда, көп уақыт үйықтай алмағанда немесе ауырғанда, адам өте ұмытшақ болады. Қартайғанда да адам жүйесінің нашарлауна орай, склероз деген ұмытшақтың аурыу дамуы мүңкін.

Бірақ ұмыту дегеніміз ол тек қана еске сақтаудың нашарлауы емес. Егер мұғалім сабақты түсіндіргенде оқытушының берілген білімге қызығуы болмаса,

бала көбісін ұмытып кетеді. Өйіткені эмоцияға байланысқан мәліметтер жақсы сақталады және қайта жаңғыртылынады. Бұның табиғи себебі болады. Эмоция тәнмен тығыз байланысты болғанымен, ми адамға керектісін қана сақтап отырады, басқасын ұмытуға жібереді. Агата Кристи айтқанындай: "Сенсациялар тез құрап кетеді, қорқыныш болса ұзаққа қалады".

Әр түрлі травмалар немесе ауралар естің бұзулуына әкелуі мүңкін. Сол кезде естің жоғалуын – амнезия дейді. Бұл құбылыстар мидағы тежеу, өшу заңдылықтарына байланысты. Бірақ өшкен, ұмытылған байланыстар бір кезде жаңғырып, еске түседі. Бұны – реминисценсия дейді. өмыту – жүйке клеткаларындағы тежелеу процестерінің дамуы. Осыған орай, уахытша ұмытуды сақтық тежеу дейді. Адамның бұрынғы іс-әрекеті қазіргі есте сақтау жұмысына бөгет болып ұмытуға әкелсе, оны проактивтік (тежелеу "алдын ала әрекет ету") дейді. Ал кейінгі іс-әрекеттің бұрыннан есінде сақталғандарына кері әсер етсе, ретроактивті тежелеу ("артқа қарай әрекет ету") дейді. Мұндай ұмытудың көріністері бір-біріне жақын материалдарды үйренуде жиі кездеседі. Оқу жұмысында, сабақ кестесін жасауда осы мәселені ескеру қажет.

Естің индивидуалды ерекшеліктері және дамуы

Естің генетикалық және иммунитеттік түрі адамға туылғанында беріледі, ал нервтік түрі өмір бақи қалыптасады және дамиды. Бір-екі айлық балалар ең алдыменен анасын, соңынан басқаларды тани бастайды. Сол кезінде үй ішіндегілердің біреусі үш немесе көп күнге дейін көрінбесе, бала оны ұмытып кетеді екен. Балада естің тану түрі бірінші дамиды екен. Зерттеулерге қарағанда, 3 жасар бала, жарты жыл бұрын көрген заттарын тани алса, 4 жасар бала бір жыл бұрын, 6 жасар бала бір жарым жыл бұрын көрген заттарын танитын көрінеді. Мектеп жасына дейін балаларда көбінесе эмоциялық және эйдетикалық есі болады. Есте сақтағандарының көбісі ұзақ мерзімді сақталады. Жастайынан балаларға тақпақтарды, өлеңдерді жаттатып, қайталау, айтылған ертегілерді, әңгімелерді айтып берүді сұрау – есті дамытуының басты шарттары. Бұл балалардың есте сақтау және қайта жаңғыртулары еріксіз болып келеді. Ал мектепке келгеннен кейін балаларда ерікті, сөздік -мағыналық, логиқалық есті мұғалімдер түрлі шаралармен дамытады. Есті тәрбиелеу дегеніміз, есте қалдыру, қайта жаңғырту жаттығуларының әдістерін дұрыс жолға қойып орындауымен байланысты және сонымен естің көлемін нығайту. Егер жаттаудың жүесін жақсы білсе және орындаса, жаттағанды еске түсіруі де еске қалдыруда зор нәтижелі болмақ.

Естің әр адамда даралық ерекшеліктері болады. Біреулер түрін жақсы еске сақтайды да, сөздерді тез ұмыта береді. Біреулер әңдерді тез еске сақтайды, біреулер қимылдарды. Ал қазақ ақындарында мен жырауларында естү есі жақсы дамыған болытын еді. Осындай ерекшеліктеріне орай естің типтерін бөлінеді. Есте қалдыру мен ұмытудың шапшаңдығына, олардың баяулығына орай төрт типке бөлінеді: есте қалдыру ұмыту

Бірінші - шапшаң баяу
Екінші - баяу баяу
үшінші - шапшаң шапшаң

төртінші – баяу шапшаң

Бірінші типтегі адамдар оқыған немеес жаттаған нәрсесін бір реттен ақ есінде жақсы қалдырады. Есті дамытуға әр кезде болады.

Адамға білім алу үшін әр кезде ес керек болып жатады. Оқудың сапасын көтеру үшін есті дамытуға қажет. Біздің көргеніміздің, естігеніміздің және сезінгеніміздің көбісі ұмытылып кетеді, өйткені оған зейінсіз қараймыз. Ес зейін, қабылдау және ойлау құбылыстарымен тығыз байланысты болады. Сондықтан, есте сақтауды жақсартамын десеңіз байқағыштықты, таңдаушылықты, елестету мен түсінуді және санаға жеткізуді жетілдіру қажет.

Психологтарменен өте көп тәсілдер ашылған. Осыларды колданғанда, мысалы, шетел тілдерді тез жаттауға болады немесе емтихандарға дайындалуға көмектеседі. Бұл мнемотехникалар:

ВИЗУАЛИЗАЦИЯ. Жаттаған сөздерден бейнені құрастырып жаттау. "the sun shines’’ дегенде ‘’күн шықты’’ деп жаттамай, орнына күннің жарқырағанын елестетіңіз.

УАҚЫТҚА БАҰЫТ-БАҰДАР ҚОЮ. Егер есте сақталатын мәліметті тек емтихан тапсырғанға дейін деп сақтаса, ол тез ұмытылады. Ал сол мәлімет болашақ мамандық бойынша жұмыс істегенде керек болады деп сақтаса, ол көп уахытқа қалады.

АССОЦИАТИВТі ЕСТЕ САҚТАУ. Есте сақталатын сандарға, сөздерге, қимылдарға т.б. ассоциативті байланыстарды табу. Мысалы, телефонның номірін сақтағанда, сандарды әйгілі жылдармен байланыстыру. Бір сөздерде, сойлемдерде белгілі көшелерді немесе орындарды елестету. Қимылдарда бір аңдармен байланыстыру.

МИНУСТЫ’’ ‘’ПЛЮСҚА’’ АУЫСТЫРУ. Бір нәрсені еске сақтағыңыз келсе оны жақсы көңіл күйіңізбен байланыстырыңыз. Немесе жаттайтын нәрсенің қабылдауын жағымды қылып өзіңізге көрсетіңіз. Сол кезде ол көпке дейін сақталады.

ФАМИЛИЯЛАРДЫ ЕСКЕ САҚТАУ. Басқа адаммен танысқанда фамилиясын немесе атын дұрыс еске сақтамасаңыз, сол адамды ренжітіп аласыз. Сізде сөздердерді еске сақтау қабылеттің дамымағанын ол қайдан білсін. Сол үшін ең алдыменен айтылғанда дұрыс естіп алыңыз. Түсінбесеңіз тағы қайталауды сұраңыз. Онда түрған еш нәрсе жоқ. Содан барып сол сөздің мәнін түсінуге тырысыңыз немесе өзіңіз өте жақсы білетін ұқсас атты адамдармен байланыстырыңыз.

ТӘУЛІК БОЙЫ ЕСКЕ САҚТАУЫМЫЗ ӨЗГЕРЕДІ. Табиғи адамда әр кезде жұмыс қабылеті өсіп немесе төмен түсуі қалыптасқан. Есте де күшеюі немесе әлсіреуі болады. Сонымен түнде, сағат 2-4 дейін және күндіз сағат 12-14 арасында есте сақтауымыз нашарлайды. Ал таң ертең сағат 8-12 дейін және күндіз 14-17 дейін еске сақтауымыз күшееді. Бірақ кейбір кездерде адамның кеш уақыттарында ойлау және еске сақтау жұмысы жақсарады.

ӨЗ ТІЛІ³Е АУДАРУ. Еске сақтау мәліметті өзіңе түсінікті ұғымдармен, өз сөзіңе ауыстыру. Өзіінің тәжиребеңнен алынған нәрселерге байланыстырғанда еске сақтау жақсарады.

ТАНЫМДЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

4.1.Ойлау сипаттамасы

Біздің қоршаған дүние туралы білімдеріміз түйсік пен қабылдаудан басталады. Бірақ таным олармен ғана шектелмейді. Түйсіктер мен қабылдау арқылы алынған мәліметтер сезімдік шектен шығып, ойлау арқылы біздің таным шекарасын кеңейтеді. Себебі ойлауда қабылдауда берілмеген нәрсені ой қорытындылары арқылы жанама түрде ашуға мүмкіндік беретін қасиет болады. Ойлау негізінде адамның қоршаған дүние жөніндегі танымы тереңдей түседі.

Ойлау дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

Түйсіктер мен қабылдау ақиқат дүние құбылыстарының жеке қасиеттерін көбіне ретсіз кездейсоқ түрде бейнелендіреді. Ал ойлау адамға заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен олардың өзара қатынастарын салыстырып, ажыратуға, олардың сезімдік түрде берілмеген қасиеттерін, жаңа қатынастары мен қырларын ашады. Сөйтіп, ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді.Сонымен, жекеден жалпыға және жалпыдан қайта жекеге көпсатылы ауысу ерекше психикалық процесс – ойлау негізінде жүзеге асады.

Ойлау процесі елестермен де тығыз байланысты.

Ойлау проблемасын қарастырған А.А. Смирнов ойлау және интеллектуалдық процестердің ассоциативті ағымын ажырату қажеттілігін атап көрсеткен. Мұның себебі ойлау іс-әрекетінде біз ассоциацияларды өте кең қолданамыз - олар ойлау есептерін шығаруға елеулі септігін тигізеді. Мысалы, біз қазір тап болған жағдайға ұқсаса оқиғаларды жиі арнайы еске түсіреміз. Мұнда пайда болған ассоциациялар біздің ой мәселесін шешуімізде пайдаланылады. Олар бізді одан алыстатпай, оның жауабына, шешіміне жақындатады.

Адамның ойы әрқашан да сөз арқылы білдіріледі. Біреу екінші біреуге пікірін білдіргенде, өзін естісін деп дауыстап сөйлейді. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеуді бірдей деп, бұлардың арасына теңдік белгісін қою дұрыс емес. Ой сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы болса, ал сөз ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал болып табылады.

Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып, біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана, оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Ойлау адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде туындап отырады. Адам ойлауының мазмұнын билейтін – объективтік шындық. Адамға мақсат қойып, оған жетуге ұмтылдыратын – оның қажеттіліктері.

Ойлау - өзіндік ішкі қарама-қайшылықтарға толы процесс. Бұл қайшылықтар ойлау дамуының және іске асуының қозғаушы күштері болып табылады, яғни ойлау осы қарама-қайшылықтарды, басқаша айтқанда, проблемалық жағдаяттарды шешу барысында өрбиді.

Ойлау танымдық теориялық іс-әрекет ретінде әрекетпен тығыз байланысты. Адам әсер ету арқылы ақиқатты таниды, дүниені өзгерту арқылы оны түсінеді. Әрекет ойлау жүзеге асуының бірінші ретті формасы болып табылады. Ойлау операцияларының барлығы (анализ, синтез және т.б.) ең алғашында практикалық операциялар түрінде пайда болып, содан соң барып, теориялық ойлаудың операцияларына айналды. Яғни ойлау еңбек іс-әрекеті барысында практикалық операция ретінде немесе практикалық іс-әрекеттің бір компоненті ретінде туындап, содан кейін барып, дербес теориялық іс-әрекетке айналады. Бірақ тәжірибе әрқашан да ойлау ақиқаттығының негізі, мәнді критериі болып табылады. Бірақ егер де біз бір есепті тек практикалық түрде ғана шешетін болсақ, онда оның тек көрнекі жеке мазмұнымен әрекет жасап, оны тек берілген жеке жағдаятты ескере отырып шешеміз. Ал әрбір келесі жағдайларда қайтадан есепті шешуге тура келеді, және тағы да бұл жеке міндетті ғана шешу болып табылады. Ал егер берілген есептің жалпыланған мазмұнын құрастырып, оны шешудің жалпыланған тәсілін табатын болсақ, бұл есеп өзінің тек белгілі бір жағдайға сәйкес болатын, практикалық - шешімін ғана емес, сонымен қатар, теориялық та, яғни принциптік біртекті жағдайлардың барлығына ортақ шешімін таба алады.

Іс-әрекетпен байланыса отырып, теориялық ойлаудың өзі жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге, құбылыстан мәнге, мәннен құбылысқа өту процесі болып табылады. Шынайы ойлау – ол ойдың ағымы. Ол тек іс-әрекет пен оның өнімінің бірлігі негізінде түсініледі.

Сонымен, ойлау - аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылымдар айналысады. Солардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Бірақ осы екі ғылымның ойды зерттеудегі әдіс-тәсілдерінде өзіндік айырмашылықтары бар. Мысалы, егер психология әр түрлі жас шамасындағы адам ойлауының пайда болуы, дамуы мен қалыптасу жолын, яғни тұлға ойлауының даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын қарастыратын болса, ал логика бүкіл адамзатқа ортақ ойлау іс-әрекетінің заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойлауының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты ойлау формаларының табиғатын зерттейді.

Ойлаудың физиологиялық негіздері И.П. Павловтың бірінші және екінші сигнал жүйесі жөніндегі іліміне байланысты түсіндіріледі. Ойлау – ми қыртысының күрделі формадағы анализдік-синтездік қызметінің нәтижесі, мұнда екінші сигнал жүйесінің уақытша жүйке байланыстары жетекші рөл атқарады. Екінші сигнал жүйесінде жүйке қызметінің өз алдына дербес заңдары бар деуге болмайды. Сигнал жүйелерінің мидағы заңдылықтары бірдей. Бірақ, олардың айырмашылықтары мынада: егер бірінші сигнал жүйесіндегі

реакциялар нақтылы құбылыстарға байланысты туса, екінші сигнал жүйесі оларды жалпылап отырады.

Адамның ойлауы әр түрлі деңгейдегі ойлау операцияларынан тұрады. Ал олардың әрқайсысы әр түрлі танымдық мәнге ие. Мысалы, баланың өз алдында кездестіретін қиындықтарын жеңуде жүзеге асыратын қарапайым ойлау әрекеті мен ғалымның қандай да бір ғылыми мәселені шешуде қолданатын ойлау операцияларының жүйесін салыстыруға келмейді. Сондықтан, жалпылау деңгейіне, құбылыстардың терең мәнін түсініп, білуге байланысты ойлаудың жоғарғы немесе төменгі дейгейлерін ажыратуға болады. Осындай әр түрлі деңгейдегі ойлаудың түрлері ретінде қарапайым көріністегі көрнекі ойлау мен берілген көрініс шегінен шығатын теориялық ойлауды бөліп көрсетуге болады.

Осылайша, шығу тегі мен пайда болуы (генезі) бойынша ойлау келесі түрлерге жіктеледі:

1.*Көрнекі-әрекеттік ойлау* - мәселені шешу жағдаятын шынайы түрлендіретін бақыланатын қозғалыстық әрекет арқылы іске асатын ойлау түрі.

2.*Көрнекі-бейнелік (бейнелік) ойлау* – жағдаят тек бейне жоспарында ғана түрленетін ойлау түрі.

3.*Сөздік-логикалық (пайымдаушы) ойлау* – тілдің және тілдік құралдардың көмегімен шығарылатын ұғымдарды, логикалық құрылымдарды пайдаланумен сипатталатын ойлаудың негізгі түрлерінің бірі.

Сонымен қатар, психологияда ойлаудың қос классификациясы да танымал.

1. Мәселенің түріне байланысты:

1) Теориялық ойлау - ғылыми ұғымдарды пайдалану негізінде заңдар мен ережелерді танып-білуден тұратын ойлаудың жоғары дамыған түрі.

2) Практикалық ойлау - ақиқатты физикалық түрде өзгертуге дайындық күйін (мақсат қою, жоспар, жоба, схема құру) білдіретін ойлау түрі. Бұл ойлау түрі кеңес ғалым-психологы Б.М. Тепловпен едәуір көп зерттелінген.

2. Таным түрі бойынша:

1) *Эмпирикалық ойлау* - теориялық ойлаумен салыстырғанда, қарадүрсін, жағдаяттық жалпылаулармен байланысты болатын ойлаудың түрі.

2) *Теориялық ойлау* - ғылыми ұғымдар негізінде заттар мен құбылыстардың мәнін танып-білу.

3. Рефлексия немесе саналау деңгейі бойынша:

1) *Интуитивтік ойлау* - тез өтетін, анық кезеңдері жоқ, көбінесе саналанбайтын ойлаудың түрі. Бұл ойлау түрі кеңестік психологияда Я.А. Пономаревпен, Л.Л. Гуровпен және т.б. зерттелінген.

2) Рационалдық ойлау (аналитикалық немесе логикалық) ойлау - уақыт бойынша кең таралған, айқын кезеңдері бар, ойлаушы субъектінің санасында едәуір көрініс табатын ойлау түрі.

4. Әрекеттің тәсілдері негізінде:

1) *Вербалдық (сөздік) ойлау* - тілдік құралды пайдалану арқылы адамның өз пікірін тұжырымдауы, білдіруі.

2) *Көрнекі ойлау* – мәселені шешу нақты бейнелі түрде көрінуінде жүзеге асатын ойлау түрі.

5. Ойлау бағыттылығымен байланысты:

1) Шынайы (немесе реалистік) ойлау – ақиқат шындыққа басым түрде бағытталған, логикалық заңдармен реттелетін ойлаудың бір түрі.

2) Аутистік ойлау - адамның ниеттерін жүзеге асырумен байланысты болатын ойлау түрі. Осыған ұқсас келетін эгоцентрлік ойлаудың ерекшелігі - адамның басқа біреудің позициясында тұра алмауы.

6. Ойлау іс-әрекетінің өніміне байланысты:

1) *Продуктивтік ойлау* - адамның ойлау іс-әрекетінің жаңа өнімін шығару.

2) *Репродуктивтік ойлау* – ойлау іс-әрекеті барысында өмірде бар білімдерді пайдалану.

7. Ойлаудың функцияларына байланысты:

1) *Творчестволық ойлау* – ақиқат дүниеге жаңалықты тудырумен, жаңа білімдерді тауып, негіздеумен байланысты болатын ойлаудың түрі.

2) *Критикалық ойлау* - заттар мен құбылыстарды терең зерттеу негізінде, солар жөніндегі көзқарастар мен пікірлердегі қайшылықтар мен кемшіліктерді таба білумен байланысты болатын, ғылыми дәйектелген сындық пікірден тұратын ойлаудың бір түрі.

8. Еріктік күштің жұмсалуына байланысты:

1) Ырықсыз ойлау - түс көру бейнелерін ырықсыз трансформациялау.

2) Ырықты ойлау – проблемалық жағдаяттарды, ой есептерін мақсатты түрде шешу.

4.2.Ой операциялары мен түрлері

Ойлау ой операцияларымен қоса, ой формаларынан да тұрады. Ойдың бастапқы формасы болып ұғым есептеледі. *өғым* дегеніміз - заттар мен құбылыстар туралы ой. өғымда заттардың жалпы және негізгі қасиеттері бейнеленеді. өғымдар жеке және жалпы болып бөлінеді. Бала мектепке келгесін ғылыми ұғымдарды меңгере бастайды, оның білім, дағдыларының арта түсуі ғылым негіздерін меңгеруге қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан ұғымдарды меңгеруге адамның білім ортасындағы түрлі ғылымдар негіздерін игеру әсер етеді. Сол барысында адамның қоршаған дүние заттарының ұғымдары жөнінде білімдері қалыптасады.

Шындықтағы заттардың қарапайым байланысы пікірлерден көрінеді. *Пікір* - бұл бір зат туралы мақұлдау не оны жоққа шығаруда көрінетін ойлаудың формасы. Мысалы: ңАстана - Қазақстанның астанасың шындыққа сай пікір.

Саналау мен түсіну ойлаудың негізгі белгісі болып табылады.

Адамның ойлау әрекетінде шындықтағы заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттерін, ерекше белгілерін, мәнін түсіне білудің маңызы зор. Біз айналамыздағы заттардың себеп-салдарлы байланыстарын, бір-біріне тәуелділігінің шығу тегі мен даму жолын түсіну арқылы ғана ажыратамыз. Түсіну шындықтағы заттар мен құбылыстармен танысудан, көріп-білуден басталады. Өйткені, қандай да бір нәрсені ұғыну үшін оны эмпирикалық жолмен зерттеу қажет.

Түсіну сөз арқылы берілетіндіктен, түрліше формаларда тұжырымдалады. Түсіну қысқаша, жалпы, кең, деталді және т.б. болып келуі мүмкін.

Түсінудің екі түрі бар. Біріншісі – тікелей түсіну. Тікелей түсіну - жанама түрдегі ой операцияларын керек етпейтін, қабылдауға ұқсас процесс. Ал екінші түрі – жанама түсіну. Жанама түсіну – түрлі фазалардан тұратын, ой операцияларын қажет ететін, көмескі нәрсені айқын етіп бейнелеуде бірнеше ой қорытындыларын қажет ететін процесс.

Жалпы, ойлау дегеніміздің өзі - мәселені шешу, оның мәнісін түсіне білу деген сөз.

Ойлаудың ең күрделі және жоғарғы формаларының бірі – ой қорытындылары. *Ой қорытындылары* дегеніміз - бірнеше пікірлерден жаңа пікірлер шығару тәсілі. Қорытынды шығару үшін оны белгілі тәртіпке бір-бірімен байланыстыруымыз қажет.

Ой қорытындысының негізгі үш түрі бар:

1) дедукциялық, 2) индукциялық, 3) аналогиялық ой қорытындысы.

Дедукция дегеніміз - жалпыдан жекеге қарай жүретін ой қорытындысы. Мысалы: біз тірі организмдер оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды, ал балық тірі организмнің бірі десек, олай болса, балық оттегі жоқ жерде тіршілік ете алмайды деген қорытындыға келеміз.

Индукция - жекеден жалпыға қарай жасалатын ой қорытындысы. Гүлдер сусыз өмір сүре алмайды, ағаштар да сусыз өмір сүре алмайды десек, осы айтылғандардан жалпылап, сусыз өсімдіктер тіршілік ете алмайды деген қорытындыны жасаймыз.

Аналогия дегеніміз - ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау. Мәселен, И. Ньютон бүкіл әлемдік тартылыс заңын тапқанда, аналогиялық ой қорытындысына сүйенген. Ол жер үстіндегі денелердің қозғалуы, әсіресе құлауы мен аспан денелерінің қозғалуы арасындағы ұқсастықты түсіндіруде аналогияны келтірді. Аналогия ғылыми болжамдарды жасаудың маңызды алғышарты болып табылады.

Ойлаудың психологиялық теориялары

1.Ойлаудың ассоциативтік теориялары.

Құрылымдық психологияға сәйкес, жеке сезімдік елестер психологиялық тәжірибенің бастапқы элементтері болып табылады. Осындай жеке сезімдік елестер арасында ерекше байланыстар немесе ұқсастық, контрасттылық, уақыт пен кеңістікте сәйкес келу сияқты ассоциациялар орнайды. Осылайша, ассоциативтік психологияда ойлау сезімдік елестердің ассоциациясы ретінде түсініледі. Бұл бағыттағы психологтардың негізгі қойған міндеті – ойлаудың белгілі логикалық формаларын ассоциация заңына сәйкес түсіндіру. өғымдардың қалыптасуы елестерді ассоцияциялау барысында жүзеге асады деп есептелінді. Пікір ұғымдарды ассоцияциялау, ал ой қорытындысы пікірлердің ассоцациялау нәтижесі ретінде түсіндірілді.

Осылайша, мәнді мен жалпының арасына теңдік белгісін қою тұтас ассоцианизмге тән құбылыс болды. Бұл бағыттағы теорияларға келесі тұжырымдар енді.

1) Г.Мюллердің иңдиффуздық репродукцияларң теориясы. Берілген тұжырымдамаға сәйкес, екі (немесе одан да көп) елестердің үйлесімі былайша қалыптасады: субъектте олардың әрқайсысы судағы шеңберлер тәрізді басқа елестермен ассоциацияларының ағымын тудырады (ал бұлар өз тарапынан дәл солай жаңа ассоциацияларды тудырады).

2) Ойлау үйрену ретінде. Бұл жерде талдаудың негізгі элементтері болып, қозғалыстық реакция және оларды үйлесімге келтіру заңдылықтары бөлініп, шығады. Жаңа стимул-реакциялық байланыстар, яғни шартталу механизмдері интеллектуалдық мінез-құлыққа тән емес. Сондықтан, ойлау бұл жерде үйрену, интеллектуалдық практикалық міндетті шешу дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Адамның психикалық өмірінң әмбебап заңдылықтары ассоциация принципімен байланысты. Ассоциацияның негізгі заңы: ассоциация жиі қайталанған сайын, дұрыс әрі берік болады.

Ассоциациялардың төрт негізгі түрі бар: ұқсастық бойынша, контраст бойынша, уақыттық немесе кеңістіктік іргелестік бойынша, қатынас бойынша.

Ассоциациялардың заңдылықтары Д. Гартли, Дж. Пристли, Дж. С. Милль, А. Бэн, Т. Цигень және т.б. еңбектерінде зерттелінді. Бұл жерде ассоциация психикалықтың бірлігі және түсіндіруші принципі ретінде қарастырылды. Ассоцианистер ойлау белсенділігін түсіндіре алмай, оларды априорлы, яғни ассоциацияларға тәуелсіз ақыл-ойдың туа біткен қабілеті деп білген. Бұларда рационалдық сезімдікке баланып, субъекттің іс-әрекет белсенділігі талдаудан тыс қалды. Бейне-елестердің ырықсыз ілесуі кез-келген ақыл-ой процесінің жүзеге асу типі ретінде ұғынылды. Осылайша, ассоцианистердің пайымдауынша, ойлау – ассоциацияларды жинау процесі.

Идеялардың репродукциясы (қайта өңделуі) сауалы ақыл-ой іс-әрекетінің ассоциативтік теорияның негізгі мәселелерінің бірі болып табылғандықтан, оны жиі репродуктивтік психология деп атаған.

Отандық психологияда ассоцианистік тұрғы Ю.А. Самарин, П.А. Шеваревпен зерттелінді. Ассоциациялардың ойлау механизмі ретіндегі мәні А.Ф. Эсауловпен ерекше аталды.

2. Вюрцбурлық мектеп. Вюрцбурлық мектеп - сана психологиясын зерттеген бағыттардың бірі. Бұл мектептің негізін салушылар – О. Кюльпе және К. Бюлер, ал өкілдеріне жататындар – Н. Ах, А. Марбе, О. Зельц және т.б.

Вюрцбурлық мектеппен зерттелінген негізгі мәселелер: а) ойлаушы субъекттің белсенділігін анықтайтын ұғымдарды шығару; ә) ерекше психологиялық ақиқат ретіндегі ойлаудың қасиеттерін сипаттау және мазмұнын анықтау; б) ойлау процесінің психологиялық механизмдерін түсіндіру.

Сәйкес әдістемені шығара отырып, Н. Ах ұғымдарды қалыптастырудың тәсілдерін таңдау процесі мен қолдану сипаты субъектпен шешілетін нақты міндеттерге байланыстылығын атап өтті. Осылайша, вюрцбурлық мектептің негізгі қосқан үлесі – ңміндетң ұғымын енгізуі (В. Уайт). Вюрцбурлық мектеп өкілдері интроспекция әдісін өзгертті. Субъекттің өзінің ішкі ойлары, елестері, күйзелістері жөніндегі есебі белгілі-бір қойылған сұраққа жауапты іздеу,

белгілі-бір міндетті шешу жолымен жүрді. О. Кюльпе ңОйлау психологиясың еңбегінде ойлау мен ерікті зерттеуде интроспекциялық әдісті қолданды. Зерттеген мәселелері: ңэмпирикалық ойлауң деп аталатын және формалдық логика заңдарына сүйенетін ңтаза ойлаудың ң нақтылы жүзеге асуын көрсететін психикалық акттер мен күйлер. Н. Ахтың тағы бір қосқан үлесі - ңдетерминациялық тенденцияларң тұжырымдамасын шығарып, негіздеуі. Басқаша айтқанда, бұл – себептендіру теориясы. Адамның бойындағы осындай детерминациялық тенденциялары адамды түртіп отыратын, санадан тыс процестерге жатады. Ойлау өзінен-өзі пайда қалыптаспайды. Ол тікелей сыртқы орта әсерінен пайда болады.

Сезімдік елестер мен ойлаудың арақатынасын түсіндіруде бұлар мынадай пікірде болды. Өз-өздігінен сезімдік елестер мен олардың кез-келген үйлесімі тіпті оңай логикалық есепті шешіп бере алмайды. Себебі, есепті шешу үшін берілген міндеттің сезімдік көрінісінен тыс, одан еркін болатын, есептің (міндеттің) шарттары мен мен талаптары арасындағы қатынастарды ашу мен саналау маңызды болып табылады.

Вюрцбурлық мектеп өкілдері ойлаудың басқа психикалық процестерден өзіндік ерекшеліктерін көрсетті: тұтастылығы, белсенділігі, бағыттылығы, бейнесіздігі және т.б.

Вюрцбурлық мектептің негізгі идеялары О. Зельцтің еңбектерінде жалғасын тапты. Ол ойлауды интеллектуалдық операциялардың қызмет етуі ретінде анықтады. О. Зельц өз алдына ойлау іс-әрекетінің қандай да бір нәтижесінің жүзеге асуындағы интеллектуалдық іс-әрекеттің әрбір сатысының қызметін анықтау мақсатын қойды. Қатынастарды саналау әрекеті ретіндегі ойлауды түсіндіру үшін оның міндетті шешуде жүзеге асырылатын әрекет немесе операция ретінде қарастыру керек.

О. Зельц міндетті шешу барысы мен тәсілдерін сипаттауда үш ұғымды енгізді:

1) Арнайы реакция, яғни берілген жәйтта қойылған мақсатқа сәйкес келетін объективті қажетті жауап.

2) Операция – осындай жауапты анықтайтын амал.

3) Әдіс, яғни субъектпен міндетті шешу тәсілі ретінде саналанатын және пайдаланылатын операция.

О. Зельц репродуктивтік және продуктивтік ойлау түрлерін эксперименттік зерттеуде ойлау процестерінің ерекше ңпроблемалық комплексң түріндегі шешілетін міндеттің құрылымымыен себептенетіні жөнінде тұжырымға келді. Бұл ңПроблемалық комплекстіңң ерекшелігі – онда аяқталмағандық элементінің болуы. Осы аяқталмаған элементті толтыру берілген міндетті шешу нәтижесін анықтайды. Мұның өзі негізінен антиципация схемасын жүзеге асыру, яғни әлі табылмаған шешімді алдын ала болжау негізінде іске асады. Бұл кезде субъектпен міндетті шешуге қажетті интеллектуалдық операциялар жаңғыртылып, есептің шешімі табылады (комплексті толықтыру, абстракция және ұқсастықтарды қайта келтіру әдістері арқылы).

Осындай, проблемалық жәйттің құрылымының тұтастылығын қалпына келтіру идеясы кейін гештальтпсихология өкілдерінің зерттеулерінде, сондай-ақ басқа да, мысалы, творчестволық ойлау зерттеулерінде басшылыққа алынды.

3. Гештальтпсихологтар ойлау жайында. Гештальтпсихологияның өкілдері – Келер, Вертгеймер, Коффка, К. Левин. Гештальтпсихологтар ойлаудың құрылымын, творчестволық астарларын қарастырды. Ізбелінген шешімді оған қажетті құрылымды табу арқылы шешуді ойлау деп атаған. Гештальтпсихологтар ойлауды формалды-логикалық операциялардан ажыратылатын әрбір проблемалық жәйтті ескеру арқылы соған қарай танымдық құрылымдарды қайта құру, жаңадан ңорталықтандыруң нәтижесінде жүзеге асатын продуктивті психикалық процесс ретінде түсіндірді. Олар тұтас құрылым ретіндегі проблемалық жәйттің барлық құрауыштарын, олардың арасындағы қатынастарды бірден ұғынуды инсайт деп атады.

Коффка бойынша, ойлау дегеніміз – вюрцбурлық мектептегідей қатынастармен әрекет ету емес, ал көрнекі жәйттардың құрылымдарын түрлендіру. Проблемалық жәйт – бұл өзінің көрнекі мазмұны теңестірілмеген феноменалдық өріс тәрізді. Бұл өрістегі кейбір толтырылмаған орындар проблемалық жәйтта белгілі-бір кернеу тудырады. Осы кернеу тұрақсыз көрнекі жәйтті басқасына ауыстырады. Осылайша, міндет біздің бастапқы жәйтті басқаша көруіміздің нәтижесінде шешіледі. Осы пікірлерден, Коффканың ойлауды ассоцианистер сияқты, көрнекі мазмұнға теңестіргенін байқаймыз.

4. *Психоанализ: Ойлау мотивтелген процесс ретінде.* Адам мінез-құлқының мотивтері ең алғаш психоанализбен қойылып, зерттелінді. З. Фрейд бойынша, негізгі мотивтер санасыз сипатта болады және әр түрлі көрініс табады: түс көру, сөзден жаңылу, ұмыту, аурулар симптомдары.

- Түстер – бұл ырықсыз жүзеге асатын, бейнелік ойлаудың бір түрі.
- Еркін ассоциациялар әдісі. Ырықсыз бейнелік ойлау, еркін ассоциациялар санасыз мотивтердің көрініс табатын маңызды аумақтарының бірі.
- Сублимация санасыз энергияны әлеуметтік құпталған тәсілдерге ауыстыруда іске асатын творчестволық ойлау процесі.
- Мотивті саналау адамның өзіндік саналауын, ішкі ойлау типін қажет етеді.

Аутистік ойлау тұжырымдамасы Э. Блейлермен шығарылған. Аутизм адамның ішкі өмірінің басымдылығымен, сыртқы өмірден кетумен байланысты. Әдетте, түс көру, ырымшылдық, аңыздарға сену, шизофрениялық ойлау – аутистік ойлаудың көріністері. Бұларда ойлар аффективтік ұғымдарға бағынады.

5. *Ойлаудың когнитивтік психологиясы (У. Найссер).* Бұл тұрғы танымдық процестерді жасанды моделдеу негізінде белгілі-бір міндеттерді шешу тәсілдерін табу мақсатымен қарастырған. Адам ақпаратты тасымалдау және өңдеу каналы, компьютерлік жүйелердің аналогы ретінде ұғынылады. Есептерді шешу механизмдері және оған қажетті жағдайлар (саналы елестер, әлеуметтік тәжірибе, тұлғаның мағыналық аумағы және т.б.) ерекше

когнитивтік құрылымдар болып есептелінеді. Танымдық ретіндегі адамның кез-келген іс-әрекетін талдау тек жаңа, айрықша ғылыми нәтижелерге әкелумен қатар, бұрыс тұжырымдарды да өмірге келтіреді. Осылайша, когнитивтік психология тұрғысынан ойлау адам білімдерін жүйелейтін, өңдейтін, құрылымдайтын, реттейтін танымдық процесс болып табылады.

Ақыл-ой операцияларының негізгі түрлері

Ойлау әрқашан анализ бен синтез процестерінен басталады. Ойлау - түйсік пен қабылдаудағы анализ бен синтездің жаңа мазмұнға ие болған түрі. *Анализ* дегеніміз ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу. *Синтезде* ой арқылы заттың, құбылыстың барлық элементтері біріктіріледі. Анализ бен синтез – бірімен-бірі тығыз байланысты, бірінсіз бірі болмайтын құбылыс. Бұл екеуі – бірінен бірі ешқашан ажырамайтын ойлау процесінің негізгі компоненттерінің бірі.

Анализ бен синтездің негізінде салыстыру деп аталатын ойлау операциясы пайда болады. *Салыстыруда* заттардың ұқсастық, айырмашылық қасиеттері айқындалады.

Ойлау операциясының күрделі түрі – абстракция және жалпылау. Шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алуды *абстракция* деп атайды.

Абстракцияның келесі түрлері бар:

1.*Шеттетуші абстракция* – белгілі бір тұтастылықтан құбылысты бөліп алу.

2.*Жалпылаушы абстракция* - құбылыстардың жалпыланған сипатын беру.

3.*Идеализация* – шынайы-эмпирикалық құбылыстарды идеалды схемаға алмастыру.

Жалпы ұғымдар – абстракциялау принципінің нәтижесі.

Абстракцияға қарама-қарсы процесті нақтылау деп атайды. *Нақтылау* – абстракциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдармен түсіндіру, яғни жеке заттар мен нәрселер туралы ой.

Жалпылау дегеніміз – бір текті заттардың, құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру. Жалпылау үшін заттардың ерекше маңызды белгілерін таба білу керек. Жалпылаудың негізінде жаңа ғылыми ұғымдар, заңдар мен теориялар шығарылады.

Жалпылау арқылы шындықтағы заттар мен құбылыстарды белгілі-бір принцип бойынша орналастыруды *жүйелеу* дейді. Жүйелеудің жоғары түрі топтастыру (классификация).

Ойлау қасиеттері

Кез-келген психикалық процес тәрізді ойлаудың да өзіндік параметрлері - қасиеттері болады. Осындай ойлаудағы жекедара ерекшеліктерді білдіретін ойлаудың қасиеттері сан-алуан болады. Солардың ішінде негізгілері мыналар:

Ойдың сыңдылығы – адамның өз және өзге адамның ойларын объективті бағалай алу, барлық жасалатын қағидалар мен тұжырымдарды түпкілікті және жан-жақты тексере алу қабілеті.

Ойлаудың асығыстығы – адам сауалды, мәселені жан-жақты ойластырып алмай, оның бір жағын бөліп алып, асығыс шешім қабылдауға тырысуы, белгілі бір дәрежеде ойластырылмаған жауаптар мен пікірлерді беруі.

Ойлаудың тездігі – адамның жаңа жағдаятты тез түсіне алып, тез ойлау негізінде дұрыс шешім қабылдай алуы.

Ойлаудың дербестігі – адамның жаңа міндеттерді, мәселелерді шығара алумен және басқа адамдардың көмегінсіз өзі мәселенің дұрыс шешілу жолын табумен сипатталады.

Ойлаудың икемділігі – ойлаудың оны шектейтін жатталып қалған, таптаурын шешу тәсілдерінен тәуелсіздік дәрежесін білдіреді.

Ойлаудың тереңдігі – күрделі сауалдардың мәніне терең шоғырланып, зерттей алуы.

Ойлаудың кеңдігі дегеніміз – адамның зерттелетін сауалдың маңызды жақтарын түсірмей, тұтас қамтып, талдай алу қабілеті.

Ойлаудың даму ерекшеліктері

Кез-келген басқа да психикалық процестер ретінде ойлау да онтогенез барысында біртіндеп, қарапайымдыдан күрделіге қарай жетіледі. Жаңа туған балада ешқандай ойлау болмайды. Ойлау баланың сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынас жасауының нәтижесінде, оның өмір тәжірибесімен қосақталып, дамып отырады. Мәселен, бір жасар бала әжесінің саусағындағы жараға жағылған йод ерітіндісіне көз салады. Он бес айлық бала өзі сүйрей алмаған жәшіктің ішіндегі нәрселерді көріп, біртіндеп оларды азайта бастайды, сонаң соң оны жылжытатын болады.

Тілдің шығуы бала ойлауының дамуында елеулі кезең болып табылады. Мектепке барғанға дейін бала ойлауы ұзақ даму жолынан өтеді. Ойлау бұл кезеңде нақтылы-бейнелі болып, әрекетпен тығыз байланысып жатады. Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші рөл атқарады.

Ойлау саласындағы дара айырмашылықтарға келетін болсақ, адам ойлауына тән жалпы заңдылықтар болғанымен, тұлғаның ойлау әрекеті жекедара ерекшеліктерге толы. Әрбір адам бірінен-бірі ойының кеңдігі немесе тарлығы, орамдылығы, ұшқырлығы, дербестілігі, логикалық жүйелілігі, сыншылдығы және т.б. сапалармен ажыратылады.

Ой өрісі кең адам еркін ойлайды, мәселені ескі әдетпен, үйреншікті жолмен шешпейді. Ақыл-парасаты кең адам мәселені түрліше әдістермен шешеді, бұрын қате деп сыналып табылған әдіске жоламайды.

Кейбір адамдар мәселенің барлық жақтарын көре біледі, оны тез шеше алады, ойы аса сергек және белсенді келеді. Мұндай адамдар орынсыз асып-саспайды, жағдаймен санасады. Осындай қасиетті ойдың ұшқырлығы дейді. Бұған қарама-қарсы қасиет – ойдың асығыстық түрі. Мұндай адам ой жұмысымен онша басын ауыртпай ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүреді. Бұл адамдар енжар ойлыққа әдеттенген, дайын тұжырымға жармасқыш, жеңіл ойлауға, мәселені үстіртін шешуге бейім келеді.

Ойлауды зерттеудің бірнеше әдістері

Ойлауды зерттеуде бірнеше әдістер бар.Олар: Ұғымның функционалды эквиваленттері Выготский -Сахаров әдістемесі,тексті аналитикалық блокты схемалық әдіс, Тізбекті ассоцативті әдіс және т.б. Солардың бірнешеуіне тоқталып кетсек.

Ұғымның функционалды эквиваленттері Выготский -Сахаров әдістемесі

Жасанды ұғымның пайда болатынын зерттеудің классикалық моделі ХХғасырдың 20жылдарында Л.С.Выготский және оның шәкірті Л.С.Сахаров екеуі Вюрцбург мектебінде ұсынылған әдістемелік тәсілдерді назарға ала отырып жасаған «екі стимулация» әдістемесі болып табылады.

Жасанды ұғымдардың пайда болатындығы бастапқы кезде екі стимулмен көрсетіледі.Біріншісі- бұл бір бірінен бірнеше белгілерге сәйкес ажыратуға болатын, бірақ әрқайсысы өзінің параметрлеріне ие объектердің жиынтығы.Ах әдістемесінде мұндай объектілер ретінде формасы(куб,текше,цилиндр), түсі(сары,көк,жасыл), салмағы(ауыр,жеңіл), көлемі бойынша(үлкен,кіші) әртүрлі картонды геометриялық денелер алынды.Екінші стимул ретінде мағынасыз буындар мен сөздердің шартты жиынтығы.Осы екі жиынтықтарды қосу арқылы эксперименттер жасанды ұғымдарды құрады.

Выготский - Сахаров әдістемесі - функционалды эквиваленттердің бастапқыда пайда болуы мүмкіндігін беретін ұғымдардың пайда болу процесін зерттеудің классикалық тәсілі болып табылады.

Тізбекті ассоцативті әдіс

Бұл әдісте бір минут ішінде шығатын ассоциялардың көлемі өлшенеді.Инструкцияны қатаң қадағалау нәтижесінде сыналушы айтқан сөздер оның ерік- жігерінсіз семантикалық ұяшықтарға қосылады.Мысалы,мына сөздер жиынтықтарда үш ұяшықты ажыратуға болады: ән, метал, алтын, көктем, гүл. Соған қарамастан семантикалық ұяшықтардың саны әртүрлі болады:бір ұяшықта өз ішінде бірден бірнеше сөздер қатарлары болады.

Құрал жабдықтар:Сыналушының жауабын жазып отыратын магнитафон және тізбекті ассоцияның бір қатарына кеткен уақытты өлшеуге арналған секундомер қолданады.

Жұмыс барысы: Мұнда экспериментатор және сыналушы болады.Әрбір сыналушымен бір минуттан 3-5 тәжірибе жүргізіледі.тәжірибелер арасында 15-20 минут өту керек.Тәжірибе басталмас бұрын сыналушыға мынандай нұсқау береді: «Бір минут ішінде ойыңызға келген кез келген сөздерді айтыңыз және алдын жаттап алған сөздерді айтпаңыз».

ТАНЫМДЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

5.1.Қиялды психологиялық талдау және оның негізгі қасиеттері

Қиялдың жалпы сипаттамасы және оның психикалық іс- әрекеттегі ролі

Адам әрдайым өзін қоршаған ортамен байланысқа түседі. Секунд сайын біздің сезім органдарымызға ондаған және жүздеген әртүрлі стимулдар әсер етеді, олардың көпшілігі адамның есінде көпке шейін сақталады. Адам психикасының ең қызықты феномендерінің бірі, шынайы әлемдегі құбылыстардан алған әсер адамның есінде ұзақ уақыт сақталып қана қоймай, сонымен бірге белгілі-бір өңдеуден өтеді. Бұндай феноменнің өмір сүруі, адамның қоршаған ортаға ықпал етуі мен оны мақсатты түрде өзгертуге себепті болады.

Айта кету керек, жануардың сыртқы ортаға ықпал етуі мен сыртқы ортаның адам арқылы өзгеруінің бірқатар айырмашылығы бар. Жануардан айырмашылығы, адам қоршаған ортаға жоспарлы түрде, алдын-ала қойылған мақсатқа өз күш-жігерін жұмсай отырып, іс-әрекет етеді. Еңбек процессінде шынайылықтың бұндай сипаттағы өзгеруі, адам өз іс-әрекетінің нәтижесінен не алғысы келетінін санада алдын-ала елестеуіне әкеледі.

Мысалы: өрмекшілер тігіншілердің операциясын еске түсіретін белгілі-бір операцияларды жасайды, ал аралар өздерінің ұяшықтарын жасай отырып, құрылысшыны көз алдына келтіреді. Алайда кез-келген ең жаман маман ең жақсы арадан немесе кез-келген өрмекшіден өзінің алдын-ала құрылған жоспарымен ерекшеленеді. Осылайша, адам арқылы қандай да бір жаңа нәрсені жасау процесін қарастыра отырып, біз адам психикасының тағы бір феноменіне кезігеміз. Оның мәні адамдардың өз санасында шынайы өмірде әзірге жоқ образды жасауында, ал бұндай образды жасауға біздің өткен тәжірибеміз әсер етеді.

Адам миында бұрыннан бар елестерді мәнерлеп жаңа обыраз жасау процессі –қиял деп аталынады. Сонымен қиял-нақты шынайылықты білдіретін және осының негізінде жаңа көрініс жасайтын, түсініктерді қайта жасау процессі. Қиял, еңбек процесінде адамның белгілі-бір құралдарды қайта жасау қажеттілігінің туы негізінде пайда болды деп есептелінеді. Мысалы: адам өзінің сипаты мен қасиеті жағынан әлі толық жетілмеген еңбек құралдарын ала отырып, басқа еңбек операциясын жасау үшін қажет өзінің көзқарастарына сәйкес келетін басқа құралдарды көз алдына елестетті. Бірақ кейін адамның тарихи дамуы барысында, қиял тек еңбекте ғана емес, сонымен қатар адамдардың фантазиясында және арманында яғни дәл қазір тәжірибеде жасалуы мүмкін емес образдарда пайда бола бастады.

Қиялдың ғылыми техникада және көркем Шығармада қажетті күрделі формасы пайда бола бастады. Алайда, бұл жағдайда да қиял шынайы өмірден алынған, көріністердің қайта жасалуының нәтижесі ретінде ғана роль атқарады.

Қиял екі психикалық процесспен-ес және ойлаумен тығыз байланысты. Егер адам бұрын болған оқиғаларды көз алдына келтіргісі келетін болса, ол

еске жүгінеді. Ал бұл көріністер жаңа көріністерді жасау үшін қажет болса біз қиял туралы айтамыз.

Қиялдың образдары адамның өміріндегі шынайы образдардың жекелеген жақтарын қайта жасау жолымен жасалынады. Мысалы: Фантастикалық романдарды оқи отырып, сіз ойдан жасалынған кейіпкерлер (жезтырнақ, дәу) бәрі бір өзінің түр-келбетімен бізге танымал обьектілерге ұқсас екенін аңғарған боларсыз. Өзіміз қандай да бір нәрсені немесе оқиғаны елестете отырып, біз оны толықтай көз алдымызға елестете алмаймыз. Оқиға бір-бірімен байланыссыз фрагменттер түрінде емес, тұтастай және үздіксіз көрінуі тиіс. Осылайша, материалдардың өзіндік қайта өңделуі жүреді, яғни өндіру процессінде біздің қиялымыздың іс-әрекеті көрінеді.

Көп жағдайда қиялдардың іс-әрекеті біз ешқашан қабылдамаған объектілер мен құбылыстардың объектісін қалыптастыруда көрінеді. Тап осылайша, біз ешқашан болмаған табиғи зоналар туралы немесе әдеби кейіпкердің образы туралы көрініс пайда болады.

Қиялдардың іс-әрекеті адамдардың эмоциялық көңіл күйімен тығыз байланысты. Бақытты болашақ туралы арман белгілі-бір жағдайларда адамды негативті жағдайдан шығарады, оған дәл қазіргі уақыттағы оқиғадан шығуына көмектеседі. Яғни қиял біздің іс-әрекетімізді реттеуде үлкен роль атқарады.

Қиял біздің ерікті іс-әрекеттердің жүзеге асуымен де байланысты. Қиял біздің еңбек іс-әрекетерінің кез-келген түрінде кездеседі, себебі қандай да бір нәрсені жасау үшін, жасалынатын нәрсе туралы хабардар болуымыз қажет. Онымен қоса біз шығармашылыққа жақындай түссек, қиялдың маңызы да соғұрлым жоғарлай түседі.

Қиялдың физиологиялық негізі, нерв жүйесінің байланысының актуализациясы, оның ыдырауы қайта топтасуы, жаңа жүйеге бірігуі болып табылады. Осылайша, бұрынғы тәжірибемен сәйкес келмейтін, бірақ одан толықтай ажырамаған образдар пайда болады. Қиялдың күрделілігі, олардың эмоциямен байланысы, олардың физиологиялық механизмнің құрылымдарымен өте тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл жерде көп жағайда гипоталамо-лимбикалық жүйе үлкен роль атқарады.

Қиял көптеген органикалық процесстер мен қозғалыстарға әсер етеді. Ішкі органдарың іс-әрекетіне зат алмасу процесіне т.б. Мысалы: дәмді түскі ас туралы көз алдымызға елестетсек, бізде сілекей бөлінеді, ал күйік туралы ойласақ біздің терімізде ң күйіктің ң шынайы белгілері пайда болғандай болады. Бұндай заңдылық баяғыдан белгілі және психоматикалық ауруларды емдеуде кеңінен қолданылады. Бір жағынан қиял адамдардың қозғалыс функцияларына ықпал етеді. Мысалы: Біз жарыс кезінде стадионда жүгіріп келе жатырмыз деп елестетсек, бұлшық еттеріміздің қозғалғаны да байқалады.

Қиялдың органикалық процесстерге деген ықпалының тағы бір мысалы: қандай да бір физикалық жұмысты атқару кезінде газ алмасу процессінің өзгеруі болып табылады. Мысалы: біз өзімізді жарыста ауыр штанганы көтеріп жатырмыз деп ойлайық. Бұл жағдайда арнайы прибор газ алмасудың

интенсивтілігінің ұлғайғанын көрсетеді. Бұл құбылыс біз штанга көтеріп тұрған адамды көрген кезде де байқалады.

Осылайша, қиял адам организімінің процесстерін реттеуде де және олардың жүріс-тұрысын реттеуде де үлкен рөль атқарады.

Қиялдың түрлері

Қиял процессі ес сияқты *ерікті* (мақсатты) немесе әдейі жасалынуы бойынша бөлінеді. *Еріксіз*(мақсатсыз) жасалынған қиялға түс жатады. Себебі, онда образдар әдейіленіп жасалынбайды, және де күтпеген қызықты жағдайларға тап болады.

Ерікті қиялдың адам үшін маңызы зор. Қиялдың бұл түрі адамның алдында өзі қойған немесе басқа біреуден тапсырылған міндет бойынша белгілі-бір образдарды жасау мақсаты туған кезде көрінеді. Бұл жағдайда қиял адамның өз арқылы бақыланады және бағытталады. Мұндай жұмыс негізінде қажетті көріністерді ерікті түрде жасауға және өзгерту мүмкіндігі жатыр.

Ерікті қиялдың көптеген түрлері мен формалары арасынан жаңадан жасалынған қиял, шығармашылық қиял және арманды бөліп қарауға болады.

Қайта жасау қиялы адамға өзінің суреттеуіне толықтай сәйкес келетін обьектіні жасау қажеттілігі туған кезде пайда болады. Қиялдың бұндай түрімен, географиялық орын немесе тарихи оқиға туралы суреттеуді оқыған кезде әдебиет кейіпкерлерімен танысу кезінде кезігеміз. Қиялдың бұл формасы тек қана көруімен ғана емес, сонымен қатар есту т.б. сияқты процесспен байланысты. А.С. Пушкиннің ң Полтава ң атты поэмасын оқи отырып, біз атылған оқтың дауысын, солдаттардың айқайын, барабандардың соғуын айқын көз алдымызға елестетеміз.

Қайта жасау қиялмен біз көп жағдайда сөзбен сипаттау бойынша қандай да бір көрініс жасау қажет болған жағдайда кездесеміз. Алайда, біз бір нәрсені сөзбен емес, схема сызу негізінде жасау қажет болатын жағдайлар кездеседі. Бұндай жерде образды жасау, адамның кеңістіктегі қиялға қабілеттілігімен анықталады. Әрине, бұл қиял түрі адамның ойлау және ес процессмен тығыз байланысты.

Ерікті қиялдың келесі түрі *шығармашылық қиял.* Ол адамның жоқ үлгі бойынша жаңа образды жасауымен сипатталады. Шығармашылық қиял да еспен тығыз байланысты, себебі оның көрінісінде адам өзінің бұрынғы тәжірибесін еске алады. Сондықтан да *қайта жасау қиялы* және *шығармашылық қиялдың* арасында айқын шекара жоқ. Жаңадан жасалынған қиял кезінде көруші, оқушы немесе тыңдаушы берілген образды өзінің шығармашылық қиялының іс-әрекетімен толтырып отыруға тиіс.

Қиялдың ерекше түрі-арман болып табылады. Қиялдың бұл түрінің мәні жаңа образдарды жеке өзіннің жасауында. Арманның шығармашылық қиялға қарағанда бір қатар айырмашылықтар бар. Біріншіден, арманда адам өзі тілеген образды жасайды, ал шығармашылық қиялда адам әрқашан өзі қалаған нәрсесін жасай бермейді. Арманда адамды өзіне тартатын, өзі тырысатын белгілі-бір тілек жатады. Екіншіден, арман- шығармашылық іс-әрекетке қосылмаған қиял

процессі, яғни көркем шығарма ғылыми ашулар, техникалық ойлау табу т.б. түріндегі тез арада және тікелей объективті өнім бермейді.

Арманның негізгі ерекшелігі, оның болашақтағы іс-әрекетке бағытталғандығында, яғни арман-өзін қалаған болашаққа бағытталған қиял. Адам көп жағдайда болашаққа қатысты өз жоспарын құрады да арманында сол ойлағанын жүзеге асыру үшін жолдарды қарастырып, айқындайды. Бұндай жағдайда арман белсенді, ерікті саналы процесс болып табылады.

Бірақ кейбір адамдар үшін арман тек іс-әрекеттің орнын ауыстырушы ретінде ғана қолданылады. Олардың армандары тек арман күйінде ғана қалады. Мұндай құбылыстың себептерінің бірі, олардың әрдайым сәтсіздікке ұшырауында. Бірқатар сәтсіздікке ұшырау нәтижесінде адам өз жоспарын жүзеге асырудан бас тартады да, тек армандап ғана жүреді. Мұндай жағдайда арман саналы, ерікті процесс ретінде, бірақ аяқсыз қалатын процесс ретінде көрінеді. Арманның бұл түрі тек негативті құбылыс ретінде қаралмайды. Бұның позитивті мәні организм жүйесін реттеу механизмдерін сақтап, қамтамасыз етуінде. Мысалы: Сәтсіздік көп жағдайда адамның негативті психикалық күйге түсуіне ықпал етеді, яғни дискомфорт немесе депрессивті реакцияға түседі. Өз кезегінде негативті психикалық күй адамның әлеуметтік- психологиялық адаптациясындағы қиындықтарға себепші болатын, дезадаптивті бұзылулар мен қандай да бір аурудың преморбидті сипаттамасын қалыптастыратын факторлардың бірі ретінде көрінеді. Бұндай жағдайда арман пайда болған проблемалардан уақытша кете тұруды қамтамасыз ететін психологиялық қорғаудың өзіндік формасы түрінде роль атқарады.

Ол негативті психикалық күйдің нейтрализациясына және адамның жалпы белсенділігі төмендеген кезде реттеу механизмдердін сақтауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Айта кету керек, арманның бұл түрлері белсенді ерікті саналы психикалық процесс болып табылады. Алайда, қиял пассивті формада кездеседі. Ол еріксіз ойынмен сипатталады. Бұған мысал айтып кеткендей түс бола алады.

Егер ерікті немесе белсенді қиял әдемленіп жасалынса, яғни ол пассивті қиял ырықты және ырықсыз жасалынылуы мүмкін. Алдын-ала ойланып жасалынған мақстатты түрдегі қиял ерікпен байланысты емес образдарды жасайды. Бұл образдар адамның қиялында көрінеді. Адам өз қиялында өз күтіп жүрген белгілі-бір нәтижені ойлайды. Ал қиял іс-әрекетті алмастыра бастаса, тұлғаның психикалық өмірінде үстем ала бастаса, бұл психикалық дамудың бұзылғандығын көрсетеді. Бұл адамның шынайы өмірден алшақтап, өзі елестететін әлемге кетуіне әсер етеді. Мысалы: мектеп оқушысы сабаққа дайындалмай және дұрыс баға алмағасың, өзіне басқа бір өмірді ойлап табады.

Ырықсыз пассивті қиял сананың іс-әрекеттерінің әлсіреуі, оның бұзылуы кезінде түсте байқалады. Пассивті қиялдың айқын көрінісі, адам жоқ объектілерді қабылдайтын галлюцинация болып табылады.

Қиялдағы образды қайта жасау механизмі. Қиял процесс барысында дүниеге келетін образдар ештен пайда болмайды. Олар біздің өткен

тәжірибеміз негізінде, шынайы өмірдегі құбылыстар туралы түсініктер негізінде қалыптасады.

Образдарды жасау екі негізгі этапта жүреді. Бірінші этапта әсерлердің немесе көріністердің құрамдас бөліктерге бөлінуі жүреді. Басқаша айтқанда бірінші этап өмірден алған өз әсерлерімізді анализ жасаумен сипатталады. Мұндай анализ барысында объектінің абстракциялануы жүреді.

Бұл образдармен екі негізгі тип жасалынылуы мүмкін. Біріншіден, бұл образдар жаңа үйлесімдер мен байланыстарға қойылуы мүмкін. Екіншіден, бұл образдарға мүлдем бөлек жаңа мағына берілуі мүмкін. Қай жағдайда болмасын абстракцияланған образдармен синтез деп айтуға болатын операциялар жасалынады. Бұл операциялар қиял образдарын жасаудың екінші этапы болып табылады.

Синтездің қарапайым формасы сиглютинация болып табылады, яғни жаңа образды қиялда бір объектінің қасиетін екіншісіне қосу арқылы жасау. Аглютинацияға мысалы: кентаврдың образы, қанатты адам т.б.

Аглютинация өнерде және техникалық шығармашылықта кеңінен қолданылады. Мысалы: Монарда да Винчидің жас суретшілерге берген ақылы бәріне аян: ң Егер сен ойдан жасалынған жануарды шынайы етіп көрсеткін келсе, айталық жылан – оның басына иттің басын қой, оған мысықтың көзін, филиннің құлағын, арыстанның қасын, тасбақаның мойынын сал ң. Техникада аглютинацияны қолдану барасында автомобиль-амфибия т.б. пайда болды.

Аглютинация негізінде жататын процесстер әртүрлі. Оларды екі негізгі топқа бөлуге болады. Аналитикалық қабылдаудың жетіспеушілігімен байланысты процесстер және оймен байланысты санамен бақыланатын ерікті процесстер кентаврдың образы атқа отырған адам қандай да бір жануар ретінде қабылданған кезде пайда болды. Ал қанатты адам саналы түрде пайда болды. Себебі, ол ауада тез және жеңіл қозғалатын идеяны білдіреді.

Қиялдың образдарын қайта жасаудың неғұрлым кеңінен таралған әдістерінің бірі, объектінің ұлғайту немесе кішірейту болып табылады. Мұндай әдістің көмегімен әртүрлі әдеби кәсіпкерлер жасалынды.

Аглютинация баяғыдан бар, белгілі образдарды жаңа контекстке ендіру көмегімен жүзеге асады. Бұл жағдайда көріністердің арасында жаңа байланыстар орнайды. Осының арқасында образдардың барлық жиынтығы жаңа мағына алады. Бұл процесстің белгілі бір идеясы немесе мақсаты бар. Бұл процесс толықтай бақылауға алынады, егер бұл түс болмаса себебі, түсте сананы бақылау мүмкін емес.

Қиял образдардың қайта жасаудың неғұрлым өзекті әдістері схематизация және секцентровка болып табылады.

Схематизация әртүрлі жағдайда орын алуы мүмкін. Біріншіден, схематизация объектіні толықтай қабылданған кезде пайда болуы мүмкін. Бұл әсіресе балаларда көп кездеседі. Екіншіден, схематизацияның себебі, объектіні толықтай қабылдау барысында сондай маңызды емес, детальдармен бөліктерді ұмыту болып табылады.

Ең соңғы үшіншіде, схематизацияның себебі объектінің аса мәнді емес немесе қосымша жақтарынан саналы түрде бұрып әкету. Адам саналы түрде өз назарын объектінің маңызды қажеттері мен белгілеріне аударады.

Акцентировка образдың неғұрлым мәнді соған тән белгілерін сызып көрсету үшін қажет. Бұл әдіс шығарма образдарын жасауда процесс қолданылады. Бұл күрделі шығармашылық процесс және осы образды жасаушы адамның индивидуальды белгілі бір ерекшеліктерін көрсетеді.

Қиялдың индивидуальды ерекшеліктері және олардың дамуы

Қиял адамдарда әр түрлі дамыған және ол олардың іс-әрекеттерінде, қоғамдық өмірде әр түрлі көрінеді. Қиялдың индивидуальды ерекшеліктері адамның қиялдың даму деңгейі бойынша және образ типтері бойынша ажыратылатынымен түсіндіріледі.

Қиялдың даму деңгейі өткен тәжірибенінің мағұлматтары қаншалықты терең және айқын сонымен қатар олардың жаңалығымен осы өңдеу нәтижелерінің мәнділігімен сипатталады. Қиялдың күші мен өміршеңділігі жеңіл бағаланады, егер қиялдың өнімі шындыққа сәйкес келмесе және ғажайып образдар болса, мысалы: сиқырлы ертегілердің авторларындағыдай. Қиялдың әлсіздігі көріністерді өңдеудің төмен деңгейімен сипатталады. Әлсіз қиял ойша есептерді шешуде қиындық туғызыды. Қиялдың дамуы жеткілікті болмаса, эмоциональды тұрғыда өмірде бай және жан-жақты болмайды.

Адамдар қиял образдарының айқындылық деңгейі бойынша бөлінеді. Егер белгілі бір шкала бар есептесек, онда оның бір полюсінде қиял образдарының айқындалып өте жоғары көрсеткішті көрсететін адамдар тұрса, екінші полюсінде өте төмен көрсеткішті көрсететін адамдар тұрады. Қиялдың жоғарғы даму деңгейі өнер шығармашылықпен айналысатын адамдарда жазушы, суретші, музыкант, ғалымдарда байқалады.

Адамдар арасындаға айырмашылық сонымен қатар олардың бойындағы қиялдың белгілі бір түрінің үстем болуымен анықталады. Қиялдың көру, есту образдары жақсы дамыған адамдар жиі байқалады. Бірақта қиялдың барлық түрлері де жақсы дамыған адамдар да кездеседі. Бұлар аралас типке жатады.

Айта кету керек, адамдар дамыған бай қиялмен дүниеге келмейді. Қиял тұлғаның дамуымен оны оқыту тәрбиелеу процессімен сонымен қатар ойлау, ес, ерік және сезіммен тығыз байланыста дамиды.

Қиялдың даму динамикасын сипаттайтын нақты қандай да бір шекараны анықтау өте қиын. Қиялдың өте ерте дамуы байқалған мысалдар көп. Мысалы: Моцарт музыканы төрт жасында шығара бастаған, ал Репин мен Серов алты жасында-ақ жақсы сурет салған. Қиялдың кем дамуы адамның ұлғайған шағында бұл процесс төмен деңгейде болады деген сөз емес. Мысалы: Эйнштейн балалық шақ кезінде көзге түсе қоймаған алайда уақыт өте келе оны данышпан кемеңгер ретінде айта бастады.

Қиялдың даму этаптарын айқындаудың күрделігіне қарамастан оның қалыптасуындағы белгілі бір заңдылықтарды көрсетуге болады. Қиялдың алғашқы көріне бастауы қабылдау процессімен тығыз байланысты. Мысалы: бір жарым жастағы балалар өте қарапайым әңгімені немесе ертегіні тыңдай

алмайды. Олар үнемі басқа жаққа ауытқып ұяқтап қалады. Бірақ өздерінің басынан өткен әңгімені айтсақ ұйып рахаттана тыңдайды. Бұл жерде қиялмен қабылдаудың байланысы айқын көрініп тұр. Сәби өзінің басынан өткен әңгімені өте жақсы тыңдайды. Себебі, ол әңгіме не туралы болып жатқанын өте айқын көз алдына елестетіп отыр.

Қиялмен қабылдаудың арасындағы байланыс дамудың келесі сатыларында сақталады. Олар өз ойындарында орындықты самолетке немесе үңгірге қарап машинаға айналады. Алайда, баланың қиялындағы алғашқы образдар оның іс-әрекетімен байланысты сәби армандамайды. Ол өңделген образды өзінің іс-әрекетіне айналдырады.

Қиялдың дамуының маңызды этапы жаспен байланысты, сәби сөйлей бастаған кезде. Сөйлеу сәбиге қиялға тек нақты образдарды ендіріп ғана қоймай, сонымен қатар түсініктерді де ендіруге мүмкіндік береді.

Сөйлеу зейіннің дамуымен қоса жүреді. Сәби қабылдаған заттардың жеке бөліктерін оңай бөліп қарай алады. Бірақ жеткілікті тәжірибенің болмауынан сәби шынайылыққа жақын образды жасай алмайды. Бұл этаптың негізгі ерекшелігі қиял образдарының пайда болуының ырықсыз сипат алуында. Бұл жастағы сәбидің қиял образдары көп жағдайда ырықсыз қалыптасады.

Қиялдың дамуының келесі этапы оның белсенді формаларының пайда болуымен байланысты. Бұл этапта қиял процессі ырықты сипат алады. Қиялдың белсенді формаларының пайда болуы үлкен адамдар жағынан инициатива мен байланысты. Мысалы: ересек адам бір нәрсе жасап бер деп сәбиге ұсыныс жасаса, сурет салу тағы басқа. Ол қиял процессін белсендіре түседі. Ересек адамның ұсынысын орындау үшін сәби алғашында өзінің қиялында белгілі бір образды жасауға тиіс. Бұл процесс өз табиғатында ерікті болып табылады.

Себебі, сәби оны бақылауға тырысады. Кейін сәби ерікті қиялды ешбір ересектің қатысуынсыз қолдана бастайды. Бұл ең алдымен баланың ойында көрінеді. Олар мақсатқа бағытталған және сюжетті бала бастайды. Баланы қоршаған нәрселер оның қиялындағы образдарды іске асыру үшін материал ретінде қолданылады. Сәби төрт бес жасында сурет сала бастайды. Бір нәрсені жасап бір-біріне қосып өз ойына сәйкес іс-әрекет жасайды.

Қиялдағы маңызды қадам мектеп жасында болады. Білімді меңгеру үшін сәби өз қиялын белсенді қолданады.

Мектеп жылдарындағы қиялдың дамуының тағы бір себебі оқыту процессінде бала шынайы әлемнің объектілерімен құбылыстар туралы жаңа және жан-жақты түсінік ала бастайды. Бұл түсініктер қиял үшін қажетті негізі болып табылады және мектеп оқушысының шығармашылық іс-әрекетін дамыта түсіреді.

Қиял және шығармашылық

Шығармашылық қиялмен тығыз байланысты. Қиялдың даму деңгейімен ерекшеліктері шығармашылық үшін өте маңызды.

Шығармашылықтың психологиясы оның барлық нақты түрлерінде көрінеді. Сурет, ғылыми, әдебиет көркем өнерде т.б. Нақты адамның

шығармашылық мүмкіндігін қандай факторлар айқындайды. Шығармашылықтың мүмкіндігі адамның білімімен және олардың қабілеттілігімен сипатталады. Шығармашылық мәселесі тек психологтарға ғана қызықты болған жоқ. Неге бір адамдар бір нәрсені ойлап табады. Екіншілерінде бұндай мүмкіндік жоқ деген сұрақ көптеген ғалымдарды толғандырады. Ұзақ уақыт белгілі психологы Т.Рибоның негізделген алгоритмизация мен шығармашылық процесске үйретудің мүмкін еместігі туралы көзқарас үстем болды. Алайда бұл көзқарасқа кейін күмәндана қарай бастайды. Бірінші орынға шығармашылыққа қабілеттілікті дамытуға болады деген гипотеза шықты.

Ағылшын оқымыстысы Г.Уоллес шығармашылық процесін зерттеуге тырысты. Нәтижесінде ол төрт кезіңін бөліп шығарды.

1.Дайындық (идеяның туы)

2.Пісіп-жетілуі (концентрация)

3.Озарение (кенеттен шешім табуы)

4.Тексеру

Г.С.Альтимуллер шығармашылық міндеттерді шешудің тұтас бір теориясын жасап шығарды. Ол шығармашылықтың бес деңгейін көрсетеді. Бірінші деңгейдің мәселесі осы мақсатқа тікелей бағытталған құралдармен шешіледі. Объекті бұл жағдайда өзгермейді. Мұндай міндеттерді шешудің құралдары бір ғана арнайы саланың шеңберінде ғана болады. Екінші деңгейдің міндеттері қежетті эффекті алу үшін объектіні өзгертуді қажет етеді. Мұндай түрдегі міндеттерді шешудің құралы бір білім саласына жатады.

Үшінші деңгейдің міндеттері дұрыс шешімі жүздеген дұрыс емес шешімдердің арасында жасырылған. Төртінші деңгейдің міндеттерін шешуде объекті толықтай өзгереді. Шешімді ғылым саласында өте сирек кездесетін эффектілермен құбылыстар арасында іздеуге тұра келеді. Бесінші деңгейде міндетті шешуде барлық жүйе өзгереді. Мұнда қателіктер көп болады. Міндетті шешудің құралы бүгінгі күнгі ғылымның мүмкіндігінен тыс жатуы мүмкін. Сондықтан да бірінші жаңалық ашу керек, содан соң жаңа ғылыми негіздерге сүйене отырып шығармашылық міндетті шешу керек.

Альтилуллердің пікірі бойынша шығармашылық міндеттерді шешудің маңызды әдістерінің бірі олардың жоғарғы деңгейден төменге түсуі борлып табылады. Мысалы: егер төртінші немесе бесінші деңгейдің міндетін арнайы әдістер арқылы бірінші немесе екінші деңгейге ауыстырса, онда ары қарай варианттардың әдеттегі салмағы асып кетеді. Бұндағы бар мәселе ізденіс жиегін тез тарылту болып табылады.

Осылайша, пайда болған образдардың жеңілдігіне еріктілігіне қарамастан іс-әрекеттердің шығармашылық қайта жасалуы қиялда өзінің заңдарына бағынады және белгілі бір әдістермен жүзеге асады. Жаңа түсініктер санада болған түсініктердің негізінде анализ бен синтездің арқасында пайда болады. Қиял процессі түсініктердің құрамдас бөліктерге бөлінуінен және олардың жаңа үйлесімге бірігуімен яғни аналитикалық синтетикалық сипат алуымен анықталады. Шығармашылық процесс қиялдың күнделікті образдарын қалыптастырудағы механизмдерге сүйенеді.

5.2.Зейіннің түрлері

Зейін - адамның психикалық әрекетінің белгілі бір нәрсеге бағытталып шоғырлануы. Адам өмірінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе, таным процесінде, білім алу ісінде маңызы ерекше. Шәкірттің сабақты түсіне қоймауы, есінде дұрыс сақтай алмауы, тапсырманы орындауда қате жіберуі оған дұрыстап зейін қоймаудан болады.

Зейін қою, көбінесе, адамның айналысып жатқан іс-әрекетінің сипаты мен маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ, ол адамның жеке бас ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, талап-тілегіне, мақсат-мұратына, ерік-жігер сапаларына, темпераментіне, мінез бітіміне байланысты болады. Зейіннің физиологиялық негізін орыс физиологы, академик А.А. Ухтомскийдің (1875 – 1942) доминанта теориясы бойынша түсіндіруге болады. Бұл теория бойынша, сыртқы дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға күшті әсер етеді де, оның бір алабын ерекше қоздырады. Мидың осы күшті қозған алабы қалған алаптардағы әлсіз қозуды өзіне тартып отырады. Осыдан мидың күшті қозған алабы одан бетер күшейеді. Мұндай жағдайда адам зейінні бір нәрсеге шоғырланады да, қалған нысандарды байқамайтын болады.

Адамның зейіні *ырықты зейін*, *ырықсыз зейін* және *үйреншікті зейін* болып үшке бөлінеді. Адам өмірінде ырықсыз зейін де елеулі орын алады. Ал ырықты зейін әрекеті саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсау арқылы орындалады. Үйреншікті зейін адамның әдетіне айналып кеткен зейін. Ол арнайы күш жұмсауды қажет етпейді. Жеке адам зейінінің негізгі ерекшеліктеріне тұрақтылық, оның бір нысаннан екінші нысанға оңай ауысуы, бөлінуі, нысандарды қамту көлемі, алаң болмаушылық, т.б. жатады.[1]

Зейін басқа процестерді сүйемелдейтін субъективтік фактор. Зейінді кейде *аттенционалды әрекеттер* деп те атайды. Зейін (А.Р. Лурия)— субъектінің қажетті ақпаратты таңдап алу, қимыл-қозғалыстардың таңдамалы бағдарламасын сүйемелдеп, қамтамасыз ету және осы бағдарламаның ағымын қадағалау процесі. Зейіннің негізі ретінде тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктері, бағдарлары мен бағыттылығы тұрады. С.Л. Рубинштейннің пікірінше, зейінде сананың затпен байланысы көрініс табады. Зейін мен объект өзара әсерде болады. Бір жағынан, зейін затқа немесе объектіге бағытталады, екінші жағынан, объект зейінді өзіне аудартады. Зейіннің нақты бір объектіге бөлінуі субъектіге, яғни адамға ғана байланысты емес, сондай-ақ зейінді тудырған объектінің қасиеттері мен сапаларына да байланысты. Зейіннің оянуы— бағдарлық-зерттеудің бастамасы. В.И. Страховтың тұжырымдауынша, шынайы зейін мен шынайы зейін емеспен қатар, адамда зейінді болып көріну және зейінді емес болып көріну деген қасиеттер кездеседі. Оны ол зейіннің сыртқы формасы мен оның шынайы күйінің кейде сәйкес келмеуімен түсіндіреді.

Зейін тітіркендіргіштердің келесі қасиеттерімен ынталандырылады:

- 1) интенсивтілігі;
- 2) жаңалығы;

- 3) аффективтілігі.

П.Я. Гальпериннің тұжырымы бойынша: Зейін— бағдарлық-зерттеулік іс-әрекеттің негізгі шарты. Өзінің қызметі жағынан, зейін өзі бағытталған феноменнің мазмұнын қадағалау болып табылады. Зейінде қадағалау белгілі бір белгі, өлшем, үлгі арқылы жүзеге асады. Ал Л.С. Выготский бойынша, ырықты зейін ұғымдардың, түсініктердің дамуына байланысты, яғни берілген жайтта қалай әрекет ету қажеттілігін түсінуге, жалпы, жағдайды түсіне білуге байланысты. Адамның психикалық ұйымдасуының құрылымына сүйене отырып, зейінді:

- 1) процесс (немесе психикалық процестің жағы: сенсорлық және т.б.) ретінде;
- 2) күй (зейіннің шоғырланған күйі) ретінде;
- 3) тұлғалық қасиет (зейінділік) ретінде анықтауға болады.

Зейінің функциялары:

- 1) қазіргі сәтте қажетті психологиялық және физиологиялық процестерді белсендіріп, қажетті еместерін тежейді;
- 2) ортадан келетін ақпараттың мақсатты, ұйымдасқан түрде сұрыпталуын қамтамасыз етеді;
- 3) белсенділіктің бір объектіде ұзақ уақыт шоғырлануын қамтамасыз етеді.

Зейіннің түрлері – адамдардың зейіні ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үшке бөлінеді. Сыртқы дүниенің кез келген объектілері кейде ырықсыз-ақ біздің назарымызды өзіне тартады. Мәселен, көшемен кетіп бара жатқан адамның бояулы афишаға көзі түссе, оған мойнын бұрады не милиционердің ысқырығына жалт қарайды т.б. Адам өмірінде ырықсыз зейін елеулі орын алады. Зейіннің бұл түрі әсіресе жас балаларда жиі кездеседі. Өйткені балалық дәуірде адамның күрделі іс-әрекетке (оқу, еңбек т.б.) белгілі жүйеге келе қоймайды да осының нәтижесінде оның психикасы өте нәзік, түрлі сыртқы әсерге берілгіш келеді. Әрине,бұдан бала есейген соң, оның ырықсыз зейіні маңызын жояды деген қорытынды тумау қажет. Адам өмірінің барлық кезеңдерінде ырықсыз зейін тиісінше орын алып отырады. Қызығу – ырықсыз зейіннің бұлағы. Өйткені қызықты іске көңіліміз тез ауады. Мәселен, қызықты кітап оқуға ырықсыз зейін жеткілікті. Ал қызықсыз кітапты оқу – ырықты зейінді керек етеді. Ырықты зейінде қызығу орын алуы тиіс. Бірақ ырықты зейін де жанама, дәнекерлі қызығуды керек етеді. Мұнда адам істен шығатын нәтижеге қызығады, оны орындау үшін күш жұмсайды. Өйтпесе іс өнбейді, күткен нәтиже шықпайды.

Ырықсыззейін физиологиялық тұрғыдан барлау (*ориентировочный*) рефлек сінің жемісі болып табылады. Зейіннің бұл түрі жануарлар мен адамдардың сыртқы ортамен байланысында үлкен рөл атқарады. Ырықсыз зейін кез келген тітіркендіргіш арқылы пайда бола бермейді. Ырықсыз зейіннің көрінуіне төмендегі жағдайлар себеп болады:

- а) күшті тітіркендіргіштер (көзді аштырмайтын жарық, қанық бояулы заттар, қатты дауыс, мұрын жаратын иіс т.б.),

заттар мен құбылыстардың жаңалығы мен қозғалысы (мәселен, адамның үстіндегі киімінің өзгеруі, дыбыстың, жарықтың артуы не кемуі т.б.).

- ә) адамның сыртқы дүниедегі объектілерге қатынас жасауының дәрежесі (*қызығу, қажетсіну, көңіл күйінің хош болуы*) ырықсыз зейіннің тууына жақсы әсер етеді.
- Адамның ырықты зейіні әрекетті саналы түрде белгілі ерік күшін жұмсау арқылы орындалуынан көрінеді. Ырықты зейінде белгілі бір мақсат көздеп, объектіге ерекше зер алып отыру көзделеді, ол жұмыстың басынан аяғына дейін ерік-жігерді сарқа жұмсауды талап етеді. Ырықты зейін мынандай ерекшеліктермен сипатталады;

1.Қандай болмасын бір әрекеттің талабына сай зейініңді бағындыра алу үшін іс-әрекетке тікелей кірісу қажет.

2.Үйреншікті жұмыс жағдайын жасап алып, алаңдататын нәрселерден бойды аулақтатқан жөн.

3.Орындалатын істің мәнісін, маңызын түсіну үшін білімге шын ықыласпен берілген дұрыс.

Түрлі қолайсыз жағдайларда да жұмыс істеуге машықтану. Мәселен, көңілді алаң қылатын бөгде тітіркендіргіштердің (айқай-шу, тарсыл-гүрсілдер де) әсеріне берілмей жұмыс істей беру. Бұл зейінді шыныктырудың, оны мықты және шыдамды етіп тәрбиелеудің ең жақсы жолы болып табылады. Зейінді болуды өзіңе үнемі ескертіп отыру керек. Бір сөзбен айтқанда, ырықты зейін деп іс-әрекетті жоспарлы түрде ұйымдастыруды айтады. Зейіннің екі түрі де бір-бірінен ешқашан қалмай ілесіп отырады. Ырықты зейін ырықсызға, ырықсыз зейін ырықтыға қарай жиі алмасады. Шындығында, адамның үнемі ырықты зейін жағдайында болуы мүмкін де емес. Оқушы алғашқыда жай қызыққан нәрсесіне тікелей зейінін аударады, ал содан кейін сабақтың мақсатына қарай тікелей қызық емес басқа материалдарға да зейін қояды. Алғашқы уақытта қызықсыз болып көрінген сабақ кейін балаға түсініктібола бастайды. Бұл кезде оның ырықсыз зейіні сыртқа теуіп, ырықты зейінінің пайда бола батстағаны. Зейіннің үйреншікті деп аталатын түрі де бар. Үйреншікті зейін – адамға табиғи сіңісіп кеткен, арнайы күш жұмсамай-ақ орындалатын зейін. Мәселен, бала оқуға төселсе, бұл оның тұрақты әдетіне айналса, оның зейіні де үйреншікті бола бастайды. Қандай нәрсеге болса да үйреніп, жаттығып алған соң, адамның іс-әрекеті дағдысына айналады. Үйреншікті зейіннің де табиғаты осыған ұқсас. Өйткені үйреншікті зейін ырықты зейіннен дамып қалыптасады. Зейіннің қай түрі болмасын іс-әрекеттен нәтиже шығаруға бағытталады. Егер адам жұмысқа өздігінен беріліп істесе ырықсыз зейіні көрінеді. Бірақ ұзақ жұмысты тікелей қызығып істей беру де оңай емес. Мұндай жағдайда ырықты зейінге орын беріледі. Ылғи ырықты зейінмен жұмыс істеу де адамды қажытып шаршатады. Сондықтан адам жұмысты зейіннің осы екі түрін қатынастыра отырып, үйреншікті зейінмен істеуді әдетке айналдыруы қажет.

ПСИХИКАЛЫҚ КҮЙЛЕР

1. Психикалық күйлердің жіктелуі

Психикалық күйлер - психиканы толық сипаттайтын әлдеқайда тұрақты психикалық құбылыс әрекеті. Оларды психикалық процестер өтетін фон ретінде қарастыруға болады. Олар белсенді әрекетке жағымды не жағымсыз әсер ете алады. Бұл еңбекке қабілеттілік, шаршау, стресс, аффект т.б күйлері. Сезім - адамдардың бір-бірімен қатынас жасау қажеттігінен туындайтын және біртіндеп дамып қалыптасып отыратын жан қуаты. Мәселен, достық, адалдық сезімдері, адамда бірден қалыптаса қоймайтын белгілері.

Ал, эмоция болса, адамның түрлі органикалық қажеттіліктеріне байланысты оқтын-оқтын туып отыратын, кейде шағын, кейде күрделі, ситуациялы көріністері. Мәселен, адам қуанғаннан немесе қамыққаннан козіне жас алады, не болмаса бір нәрсеге мәз болып шек сілесі қатқанша күледі, әрине мұндай жағдайдың ұзаққа созылмайтыны белгілі.

Бұл сезім мен эмоцияның бірінші ерекшелігі. Сезімдерде мәнерлі қозғалыстар (мимика, пантомимика) жөнді байқалмайды, тұрақты терең әсерлі сезім адам психологиясындағы басты белгілердің бірі, ал эмоция болса мәнерлі қозғалыстарға бай келеді, мұнда адам өзін тек организм тұрғысынан көрсете алады.

Эмоция адамның психикалық өмірінде ең алғаш пайда болды және бала эмоцияның арқасында психикалық өмірге бейімделеді. Демек, баланы әлеуметтік айналамен эмоция ғана біріктіреді.

Адамдардың рухани өміріндегі ұят, қуаныш, үрейлену, таң қалу т.б. түрлі уайымдар бір-бірін өзара орын ауыстырумен толықсуын эмоция деп атаймыз.

Эмоция - бұл ерекше психикалық құбылыс, әсерімен бірге, адамдардың уайым түрінде өзіне пайдалы әртүрлі құбылыстар мен заттардың субъективті бағалануы мазмұнының көрінісі. Эмоция адамдарға қоршаған әлемді тануға бағыт-бағдар береді: пайдалы-зияндылығы, негізді-негізсізділігі т.б. Эмоцияналдық бағыт-бағдармен рационалды бағытының ерекешелігін қарастыратын болсақ, мынадай өзгешеліктерді байқауға болады: арнайы оқытуды талап етпейтін (яғни, туа біткен), ақпаратты алу жағдайының шектелу мүмкіндіктері нашар түсінбеушіліктер және қысқа мерзімді (жиі тылсым) ырықсыз бағыт-бағдарлар. Кез келген адамда пайда болатын эмоция оның негізгі ішкі өмірлік сигналы болып табылады және келесі ойымен әрекетін басқарып бағдарлайды. Мұның анық себептері мен негізін жөнді ақылмен түсінбеуі мүмкін. Бірақ олардың дәлдігіне сенімді болуы шарт. Тұлға деңгейінің ішкі сенімділігі әрқашанда жоғары эмоционалды түрде қалады.

Эмоционалдық құбылыс құрылымында үш компонентті көрсетуге болады: пәні, эмоционалды уайым және қажеттілік (мотив-түрткілер).

Эмоция пәніне адамның өмірінде эмоционалдық уайымдардың тууына байланысты кез-келген адамға мәнді құбылыстардың көрінісі. Олар мынадай болуы мүмкін: емтиханда алған баға, жұмысқа кешігу, табиғат құбылысы,

біреулердің қылығы және ой-пікірлер т.б. Мұндай мағыналы уақиғалар мен жағдаяттар эмоциогендік деп аталады. Бұл эмоциогендік жағдайлар кездейсоқ ойламаған (стихиялық) немесе біреудің көздеген ойынан тууы мүмкін. Уайымдар эмоция пәнінің мазмұнын анықтайды.

Эмоционалды уайымдар эмоционалдық құбылыстардың негізгі компонентін құрайды, яғни адамдардағы эмоциогендік жағдаяттарда кездесетін қақтығыстар: түсінбеушілік, шошу, таң қалу т.б. субьективті реакциялар туғызады. Эмоционалдық уайымдар адамдарда әрқашан ырықсыз және ырықты саналы түрде туып отырады. Эмоционалды уайым түрлі деңгейде саналы және адамның ішкі рухани әлемін (зейінін, ойлауын, есін, қабылдауын), физиологиялық процестерін (жүрек қан—тамырларын, тыныс алу, ас қорыту т.б.) өзгертеді.

Қажеттілік эмоционалды құбылыстың үшінші компонентін құрайды. Қажеттілік адамның ішкі психологиялық негізі (көрсеткіштері) болып бағаланады. Болып жатқан немесе өтіп кеткен жағдаяттардың мәні қәзіргі жағдайда өзекті қажеттілігімен белгілі бір мөлшерде байланысы, қажеттіліктерге кедергі немесе қанағаттандыруға жағдай жасау. Мағыналық әрқашанда қажеттіліктермен белгіленеді. Мағыналық жағдайлардың болмауында эмоция көрінбейді. Мысалы, аш адамда эмоциялық уайымдармен байланысты көп жағдаяттар туындайды. Бірақта сол жағдаяттар тек тамақ қажеттілігін қанағаттандырғаннан кейін адамға мағынасы мәнсіз болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, эмоционалды уайымды адамға мағыналы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін және адамның өмірлік түрлі жағдаяттарының түрткілеріне субьективті реакция болып қарастырылады.

Тұрақсыз әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық жағдай өскелең ұрпақтың және тұлға дамуындағы әртүрлі ауытқулардың өсуіне бейімделтеді. Біріншіден, зорлық-зомбылық, ұрыс-тартыс, қажеттіліктерін қанағаттандырмаған жағдайда, криминалды оқиғалар жиі ұшырасқанда адамдарда эмоционалды шиеленісу болады. Екіншіден, әлеуметтік ортадағы жағымсыз, қолайсыз оқиғаларды көрсету психикалық денсаулыққа, психикалық көңіл-күйге, яғни осы өмірге деген қорқыныш, сенімсіздік пайда болады. Мысалы, қоғамда қауіптіжағдай кездескен жағдайда, мен өзімді осы жағдаймен күресудің әдіс-тәсілдерін, ыңғайын іздестіруім керек.

6.2. Эмоцияның функциялары

Эмоциялар адамның әлеуметтік болмысын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық құрал болып табылады. Сондықтан да олар адамда оның ішкі (жан) дүниесінің қажетті жағы ретінде пайда болады және онда өмір сүреді. Эмоциялар мынадай функцияларды атқарады: бағалаушы, сигналдық, оятушы және коммуникативті, сонымен қатар физиологиялық және танымдық процестерге әсер ету функциясын атқарады.

Эмоцияның алгашқы және маңызды функциясы адам үшін қоршаған заттардың, құбылыстардың адамдардың әсерлі оқиғалардың өз ойларының

жоспарларының шешімдерінің және т.б. субъективті мәнін бастапқы бағалау болып табылады. Эмоциялар адам үшін әртүрлі өмірдегі оқиғаларда, адамдарға және өзіне, заттар мен құбылыстарға жылдам және сенімді бағдар жасауға мүмкіндік беретін өзінше бір іштегі компас ролін атқарады. Бізге эмоциялық бағалаулар интеллектуалды бағалауға қарағанда сенімдірек және жеке мәнге ие болады. Сондықтан да біз оларға сенуге және бағынуға бейімбіз. Мысалы, кез-келген темекі шегетін адам никотиннің зияндығын біле тұрса да, темекіні тастамайды. Бұл білімі оған қатысы жоқ абстракция сияқты болады. Адамның темекіге деген қарым-қатынасын өзгерту үшін сол адам темекінің зияндығын эмоциялық тұрғыда басынан кешіру керек.

Эмоциялар адамға оның қажеттілігінің күйі туралы сигнал беріп тұрады. Бір нәрсеге деген мәжбүрлік өзектілігінен, сәйкесінше эмоциялық күйзелістер (ашығу, қызығу) туады. Олар қажеттіліктер деп аталады. Қажеттіліктің күйіне байланысты күшеюі, азаюы, мүлдем жоғалып кетуі, белгісі бойынша қарама-қарсыға ауысуы мүмкін. Қажеттіліктің өмір сүруінің эмоциялық негізі мен субъективті формасын құрайды.

Эмоциялар оятушы фукцияларды да атқарады, яғни белсенділіктің қайнар көзі болып табылады. Эмоциялардың оятушы мүмкіндіктері тікелей олардың күші мен белгісіне байланысты. Мысалы, бұл жерде қатты және жай ауруды, үрейді, ұятты және кез-келген басқа эмоцияларды салыстыруға болады. Белсенділіктің бағыты эмоцияның белгісімен анықталады. Жағымды эмоциялар эмоциялық жағдайға бағытталған әрекеттерді оятады.

Әсіресе қуаныш эмоциясы осы жөнінде ғалым Р.Х.Шакуров өте жақсы айтып кеткен. (Психология эмоции. Новый подход – журнал ңМир психологииң, 2002, N4). Біздің бойымызда қуанышымыз өмірге деген қызығушылығымызды шақырады және сол арқылы дем береді. Қоғамға пайдалы шындық біздің бойымызға қуаныш әкеледі.

Жағымды эмоциялар адам өмір жолын таңдау барысында өмірлік бағдар береді (×уприкова Н.И. Эмоциональные сигналы, Определяющий выбор жизненного пути. Журнал ңМир психологииң, 2002, N4, стр. 44-47).

Жағымсыз эмоциялар керісінше ояту функцияларын орындайды.

Эмоциялар адамның физиологиялық функцияларына өте қатты әсер етеді, себебі эмоция олармен қосылып ортақ психофизиологиялық жүйені құрайды. Сондықтан да эмоциялар әрқашанда ағзаның азды-көпті өзгерістерімен бірге жүреді. Физиологиялық фукнцияларды эмоция арқылы реттеу мүмкіндіктері өте көп. Олар әртүрлі бағытта ондаған, жүздеген есе өзгеруі мүмкін: күшеюі, әлсіреуі, тіптен толық өшіп қалуға дейін, жақсаруы, паталогияға дейін нашарлауы, жылдамдауы, баяулауы және т.б. Көптеген аурулар және уақытынан бұрын қартаю немесе жасару эмоциялық негізде пайда болады.

Эмоциялар адамның санасы мен танымдық процестеріне де дәл осылай әсер етеді. Эмоциялардың әсерімен олардың мүмкіндіктері мен фукнциялық сипаттамалары қатты өзгеріске ұшырай алады (жақсарады немесе нашарлайды). Мысалы, адам қатты стрестің әсерінен ойлауы, есте сақтауы, зейінін тұрақтандыруы, нашарлауы, өзі әрекеттерін саналы бақылауының

төмендеуі мүмкін. Эмоциялық механизмдердің негізінде творчествалық ойлау мен қиял жұмыс істейді. Эмоциялық күйде болмаған оқиғалар бейтарапқа қарағанда жақсырақ есте сақталады.

Эмоцияның бұл функциялық ерекшеліктерінің практикалық мәні маңызды.

Эмоциялар ішкі психикалық процестер болып табылады. Бірақта олар сырттай жақсы көрінеді: мимикадан, көзқарасынан, әрекеттерден, қимылдан, елестен, интонациядан және сөйлеудің басқа да ерекшеліктерінен. Бұл басқа адамдардың эмоциялық күйін түсінуге және олармен нәтижелі қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Эмоцияның формалары және негізгі түрлері

Көрсеткен қасиеттері теориятикалық жағынан есепке алып, эмоцияның формаларын және сансыз көп түрлеріг айқындауға болады. Бірақ белгілі жақсы кербіреулері ғана жеткілікті суреттелген. Мысалы, американдық психолог К.Изард фундаменталды он эмоциялардың түрлерін көрсеткен.

Қызығушылық-қозу жағдаяттарға сыйю, ой-өрісті кеңейту, білу, зерттеу ықыласы, біреуге немесе бір нәрсеге әуесқойлық және сезім құшағында күйзелу. Тиімді, әсіресе, танымдық мотив (түрткі) іс-әрекеттің мағынасына сәйкес және күштілігі жеткілікті көрінеді. Қызығушылыққа қарама-қарсы эмоцияны зерігу деп атаймыз . Ол монотондық жағдайда туады. Субъектінің тиісті пәнімен немесе ақпараттармен ерекше қарым-қатынас және жаңа жағдаяттармен қақтығысқанда қызығушылық эмоция күшейеді. Таңырқау, қызығу эмоциясына жақындау, қарама-қайшылық, ерекшелік, жаңа ұқсас жағдаяттарда туады. Бірақ, тез уақытта өтетін эмоция болып көрінеді. Күшті танымдық мотив ретінде көрінеді, соңғы әрекеттерді итермелейді, яғни, айқындау, білу, анықтау, көз жеткізу т.б.

Қуаныш эмоциясы адамның мүмкіншіліктері және негізгі тұлғалық қасиеттерін жүзеге асыруда пайда болады. Қоршаған әлеммен және басқа адамдармен, өзімен қанағаттану сезімімен және өмірге қанағаттану күйі. Оптимизм және мүмкіншілігін кеңейту күштің көбею сезімінен байқалады.

Эмоция азабы өмірлік мақсатқа жетуге ұмтылысқа кері әсерін тизе отырып туындайды. Азапқа, жеке ар-намысқа тию, адамдардың қорлауы, алаяқтық, қуаныш күйін талдау, адам құндылықтарын келеке етуіне себеп болуы мүмкін. Адамдарғы азапқа қарысы болып, кек алу мақсаты күш береді. Күшті азап аффектіге және ашық күреске айналып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда адам өзіндік бақылауын, саналы түрде басқару мүмкіншілігі шектеледі, тіпті өз әрекетін жоғалтады. Көп жағдайда азап басқа адамдарға қарсы бағытталуы, сондай-ақ ол бағыт өзіне бағытталуы мүмкін.

Ұялу эмоциясы субъект өзіне, көзқарасына, ойына, тұлғалық қасиетеріне, қатынастарына, сыртқы ерекшелігіне сәйкес емес әрекеттерін жасаған кезде туады. Бұл күйзелісте субъект өзін басқалармен салыстырғанда жаман, қолынан ештеңе келмейтін, әлсіз, кішкентай, ешнәрсеге жарамайтын, ақымақ, тартымсыз, жол болмағандай сезінеді. Оған басқалар оның кемшіліктерін көріп, жек көретіндей көрінеді. Сондықтан ол басқа адамдардан өзін алшақ ұстап, жат жүруге даяр болады. өялудың жеңіл формасы қызару. өялу интеллект жұмысын

тоқтатады, адамның әрекеті мен қылықарына қатты әсер етеді, сананы жаулап алады. Тұлғаны қорғаныш механизмдері белсендіреді. Өмірдегі түрлі жағдайлар ұялу мен одан адамгершілік деңгейде құтылу – тұлғалық борыш.
Ұялуға қарама-қарсы эмоциялық күй – мақтаныш эмоциясы. Ол моральдық-эстетикалық талаптардың жоғары деңгейінде туындайды. Ол өзінің мағыналығын, артықшылығын, құндылығын басқа адамдардан жақсы лебіздер естіген кезде сезінеді. өялу мен мақтаныш эмоциясы негізінде адамда өзіне қатысты тұрақты дамуы жүреді.

Айну эмоциясы субъектінің моральдық-эстетикалық талабына сәйкес емес жағдайларда, объектілерге, құбылыстарға немесе адамдарға туындайды. Бұл адамның қылықтары, ойлары, тілектері, нақты заттары, іс-әрекет кемістігі және т.б. Айну эмоциясы сәйкес объектіні өзгертуді, жақсартуды, жетілдіруді, жою немесе алшақ жүруді тудырады.

Жек көру эмоциясы айнуға мағынасы ұқсас келеді, бірақ өзінің қосымша ерекшелігі бар. Ол сәйкес объектіні өзгертуді, жақсартуды, жетілдіруді, жою немесе алшақ жүруді тудырады. Сонымен қатар ол жек көрген адамнан немесе топтан өзін алшақ ұстап, өзінің артықшылығын, ар-намысын сезінеді.

Өзін кінәлау эмоциясында адам өзінің кінәсін мойындайды, өзінің оған қатысын немесе шығынға жауапкершілігін, басқа адамдардың жайсыздығын, жолының болмауына өзін кінәлі сезінеді. Бұл кезде ол өзін-өзі кінәлайды және өкінеді (үлгерген жоқпын, істей алмадым, ескерте алмадым, кең пейілдік көрсете алмадым және т.б.), көбінесе өзінің кінәсін ақтауға тырысады (зардап шегінуге көмектесу, кешірім өтіну, түсіндіруге тырысу). Тұлғаның негізгі кемелдену көрсеткіші – ол өзінің қылығына жауап беру және кінә сезімін сезіну, кінәсін ақтауға тырысу.

Қорқыныш эмоциясы адамның тұлғалық немесе дене бітіміне өмірінде қауіптің төнуі кезінде пайда болады. Қауіп төну деңгейіне байланысты сенімсіздік жағдай, мазасыздану, жамандықты сезіну, қауіптілігін қамтамасыз ете алмау, қауіп, күшті қорқыныш бақылауға келмейтін аффектіге айналуы мүмкін. Адам өзінің күштілігі немесе батылдығы осы сезімдерден өткенде бағалайды.

Кез-келген адамның өзінің қайталанбас эмоционалдық қоры болады. Бұл нақты эмоциялық бейімділікте: қуанышта, қайғыда, қызығуда, кінәні сезінуде көрінеді. Эмоционалдық таңдауына байланысты тұлғаның эмоционалдық типтерін анықтауға болады.

Эмоциялық күйзелістердің негізгі қасиеттері

Адамның эмоциялық өмірі бірінен соң бірі келетін күйлердің әр-алуандығымен және қайталанбайтындығымен ерекшеленеді. Бірақ та эмоциялар әр-алуандығына қарамастан мынадай ортақ қасиеттермен сипатталады: сапалы белгі, интенсивтілігі мен ұзақтығы. Олардың қасиеттерімен арақатынасына байланысты эмоцияның түрлері мен формаларын ажыратуға болады.

Эмоцияның көрінісі – бұл әрбір күйзеліске өзгешелік пен қайталанбастық беретін сапалы сипаттама. Ол эмоцияның негізінде жатқан қажеттіліктің

сипатымен анықталады. Әрбір қажеттілік жеке, тек соған ғана тән эмоциялық бояумен бірге жүреді. Мысалы, тамаққа деген қажеттілік эмоциялық бояудың бір типін, танымдық - екіншісін, жыныстық - үшіншісін тудырады. Сәйкесінше боялуына байланысты эмоцияларда қажеттілік қанша болса, қажеттілік соншама болады.

Эмоциялық көрініс сөзбен жеткізу мүмкін емес. Оны тікелей бастан өткізу керек.

Эмоцияның белгісі эмоция қандай болса да субъективті жағымды және жағымсыздығына сәйкес келеді. Ол сәйкес эмоциогенді жағдаяттың пайдалы-зияндығының субъективті көрсеткіші болып табылады. Белгісіне байланысты жағымды, жағымсыз және екі жақты (амбивалентті) эмоцияларды атайды.

Жағымды эмоциялар ситуацияны және оқиғаның адам үшін пайдалы екендігін көрсетеді Олар қажеттіліктер қанағаттанғанда немесе осыған септігін тигізетін жағдаяттарда пайда болады. Жағымды эмоциялар адамға пайдалы. Біздің рахаттануға деген талпынуымызда осыдан қанағаттанбаушылықтан туатын жағымсыз эмоциялар адам үшін сәйкес жағдаяттар мен оқиғалардың зияндығын көрсетеді. Олар қажеттіліктердің ұзақ қанағаттанбауынан және соған кедергі келтіретін жағдаяттарда пайда болады. Олар сәйкес жағдаяттардан шығу, жеңу немесе жоюға бағытталған әрекеттерді оятады. Екі жақты эмоциялар белгілі бір арақатынаста жағымды да, жағымсыз да күйзелістерді қатар алып жүреді. Олар адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделілігін және қарама-қайшылықтығын көрсетеді.

Эмоцияның күштілігі- бұл олардың сандық сипаттамасы. Ол екі фактормен анықталады: сәйкес қажеттіліктің қанағаттанбағандық деңгейімен және оның қанағаттануына әсер еткен жағдайлардың күтпеген жерден болғандығымен.

Бұл жердегі заңдылық мынада: қажеттілік және субъект үшін оның қанағаттануына кедергі келтірген жағдайлардың ойламаған жерден болуы қандай күшті болса бұл жердегі эмоцияның күйзелісте сондай күшті болады. Осы факторлар арқылы адамның эмоциялық реакцияларын басқаруға болады, яғни олардың күшеюі немесе әлсіреуіне әсер етуге болады. Күштілігіне байланысты эмоциялардың көп түрін бөлуге болады. Аз көрінетін және нашар сезілетін түйсінудің эмоциялық жағынан бастап, күшті, қысқа уақыттық, бақылауға және басқаруға келмейтін аффектермен аяқтауға болады.

Ұзақтық эмоцияның уақытша сипаттамасы болып табылады. Ол адамның эмоциогенді жағдаяттармен (шынайы немесе ойдағы) байланысының ұзақтығына байланысты және сәйкес қажеттілік қанағаттанбаған күйде тұрған уақытқа байланысты. Осы факторлар арқылы эмоцияның ұзақтығын алдын-ала өзгертіп, яғни оның созылуына немесе қысқаруына әсер етуге болады. Созылу уақытына байланысты эмоцияның түрлері өте көп, қысқа уақыттың аффективті реакциядан бастап бірнеше күнге созылатын эмоциялық күйлермен аяқтауға болады. Мысалы ретінде көңіл-күйді алуға болады.

Қазіргі кезде балалар эмоциясына көп әсер ететін теледидардағы бағдарламалар мен компьютерлер. Қазіргі адамның өмірі түрлі техникалар мен электроникалар адам тұрмысы мен өмір сүруін жеңілдетеді, бірақта ар-

намысына тырысып, биік деңгейде өмір сүру үшін не керек? Рухани, моралды құндылықтармен байытып (жәрдем беру, адамгершілік, өнерге, әдебиетке, поэзияға т.б.) толықтыру қажет. Мысалы, адамдардың өмірін компьютермен салыстырсақ, компьютердің адамдарға қарағанда мүмкіншіліктері біршама артық. Компьютер адамдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында, өндірісте, оқуда тиімді (жеңілдету, тездету, тереңдету) жағдайларды туғызады, техникалық, экономикалық прогреске жол ашады. Бірақта ақыл-ой еңбегін жеңілдете отырып, ол адамның жалпы дамуын шектейді, яғни ақыл-ой дағдылары тиісті деңгейге көтерілмейді. Балалардың қиялына, логикалық ойлауына, ырықты ес процестеріне тиісті тосқауыл қояды. Компьютер балалардың ішкі әлемін өз экраны сияқты тарылтады. Олардың ақыл-ойын қарапайым сезімсіз интегралды сұлбаға айналдырады. Компьютердің есінде жан, жоғары сезім туралы түсінік жоқ. Тек қана жан адам баласының ойын мынадан: өзара тақыр есептесуден сақтайды. Жан ғана адамның ақыл-ойын жоғары сезімдермен (жоғары махаббат, адамдарға ақ ниетпен қарау, әлемді сүю т.б.) сәулелендіреді. Дамыған жан адамның ақыл-ойын қатыгез, салқынқандық, адамзатқа зиян келтіретін ойлардан сақтайды. Осыны түсіне отырып, белгілі неміс жазушысы Ремарк былай деп жазған: ң Мен ғажап уақытта өмір сүргенмін, талай ғылым жетістіктеріне (газ пеші, электрлі тұрмыс құралдары т.б.) куәгері болдым. Көп қиындықтарды ғылым арқылы жеңдік. Бірақ та адамдар осы уақыттың арасында өзгерген жоқ. Адамдар бір-біріне жақын болғысы келмейді және жақсармады.

Қорыта айтқанда, адамдардың сезімдерін байытуда ғылымның, техиканың түрлі жетістіктері басты рол арқармайды. Адамдарға жоғары сезімдер ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық сезімдер қажет.

6.3. Сезім мен оның түрлері

Ақыл-ой сезімі адамның таным қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Таным қажеттіліктерін оятатын көркем әдебиет, теледидар, өнер, компьютер бағдарламалары. Кітап арқылы адам өзін және басқа адамдарның эмоциялық әлемін таниды, өзінің эмоционалды күйін бағалайды және реттейді, өзін өзгертеді, өмір талабына сай қалыптастырады. Бірақ кітап адам өмірінің барлық кезеңін көрсете алмайды, тек ерекше, есте қаларлық жағдайларды береді. Ол адамдардың эмоциялық қуаттарын - қалыптасқан ойларды жинақтайды, тұтынушы, насихаттаушы және ұйымдастырушы қызметтерін атқарады. Қоғамның эмоциялық жағдайларына бағыт-бағдар береді (Бездидко А.В. Книга эмоциональной сферы человека. Журнал ңМир психологииң, 2002, N4, стр. 85-89).

Эстетикалық сезім адамдардың сұлулыққа, әсемділікке, табиғатқа деген сезімін ояту. Өнер, музыка, көркем шығармалар, шешендік өнер, поэзия, республикада кең таралған көрермендердің көңілінен шыққан, жүрегіне жол тауып баурап алатын ақындар сайысы, адамның жан дүниесін тереңдетіп оны шабыттандыра түседі.

Адамгершілік сезім демократия және гуманистік, гуманитарлық үстемдік ететін қоғамдағы адамгершілік сезімдер – борыш сезімі, әр адамның өз халқы алдындағы азаматтық қасиеттерін құрмет тұтуы. Мысалы, адамзатқа белгілі тарихи тұлғалар өздерінің кең рухани байлықтарымен және адамсүйгіштік қасиеттерімен қадірлі болған. Олар Сократ, Платон, Аристотель, Мухаммед Пайғамбар, Ибн-Сина, Әл-Фараби, Абай, Алтынсарин, Шоқан, Ыбырай т.б. Қазіргі кезеңде өріс алып кетуіне байланысты жастарымыздың сана-сезімін уландырып, ұлттық менталитетімізге жат жәйттерді, құбылыстарды болдырмау үшін жасөспірімдердің жоғарыда айтқандай биік сезімдерін жаңа білім, тәрбие технологиялары арқылы сусындап, қаруландыруымыз қажет.

Сезімдердің психологиялық сипаттамасы

Сезімдер деп тұрақты, эмоционалды боялған тұлғалық құрылымдарды айтамыз, онда адамның біреуге немесе бір нәрсеге деген қатынасы бейнеленеді: біреуге деген махаббат сезімі, патриотизм сезімі, ұят сезімі, т.б. Сезім мәнді эмоционалды бастан кешірулердің жалпылау аккумуляциялау механизімі негізінде пайда болады. Сәйкес эмоциялар формасында оларды адам саналайды. Мысалы, егер бір адамның әрекеттері ылғи да бізде жек көру эмоциясын тудырса, бұл сол адамға кездескен сайын (ол өзін дұрыс немесе дұрыс емес ұстаса да) әркез тұрақты жек көру сезімінің пайда болатынына алып келеді. Әрбір сезімде сәйкес эмоцияларды бастан кешулердің жеке тәжірибелері шоғырланған. Сезім қаттырақ болған сайын, онда эмоционалды күш те көбірек болады. Сондықтан сезімдер ылғи да өз-өзінің мәнін құрайтын терең интимді тұлғалық құрылым ретінде бастан кешіріледі. Оларды тұлғаның эмоционалды негізі ретінде анықтауға болады. Әйгілі орыс психологы В.И. Мясищев қатынастарды тұлғаның құраушы компоненттері ретінде, ал тұлғаны қатынастар жүйесі ретінде қарастырды.

Сезімдер ояту, мағыналық бағасы, жүріс-тұрысты реттеу, ағза жұмысын реттеу, адамның жан дүниесін реттеу (арман, ой, тілек, шешім, еске түсіру, т.б.) сияқты қызметтерді атқарады. Сезімдерді функциялар, заттық мазмұн, эмоционалды бояу, күш, тұрақтылық, саналау деңгейі, белгі сияқты параметрлермен сипаттауға болады.

Нақты адам, әлеуметтік топтар және қоғамдастықтар, мемлекет, отан, құдай, эстетикалық объектілер, іс-әрекет, білімдер, мәдениет т.б. барлық мүмкін заттары сезімдер мазмұны бола алады. Осыған сәйкес өнегелік сезімдерді (махаббат, сыйлау, жек көру және т.б.), патриоттық сезімдерді, діни сезімдерді, эстетикалық сезімдерді, практикалық сезімдерді, интеллектуалды сезімдерді т.б. бөлуге болады. Сезімдердің эмоционалды боялуы бастан кешулердің сапалық боялуымен анықталады. Сезімдердің эмоционалды боялу диапазоны өте кең. Эмоциялар қанша болса, олар да сонша көп. Сезімнің күші мен тұратылығы сезім бағытталған сәйкес объектінің адам үшін маңыздылығымен, онда жиналған эмоционалды бастан кешулердің санымен анықталады. Сезім объектісі қаншалықты маңызды болса және онда бастан кешулер қаншалықты көбірек жинақталған болса, ол яғни сезім соншалықты күшті және тұрақты болады. Ең күшті және тұрақты сезімдер оның

көзқарастарын, құндылық бағыттарын, пікірлерін, яғни тұлға ядросын (орталығын) құрайды. Сезімдер саналанудың тұрлі деңгейіне ие және белгі бойынша ерекшеленеді.

Сезімдерді тәрбиелеу және адекватты өзгерту психология, психиатрия және психокоррекция аймағындағы мамандардың, педагогтардың және ата-аналардың ғана емес, қоғамның өте маңызды міндетін құрайды.

Адам тек түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлау арқылы дүниені танып қана қоймайды, оны сонымен қатар өзгертеді, оған ықпал жасайды әрі өзінің қажеттіліктеріне орай бейімдейді. Алайда қажетті нәтижеге жету үшін адамға белгілі бір күш жұмсауына және кездескен кедергі мен қиындықтарды жеңуіне тура келеді. Жалпы адамның өз көңіл қалауына, тілектеріне қарамай істеуге мәжбүр болатын, бірақ қажетті әрі саналы түрде ақыл-парасатқа негізделген әрекеттердің тууын қамтитын психикалық реалдықты, болмысты түсіндіру үшін ерік деген ұғымды қолданамыз. Қазақ тілінде ерік сөзіне синоним ретінде қайрат, күш-қуат, қажыр, жігер, ырық сияқты сөздерді пайдаланады. Отандық психология ғылымының негізін қалаушы Жүсіпбек Аймауытұлы 1926 жылы жазылған “Психология” кітабында: “Ішкі өмірдің барып-барып тиянақтайтын жері – амал (іс) мен сыртқа шығу, осыны қайрат дейді. Қайрат кең мағынада да, тар мағынада да жүретін сөз”- деген түсінік беріп кетеді. Кең мағынасында, қайратты іс-әрекеттерге итеретін жалпы қабілеттер, ал тар мағынада зейіннің міндетті қатысуын талап ететін, санаға салу мен ақылмен шешу арқылы жүзеге асатын қасиет ретінде сипаттайды. Ж. Аймауытов “Олай болса, қайрат... бірімен-бірі алысқан бірнеше пернелердің (елестердің) жүйелері болғанда орын алатын нәрсе екен; *қайрат* сана майданы күрделі болудан тұратын нәрсе екен.”-деп жазады. Жалпы қазақы ойлау жүйесінде “ерік” сөзінен гөрі “қайрат” сөзі көбірек қолданылғанын Абай, Шәкерім, Мағжан Жұмабаев шығармаларынан да байқауымызға болады. Мәселен, М. Жұмабаев “Педагогика” (баланы тәрбия қылу жолдары) атты кітабында “... бір мақсатқа жету үшін жанның аңды (саналы- Ж.С) ұмтылуы қайрат деп аталады. Әрине, жан құр ұмтылып қана қоймайды, сол ұмтылғанын болдыру үшін денені іске қосады. *Жанның қайрат күші арқылы істелетін ісі ерікті іс деп аталады*”- деген анықтама береді. Және қайраттың тартылу,ұмтылу және тілеу сияқты түрлерін бөліп көрсетеді әрі оның қалай жасалатынына түсінік береді.

6.4. Тұлғаның ерік сапалары және олардың дамуы

Ерік деп адамның өзінің психикасы мен қылықтарын саналы басқару қабілетінен көрінетін қасиетті атайды. Ол саналы қойылған мақсатқа жету жолында кездескен кедергілерді жеңуден көрінеді. Ерік адам психикасының маңызды құрауышы болып табылады және мотивтермен, таным және эмоциялық процестермен тығыз байланысты. Еріктің негізгі функциясы (қызметі) өмір әрекеті барысындағы қиын жағдайларда белсенділікті саналы түрде реттеуден тұрады. Сонымен қатар, еріктің өзге екі қызметін бөліп көрсетуге болады: *белсендіруші* және *тежеуші.*

Еріктің арқасында адам өз қалауы бойынша, саналы ұғынылған қажеттіліктен шыға отыра, алдын ала ойлаған, жоспарлаған әрекеттерін жүзеге асыра алады. Ерік белгіленген мақсатқа жету жолында адам бойын кернеген эмоция мен сезімдерді тежеп отыратын, қуаныш пен қызығу тудырмайтын, алайда қажетті іс үшін жағымды жайттардан бас тартуға мәжбүрлейтін мінез-құлықтың реттеуші қасиеті боп табылады. Сонымен, ерік бір жағынан, адамның әрекетін бағыттайды не тежейді, екінші жағынан, белгілі бір талаптар мен міндетттерден шыға отыра психикалық іс-әрекетті ұйымдастырады.

Еріктік реттеу пайда болу үшін белгілі бір шарттар болуы тиіс. Ең әуелі-кедергі-қиындықтардың болуы. Адам мақсатқа жету жолында қиындыққа кездескен жағдайда ғана ерік көрінеді. Бұл кедергілер сыртқы не ішкі болуы мүмкін. Сыртқы кедергілерге уақыт, кеңістік, заттардың физикалық қасиеттері, өзге адамдардың қарсы істелетін әрекеттері жататын болса, ішкі кедергілер мазмұнына- адамның қатынасы мен бағдары, білімінің аздығы, еріншектігі, енжарлығы,ықыластың жоқтығы, шаршауы, сырқат күйі және т.б. кіреді. Сыртқы және ішкі кедергілер санада бейнелене отыра, еріктік күш салу тудырады. Ол қиындықты жеңге қажет тонус жасайды, жұмылдырады.

Өмір практикасында жеке қылықтар мен әрекеттерден тұлғаның еріктік ұйымдасуы қалыптасады. Еріктік қасиеттер тұлғаның ажырамас белгісіне айналады.

Адам мақсатқа жету үшін ақыл-ой мен дене күшін саналы түрде бағыттауы мүмкін. Мәселен, адам мүлтіксіз, өте дұрыс және қажетті шешімдер қабылдайды делік. Алайда, сол шешімді орындау үшін күш-қуатын жинап, жұмылдырмаса, яғни, азды-көпті күш жұмсамаса, онда ол өз мінез-құлқын игеруде дәрменсіздік көрсетеді. Бұл жағдайда алға қойған істі практика жүзінде орындаудың дұрыс жолы табылғанымен шешім орындалмай қалды. Оларды жүзеге асыруға ерік күші жетпей қалды. Демек, бір нәрсені саналы ұғыну дегеніңіз әрекет жасаумен барабар емес. Ерік дегеніміз, И.М.Сеченовтың сөзімен айтқанда - сезімнің әрекет жағы. Біздің толғаныс-тебіреністеріміз, яғни сезімдеріміз мазмұнды болады. Күнделікті өмірде біз түсініп қабылдағандарымызды не ұғынғандарымызды ғана емес, осы мазмұнға сай туатын тебіреністерді де басшылыққа аламыз. Сезім әрекет, қылықтарға итермелеу рөлін атқарады. Сондай-ақ көңіл-күй мінез-құлықты ұстамды ету құралы да бола алады. Мәселен, ұят сезімі жағымсыз қылық жасауға тыйым салғандай болады, одан сақтайды. Кей кезде сезімге берілмей әрекет жасау қажеттігі туады. Мысалы, түнде далаға шығу қорқынышты-ақ, әйтседе адам қорқыныш сезімін басып, керекті нәрсені алып келеді. Адам жұмысқа бөгет болатын болса, қызығулардан, ойындардан, ұнайтын істерінен, шылым шегу, арақ ішуден бас тартуы мүмкін. Дәл осы жерде ерік өзінің басты қызметінің бірі – тежегіштік қасиетін көрсетеді.

Сонымен, біз психологиялық әдебиеттерді оқи отыра, ерік өзінің ерекше белгілері бар әрі оңай анықтап байқауға болатын және ғылыми тілмен сипаттауға болатын, толық шынайы психикалық құбылыс екенін көруімізге болады. Еріктің қандай негізгі белгілері бар?

Тіпті сонау дәуірлерде Аристотель ерік ұғымын өздігінен қозғаушы күші жоқ білімдерге сай адам қалай мінез-құлқын жүзеге асыратынын түсіндіретін ұғым ретінде, өзінің жан туралы ілімінің негізгі категориялар жүйесіне енгізген болатын. Аристотельде ерік талаптану,ұмтылумен қатар мінез-құлық барысын өзгертуге қабілетті фактор ретінде көрінді. Аристотель бойынша адам мінез-құлқына қозғау салатын " талпыныс (ұмтылу) заты, ал ол арқылы ақыл-парасат итермеші болады, өйткені талпыныс заты ол үшін бастау боп табылады" . Басқаша айтсақ, ерік проблемасы әрекет затына қозғаушы күшті беру мәселесі және сонымен әрекетке түрткіні қамтамасыз ету боп табылады.

Еріктік актінің елеулі белгілерінің бірі ол әрқашан да *күш жұмсау, шешім қабылдау және оны жүзеге асырумен* байланысты. Ерік мотивтер күресін талап етеді. Осы елеулі белгісі бойынша, еріктік әрекетті басқалардан ажыратуға болады. Еріктік шешім әдетте бәсекелес әрі қарама-қайшы, түрлі бағыттағы әуестік, елігу жағдайында, олардың ешқайсысы еріктік шешімсіз түпкілікті жеңуге қабілетсіз болғанда қабылданады. Ерік өзін-өзі шектеу, едәуір күшті құштарлықтарды тежеуден, сол сәтте тікелей туындаған тілектер мен түрткілерді басып тастау ебдейлігінен, маңызды әрі мәнді мақсаттарға зауық, елігулерді саналы бағындырудан тұрады. Өзінің жоғары деңгейінде ерік адамның рухани және адамгершілік құндылықтары, кәміл сенімі мен мұраттарынан көрінеді.

Еріктік психологиялық құбылыс ретіндегі тағы бір белгісі – бұл жүзеге асырылатын іс-әрекеттің *ойластырылған жоспарының болуы.* Жоспары жоқ не алдын ала белгіленген жоспар бойынша орындалмайтын әрекетті еріктік деп санауға болмайды. С.Л.Рубинштейн айтқандай, "еріктік әрекет- бұл ... саналы, мақсатқа бағытталған әрекет, ол арқылы адам өзінің импульстерін (итермеші күш) саналы бақылауға бағындырып және қоршаған болмысты өзінің түпкі ой-ниетіне сәйкес өзгерте отыра алдында тұрған мақсатты жүзеге асырады".

Еріктік әрекеттің елеулі белгісіне *әрекетті жүзеге асыру барысында тікелей қанағаттанудың болмауында* жатқызамыз. Өйткені, еріктік әрекет әдетте моральдық емес, эмоциялық қанағаттанудың болмауымен сипатталады. Ойлағаныңды табысты жүзеге асырғаның үшін адамда моральдық қанағаттану сезімі сөз жоқ болады.

Адамның ерік күші тек жағдайды жеңу не игеруге ғана бағытталмайды, сонымен қатар адамның *өзін-өзі жеңуден де* көрініс береді. Бұл әсіресе, эмоциялық қызба және ұшқалақ мінезді адамдарға тән болып келеді.

Ерік проблемасын арнайы зерттеген ресейлік психолог В.А.Иванников ерік өлшемінің төрт типін бөліп көрсетеді Оның айтуынша ерік өлшемі мыналардан көрінеді: 1) Еріктік әрекеттерден; 2)Мотив пен мақсатты таңдаудан; 3) Адамның ішкі күйі, әрекеті мен әр түрлі психикалық процестерін реттеуден; 4) Тұлғаның еріктік қасиеттерінен;

Сөйтіп, адамның өзге тіршілік иелерінен елеулі айырмашылықтары оның сана мен интеллектен басқа ерік күшінің болуында, олсыз бүкіл қабілеттіліктер құр жай бекер сөз болып қалмақ.

Ерік жайлы негізгі теориялар

Жалпы ерік проблемасы XVIII−XIX ғасырларда психологиялық зерттеулерде негізгі мәселелердің бірі болып табылатын. Алайда XX ғ. психологиядағы жалпы дағдарысқа байланысты ерікті зерттеу екінші орынға ығыстырылып қалды. Зерттеулер жүргізілгенімен, тар көлемде болды. Қазіргі психологияның ұғымдық жүйесін талдай келе, психология тарихшысы М.Г. Ярошевский ерік ұғымы XX ғ.-дағы психологияның негізгі ұғымдары қатарына кірмейтінін атап өтті. Ал АҚШ психологиясында "ерік" термині іс жүзінде қолданылмайды екен. Тіпті психология жайлы көптеген оқулықтарда ерік туралы тараулар жоқ. Тек кейінгі кездері ғана оған қызығу қайта ояна бастады. Ерік мәселесіне қатынастың бірде олай, бірде бұлай болып өзгеріп тұруының сыры неде?

В.А. Иванниковтың көзқарасы бойынша, ерік психологиясы саласындағы зерттеулерге деген қызығудың төмендеуіне үш себеп бар көрінеді: 1) әдіснамалық қиындықтар; 2) ерікті теориялық түсінудегі қиындықтар; 3) зерттеудің әдістемелік қиындықтары. Сонымен, ерік туралы түсініктің дамуында қандай тұрғылар мен бетбағыттар бар, соған келейік.

Біз жоғарыда айтып кеткендей, ерік ұғымына антикалық ғылымда неғұрлым айқын әрі дәл мағына берген Аристотель. Оның айтуынша, ерік ұғымы адамның тілек, қалауына негізделмеген, керісінше адамның қаламаған, бірақ қажетті және ақыл-парасатқа, саналы түрде қабылдаған шешімдеріне сүйеніп істелінетін әрекеттерін түсіндіруге арналады. Аристотель тұңғыш рет психологиялық ұғымдар жүйесіне енген әрі өзін түсіндіру үшін ерік ұғымын қажет ететін ақиқат болмысты сипаттаған. Ондай болмыстар қатарына жататындар: әрекетті таңдау, оны тудыратын күш және өзін меңгеру. Сонымен, ерік ұғымы психологияға әуел бастан-ақ түсіндіруші ұғым ретінде, теориялық конструкт (құрылым) ретінде енгізілген екен.

Сөйтіп, шеңберінде ерік проблемасы арнайы қойылған бірінші парадигма немесе реалдық адамның өзінен туындайтын әрекеттің пайда болуы. Оны шартты түрде ерікке *мотивациялық тұрғыдан келу* деп те атайды. Ол кейін ерікті өзін-өзі детерминдеу проблемасы ретінде зерттеудің мықты бір бағытына айналады. Мұның басында Аристотель тұрғанын айта кеткен жөн. Қазіргі уақытта мотивациялық тұрғы аясында ерік табиғаты жайлы үш дербес нұсқаны бөліп көрсетуге болады. Бірінші нұсқада ерік әрекет мотивациясының бастапқы сәтіне келіп саяды (тілек, талпыныс, аффект). Екінші нұсқада ерік дербес психикалық не психикалық емес табиғаты бар және өзге ештеңеге саймайтын әрі басқа психикалық процестерді анықтайтын жеке дербес күш ретінде бөлініп көрсетіледі. Ал үшінші нұсқада ерік мотивациямен тығыз байланысты, бірақ онымен тура дәл келмейтін, кедергілерді жеңуден тұратын әрекетке қозғаушы қабілеттілік ретінде қарастырылады.

Еріктің мотивациялық бағытына В.Вундттың эмоциялық ерік теориясын жатқызуға болады. В.Вундт бойынша, қарапайым ерік процесі қатарына эмоциялық процестің бірі елігуді (құмартып зауықтануды) жатқызуға болады.

Оның айтуынша, нақ эмоция мотивтің мәнін құрайды. Вундт қарапайым еріктік процесте екі жайды бөліп көрсетеді: аффект және одан шығатын әрекет.

Еріктің қозғаушы функциясын әдейі істелген әрекетке түрткі болатын механизм ретіндегі квазиқажеттіліктің қалыптасуымен теңестірген К.Левин зерттеулері батыс психологиясын ерік мен мотивацияны ажыратпай теңдестіруге әкеп сайды.

Кеңес психологиясында мотивациялық тұрғы шеңберінде ерікті саналы түрде кедергіні жеңу қабілеті ретінде түсіну басым болды. Д.Н.Узнадзе, Ш.Н.×хартишвили, С.Л.Рубинштейн, Л.И. Божович еңбектерінде ерікті әрекетке қозғаушы қабілеттілік ретінде түсінетін мотивациялық тұрғы көрніс табады.

Ерікті зерттеудегі екінші тұрғы *“ерікті таңдау” тұрғысынан келу*. Бұл бағыт шеңберінде ерік мотивтерді, мақсаттар мен әрекеттерді таңдау функциясына ие. “Ерікті таңдау” тұрғысы шеңберінде ерік туралы көзқарастың екі нұсқасын бөліп көрсетуге болады. Бірінші нұсқада ерік жеке дербес күш ретінде қарастырылады (теорияның волюнтаристік типі), ал екінші нұсқада ерік танымдық процестердің қызмет етуіне келіп тіреледі (интеллектуалистік теориялар).

Ерікті зерттеудегі үшінші тұрғыны шартты түрде *реттеуші* деуге болады. Ол психологияда өзін-өзі реттеу,басқару проблемасы ретінде көрніс береді.

Ерекше дербес процесс ретінде мінез-құлықты реттеу идеясын айқын тұжырымдағандар ×.Шеррингтон мен И.М.Сеченов. Олар К. Бернардың өзін-өзі реттеу туралы қағидасына сүйенді. Ерікті жеке дербес күш ретінде мойындамады. Мәселен, И.М.Сеченов адам әрекетінің себебін оған белгілі бір мағына беретін сезімдік қозудан, ойдан және моральдық сезімдерден іздейді.

Еріктің реттеуші функциясын өзінің талдау пәніне айналдырған психолог М.Я.Басов. Оның айтуынша, ерік тұлғаның өз психикалық функцияларын реттейтін, шешілетін міндеттерге сай оларды бір-бірімен үйлестіретін және қайта құратын психикалық механизм боп табылады.

Л.С.Выготский ерікті жоғары психикалық функция ретінде, тарихи дамудың өнімі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, кез-келген ерік процесі әуелден әлеуметтік, ұжымдық, интерпсихологиялық процесс.

Л.М.Веккер ерікті мінез-құлықты реттеудің ерекше түрпішіні ретінде түсінеді. Ол реттеудің үш түрпішінін бөліп көрсетеді : ырықсыз, ырықты және ерікті. Еріктік реттеу мінез-құлықты тұлға жағынан ырықты түрде реттеудің ең жоғары түрпішіні. Бұл тұлғалық деңгей.

Реттеуші тұрғыдан ерік туралы көзқарасты дамытқан В.К.Калин. Еріктік реттеуді ол саналы, затты іс-әрекеттің мотивтері мен мақсаттары арқылы жанамаланған, оптималды жұмылдырылған күй ретінде сипаттайды. В.К.Калин “еріктің әрекеттің мақсатты функциясын” объектіден субъектінің өзіне ауыстыруды және “психикалық функциялардың ұйымдасуын қайта құруды” ұсынады.

Еріктік реттеу механизмі бойынша ғылым тарихында ерік теориясының екі типін бөліп көрсетуге болады: автономдық (волюнтаристік) және гетереномдық (интеллектуалдық, эмоциялық).

Бүгінгі таңда ерікті реттеудің психологиялық механизмі ретінде әрекеттің мағынасының өзгеруі немесе қосымша мағына жасауды негіздеген В.А.Иванниковтың зерттеулері қызығушылық тудыруда. Тарихи тұрғыда тұлғаның мағыналық құрылымының іс-әрекетті реттеуге қатысы болу мүмкіндігін алғаш рет көрсеткен Л.С.Выготский еді. Ол балалардың мінез-құлқының олар үшін өз әрекетінің мағынасының өзгеруі нәтижесінде қалай өзгеріске ұшырағанын сипаттаған еді. В.А.Иванников еріктік реттеудің жоғары түрпішіні ретінде мәнсіз немесе мәні шамалы, бірақ орындауға міндетті әрекетті тұлғаның мағыналық сферасына қосу деп есептейді. Ол мотивацияның ырықты түрі әрекеттің туындауында еріктік реттеудің негізі ретінде қарастырады.

Сонымен, қазіргі психологияда ерік проблемасы екі нұсқада көрінеді: өзін-өзі детерминдеу проблемасы ретінде (мотивациялық тұрғы мен “ерікті таңдау” тұрғысы) және өзін-өзі реттеу проблемасы ретінде (реттеуші тұрғы).

Жалпы ерік тақырыбы психологиялық тұрғыда күрделі боп саналады. Өйткені, ерік мәселесі қалыптасқан дәстүр бойынша философиялық тұрғыда ерік бостандығы, еркіндік проблемасы ретінде қарастырылды. Сондай-ақ, физиологиялық тұрғыда ырықты қозғалыстар мәселесі боп зерттелінді. Еріктің психологиялық проблемасын оның философиялық, физиологиялық проблемаларынан ажыратып бөлек қарастыру керек.

Психология тарихына қарап отырсақ, XVIII−XIXғ.-да еріктің эмпирикалық теориясы басым болды. Мұнда, ерік жеке адамның басында өтіп жатқан ішкі психологиялық процесс ретінде қарастырылды. Адамды қоршаған дүниемен шынайы қатынасында емес, әлдеқандай бір ішкі тұрғыдан алып қарады. Сыртқы мінез-құлық “іштей” баста шешілген жайдың салдары боп табылады. Бүкіл процесс негізінен сананың ішінде жүзеге асады. Ерікті зерттеудің негізгі әдісі өзін-өзі бақылау әдісі болып табылды.

Бүгінгі таңда ерікті психологиялық зерттеу әр түрлі ғылыми бағыттар арасында өзара бөлініп алынды: бихевиористік бағыттағы ғылымдарда тиісті, сәйкес мінез-құлық формасы зерттелінсе, мотивация психологиясында ішкі тұлғалық қайшылық-кикілжіңдерге және оларды жеңу тәсілдеріне баса назар аударылады, ал тұлға психологиясында негізгі назар тұлғаның тиісті еріктік қасиеттерін бөліп зерттеуге бағытталады. Ерікті зерттеумен сондай-ақ адам мінез-құлқын өзін-өзі реттеу психологиясы да айналысады. Басқаша айтсақ, қазіргі уақытта ерікті зерттеу бұрынғы біртұтастығынан, терминологиялық анықтығынан, бір мәнділігінен айырылып қалды. Жаңа ұғымдарды, жаңа теория мен әдістерді қолдану нәтижесінде тақырып аясы тереңдеді әрі кеңею үстінде. Көптеген ғалымдар қазір ерік туралы ілімге тұтас және біріккен сипат беруге бағытталған әрекеттер жасауда.

Ерікті психологиялық зерттеуде адам мінез-құлқы табиғаты жөніндегі екі қарама-қайшы концепциялардың - реактивтік және активтік (белсенді)

арасындағы күрес елеулі рөл атқарды. Алғашқысы адамның күллі мінез-құлқын ішкі және сырқы стимулдарға реакциялар (жауаптар) ретінде ғана түсіндірді. Зерттеудің міндеті сол стимулдарды табу және олардың реакциялармен байланысын анықтау. Мұндай түсінікте ерікке орын қалмай қалады, ол табиғаты жағынан рефлекторлық боп табылатын реакция ғана. И.П.Павлов ерікті тірі ағзаның кедергіге кездескендегі белсенділігінің көрнісі, "еркіндік инстинкті" ретінде қарастырды. Мінез-құлықты реакция ретінде түсіну XX ғ. алғашқы ширегінде психологияны реактология (К.Н.Корнилов) және рефлексологиямен (Б.М.Бехтерев) ауыстыруға әкеліп соқты. Ал екінші концепция бойынша, адамның мінез-құлқы әуел бастан белсенді болып табылады, оның формаларын адам саналы түрде таңдауға қабілетті. Мінез-құлықты бұлай түсінуде ерік және еріктік реттеу ұғымдары міндетті түрде қажет. Физиология саласында Н.А.Бернштейн мен П.К.Анохин жүргізген зерттеулер осы көзқарасты растайды. Бұл зерттеулер негізінде қалыптасқан концепциялар бойынша, ерік адамның өзінің мінез-құлқын саналы реттей алуы, меңгеруі боп табылады. Бүгінгі таңда осы тұрғыдан қарастырып зерттеуде қазіргі сана психологиясы мен когнитивтік психология бағыттары маңызды рөл алуда.

Сонымен, ерік ұғымын ерекше бір психикалық құрылым ретінде түсіну әрекеті психологияда әр түрлі теориялық көзқарастың тууына әкелген екен. Мұның өзі ерік ұғымының күрделі құбылыс екендігін білдіреді.

Еріктің физиологиялық негіздері.

Еріктік әрекеттердің физиологиялық механизмдерін былай түсіндіруге болады. Үлкен ми сыңарларының төбелік бөлігінде қимыл қозғалысты басқаратын аумақ орналасқан. Ол ми қыртысының барлық аумақтарымен, соның ішінде барлық талдағыштардың ми қыртысы ұштарымен байланысып жатады. Бұл байланыс ми қыртысының белгілі бір аумағында пайда болған қозудың қимыл-қозғалыс аумағына жетіп, онда да осындай процесс туғызу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сонымен, ми қыртысының қозғалыс бөлігінің мидың басқа бөліктерімен байланысы адамның саналы қимылдары мен әрекеттерінің алға шарты болады. Бірақ мұндай байланыс мінез-құлықты еріктік реттеу механизмін толық қамти алмайды. Сондықтан екінші сигалдық байланыстардың рөлінде ескеру керек. Өйткені, екінші сигналдық байланыстар ми қыртысының жалпы байланыстар жүйесіне қосылады да, оның қызметін әлдеқайда күрделендіріп жібереді.

Екінші сигналдық байланыстар негізінде адам мінез-құлқының барлық саналы және мақсатты реттелуі жүзеге асады, алынған ақпараттың орнын, мезгілін, сипатын, тәсілін, қарқынын т.б. анықтау атқарылады. екінші сигнал жүйесінің тітіркендіргіштері адам мінез-құлқының қимыл-қозғалыстық бөлігінің ғана белсенділігін арттырып қоймай, ой, қиял, ес тәрізді көптеген психикалық процестердің басталуының сигналы болады, зейінді реттейді, сезімді туғызады. Екінші сигналдар (сөздер) көмегімен адамның бүкіл саналы әрекеті жүзеге асып реттелінеді. Екінші сигналдық байланыстар қимыл әрекеттерді бөгеу, ерікті тежеу қызметінде шешуші рөл атқарады.

Сонымен, екінші сигналдық байланыстар ақпараттың талдағыштан қозғалыс бөлігіне жылжудың бағытын өзгертеді. Бұл ақпарат өте күрделі жолдан өтеді. И.П.Павлов қимыл-қозғалыстың ырықты болуы бүкіл ми қыртысының жалпы жұмысының нәтижесі деп түсіндіреді. Ал сананың реттегіш жағы ретінде ерік шартты рефлекстік табиғатқа ие. Уақытша жүйкелік байланыстар негізінде сан алуан ассоциациялар мен олардың жүйелері қалыптасып нығаяды да бұлардың өздері мақсатты мінез-құлыққа жағдайлар жасайды.

Тәжірибе ерікті реттеуде ми қыртысының маңдай бөлігінің айырықша маңызы бар екенін көрсетіп отыр. Әр сәт сайын жүзеге асып жатқан нәтиже мен алдын ала жасалынған мақсат бағдарламасының салыстырылуы тап осы жерде өтеді. Маңдай бөліміне зақым келу қимыл-қозғалысты, әрекетті ырықты реттеудің бұзылуынан көрінетін *апраксияға* әкеп соғады. Мұндай адам қандай-бір әрекетті орындауды бастап, кез-келген кездейсоқ әсердің нәтижесінде оны бірден тоқтатады не өзгертеді, яғни еріктік актыны жүзеге асыру мүмкін емес. Ми патологиясы негізінде іс-әрекетке түрткінің болмауынан, шешім қабылдауға, қажетті әрекетті жүзеге асыруға қабілетсіздіктен көрінетін *абулия* (еріктің әлсіреуі) пайда болуы мүмкін. Абулия ми қыртысының патологиялық тежелуінен туындайды.

Мінез-құлықтың еріктік реттелуінің рефлекстік табиғаты ми қыртысында қозудың оптималдық орны жасалуының алға шарты. Оптималдық қозу орны-бұл ми қыртысындағы жұмыс орны. Ол адамның осы сәттегі негізгі іс-әрекетін жүзеге асырады.

Мінез-құлықтың еріктік реттелуінің жалпы механизміндегі ретикулярлық формацияның маңызды мәнін атамай кетуге болмайды. Ретикулярлық формацияның ми қыртысына баратын белгілі бір импульстерді іріктеп алып, өмірлік мәні жоқтарын бөгеп отыратын ерекше сүзгі тәрізді екені белгілі боп отыр. Ретикулярлық формация бұл импульстерді електен өткізеді. Сол сияқты ретикулярлық формацияның ми қыртысын энергиямен қамтамасыз ететін өзіндік аккумулятор және басқару пульті екендігі жалпыға белгілі.

П.К.Анохин ұсынған мінез-құлықтың еріктік реттелуі механизмі ретінде әрекет акцепторы ұғымы біздің түсініктерімізді одан әрі тереңде түседі. Оның мәнісі – жүйке процестерінің сыртқы оқиғалар барысынан о*за* жүретіндей көрінетіндігінде. Бұрынғы тәжірибе негізінде адам жүйке жүйесінде болашақта берілетін әсерді алын ала біледі. Сигнал негізінде мида көп рет қайталау арқылы қалыптасқан жүйкелік байланыстардың бүкіл кешені, ассоциациялардың барлық жүйесі қалпына келтіріледі.

Сонымен, саналы басқарылатын мінез-құлық үлкен ми сыңарларында өтіп жататын көптеген күрделі процестердің өзара әсерінің нәтижесі болып саналады.

Еріктік әрекеттің құрылымы

Адамның еркі алдын ала қойылған мақсатқа сай орындалатын әрекет, қылықтардан көрініп отырады. Еріктік әрекеттер құрылымы жағынан өте

күрделі процесс болып табылады. Еріктік әрекеттер мақсаттың және сол сияқты оларды орындау барысында кездесетін кедергілердің, қиындықтардың болуымен, оларды орындау кезінде бастан кешетін тебіреніс,толғаныстардың болуымен сипатталады.

Еріктік әрекеттерді *қарапайым* және *күрделі* деп бөледі. Қарапайымы, әдетте, *мақсат қою* және *орындау* сияқты екі буыннан тұрады. Күрделі еріктік әрекетте *мақсатты ұғыну, жоспарлау* және *орындау* деген үш буын айқын бөлінеді.

Адам еркінің психологиялық мәнін түсіну үшін күрделі еріктік әрекетті қарастырып көрейік.

Мақсатты ұғыну. Адам мінез-құлқының стимулдары сан алуан. Мұндайлар: ашығу, шөліркеу сияқты физиологиялық қажеттіліктер, ауа жұту, дем алу, ұйықтау қажеттіліктері, басқа адамдармен араласу, білімге, көңіл көтеруге құмарлық тәрізді әлеуметтік қажеттіліктер бола алады. Қажеттіліктерді саналы ұғыну дәрежесіне байланысты *елігу* және *тілек* деп бөледі.

Туа біткен қажеттілік адам санасында күңгірт, бұлыңғыр зауықтану,елігу түрінде бейнеленеді. Оның күңгірт болатыны оған қажеттілік аз, оның сигналдары мида айқын бейнеленбейді. Адам өзіне әйтеуір бірдеңе қажет сияқты сезінеді, бірақ оның нақты не екенін анық білмейді. Елігуді әдетте өтпелі күй ретінде қарастырады. Саналы түрде ұғынылмаса ол баяу басылып жоғалады. Не болмаса қажеттіліктің арта түсуіне қарай оны айқын ұғыну белең алып, елігу нақты тілекке айналады. Бір нәрсені тілеу дегеніміз- не мазалайтынын, қандай мұқтаждық бар және оны қалай қанағаттандыруға болатынын білдіру. Ал тілек дегеніміз – мұрат түрінде өмір сүретін (адам миында) қажеттілік мазмұны.

Тілек әрекетте *мотив* болуы мүмкін. Іс-әрекеттің мотиві ретінде тілек қажеттілікті айқын ұғыну, жете түсінумен сипатталады. Ал тілеу дегеніміз - тілекті қанағаттандыру үшін әрекет жасау болып табылмайды. Тілекте қажеттілік мазмұны бейнеленгенімен, онда әрекет белсенді элемент жоқ. Адам көп нәрсені тілей алады, бірақ бұдан ол барлық бағытта әрекет жасай береді деген ой тумайды. Сонымен, бірдемені тілеу дегеніміз- ол, ең алдымен, қозғаушы стимулдың мазмұнын *білу* деген сөз.

Бірақ тілек пен жалпы білім арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Кез келген білім тілекке айнала бермейді, бірақ тілектің бәрі – білім. Тілек мінез-құлықтың тікелей мотивіне, одан соң мақсатына айналмас бұрын талқыға салынады. Талқылау барысында біз оны қолдауға болатынына не болмайтынына дәлеледер келтіреміз. Біз артқа көз салып, осы мақсатқа бізді не итермелегенін, тілегіміздің қандай екенін ұғынамыз. Біз мақсатымыздың жүзеге асуына көмектесетін немесе бөгет жасайтын жағдайларды салыстырамыз, алдымызды қиялдай шолып, қабылданған шешімдерімізді жүзеге асу нәтижесін ойша болжаймыз.

Басқаша айтқанда тілекті іріктеу, мұшелеу және негіздеу бағытында ой жұмысы атқарылады. Тілек өмірде бірден жүзеге аспайды. Кейде адамда

бірнеше келісілмеген, тіпті сәйкес келмейтін қайшы тілектер пайда болуы мүмкін. Онда ол оның қайсысын жүзеге асыру керектігін білмей қиын жағдайда қалады. Бірнеше тілектердің қақтығысынан туындайтын психикалық күйді немесе арасынан біреуін таңдауға тура келетін қарама-қарсы, үйлесімсіз мотивтер қақтығысын *мотивтер тартысы* деп атайды. Мотивтер тартысы оған қатысты толғаныстарды тудырады. Мотивтер тартысының ақыры *шешімге келумен* бітеді. Яғни, әрекет мақсаты пен тәсілі таңдалады. Шешімге келу дегеніміз – бір тілекті екінші тілектен ажырату, сөйтіп мақсаттың идеалды бейнесін жасау. Қабылданған шешімдер әдетте “осы шешімге тоқтаймыз”, “осылай жасаймыз” деген сияқты тоқтам түрінде қысқа тұжырымдалады. Шешімге келіп болған соң, мотивтер тартысы кезіндегі шиеленіс әлсірейді. Қабылданған шешім тілек, ниетіне сай болған жағдайда адамның бойы мүлде жеңілденеді. Бұл жағдайда ол тіпті қанағаттану, шаттану сезімдерін бастан кешіреді. Тіпті қабылданған шешім адамның тілек арманымен толық сай келмеген жағдайдың өзінде де жеңілдену болады. Өйткені, шешімге келу фактысының өзі шиеленісті бәсеңдетеді.

Жоспарлау. Күрделі ерік әрекетінде шешім қабылдаудан соң қойылған міндетке жету жолдарын жоспарлау басталады. Рас, кейде шешімдерді жүзеге асыру тәсілдері мақсаттың қалыптасуы барысында содан туындап, жалпы түрде белгіленеді. Бірақ, бұлай болған жағдайдың өзінде ол тікелей практикалық әрекет алдында мұқия талқылаудан өтеді.

Тәсіл таңдау кезінде де мақсат таңдау кезіндегідей толғаныс, тебіреніс түріндегі қиындықтарың болуы мүмкін. Қиындықтар бір жағынан, мақсатқа жетудің жолы мен тәсілдері оңай көрінгенімен, моральдық ережерлерге сай келмейтіндіктен және басқа адамдарға зиян келтіретін болғандықтан да туады. Екінші жағынан келгенде, кейбір жолдар қиын, орасан зор күш жұмсауды керек ететін,бірақ әдеп ережелеріне қайшы келмейтін болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, іштей толғаныс кикілжің жағдаят қалыптасқандықтан туады : мақсатқа жеткізер жолдың бәрі жақсы ма әлде мақсатқа жетудің моральға лайық жолдарын іздеген дұрыс па? Адам мақсатқа жеңіл жолмен жету мүмкін не мүмкін еместігін шешуге мәжбүр.

Орындау. Амал-тәсілдер белгіленген соң адам қбылдаған шешімдерді жүзеге асыруға кіріседі. Көптеген психологтар еріктің мәнін нақ осы *қабылданған шешімді орындауд*ан көреді. Еріктік әрекеттің орындау сатысының күрделі құрылымы бар. Қабылданған шешімді орындау ең алдымен белгілі бір уақыт мерзіммен байланысты. Егер шешімді орындау ұзақ уақытқа кейін ысырылса, онда оны орындау *ниеті* деп айту қабылданған. Ниет өзінің мәні бойынша кейінге қалдырылған әрекетке іштей әзірлік және шешіммен бекітілген мақсатты жүзеге асыру бағыттылығы боп табылады. Алайда тек бір ғана ниет жеткілісіз. Алдын ала жоспарланған әрекетті жүзеге асыру үшін саналы түрде *еріктік күш салу* керек. Еріктік күш салу ретінде ішкі ширығыс,шиеленістің ерекше күйі немесе адамның ойлаған нәрсесін жүзеге асыру үшін қажет әрі оның ішкі мүмкіндіктерін жұмылдыратын белсенділікті түсінеміз. Сол себепті, еріктік күш жұмсау әрқашан едәуір энергия

шығындаумен, жұмсалған қуат көлеміне байланысты. Қазақ психологы Ж.Аймауытұлы “Жан жүйесі мен өнер таңдау” (1926) атты кітабында неміс психологы әрі педагогы Э.Мейманның “Оқығандар және қайрат” деген кітабын талдай отыра, “қайраттың бір белгісі – екпінді, я жігерлі болмағы” деп жазады. Ол еріктің энергия жұмсау жағын сипаттау үшін “жігерлі қайрат” деген сөз тіркесін қолданған екен.

Адамның мінез-құлқы қойылған міндет пен алдын ала жоспарланған әрекет тәсіліне бағынышты болады. Бірақ адам әрекет жасап қана қоймай, сол өз әрекетін бақылап және түзеп отырады. Ол әр сәт сайынғы нәтижені мақсаттың (немесе оның бір бөлігінің) күн ілгері ойда жасалған бейнесімен салыстырып қарайды. Осылайша қол жеткен жеке нәтиже бұрын қол жеткен нәтижелермен қатар қойлады және идеалды бейнеге “жалғастырылады”. Бұған мысал келтірейік.

Оқушы өз алдына суда жүзуді үйрену мақсатын қойды делік. Бұл үшін оған қол-аяғын үйлесімді қимылдату кешенін игеру керек. Мұғалім оқушыға табысқа жету үшін қандай қимылдарды игеруі, орындауы керек екендігін айтады, тіпті көрсетіп беру мүмкін.

Әуелі оқушы қимылдарды ой елегінен өткізеді, оларды көз алдына елестетеді. Содан соң ол қимылдарды игере бастайды. Қайталау арқылы практикалық орындауды белгілі үлгі қалыпқа келтіреді. Жаттығу дегеніміздің өзі – практикалық істі үлгіге мейлінше жақындату.

Үйрену сәттілігі бірсыпыра жағдайларға : қимылдың ойдағы бейнесінің қаншалықты анық және айқын болуына, орындалатын әрекетті оқушының қалай бақылап, , үлгімен қалай салыстыра білуіне, өзін қалай жұмылдырып, объективтік және субъективтік кедергілерді қайтіп игеруіне байланысты.

Сонымен, еріктік әрекеттер құрылымы жағынан өте күрделі процесс боп шықты.

Жеке адамның еріктік қасиеттері

Адамның еркі белгілі бір қасиеттермен, сапалармен сипатталады. Енді жеке адамның еріктік қасиеттерінің негізгілерін қарастырып көрейік.

Ерік күші. Алға қойылған мақсатқа жету жолында туындайтын елеулі қиындықтарды жеңу қабілетінен көрінетін ерік сапасын *ерік күші* дейміз. Мақсатқа жету жолында сіздің жеңген кедергі, бөгеттеріңіз неғұрлым күшті болса, соғұрлым сіздің ерік күшіңіз мықты. Еріктік күш салу арқылы жеңген кедергілер ерік күшінің объективті көрсеткіші боп табылады.

Мақсатқа ұмтылушылық. Іс-әрекеттің белгілі бір нәтижесіне жете білуден көрінетін, тұлғаның мақсатқа саналы және белсенді бағыттылығы мақсатқа ұмтылушылық деп аталады. Мақсатқа талпынған адам ұсақ-түйекке көңіл бөлмей, алған бетінен қайтпай қайткен күнде де оған жетуді көздейді.

Батылдық. Мақсатты таңдау мен оған жету жолын анықтаудың шапшаңдығы мен ақылға сайлығынан көрінетін жеке адамның еріктік қасиеті *батылдық* деп аталады. Батыл адам әрекет мақсаттары мен оларға жету тәсілдерін жан-жақты және терең ойлап, қабылданатын шешімнің маңызын түсініп, олардың мүмкін болар нәтижесі жөнінде өзіне-өзі есеп беріп отырады.

Батылдық - жекее адамның еркінің жоғары дәрежеде екендігін көрсететін қасиет. Батылдық әсіресе мақсатқа бет алыс сәтінде, сол сияқты, қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында айқын көрінеді.

Табандылық. Мінез-құлықты ұзақ уақыт бойы белгілі бір мақстқа сай бағыттап, бақылап отыру қабілетінен көрінетін жее адамның еріктік қасиетін *табандылық* деп атайды. Мұндай қасиеттке ие адам, қойылған міндетті үнемі санасында ұстап, өз мінез-құлқын соның шешімін тездететіндей етіп құрады. Табанды адам жағдайды дұрыс бағалайды., одан мақсатқа жетуге көмектесетін нәрселерді таба біледі.

Ұстамдылық. өстамдылық немесе сабырлылық деп мақсатқа жетуге бөгет жасайтын психикалық көңіл-күйді және шаршап-шалдығуды жеңе білу қабілетінен көрінетін жеке адамның ерік сапасын айтады. Адамға кейде күрделі жағдайларда, мысалы денсаулығы мен өміріне зиян келтіретін жеке басының және қоғамның намысын, абыройын қорғауға тура келетін т.б. осындай жағдайда әрекет жасауға тура келеді. өстамды адам мұндай кезде жағдайға сай келетін және өз қылығын ақтайтын белсенділік дәрежесін таңдап алады. өстамдылық дегеіміз- адамның өз ерік-жігерін билей білу қасиеті.

Дербестік. Өзі талаптанып алдына мақсат қоя, оған жету жолдарын таба білетін және қабылданған шешімдерді практикалық орындай алатын адамның еріктік қасиеті *дербестік* деп аталады. Дербес адам мәселелерді бөтеннің жетегінде кетпей, өз білімімен, сенім-қабілетімен шешуге тырысады.

Дербес адам басқаның көмегінсіз-ақ проблемалық жайттың бетін ашады, оны ескере отырып, алдына мақсат қояды. Ол өзіне басқа адамдардың айтуын, нұсқауын күтіп отырмайды. Мұның үстіне ол өз көзқарасын, міндет, мақсат және оны жүзеге асыру жөніндегі өз түсінігін жалтақсыз дәлелдеп қорғай алады.

Адамның еркі батылдық, ер жүректілік, ерлік, төзімділік, тәртіптілік сияқты басқа да қасиеттермен сипатталады. Бірақ олар, едәуір дәрежеде жоғарыда қаралып өткен ерік сапаларының даралана ұштасуы болып есептеледі.

Еріктің дамуы мен оны тәрбиелеу адамның бүкіл өмір іс-әрекеті процесінде жүріп отырады. Ерік өзге де жоғары психикалық процестер сияқты адамның жас кезеңіне байланысты қалыптасады. Мәселен, жаңа туған балада шартсыз рефлектер түріндегі ырықсыз қозғалыстар ғана болады. Сондықтан шын мәнісіндегі ерікті әрекеттер бұл кезеңде болмайды. Еріктік, саналы әрекеттер кейін қалыптасады. Алғашқы кездерде баланың тілектері тұрақты болмайды, тез бір-біріне алмасып отырады. Тек төрт жасқа қараған шағында баланың тілегі азды-көпті тұрақты сипат ала бастайды. Баланың еркін тәрбиелеуді неғұрлым жас кезінен бастау қажет. “Баланы жастан” деп халық бекер айпаған. Ерік тәрбиесінде баланы жастайынан еңбек сүюге баулу, еңбең адамдарын қастерлеп, сыйлауға үйретудің маңызы зор.

Ерікті қалыптастырудың негізгі жолдары қандай? Ең алдымен бұл процестің табысы болуы ата-анаға байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, баласының жан-жақты боп дамуына көңіл бөлген ата-аналар оларға жеткілікті

жоғары талап қоя білетінін көрсетті, нәтижеде балада іс-әрекетті еріктік реттеуде еш қиын проблемалар болмайды. Отбасындағы теріс тәрбиеге байланысты бала да қыңырлық пен кірпияздық, шолжаңдаған еркелік қалыптасады. Бала тілегін қайтармай, құр мәпелей беру, іс-әрекетін ұйымдастырып отырмаушылық еріктің жеткіліксіз дамуына әкеп соғады.

Баланы отбасында тәрбиелеудің қажетті шарты ода *саналы тәртіпті* қалыптастыру. Ата-ананың балада еріктік қасиеттерді дамытуы оның ішкі тәртіптілігі қалыптасуының алғы шарты боп табылды. Өзінің тілегін нақты жағдайлармен салыстыру, өзгелердің ырқына бағындыра алу қабілеті дамиды.

Еріктік қасиеттің дамуында маңызды рөлді мектеп алады. Мектеп балаға оқыту процесі жүзеге асуға қажет бірқатар талаптар қояды. Мәселен, мектеп оқушысы партада белгілі бір уақыт отыруға тиісті, мұғалімнің рұқсатынсыз ол сыныптас жолдастарымен сөйлесе алмайды, орынан өз қалауынша тұрып далаға шығып кете алмайды. Осы талаптардың бәрі баладан еріктік қасиеттердің жоғары деңгейде дамуына әсер етеді.

Баланың еркі дамуында дене тәрбиесінің де маңызы зор. Спортқа әуестендіру, дене шынықтыру жұмыстары ретіне қарай жүріп отыруы тиіс. Сонымен бірге, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін ұғындыру, ұлы адамдардың өнегелері мен істеріне еліктеу ерікті шыңдауға көмектеседі. Еріктік қасиеттердің қалыптасуы адам есейген соң тоқтап қалмайды. Еңбек жолына дербес кіріскен жас маманның еріктік қасиеті осы еңбек іс-әрекетінде жоғары даму дәрежесіне жетеді. Сөйтіп, ерікті қалыптастыру адам өмірінде маңызды рөл алды екен.

ІС-ӘРЕКЕТ ЖӘНЕ ТҰЛҒА ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1. Жеке адам құрылымы

Психологиялық ғылымда “тұлға” категориясы іргелі ұғымдардың қатарына жатады. Бірақ “тұлға” ұғымы тек психологияға тән емес, ол барлық қоғамдық ғылымдармен зерттеледі, оның ішінде философиямен, әлеуметтанумен, педагогикамен, т.б. Сонда психологиялық ғылым шеңберінде тұлғаны зерттеу спецификасы неде және психологиялық тұрғыдан тұлға дегеніміз не?

Алдымен сұрақтың екінші бөлігіне жауап беруге тырысайық. Бұны жасау оңай емес, себебі тұлға деген не деген сұраққа барлық психологтар түрліше жауап береді. Олардың жауаптары мен ойларының әрқилы болуы тұлға феноменінің күрделі екендігін білдіреді. Осы орайда И.С.Кон былай деп жазады: “ Бір жағынан, ол нақты индивидті әрекет субъектісі ретінде, оның барлық жеке бас қасиеттерімен, әлеуметтік рольдерімен бірге белгілейді. Екінші жағынан, тұлға индивидтің әлеуметтік қасиеттері ретінде, осы адамның басқа адамдармен тура немесе жанама өзара әрекеттесуі нәтижесінде түзілген бойындағы әлеуметтік маңызы бар қасиеттердің

жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Тұлғамен қарым-қатынасқа түсетін адамдар оны еңбек, таным және қарым-қатынас субъектісінде көреді.”

Ғылыми әдебиеттегі тұлға анықтамаларының әрқайсысы тәжірибелік зерттеулермен және теориялық негіздеулермен бекітілген, сондықтан “тұлға” ұғымын қарастырғанда оларды ескеру керек. Тұлға деп жиі әлеуметтік даму барысында бойына әлеуметтік және өмір үшін маңызды қасиеттерді жинаған адамды түсінеді. Яғни, тұлға сипаттамалары қатарына адамның генотиптік және физиологиялық ұйымдасуымен байланысты ерекшеліктер жатқызылмайды. Адамның танымдық психикалық процестерінің немесе әрекеттерінің жеек дара стилі даму ерекшеліктерін сипаттайтын қасиеттер тұлға қасиеттері қатарына жатқызылмайды, ал адамдар мен қоғамға қатысты көрініс беретін қасиеттер тұлғаның қасиеттері болып саналады. “Тұлға” ұғымының мазмұнына көбінесе басқа адамдарға қатысты маңызды іс-әрекеттерді анықтайтын қасиеттерді де қосады.

Сонымен, тұлға дегеніміз ол тұрақты психологиялық сипатамалар жүйесінде алынған нақты адам. Ондай сипаттамалар қоғамдық байланыс пен қатынастарда көрініс беріп, адамның өзі мен оны қоршағандар үшін маңызды орын алады, оның адамгершілік қылықтарын айқындайды және оның өзіне ,ортасы үшін маңызды мәнге ие.

Ғылыми әдебиетте “тұлға” ұғымының мазмұнына кейде адам ұйымдасуының генетикалық және физиологиялық деңгейлері қосылатынын айта кету керек.

Адамды жүйелі зерттеу сұрақтарын қарастырғанда психологияның өзіндік түсініктері қалыптасады. Б.Г.Ананьев бойынша адам ұйымдасуының төрт деңгейі ғылыми зерттеулер үшін қызығушылық тудырады. Олардың қатарына индивид, іс-әрекет субъектісі, тұлға, жеке даралық жатқызылған.

Биологиялық түр болғандықтан әр адамның туа біткен ерекшеліктері бар, мысалы, дене құрылысы тік жүруге мүмкіндік береді, ми құрылымы интеллекттің дамуын қамтамасыз етеді, қол құрылысы еңбек құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді, т.с.с. Осы белгілер адам баласын хайуан баласынан ажыратады. “*Индивид*” ұғымы адамды белгілі биологиялық қасиеттерді иеленуші ретінде сипаттайды.

Индивид ретінде туылған адам қоғамдық өзарақатынастар мен процестер жүйесіне қосылады, нәтижесінде ерекше әлеуметтік сапаға иеленеді-*тұлға* болып қалыптасады. Бұлай болу себебі, қоғамдық байланыстар жүйесіне қосылған адам - *субъект*, іс-әрекет процесінде қалыптасатын және дамитын сананы иеленуші.

Өз кезегінде, осы үш деңгейдің даму ерекшеліктері нақты адамның қайталанбастығын сипаттап, оның *жеке даралығын* анықтайды. Сонымен, “тұлға” ұғымы адамды әлеуметтік тіршілік иесі ретінде сипаттау үшін керек. Мәскеулік және санкт-петербургтық психологиялық мектеп өкілдерінің әдебиеттерінде адам ұйымдасуының иерархиясына әртүрлі көзқарас берілген. Мысалы, мәскеу мектептерінің өкілдері “субъект” деңгейін бөлмей, адамның биологиялық және психикалық қасиеттерін “индивид” ұғымына біріктіреді.

Бірақ, бұған қарамастан, “тұлға” ұғымы адамның әлеуметтік ұйымдасуымен ұштасқан.

Тұлға құрылымын қарастырғанда оған қабілеттерді, темпераментті, мінезді, мотивацияны және әлеуметтік нұсқауларды енгізеді.

Қабілеттер дегеніміз бұл түрлі іс-әрекеттердегі табыстарын анықтаушы адамның жеке басының тұрақты қасиеттері. *Темперамент* - адамның психикалық процестерінің динамикалық сипаттамасы. *Мінезде* бір адамның басқа адамдарға қатынасын анықтайтын_қасиеттер бар. *Мотивация* дегеніміз әрекет етуге деген ынтаның жиынтығы болса, әлеуметтік нұсқаулар- адамдардың наным-сенімдері.

Бұдан басқа, кейбір авторлар тұлға құрылымына ерік пен эмоция түсініктерін қосады. Психикалық құбылыстардың құрылымында психикалық процестерді, психикалық күйлерді және психикалық қасиеттерді бөліп көрсету керек. Психикалық процестер өз кезегінде танымдық, еріктік, эмоционалдық болып бөлінеді. Ерік пен эмоция өзіндік құбылыс ретінде психикалық процестер шебінде қарастырылуға лайықты.

Алайда, осы құбылыстарды тұлға құрылымы шебінде қарастыру үшін де авторларда негіз бар. Мысалы, сезімдер- жиі әлеуметтік бағдары бар эмоцияның бір түрі, ал ерік қасиеттері қоғам мүшесі болып табылатын адамның қылықтарын реттеуге қатысады. Осы айтылғанның бәрі қарастырылып отырған мәселенің күрделі екендігін және тұлға мәселесінің кейбір аспектілеріне қатысты белгілі келіспеушіліктердің болатындығын көрсетіп отыр. Көбірек келіспеушілік тудыратын мәселелер: адам ұйымдасуы құрылымының иерархиясы, тұлғадағы биологиялылық пен әлеуметтіктің қатынасы.

2. Тұлға туралы түсінік

Адам тұлға болып туылмайды, ал қалыптасады деген көзқараспен қазіргі психологтардың көбісі келісуде. Бірақ тұлғаның дамуы қандай заңдарға бағынатыны жөніндегі көзқарастар сан алуан. Өйткені тұлға дамуы үшін қоғам мен әлеуметтік топтардың мәні, дамудың заңдылықтары мен кезеңдері, тұлға дамуының дағдарыстары(кризис), даму процесін тездету мүмкіндіктері әрқилы түсіндіріледі.

Кең тараған тұлға теорияларының әрқайсысында тұлғаның даму мәселесі өздігінше қарастырылады. Мысалы, психоаналитикалық теория даму деп адамның биологиялық табиғатының қоғамда өмір сүруге бейімделуін, белгілі қорғаныс механизмдерінің пайда болуын, қажеттіліктерді қанағаттандыру жолдарын түсіндіреді. Қырлар теориясы (теория черт) бойынша тұлғаның барлық қырлары өмір сүру барысында қалыптасады, олардың туындау, қайта түзілу және тұрақтану процестері биологиялық емес заңдылықтарға бағынады. Әлеуметтік үйрету теориясы тұлғаның даму процесін адамдардың белгілі тұлғааралық өзара әрекеттерінің қалыптасу жолдары ретінде түсендірсе,

гуманистік және басқа феноменологиялық теориялар оны “ Мен” деген түсініктің қалыптасуымен ұштастырады.

Дегенмен, тұлғаны барлық теориялар позициясынан шоғырланған, біртұтас етіп қарастыру тенденциясы бар.

Адам тұлға ретінде қалыптасып, дами келе кемшіліктерді де иеленеді. Бір теорияда оң және теріс қасиеттердің үйлесімін жан-жақты көрсету мүмкін емес. Сондықтан Эриксон өз концепциясында тұлға дамуының екі шекті желісін бейнелеген: қалыпты және аномалды. Олар таза күйінде өмірде кезпегенімен адамның тұлғалық дамуының барлық аралық варианттарын елестетуге мүмкіндік береді (4 кесте).

Психологтарға үйреншікті ой бойынша тұлға әлеуметтік ортада өмір сүріп, тәрбиеленуі кезінде дамиды. Адам әлеуметтік тіршілік иесі болғандықтан әлеуметтік өзара әрекеттерге түседі. Ең бірінші араласу тәжірибесін бала сөйлемей тұрып-ақ өз жанұясында алса, кейін үнемі субъективті тәжірибе жинайды. Ол тәжірибе тұлғаның ажырамас бөлігі. Осы процесс, сондай-ақ кейін индивидтің әлеуметтік тәжірибесін белсенді жандандырылып әлеуметтену деп аталады.

(4 кесте)Тұлға дамуының кезеңдері (Э.Эриксон бойынша)

Даму кезеңі	Дамудың қалыпты желісі	Дамудың аномалды желісі
1. Ерте нәрестелік шақ (туылғаннан 1 жасқа дейін)	Адамдарға деген сенім. Өзара махаббат,_үйір болу, ата-ана мен баланың бірін бірі тануы, балалардың араласудағы және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру	Анасының баласына нашар қарауының нәтижесі ретінде баланың адамдарға сенбеуі, мән бермеушілік, немқұрай-лық, махаббаттан айыру. Баланы ана сүтінен өте ерте және күрт айыру, баланы эмоционалдық оқшаулау.
2. Кейінгі нәрестелік шақ (1 жастан 3 жасқа дейін)	Дербестік, өзіне өзі сену. Бала өзін дербес, жеке, бірақ әлі ата-анасына тәуелді адам деп санайды.	Өз өзіне сенбеу, өте ұялшақ болу. Бала өзінің бейімділмегендігін сезініп, қабілеттеріне күдіктенеді. Қарапайым қимыл әдеттерінің дамуында кемшіліктерді сезінеді, мысалы жүргенде. Оның сөйлеу қабілеті нашар дамыған, кемшіліктерін қоршағандардан өте қатты жасыруға тырысады.
3. Ерте балалық шақ	Қызығушылық және белсенділік. Қоршаған	Пассивтілік және адамдарға мән бермеу. Инициативаның

(3-5 жас шамасында) 4. Орта балалық шақ (5 пен 11 жас аралығы)	ортаны қызыға зерттеп, бейнелерді елестету, ересектерге еліктеу, түрлі рольдерге қосылу. Еңбекті сүю. Мойнына жүктелген парызды сезіну, табыстарға ұмтылу. Танымдық және коммуникативті білім мен әдеттердің дамуы. Өз алдына шынайы мақсат қойып, оған жетуге тырысу. Инструменттерде ойнауды белсенді меңгеру, шешімдер қабылдау.	болмауы, салбыр болу, басқа балалардан қызғану, ұсыныстардан бас тарту, рольдерге қосылу белгісінің жоқтығы. Өзін өзі кемсіту. Әлсіз дамыған еңбек ету қимылдары. Күрделі тапсырманы орындаудан, басқалармен жарысудан бас тарту. “Дауыл алдындағы” немесе жыныстық жетілу кезеңі алдындағы тыныштық сезімі. Біреуге бағынушылық. Түрлі есептерді шешкенде жұмысы зая кететіндей сезіну.
5. Жыныстық жетілу, жеткіншек жасы және бозбалалық (11 мен 20 жас аралығы)	Өз болашағын анықтау. Уақытша перспективаның –болашаққа жоспардың дамуы. Қандай болу? Кім болу? деген сұрақтарға жауап іздестіру. Білім алу, үйрену. Тұлғааралық тәртіп формаларындағы жыныстық ерекшеліктер. Дүниеге көзқарастың қалыптасуы. Құрбылар арасында лидер болу, қажет болса оларға бағыну.	Рольдердің шатасуы. Уақытша перспективалардың ығысуы және араласуы: болашақ пен осы шақ туралы ғана емес, өткен шақ туралы да ойлардың пайда болуы. Рухани күштерді өзін өзі тануға жұмсау, сыртқы әлем, қоршаған адамдармен қарым-қатынас орнатудың орнына өзін өзі түсінуге тырысу. Еңбек белсенділігін жоғалту. Жыныстық айырмашылықты көрсететін рольдердің ауысуы, лидер болуға ұмтылмау. Мораль мен дүниеге көзқарастың шатасуы.
6. Ерте ересек шақ (20 мен 45 жас аралығы)	Адамдарға жақын тарту, оларға көмектесуге тырысу. Бала сүйіп, оларды тәрбиелеу, махаббат пен жұмыс. Жеке бас өмірімен қанағаттану.	Адамдардан оқшаулану, олардан қашу, әсіресе жақындардан, олармен жыныстық қатынасқа түсуден қашу. Мінездің ауыр болуы, адамдарды таңдамай араласу, болжамға келмейтін әрекеттер жасау. Мойындамау, оқшаулану, әлем қауіптерге толы-мыс деген ойлардың әсерінен психика ауытқуының, жан дүниесі күйзелуінің алғашқы белгілері.

7. Орта ересек шақ (40-45 және 60 жас аралығы)	Шығармашылық. Өзімен өзі және басқа адамдармен өнімді және шығармашылық жұмыстар жүргізу. Толық құнды, әр қилы өмір. Отбасылық қатынастармен қанағаттану, өз балалары үшін риза болу. Жаңа ұрпақты үйрету және тәрбиелеу.	Тоқтап қалу. Эгоизм және эгоцентризм. Жұмыстың өнімсіздігі. Ерте мүгедек болу. Үнемі өзіне кешірімді болып, тек өзіне ғана күтім жасау.

8. Кеш ересек шақ (60 жастан жоғары)	Өмірдің түрлі оқиғаларға бай болуы. Үнемі өткенді ойлап, оған саналы баға беру. Өткен өмірді өз күйінде қабылдау, оның пайдасын түсіну. Тағдырдың жазғанына көну қабілеті. Өлім қорқынышты емес екендігін ұғыну.	Үміт үзу. Өмір босқа өткен деп, уақыт аз қалғандығын, ол өте тез өтуде деп ойлау. Өмір сүруді мағынасыз деп түсіну, өз күшіне, басқаға деген сенімнің жоғалуы. Қайта өмір сүруді тілеу, бұрын алғаннан да көбірек нәрсені қажет ету. Әлемде тәртіп жоқтығын, жаман, санасыз бастаманың көптігін сезіну. Жақындап келе жатқан өлімнен қорқу.

Әлеуметтену процесі адамдардың қарым-қатынасқа түсуімен және бірлесіп әрекет етуімен тығыз байланысты. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру субъективті: бірдей әлеуметтік жағдайлар әр түрлі болып қабылдануы мүмкін. Түрлі тұлғалар объективті бірдей жағдайлардан сан алуан әлеуметтік тәжірибе алады, бұл *индивидуалдану* процесінің негізі.

Әлеуметтену және тұлғаның қалыптасу процестері арнайы әлеуметтік институттар шебінде, мысалы, мектепте, және түрлі формалды емес бірлестіктерде жүзеге асырылады. Тұлға әлеуметтенуінің маңызды институттарының бірі - жанұя. Отбасында, жақын адамдардың арасында адам тұлғасының негіздері қаланады. Адамның тұлға негіздері 3 жасқа дейін қаланады деген түсінікті кездестіруге болады. Бұл жас кезеңінде адамның психикалық процестері ғана дамып қоймай, ол өмірдің соңына дейін бойында сақталатын алғашқы тәжірибе мен өзін өзі ұстау тәрбиесін алады.

Әлеуметтенудің реттелетін, мақсатқа бағытталған сипатымен қоса реттелмейтін, стихиялық сипаты да бар екендігін айта кеткен жөн. Әлеуметтенуді бір уақыттағы мақсатқа бағытталған және реттелмейтін процесс ретінде түсіндіру үшін А.А.Реан келесідей мысал келтіреді. Мектепте өтетін

сабақ кезінде оқушы сабақтың материалын, әлеуметтік ережелерді меңгеріп қана қоймай, ұстаз үшін “кездейсоқ” болып көрінетін нәрселермен өзінің әлеуметтік тәжірибесін байытады. Бұл тәжірибе позитивті де, негативті де болуы мүмкін.

Тәрбие беру барысында ата-ана мен педагогтың өз алдарына қоятын мақсаттары: баланың тәрбиесін қалыптастырып, оны әлеуметтік ортада өмір сүруге даярлау, ол үшін белгілі қадамдар жасау.

Психологияда әлеуметтеуді біріншілік және екіншілік деп ажыратады. Екіншілік әлеуметтену еңбекті бөлісумен және оған сай білімнің таралуымен байланысты. Адам еңбек етудегі өзінің ролін түсіне бастайды. Б.Г.Ананьевтың концепциясы бойынша әлеуметтену екі бағыты бар процесс ретінде қарастырылған, ол адамның тұлға ретінде және әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын білдіреді. Мұндай әлеуметтенудің соңғы мақсаты – индивидуалдылықты қалыптастыру. Бұл жерде индивидуалдылық деп нақты тұлғаның даму процесін түсіну керек.

Әлеуметтенумен бір уақытта өтетін процесс – инкультурация. Егер әлеуметтену дегеніміз әлеуметтік тәжірибені меңгеру болса, инкультурация дегеніміз индивидтің жалпы адамзаттық мәдениетті, тарихи қалыптасқан әрекеттер жолын игеру процесі. Ол әрекеттерде түрлі даму кезеңдеріндегі адам әрекетінің рухани және материалдық өнімдері жинақталған. Бұл процестер бір-бірінен қалып қоюы мүмкін. Адам мәдениетті табыспен игерсе оның әлеуметтік тәжірибесі жеткілікті деп айту дұрыс емес және керсінше.

Тұлға дамуы теориясының негізгі мәселелерінің бірі - тұлғаның өзін -өзі өзектендіру (самоактуализация). Ересек тұлға өзін өзі дамытуы тиісті деп саналады. Өзін өзі дамыту және өзін- өзі өзектендіру идеясы адам туралы көптеген қазіргі заман концепциялары үшін маңызды болып қалып отыр. Мысалы, ол гуманистік психологияда және акмеологияда басты орынды алады.

Тұлға дамуының мәселелерін қарастырған авторлар адам дамуының шарты болып табылатын себептерді анықтауға тырысады. Көптеген зерттеушілердің ойынша тұлға дамуынынң қозғаушы күші - түрлі қажеттіліктердің кешені. Олардың ішіндегі маңызды орын алатыны - өзін өзі дамыту қажеттілігі. Бірақ ол қол жетпес идеалға ұмтылу деген сөз емес. Тұлға үшін нақты мақсатқа жету немесе белгілі әлеуметтік статус алу маңыздырақ.

Келесі мәселе - тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі. Көптеген тұлға теорияларының негізіндегі тұжырым - тұлға әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде негізгі көріністері тұрақты құрылу. Тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі әрекеттердің біріздiлігін, мінез-құлықты болжау мүмкіндігін анықтап, оның қадамдарының заңдылықтарына сипат береді.

Алайда, бірқатар зерттеулердің көрсеткеніндей, адамның жүріс-тұрысы өзгермелі. Сондықтан еріксіз туындайтын сұрақ: адамның жүріс-тұрысы, тұлға болуы қаншалықты тұрақты және неде?

И.С.Конның ойы бойынша бұл теориялық сұрақта әрқайсысы бөлек қарастырылатын жеке сұрақтардың тұтас сериясы бар. Мысалы, біз ненің тұрақтылығы жайлы әңгіме қозғап отырмыз- жүріс-тұрыс, өзін - өзі ұстаудың ба әлде психикалық процестердің, тұлғаның қасиеттері мен қырларының ба? Бұл жағдайда бағаланатын қасиеттердің тұрақтылығы мен өзгергіштігінің индикаторы не? Ол қасиеттер тұрақты және өзгермелі екендігін көрсететін уақыт көлемң қандай? Осы уақытқа дейін жүргізіліп келе жатқан зерттеулер бірыңғай жауап бере алмағандығын айта кеткен жөн болар, олардың нәтижелері де әртүрлі. Мысалы, үнемі тұрақты болуы тиісті деп саналатын тұлғаның қырлары тұрақты емес болып шыққан. Кейде тіпті бір адамның бойындағы қасиеттердің көріністері жағдайға байланысты елеулі түрде ауысады екен.

Ал лонгитюдті зерттеулер тұлғада тұрақтылықтың белгілі дәрежесі бар деп көрсетеді, мұндай тұрақтылықтың өлшемі түрлі тұлға қасиеттері үшін бірдей емес. 35 жыл жүргізілген осындай зерттеулердің бірінде 100 адам белгілі тұлғалық сипаттамаларының жиыны бойынша бағаланған. Олар алғашқы рет орта мектеп жасында тексерілсе, кейін мектептің жоғарғы сыныптарында, ал соңғы рет 35-45 жас шамасында тексерілген. Бірінші тексеруден кейін екінші тексеруге дейін 3 жыл аралығында сыналғандардың тұлғалық сипаттамаларының 58 %-ы сақталғаны анықталған. 30 жыл бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі тұлғалық сипаттамалардың 31 %- ы сақталатынын көрсетті.

Тұлға теориялары. Тұлға психологиясы дамуының негізгі кезеңдері. Антикалық философтардың еңбектеріндегі тұлға мәселесі. XIX ғ-да (клиникалық кезең) тұлға мәселелерін зерттеу. Р.С.Немов бойынша тұлға теорияларын зерттеу. Тәжірибелік тұлға теориялары. Фрейдизм және неофрейдизмнің тұлға теориялары (З.Фрейд, К.Юнг, А.Адлер, К.Хорни, Г.С.Салливан). Гуманистік психологиядағы тұлға мәселесі (К.Роджерс, Г.Олпорт, А. Маслоу).

Тұлғаны эксперименттік зерттеудің әдістемесі**.** Тұлға туралы тәжірибелік ақпаратты жинау жолдары. Тұлға қырларын факторлық тұрғыдан бағалау.Типологиялық көзқарас.Тұлға теориясының психодинамкалық бағыты. Тұлға дамуындағы психоаналитикалық бағыт.Тұлға теориясындағы когнитивті,диспозиционалдық бағыт, мінез-құлық теориясы.

Тұлға психологиясы саласындағы зерттеулер бұрыннан жүргізіліп келеді, олардың өзіндік тарихы бар. Тұлға психологиясы дамуының 3 кезеңі келесідей: философиялық-әдеби, клиникалық және тәжірибелік.

Зерттеулердің бірінші кезеңі көне ойшылдардың жұмысынан басталып, XIX ғ-ң басына дейін жалғасқан. Бұл кезеңдегі тұлға психологиясының негізгі мәселелеріне адамның өнегелік және әлеуметтік табиғаты жөніндегі сұрақтар жатады. Тұлға туралы алғашқы анықтамалар айтарлықтай ауқымды. Ол анықтамаларға адамның бойындағы бар нәрсе, оның жеке басынікі деп саналатынның бәрі жатқызылған: биологиясы, психологиясы, мүлігі, мінез-құлқы, мәдениеті және т.б. Тұлға туралы осындай түсінік кейінгі

уақытқа дейін сақталыпты. Нақты мазмұнға толы, тұлғадан бөлек көптеген басқа да түсініктер мен ғылыми категориялары бар психология үшін мұндай анықтама өте кең болып табылады.

XIX ғ-ң бірінші он жылдығында тұлға писхологиясының мәселелерімен философтармен қатар дәрігер-психиатрлар да айналыса бастады. Олар ең бірінші рет клиника жағдайында науқасқа тұлға ретінде жүйелі түрде байқаулар жүргізіп, оның жүріс-тұрысын, өзін өзі ұстауын жақсырақ түсіну үшін өмір тарихын зерттей бастаған. Психикалық ауруларды диагностикалау және емдеумен байланысты кәсіби қорытындылар ғана жасалып қоймай, адамзат тұлғасының табиғаты жөнінде жалпы ғылыми қорытындылар да келтірілген. Философиялық-әдеби кезеңмен салыстарғанда клиникалық кезеңде тұлға - ерекше құбылыс деген түсінік мағынасы таратылған. Психиатрлардың аса мән бергені - әдетте науқас адамнан табылатын тұлғаның ерекшеліктері. Дәрігерлер тапқан ерекшеліктер барлық дені сау адамдарға тән болғанымен, науқастарда олардың көріністері гипертрофияланатыны (асыра білінетіні) анықталды. Мысалы, күйгелектік пен ригидтілік, тежелу мен қозғыштық.

Қалыпты, патологиялық және акцентуацияланған (норманың шекті варианты) тұлғаны сипаттауға мүмкіндік беретін терминдерді дәрігерлер тұлғаға анықтама беру үшін қолданған. Алайда мұндай көзқарас психология үшін жеткіліксіз деп танылды. Өйткені, қалыпты тұлғаны тұтас сипаттау үшін ол анықтамалардың мазмұны тар, ондай анықтамаларға шектен тыс көрініс бергенімен кез келген жағдайда “қалыпты” деп саналатын тұлға қасиеттері (мысалы, түрлі қабілеттердің болуы, адамгершілік қасиеттер) енгізілмеген.

XX ғ-ң басына дейін тұлға философиялық-әдеби және клиникалық тұрғыдан ғана зерттелсе, кейін бұл іске таным процестері мен адамның күйін зерттеумен айналысқан психологтар кірісті. Ғасыр басында психологияда тәжірибелік зерттеулер қарқынды дамып, гипотезаларды нақты тексеру және айқындалған фактілерді алу мақсатымен психологтар зерттеулерге мәліметтерді математикалық-статистикалық өңдеу әдістерін енгізуге тырысқан. Осыған байланысты психологтар ұзақ жылдар бойы қалыпты тұлғаны сенімді және валидті тесттер арқылы зертеу тәсілдерін жетілдіруді өз алдарына мақсат етіп қойған.

Келесі кезектегі әңгіме неғұрлым әйгілі тұлға концепциялары мен теориялары, олардың жіктелуі жөнінде болады.

Ғылыми жұмыстар мен оқу құралдарында тұлға концепциялары мен теорияларының әрқалай жіктелуі келтіріледі. Р.С.Немовтың ессебі бойынша 48 тұлға теориясы бар, олардың әрқайсысы 5 параметр бойынша бағалануы мүмкін.

Мінез-құлықты түсіндіру жолдары бойынша барлық тұлға теорияларын *психодинамикалық, социодинамикалық және интеракционистік* деп бөлуге болады.

Психодинамикалық теориялар психологиялық, немесе ішкі, сипаттамаларына орай тұлғаны сипаттайды, адамның жүріс-тұрысын түсіндіреді. Ал *социодинамикалық* теориялар бойынша тәрбие детерминациясындағы басты роль сыртқы жағдайларға беріледі. *Интеракционистік* теориялар сыртқы және ішкі факторлардың өзара әрекеттесу принципіне негізделген. Ондай өзара әрекеттер адамның өзекті әрекеттерін басқарады.

Теорияларды типтерге бөлудің келесі негізі - тұлға туралы мәліметтер алу жолы. Осы тұрғыдан барлық теорияларды *эксперименталды* және *эксперименталды емес* деп бөлуге болады. *Эксперименталды теорияларға* тәжірибе барысында жинақталған мәліметтерді сараптау және жалпылау арқылы құрастырылған теориялар жатқызылады. Э*ксперименталды емес* теориялардың авторлары эксперимент жасамай-ақ өмірден алған байқауларға сүйеніп, теориялық талдап қорытады.

Тұлғаға құрылымдық және динамикалық құрылым деген көзқарастағы авторлар тұлға теорияларын басқаша жіктейді. Құрылымдық теория үшін басты мәселе- тұлға құрылымын және оны сипаттауға көмектесетін ұғымдар жүйесін анықтау. Негізгі тақырыбы - тұлға дамуындағы қайта құрылу, өзгерістер, яғни оның динамикасы болып табылатын теориялар *динамикалық* деп аталады. Сонымен қатар, бірқатар теориялар жас кезеңдік және педагогикалық психология шеңберінде пайда болған. Олар тұлға дамуындағы шектелген жас кезеңін қарастырады, мысалы, туылғаннан орта мектепті бітіргенге дейінгі, яғни нәресте болудан ерте бозбалалық шаққа дейінгі. Кейбір басқа теориялардың авторлары тұлға дамуын бүкіл өмір бойында бақылайды.

Тұлға теорияларын жіктеу кезінде көңіл бөлінетін нәрселер: ішкі қасиеттер, тұлғаның қырлары мен қасиеттері немесе олардың сыртқы көріністері, мысалы, мінез-құлқымен жасаған іс-әрекеттері. Осылай қасиеттер теориясын бөліп қарастыруға болады. Бұл топ теорияларының қағидаларына орай барлық адамдар бір-бірінен жеке, тәуелсіз қырларының жиынтығы мен даму дәрежесі бойынша ажыратылады, бірнеше адам бір адамның мінез-құлықтарын, қырларын байқап, оларды жалпылау арқылы тұлғаға біртұтас сипаттама бере алады. Тұлға қырларын бағалаудың екінші жолы барлық адамдарды типологиялық топтарға біріктіруді жорамалдайды. Мұндай бір топқа кіретін адамдардың психологиялық сипаттамалары бір-біріне жақын, мінез-құлықтары ұқсас. Сонда әрбір типологиялық топтың психологиялық сипаттамалары өзгеше, басқаға ұқсамайды деген сөз.

Тұлға теорияларының жіктелуін қарастырған тек Р.С.Немов қана емес. Б.В.Зейгарник теорияларды пайда болу және даму жағдайларына тәуелді мазмұнды-мағыналық және тарихи аспектілерде қарастырған. Ол келесі теория топтарын бөліп көрсетеді: фрейдизм мен неофрейдизмнің тұлға теориялары, гуманистік тұлға теориялары, экзистенциальді психологияның тұлға теориясы, француз әлеуметтік мектебінің тұлға теориялары және т.б. Осылардың кейбіреулерін жалпы түрде қарастырайық.

Қазіргі кезде тұлға зерттеуде жеті негізгі тұлға теориялары дамыды. Әрбір бағыт өзінің теориясымен және де өзінің әдісімен, құрылымымен ерекшелінеді.

Тұлғаның психологиялық сипаттамасы. Қазіргі кезде психологияның ерекшелігі психиканы зерттеуші бағыттың көптігімен, тұлға теориясының кеңдігімен мәселенің күрделілігі психологияның алдында тұрған теориялық міндеттерге және ғылымның дамуының ішкі қажеттіліктеріне байланысты.

Тұлға – психологиялық сипаттамасы,бірқалыпты жоғарғы даму жүйесі, индивидуалды қажеттіліктермен қамтамасыз ететін, уақытша және белгілі бір жағдайларда адамның тұрақты жүріс-тұрысы.

Тұлға теориясы – бұл болжамдардың жиынтығы немесе тұлға дамуының табиғаты мен механизмінің болжамы.

Тұлға теориясын тек түсіндіруге тырысып қана қоймай, ол адамның жүріс-тұрысын сипаттайды (А.Хьелл, Д. Зиглер).

Тұлға теориясының психодинамикалық бағыты

Психоанализдің негізін салушы австрия психиатры З.Фрейд.Қазіргі күнге дейін тұлға психологиясына әсер ететін, кең тараған теориялардың бірі – фрейдизм. Бұл теория клиникалық кезеңде пайда болған. Теория құрастырушысы-З.Фрейд. Кейін фрейдизмнің іргесінде шартты түрде неофрейдизм теорияларының тобына біріктілген бір қатар теориялар пайда болған. Фрейд бірнеше жыл бойы Сальпетриердегі (Париж) атақты француз неврологы Ж.Шарконың клиникасында және Нансидегі Бернгеймнің клиникасында жұмыс жасай жүріп невроздар терапиясымен танысқан болатын. Өткен ғасырдың 90-ж**ылды**ң басында Й.Брейермен біріге гипноздық катарсис тәсілін пайдаланды. Кейін гипноздық сендіру практикасын тастап түстерді жору интерпретациясын, еркін туыдайтын ассоциацияларды, ескертулерді, естен шығаруды зерттеуге көшкен. Осындай материалды талқылауды Фрейд психоанализ тәсілі деп атап, оны психотерапияның жаңа техникасына баламалаған.

Психоанализ тәсілін пайдаланғанда науқаспен ұзақ уақыт әңгемелесе отырып, оның ақыл-есіне ауырудың шынайы себебі туралы жеткізіледі, науқас бұрын ескермеген нәрселерді түсіне бастайды. Фрейдтің айтуынша катарсис болады. Кейін мұндай концепция дені сау адамның психикасына да таралған.

Мінез-құлық мәселесін қарастыра отырып Фрейд адамның психикалық іс-әрекетін анықтайтын 2 қажеттілікті көрсетеді: либидо және агрессия. Қоршаған орта осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға қарсылығын білдіріп, бөлектегеніне қарамастан ол екеуі сананың “цензурасынан” өтіп, символдар түрінде көрініс береді. Осы қажеттіліктердің өзара әрекетінің сипатын, оларды қанағаттандыру мүмкіндігін аша келе Фрейд тұлға құрылымында 3 негізгі компонентті ажыратады: ид (“Ол”), эго (“Мен”) және супер-эго (“Жоғарғы-мен”). Ид бейсаналық саласына ығыстырылған инстинкттердің алаңы болып табылады. Эго, біржағынан, бейсаналы инстинкттерге жалғасса, екінші жағынан, шынайылықтың нормалары мен талаптарына бағынады. Супер-эго дегеніміз қоғамның ғибратты бастауларының жиынтығы, ол

“цензор” ролін атқарады. Сонымен, ид пен супер-эго талаптары үйлеспейтіндіктен эго үнемі конфликтіде, ол қорғаныс механизміне (ығыстыру, сублимация) жүгінуіне тура келеді. Ығыстыру санасыз түрде жасалады. Бейсаналық саласына “көшетін” мотивтер, күйзелулер “цензор” үшін жарамды символдар, әрекеттер түрінде қалып, әсер ете береді.

З.Фрейдтің ойынша түрлі іс-әрекет функциялары мен формаларын жүзеге асыру үшін арнайы механизмдердің (сублимация, проекция, көшіру, ығыстыру, регрессия, т.б.) бөлек жүйесі бар. Ал ағза энергия сақталу заңымен басқарылатын күрделі энергетикалық жүйе ретінде қарастырылады. Сондықтан, егер либидо өзінің бір көріністерінде тоқтатылса, онда қандай да бір басқа эффекттіні тудыруы тиіс. Супер-эго осындай эффектілерді әлеуметтік тұрғыдан жарамды етеді. Егер жарамды ете алмаса, онда ид пен супер-эгоның арасындағы конфликт өршіп, жүйенің қалыпты қызметі бұзылады, тежелген либидо түрлі ауырсыну синдромдары арқылы өзін байқатады.

Тұлға дамуындағы психоаналитикалық бағыт. Юнг психоаналитикалық бағыттың көрнекті өкілі.Швеция психологы, психиатры. Психоанализдің аналитикалық психология деп атаған бағытының негізін қалаушы. Бұл пәндермен қатар Юнг философия , теология мәселесімен терең айналысты. Юнг өз кәсібі әрекетінің басынан бастап-ақ психикалықтың бейсаналы жемістері олардың субъект үшін мәні туралы сұрақтармен айналысты. Бейсаналы сфераға эндопсихологиялық функциялар арқылы жақындаймыз. Санадан тыс процестерді тікелей бақылау мүмкін емес,ұжымдық бейсаналы деңгейдің мазмұны архетиптер құрайды. Архетиптер Юнг бойынша саналы жанның негізі- эмоциялардың нұсқауларының жүйесі. Архетиптер негізгі мифологиялық мотивтер бар. Адам психологиясындағы ұжымдық бейсаналы сфераға, сондай-ақ тарихи қалдықтар мен естеліктер енеді. Адам өз психологиясының ең терең қабатында жеек индивид болып қалмайды. Олардың психологиялық жаны бүкіл адамзат психологиясымен бірігіеді. Барлық адамның психологиялық фундаменталды құрылымы бірдей. Алдымен ұжымдық одан кейін барып индивидуалды бейсаналы сфера, одан кейін сана сферасы қалыптасады. Архетиптер қандай- да бір образ болып көрінеді. Персонаң (маска) – ол белгілі бір әлеуметтік рөл және қоғамда өзін көрсететін жолы. Юнг бойынша персона сондай-ақ конформдылық архетип болып табылады. Анимусң (рух)- индивидуалды бейсаналы бөлімнің құрамы. Индивид үшін жағымсыз, санадан тыс деңгейге ығыстырған адамның өзінің ер адаммен әйел адамның ретіндегі түсінігі.Әйел адамда маскулеттік мазмұнға ие. Юнг бойынша әрбір ер адамда өзінің терең бейсаналы сферада әйел ретіндегі ,ал әйел адамда ер адам ретіндегі образ бар. Бұл образ бейсаналы болған,бұл реалды өмірде өзі таңдаған ер адамға проекцияланады.

1. Саналы бөлім.
2. Индивидуалды саналы бөлім.
3. Ұжымдық бейсаналы бөлім.

Фрейд шәкірттерінің бірі - К.Юнг ұстазымен келісімге келе алмай бөлек бағытпен кеткен болатын. Оның себебі: Фрейдтің пансексуализм идеясында. Екеуінің арасындағы күрес материалдық емес, идеалистік позицияларда жүргізілген. Юнг өз жүйесін "аналитикалық психология" деп атаған.

Юнг бойынша адам психикасына 3 деңгей кіреді:сана, жеке бейсаналық және ұжымдық бейсаналық. Адамның тұлға құрылымында анықтаушы роль атқаратын ұжымдық бейсаналық бұрын бүкіл адамзат есте қалдырған іздерден түзіледі. Ұжымдық бейсаналық жалпы сипатта. Ол тұлғаға әсер етіп, туылғанынан бастап өзін өзі қалай ұстауын белгілейді. Ұжымдық бейсаналық та өз кезегінде түрлі деңгейлерден тұрады, ұлттық, нәсілдік және жалпы адамзаттық тағылыммен анықталады. Ең терең деңгей адамның жануар болған ата-тегінің тәжірибесінен қаланған. Сонымен, Юнгтың анықтамасы бойынша ұжымдық бейсаналық - біздің көне ата-тегіміздің ақыл-парасаты, олардың өмір мен әлемді, құдай мен адамды тану жолдары.

Ұжымдық бейсаналық жеке адамдарда архетиптер түрінде көрініс береді. Ондай архетиптер тек түстерде емес, шынайы шығармашылықтан да табылады. Архетиптер жеке адамдарға тән болғанымен оларда ұжымдық бейсаналық бейнеленеді. Архетип болып табылатын ойдағы елестетулердің жалпы формаларына эмоционалдылықтың елеулі элементі, тіпті перцептивті бейнелер де кіреді. Мысалы, ананың архетипі- өз анасына ұқсатылған сезімтал және бейнелі мазмұны бар ана идеясы. Бұл архетипті бала ата-тегінен дайын күйінде алып, оның негізінде өз анасының нақты бейнесін құрады.

Юнг бойынша ұжымдық бейсаналықтан басқа жеке бейсаналық та бар, бірақ ол санадан бөлектенбеген. Бұрын ақыл сарапынан өткен, түсінікті болғанымен кейін ұмытылған немесе естен шығарылған күйзелістер жеке бас ақыл-ессіздігін құрайды. Белгілі жағдайда олар түсінікті болуы мүмкін.

Жеке бейсаналық құрылымдық бірліктері – сезімдер, ойлар және естеліктер _ констелляциясы. Юнг бұларды кешендер деп атаған (мысалы, үлкен билікті иемденуге ұмтылу -билік кешені болады).

Юнг мұнымен қоса "Мен" ұғымын енгізген. Ол адамның біртұтастыққа және ауыз бірлікке ұмтылуын білдіреді. Оның арқасында саналы мен бейсаналықтың арасында тепе-теңдік орнайды. "Мен" әртүрлі болып көрініс беруі мүмкін. Ол көрініске тәуелді адамдарды белгілі типтерге ажыратуға болады.

Тұлға типтерін жіктеу негізіне Юнг адамның өзіне және объектіге бағытталуын қояды. Осыған орай барлық адамдар экстраверттер және интроверттер болып бөлінеді. Бұлардан басқа қосымша типтер: интуитивті, ойшыл, эмоционалды. Тұлға типін анықтайтын түрлі арақатынастағы функциялардың көбісі туа біткен. Сондықтан Юнг бойынша тұлға типтері дегеніміз бұл қоғам өмірінің жағдайларымен байланысы жоқ туа біткен типтер.

Өз заманында Фрейдпен келіспей бөлек жолмен кеткен шәкіртінің бірі – А.Адлер, жеке бас психологиясының негізін қалаушы. Ол Фрейдтің

биологиялық теориясына қарсы шыққан. Адлер адамның бойындағы табиғи инстинкттерді емес, қоғамдық сезімді бағалап, оны “қоғамдық сезім” деп атайды. Ол сезім туа біткенімен оны әлеуметтік дамыту керек. Фрейдтің адамды туғанынан агрессивті, оның дамуы биологиялық қажеттіліктермен детерминденеді дегенімен Адлер тіпті келіспейді.

Сонымен қатар, Адлер Фрейд айтып кеткен тұлғаны 3 инстанцияға бөлу идеясына да қарсы шығады. Адлердің түсінігі бойынша тұлға құрылымы біртұтас, ал тұлға дамуындағы детерминантылығы – адамның басымдылыққа ұмтылуы. Алайда адамның бәрі оған ұмтылмайды. Дене мүшелері дамуында ақаулар болуы себебінен немесе кейде кішкентай кезінде қолайсыз әлеуметтік жағдайда сәтсіздігіне адам өзінің кемтарлығын сезіне бастайды. Осы тәріздес сезімдерді жою мақсатымен сан алуан компенсация түрлеріне жүгінеді.

Тұлға теориясындағы гуманистік бағыт

Тұлға теориясындағы гуманистік бағыт бойынша екіге бағытталған. Біріншісі:ңклиникалыққ американ психологы К.Роджерс көзқарасымен, екіншісі: ңмотивациялыққ өкілі Маслоу. Осы екі бағыттың арасындағы кейбір айырмашылыққа қарамастан оларды көптеген ортақтақтар біріктіреді.

Гуманистік бағыт бойынша адам өзінің табиғатында жақсы және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады. Адамның туа берілген табиғаты онша тұрақты дамуға творчествоға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылады.

Маслоу теориясының негізгі тезистерінің бірі- ол индивидтің тұтастығы.

1. Бұл бағыт бойынша әр адамды уникалды ұйымдасқан тұтас жүйе ретінде қарастыру қажет. Уникалды –ешқашан қайталанып келмейтін деген сөз.
2. Адамның ішкі табиғатында позитивті өсу мен өзін-өзі жетілдіру потенциялы бар.
3. Творчестволық потенциал адамның неғұрлым универсалды сипаты,барлық адамға тән.

Маслоу психология ғылымының неғұрлым универсалды негізі ретінде психикалық ешқандай ауытқуы жоқ, өзін-өзі өзектендіру адамды зерттеу керек дейді.Маслоу болжамы бойынша орташа адам өз қажеттіліктерін мынадай ретке қанағаттандырады.

Иерархия- бір-біріне бағынышты белгісі байынша бір ретке орналастыру. Қажеттіліктердің осы барлық дәрежеде меңгерген адам, толық өзін-өзі жетілдірген болып саналды. Иерархиядағы қажеттіліктерінің кезектесуі адам мотивациясы ұйымдасқанның негізгі принципі болып табылады. Дәл осындай иерархия кейбір адамда сақталуы мүмкін.

1. Физиологиялық қажеттілік: тамаққа, ауаға физиологиялық белсенділікке, сенсорлық стимуляцияғ деген қажетіліктер.

2. Қорғанысқа деген қажеттілік: қорғанысқа, тұрақтылыққа, белгілі бір дәрежеде тәртіп пен реттілікке белгілі бір жүйенің, заңның болуына деген қажеттіліктер.

3.Қарым-қатынас қажеттілік: белгілі бір әлеуметтік топқа жату, қарым-қатынас, достық, махаббат деген қажеттілік. Достыққа, махаббатқа деген қажеттілікті екі топқа бөлінеді.

4.Өзін-өзі сыйлау қажеттілік- өзін-өзі сыйлау, басқалардың өзін сыйлауын қажетсіну.Бұған кіретін жетістік, сенімділік,біліктілік, тәуелсіздік, еркіндік, түсініктер, өзін-өзі сыйлаудың қалыптары.

5.Өзін-өзі өзектерндіру деңгейіндегі қажеттіліктер, метақажеттіліктер деп аталады. Метақажеттілікті сипаттайтын негізгі түсініктер.: тұрақтылық, тұрақты даму, бейсаналы жетілу, қарапайымдыолық, эстетикалық, сезімдердің болуы.

Маслоу өзін-өзі өзектендіруші тұлғаға тән мынадай сипаттарды көрсетеді.

Реалдылықты неғұрлым эффективті қабылдау. Адамның өзін-өзі басқаларды жалпы табиғаты солай, сол күйінде қабылдауы.Тәуелсіздік белгілі бір дәрежеде іс-әрекетті пікірлердің тәуелсіз болуы.

Тұлға теориясындағы іс-әрекет теориясы

Бұл теория отандық психологияда үлкен рөлге ие болды. Осы теорияға үлесін қосқан ғалымдар ішінен мыналарды атауға болады. А.С.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, К.А.Абулханов-Славская, А.В.Брушлинский.

Осы теорияға сәйкес адамның ең басты дамуы оның іс-әрекетпен байланыстылығы. Іс-әрекет бұл адамның қоршаған ортамен, қоғаммен қарым-қатынасы осының әсерінен адамның жеке тұлғасы қалыптасады. Тұлғаның қалыптасуы болашақта басты адамға әсер ететін күш болып қалады. Іс-әрекет және мінез-құлық теориясының басты ерекшелігі :бұл жерде басты рөлде рефлекс атқарылмайды. Ал интерериозация механизмі басты рөл атқарады. Іс-әрекеттің басты принципі субъектілік және заттылық болып табылады.

Іс-әрекет теориясын қалаушылар жеке тұлға бүкіл өз өміріндегі өмір сүретін ортасына және сол қоғамдағы әлеуметтік рөліне байланысты қалыптасады. Адамның тұлға болып қалыптасуында оның балалық және жастық шағндағы өмірі өз әсерін тигізеді. Осы теорияны қалаушылардың тұлғаның позитивті өзгеруін оның әлеуметтік өсуіне байланысты деп түсіндіреді. Осы көзқарасты жақтаушылардың ойы бойынша адамға сана туылған кезде берілмейді, ол тұлғаның өсіп жетілуінде дамуымен қалыптасады. Тұлғаның саналы жетілуі қоғамның қоғамның қажеттіліктері мен іс-әрекеттің қоғамдық қарым-қатынастар мен нақты шарттарға тәуелді болады. Іс-әрекет жағдайында ең кең тараған түрі бұл төрт компоненті тұлға моделі болып табылады. Бұл моделде басты орынды қабілеттілік, мінез ұстамдылық және өзін-өзі бақылауды негізге алады.

Бағыттылық- бұл ең тұрақты тұлғаның өзіне қажетті идеалдар мен өз қалаулары және тұлғаның ең басты жүріс-тұрыс тенденциясынан тұрады.

Қабілеттілік- тұлғаның индивидуалды психологиялық қасиеті болып табылады. Қабілеттілік бұл әрбір басты істің сәтті аяқталуына әкеліп соғады.

Мінез- тұлғаның басқа адамға көзқарасы жауапкершілігі және қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Мінез бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі.

Өзін-өзі бақылау- тұлғаның өзінің іс-әрекетін тексеріп бақылауы. Бұл тармақ басқа да тұлға қасиеттеріне бастау болып отырады. Бұның барлықтармақтары бір-бірімен өте тығыз байланыста.

Тұлғаның когнитивті теориясы

Когнитивті теория гуманистікке жақын, бірақта кейбір маңызды айырмашылықтарды ажыратуға болады. Когнитивті теорияның негізін салушы американдық психологы Дж. Келли. Оның ойынша, адам өмірде қазір не болғанын және келешекте не болатынын білгісі келеді.

Когнитивті жеке теория интелектуалды процесіне адамның мінез-құлқына ерекше көңіл аударады.

Басты түсінік ңконструктң (ағыл. consturkt- құру,салу). Бұл түсінік өзін қосқанда барлық танымал танып білетін процестер. Конструктінің арқасында адамда тек әлемді ғана мойындайды. Сонымен бірге қарым-қатынас орнатылады. Осы қарым-қатынастағы конструктілері тұлға конструкті болып табылады. Конструкт- бұл өзгеше жіктелінетін үлгі біздің басқа адамдарды және өзімізді қабылдау.

Келлидің ойынша біздің әрқайсымыз болжам орнатып, оны тексеруге, бір сөзбен айтқанда мәселені шеше алуымыз қажет. Тұлға шек қойылған еркіне ие болады. Конструктивті жүйе адамда құралған өмірдің аз уақытында өзіне танымал шектер қойған.

Мінез-құлық теориясы

Мінез-құлық теориясы екі бағыт- рефлекторлы және әлеуметтік бағыттан құралады. Рефлекторлы бағыттың өкілі атақта американ бихеовиорсті Дж.Уотсон және Б.Скинер. Әлеуметтік бағыт өкілі американдық А.Бандура және Дж.Роттер.

Скинер теориясының қалыптасуына прагмативті көзқарас және өзінің отбасындағы тәрбие әсер еткен. Скинер бойынша қоршаған орта мінез-құлқының негізгі детерминанты мінез-құлықтың белгілі бір заңдылықтарын біле отырып оны қадағалай алу. Мінез-құлықты қадағалау үшін тәуелсіз айнымалыны тәуелді айнымалыға ауыстыру керек. Мінез-құлықты болжау, түсіндіру үшін тұлғаның тұрақты және модификациялы аспектілерін білу негізделеді.

Скиннер мінез-құлықтың кейбір түрлері негіздер арқылы анықталатынын және тәжірибе оған еш әсер ете алмайтынын мойындады. Ол мінез-құлыққа қатысты тұқым қуалаушылық пен орта арасындағы процестерді қарастырады. Генетикалық тұрғыда негізгі және тәжірибе арқылы өзгермейтін мінез-құлық респонденті және орта арқылы детерминантты мінез-құлық апирантты ретінде сипатталады. Яғни, респондент мінез-құлықтың қандай да бір стимулға жауап беру негізінде қалыптасады.

Респондентті мінез-құлық Павловтың теориясына сүйене отырып қалыптастырады. Яғни шартты стимулға шартсыз реакция, ал шартты стимул шартты реакцияға алып келеді.

Оперантты мінез-құлық сыртқы орта арқылы детерминацияланады және оны өзгертуге бағытталады.

Тұлға теориясындағы диспозиционалдық бағыт

Диспозиционалдық (ағыл. disposition- орналастырылған) теория үш негізгі бағыт «жұмсақ», «өткір» және аралық немесе формалды динамика.

«Өткір» бағыты бойынша адамның биологиялық құрылымының белгілі бір түрткісі яғни, жүйке жүйесі және ми бір жағынан, сонымен қатар тұлға қасиеттерінің көрнісінің басқаша болуы. Тұлғалық құрылыммен өткір биологиялық құрылымның өзі жалпы генетикалық факторға тәуелді. Жалпы дене конституциясы мен мінез типтерінің арасындағы байланысты неміс зерттеушісі Э.Кречмер нақтылады.

«Жұмсақ» бағыты диспозициондық теорияның тұлғаның басты, адамның ағзасының биологиялық құрылымымен байланысты болады.

Олпорт адамның әртүрлі жағдайында өзін-өзі ұстауына қатысты олардың құрылымдық ерекшеліктерін проприум деп білгіледі. Проприум ұғымы гуманистік психологиядағы ңменң деген ұғыммен жақын келеді. Оған жоғарғы мақсаттар, адамның моралдық көріністері жатады. Олпорт негізгі рөлде қоғам ойнайды деп көрсетеді. Дегенмен, адамның қасиеттері проприум ерекшеліктерінің түзілуіне әсер етеді. Олпорт дамыған проприумі бар адамды ңкемелденген тұлғаң деп атады.

Формалды-динамикалық бағыт негізіне отандық психологтар Б.М.Теплов, В.Д.Небылицин еңбектерінде көрсетілген. Бұл бағыттың негізгі ерекшеліктері: әр тұлғада екі деңгей, сонымен қатар екі түрлі тұлғалық қасиеттердің аспектісі-формалды-динамикалық және мазмұнды деп саналады. Адамның мазмұнды қасиеттері проприум түсінігіне жақын. Бұл қасиеттер тәрбиенің, білімнің, іс-әрекеттің ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі дүние байлығының интеллект, мінез-құлық көріністерінің жемісі болып табылады. Диспозионалдықтардың ойынша, тұлға өмір бойы дамиды. Оның ішінде тұлғаның жастық шағымен қоса, жыныстық жетілуі де маңызды болып табылады. Бұл теория адамның өзін-өзі ұстамдығы, құрылымының өзгеруіне қарамастан, өздерінің ішкі қасиетіне ие болады. Адамның ішкі дүниесі негізінен темпераменті және индивидуалды ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Психологиялық ғылымда “тұлға” категориясы іргелі ұғымдардың қатарына жатады. Бірақ “тұлға” ұғымы тек психологияға тән емес, ол барлық қоғамдық ғылымдармен зерттеледі, оның ішінде философиямен, әлеуметтанумен, педагогикамен, т.б. Сонда психологиялық ғылым шеңберінде тұлғаны зерттеу спецификасы неде және психологиялық тұрғыдан тұлға дегеніміз не?

Алдымен сұрақтың екінші бөлігіне жауап беруге тырысайық. Бұны жасау оңай емес, себебі тұлға деген не деген сұраққа барлық психологтар түрліше жауап береді. Олардың жауаптары мен ойларының әрқилы болуы тұлға феноменінің күрделі екендігін білдіреді. Осы орайда И.С.Кон былай деп жазады: “ Бір жағынан, ол нақты индивидті әрекет субъектісі ретінде, оның барлық жеке бас қасиеттерімен, әлеуметтік рольдерімен бірге белгілейді. Екінші жағынан, тұлға индивидтің әлеуметтік қасиеттері ретінде, осы адамның басқа адамдармен тура немесе жанама өзара әрекеттесуі

нәтижесінде түзілген бойындағы әлеуметтік маңызы бар қасиеттердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Тұлғамен қарым-қатынасқа түсетін адамдар оны еңбек, таным және қарым-қатынас субъектісінде көреді.”

Ғылыми әдебиеттегі тұлға анықтамаларының әрқайсысы тәжірибелік зерттеулермен және теориялық негіздеулермен бекітілген, сондықтан “тұлға” ұғымын қарастырғанда оларды ескеру керек. Тұлға деп жиі әлеуметтік даму барысында бойына әлеуметтік және өмір үшін маңызды қасиеттерді жинаған адамды түсінеді. Яғни, тұлға сипаттамалары қатарына адамның генотиптік және физиологиялық ұйымдасуымен байланысты ерекшеліктер жатқызылмайды. Адамның танымдық психикалық процестерінің немесе әрекеттерінің жеек дара стилі даму ерекшеліктерін сипаттайтын қасиеттер тұлға қасиеттері қатарына жатқызылмайды, ал адамдар мен қоғамға қатысты көрініс беретін қасиеттер тұлғаның қасиеттері болып саналады. “Тұлға” ұғымының мазмұнына көбінесе басқа адамдарға қатысты маңызды іс-әрекеттерді анықтайтын қасиеттерді де қосады.

Сонымен, тұлға дегеніміз ол тұрақты психологиялық сипатамалар жүйесінде алынған нақты адам. Ондай сипаттамалар қоғамдық байланыс пен қатынастарда көрініс беріп, адамның өзі мен оны қоршағандар үшін маңызды орын алады, оның адамгершілік қылықтарын айқындайды және оның өзіне, ортасы үшін маңызды мәнге ие.

Ғылыми әдебиетте “тұлға” ұғымының мазмұнына кейде адам ұйымдасуының генетикалық және физиологиялық деңгейлері қосылатынын айта кету керек.

Адамды жүйелі зерттеу сұрақтарын қарастырғанда психологияның өзіндік түсініктері қалыптасады. Б.Г.Ананьев бойынша адам ұйымдасуының төрт деңгейі ғылыми зерттеулер үшін қызығушылық тудырады. Олардың қатарына индивид, іс-әрекет субъектісі, тұлға, жеке даралық жатқызылған.

Биологиялық түр болғандықтан әр адамның туа біткен ерекшеліктері бар, мысалы, дене құрылысы тік жүруге мүмкіндік береді, ми құрылымы интеллекттің дамуын қамтамасыз етеді, қол құрылысы еңбек құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді, т.с.с. Осы белгілер адам баласын хайуан баласынан ажыратады. “*Индивид*” ұғымы адамды белгілі биологиялық қасиеттерді иеленуші ретінде сипаттайды.

Индивид ретінде туылған адам қоғамдық өзарақатынастар мен процестер жүйесіне қосылады, нәтижесінде ерекше әлеуметтік сапаға иеленеді-*тұлға* болып қалыптасады. Бұлай болу себебі, қоғамдық байланыстар жүйесіне қосылған адам - *субъект*, іс-әрекет процесінде қалыптасатын және дамитын сананы иеленуші.

Өз кезегінде, осы үш деңгейдің даму ерекшеліктері нақты адамның қайталанбастығын сипаттап, оның *жеке даралығын* анықтайды. Сонымен, “тұлға” ұғымы адамды әлеуметтік тіршілік иесі ретінде сипаттау үшін керек. Мәскеулік және санкт-петербургтық психологиялық мектеп өкілдерінің әдебиеттерінде адам ұйымдасуының иерархиясына әртүрлі көзқарас берілген. Мысалы, мәскеу мектептерінің өкілдері “субъект” деңгейін бөлмей, адамның

биологиялық және психикалық қасиеттерін “индивид” ұғымына біріктіреді. Бірақ, бұған қарамастан, “тұлға” ұғымы адамның әлеуметтік ұйымдасуымен ұштасқан.

Тұлға құрылымын қарастырғанда оған қабілеттерді, темпераментті, мінезді, мотивацияны және әлеуметтік нұсқауларды енгізеді.

Қабілет дегеніміз бұл түрлі іс-әрекеттердегі табыстарын анықтаушы адамның жеке басының тұрақты қасиеттері. *Темперамент* - адамның психикалық процестерінің динамикалық сипаттамасы. *Мінезде* бір адамның басқа адамдарға қатынасын анықтайтын_қасиеттер бар. *Мотивация* дегеніміз әрекет етуге деген ынтаның жиынтығы болса, әлеуметтік нұсқаулар- адамдардың наным-сенімдері.

Бұдан басқа, кейбір авторлар тұлға құрылымына ерік пен эмоция түсініктерін қосады. Психикалық құбылыстардың құрылымында психикалық процестерді, психикалық күйлерді және психикалық қасиеттерді бөліп көрсету керек. Психикалық процестер өз кезегінде танымдық, еріктік, эмоционалдық болып бөлінеді. Ерік пен эмоция өзіндік құбылыс ретінде психикалық процестер шебінде қарастырылуға лайықты.

Алайда, осы құбылыстарды тұлға құрылымы шебінде қарастыру үшін де авторларда негіз бар. Мысалы, сезімдер- жиі әлеуметтік бағдары бар эмоцияның бір түрі, ал ерік қасиеттері қоғам мүшесі болып табылатын адамның қылықтарын реттеуге қатысады. Осы айтылғанның бәрі қарастырылып отырған мәселенің күрделі екендігін және тұлға мәселесінің кейбір аспектілеріне қатысты белгілі келіспеушіліктердің болатындығын көрсетіп отыр. Көбірек келіспеушілік тудыратын мәселелер: адам ұйымдасуы құрылымының иерархиясы, тұлғадағы биологиялылық пен әлеуметтіктің қатынасы.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы

Адам тұлға болып туылмайды, ал қалыптасады деген көзқараспен қазіргі психологтардың көбісі келісуде. Бірақ тұлғаның дамуы қандай заңдарға бағынатыны жөніндегі көзқарастар сан алуан. Өйткені тұлға дамуы үшін қоғам мен әлеуметтік топтардың мәні, дамудың заңдылықтары мен кезеңдері, тұлға дамуының дағдарыстары(кризис), даму процесін тездету мүмкіндіктері әрқилы түсіндіріледі.

Кең тараған тұлға теорияларының әрқайсысында тұлғаның даму мәселесі өздігінше қарастырылады. Мысалы, психоаналитикалық теория даму деп адамның биологиялық табиғатының қоғамда өмір сүруге бейімделуін, белгілі қорғаныс механизмдерінің пайда болуын, қажеттіліктерді қанағаттандыру жолдарын түсіндіреді. Қырлар теориясы (теория черт) бойынша тұлғаның барлық қырлары өмір сүру барысында қалыптасады, олардың туындау, қайта түзілу және тұрақтану процестері биологиялық емес заңдылықтарға бағынады. Әлеуметтік үйрету теориясы тұлғаның даму процесін адамдардың белгілі тұлғааралық өзара әрекеттерінің қалыптасу жолдары ретінде түсендірсе, гуманистік және басқа феноменологиялық теориялар оны “ Мен” деген түсініктің қалыптасуымен ұштастырады.

Дегенмен, тұлғаны барлық теориялар позициясынан шоғырланған, біртұтас етіп қарастыру тенденциясы бар.

Адам тұлға ретінде қалыптасып, дами келе кемшіліктерді де иеленеді. Бір теорияда оң және теріс қасиеттердің үйлесімін жан-жақты көрсету мүмкін емес. Сондықтан Эриксон өз концепциясында тұлға дамуының екі шекті желісін бейнелеген: қалыпты және аномалды. Олар таза күйінде өмірде кезпегенімен адамның тұлғалық дамуының барлық аралық варианттарын елестетуге мүмкіндік береді (1 кестеде көрсетілген).

Психологтарға үйреншікті ой бойынша тұлға әлеуметтік ортада өмір сүріп, тәрбиеленуі кезінде дамиды.Адам әлеуметтік тіршілік иесі болғандықтан әлеуметтік өзара әрекеттерге түседі. Ең бірінші араласу тәжірибесін бала сөйлемей тұрып-ақ өз жанұясында алса, кейін үнемі субъективті тәжірибе жинайды. Ол тәжірибе тұлғаның ажырамас бөлігі. Осы процесс, сондай-ақ кейін индивидтің әлеуметтік тәжірибесін белсенді жандандырылып әлеуметтену деп аталады.

Тұлға дамуының кезеңдері (Э.Эриксон бойынша)

Даму кезеңі	Дамудың қалыпты желісі	Дамудың аномалды желісі
1. Ерте нәрестелік шақ (туылғаннан 1 жасқа дейін)	Адамдарға деген сенім. Өзара махаббат,_үйір болу, ата-ана мен баланың бірін бірі тануы, балалардың араласудағы және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру	Анасының баласына нашар қарауының нәтижесі ретінде баланың адамдарға сенбеуі, мән бермеушілік, немқұрай-лық, махаббаттан айыру. Баланы ана сүтінен өте ерте және күрт айыру, баланы эмоционалдық оқшаулау.
2. Кейінгі нәрестелік шақ (1 жастан 3 жасқа дейін)	Дербестік, өзіне өзі сену. Бала өзін дербес, жеке, бірақ әлі ата-анасына тәуелді адам деп санайды.	Өз өзіне сенбеу, өте ұялшақ болу. Бала өзінің бейімділмегендігін сезініп, қабілеттеріне күдіктенеді. Қарапайым қимыл әдеттерінің дамуында кемшіліктерді сезінеді, мысалы жүргенде. Оның сөйлеу қабілеті нашар дамыған, кемшіліктерін қоршағандардан өте қатты жасыруға тырысады.
3. Ерте балалық шақ (3-5 жас шамасында)	Қызығушылық және белсенділік. Қоршаған ортаны қызыға зерттеп, бейнелерді елестету,	Пассивтілік және адамдарға мән бермеу. Инициативаның болмауы, салбыр болу, басқа балалардан қызғану,

4. Орта балалық шақ (5 пен 11 жас аралығы)	ересектерге еліктеу, түрлі рольдерге қосылу. Еңбекті сүю. Мойнына жүктелген парызды сезіну, табыстарға ұмтылу. Танымдық және коммуникативті білім мен әдеттердің дамуы. Өз алдына шынайы мақсат қойып, оған жетуге тырысу. Инструменттерде ойнауды белсенді меңгеру, шешімдер қабылдау.	ұсыныстардан бас тарту, рольдерге қосылу белгісінің жоқтығы. Өзін өзі кемсіту. Әлсіз дамыған еңбек ету қимылдары. Күрделі тапсырманы орындаудан, басқалармен жарысудан бас тарту. “Дауыл алдындағы” немесе жыныстық жетілу кезеңі алдындағы тыныштық сезімі. Біреуге бағынушылық. Түрлі есептерді шешкенде жұмысы зая кететіндей сезіну.
5. Жыныстық жетілу, жеткіншек жасы және бозбалалық (11 мен 20 жас аралығы)	Өз болашағын анықтау. Уақытша перспективаның –болашаққа жоспардың дамуы. Қандай болу? Кім болу? деген сұрақтарға жауап іздестіру. Білім алу, үйрену. Тұлғааралық тәртіп формаларындағы жыныстық ерекшеліктер. Дүниеге көзқарастың қалыптасуы. Құрбылар арасында лидер болу, қажет болса оларға бағыну.	Рольдердің шатасуы. Уақытша перспективалардың ығысуы және араласуы: болашақ пен осы шақ туралы ғана емес, өткен шақ туралы да ойлардың пайда болуы. Рухани күштерді өзін өзі тануға жұмсау, сыртқы әлем, қоршаған адамдармен қарым-қатынас орнатудың орнына өзін өзі түсінуге тырысу. Еңбек белсенділігін жоғалту. Жыныстық айырмашылықты көрсететін рольдердің ауысуы, лидер болуға ұмтылмау. Мораль мен дүниеге көзқарастың шатасуы.
6. Ерте ересек шақ (20 мен 45 жас аралығы)	Адамдарға жақын тарту, оларға көмектесуге тырысу. Бала сүйіп, оларды тәрбиелеу, махаббат пен жұмыс. Жеке бас өмірімен қанағаттану.	Адамдардан оқшаулану, олардан қашу, әсіресе жақындардан, олармен жыныстық қатынасқа түсуден қашу. Мінездің ауыр болуы, адамдарды таңдамай араласу, болжамға келмейтін әрекеттер жасау. Мойындамау, оқшаулану, әлем қауіптерге толы-мыс деген ойлардың әсерінен психика ауытқуының, жан дүниесі күйзелуінің алғашқы белгілері.
7. Орта	Шығармашылық. Өзімен	Тоқтап қалу. Эгоизм және

ересек шақ (40-45 және 60 жас аралығы)	өзі және басқа адамдармен өнімді және шығармашылық жұмыстар жүргізу. Толық құнды, әр қилы өмір. Отбасылық қатынастармен қанағаттану, өз балалары үшін риза болу. Жаңа ұрпақты үйрету және тәрбиелеу.	эгоцентризм. Жұмыстың өнімсіздігі. Ерте мүгедек болу. Үнемі өзіне кешірімді болып, тек өзіне ғана күтім жасау.

8. Кеш ересек шақ (60 жастан жоғары)	Өмірдің түрлі оқиғаларға бай болуы. Үнемі өткенді ойлап, оған саналы баға беру. Өткен өмірді өз күйінде қабылдау, оның пайдасын түсіну. Тағдырдың жазғанына көну қабілеті. Өлім қорқынышты емес екендігін ұғыну.	Үміт үзу. Өмір босқа өткен деп, уақыт аз қалғандығын, ол өте тез өтуде деп ойлау. Өмір сүруді мағынасыз деп түсіну, өз күшіне, басқаға деген сенімнің жоғалуы. Қайта өмір сүруді тілеу, бұрын алғаннан да көбірек нәрсені қажет ету. Әлемде тәртіп жоқтығын, жаман, санасыз бастаманың көптігін сезіну. Жақындап келе жатқан өлімнен қорқу.

Әлеуметтену процесі адамдардың қарым-қатынасқа түсуімен және бірлесіп әрекет етуімен тығыз байланысты. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру субъективті: бірдей әлеуметтік жағдайлар әр түрлі болып қабылдануы мүмкін. Түрлі тұлғалар объективті бірдей жағдайлардан сан алуан әлеуметтік тәжірибе алады, бұл *индивидуалдану* процесінің негізі.

Әлеуметтену және тұлғаның қалыптасу процестері арнайы әлеуметтік институттар шебінде, мысалы, мектепте, және түрлі формалды емес бірлестіктерде жүзеге асырылады. Тұлға әлеуметтенуінің маңызды институттарының бірі - жанұя. Отбасында, жақын адамдардың арасында адам тұлғасының негіздері қаланады. Адамның тұлға негіздері 3 жасқа дейін қаланады деген түсінікті кездестіруге болады. Бұл жас кезеңінде адамның психикалық процестері ғана дамып қоймай, ол өмірдің соңына дейін бойында сақталатын алғашқы тәжірибе мен өзін өзі ұстау тәрбиесін алады.

Әлеуметтенудің реттелетін, мақсатқа бағытталған сипатымен қоса реттелмейтін, стихиялық сипаты да бар екендігін айта кеткен жөн. Әлеуметтенуді бір уақыттағы мақсатқа бағытталған және реттелмейтін процесс ретінде түсіндіру үшін А.А.Реан келесідей мысал келтіреді. Мектепте өтетін сабақ кезінде оқушы сабақтың материалын, әлеуметтік ережелерді меңгеріп қана қоймай, ұстаз үшін “кездейсоқ” болып көрінетін нәрселермен өзінің

әлеуметтік тәжірибесін байытады. Бұл тәжірибе позитивті де, негативті де болуы мүмкін.

Тәрбие беру барысында ата-ана мен педагогтың өз алдарына қоятын мақсаттары: баланың тәрбиесін қалыптастырып, оны әлеуметтік ортада өмір сүруге даярлау, ол үшін белгілі қадамдар жасау.

Психологияда әлеуметтеуді біріншілік және екіншілік деп ажыратады. Екіншілік әлеуметтену еңбекті бөлісумен және оған сай білімнің таралуымен байланысты. Адам еңбек етудегі өзінің ролін түсіне бастайды. Б.Г.Ананьевтың концепциясы бойынша әлеуметтену екі бағыты бар процесс ретінде қарастырылған, ол адамның тұлға ретінде және әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын білдіреді. Мұндай әлеуметтенудің соңғы мақсаты – индивидуалдылықты қалыптастыру. Бұл жерде индивидуалдылық деп нақты тұлғаның даму процесін түсіну керек.

Әлеуметтенумен бір уақытта өтетін процесс – инкультурация. Егер әлеуметтену дегеніміз әлеуметтік тәжірибені меңгеру болса, инкультурация дегеніміз индивидтің жалпы адамзаттық мәдениетті, тарихи қалыптасқан әрекеттер жолын игеру процесі. Ол әрекеттерде түрлі даму кезеңдеріндегі адам әрекетінің рухани және материалдық өнімдері жинақталған. Бұл процестер бір-бірінен қалып қоюы мүмкін. Адам мәдениетті табыспен игерсе оның әлеуметтік тәжірибесі жеткілікті деп айту дұрыс емес және керсінше.

Тұлға дамуы теориясының негізгі мәселелерінің бірі - тұлғаның өзін -өзі өзектендіру (самоактуализация). Ересек тұлға өзін өзі дамытуы тиісті деп саналады. Өзін өзі дамыту және өзін- өзі өзектендіру идеясы адам туралы көптеген қазіргі заман концепциялары үшін маңызды болып қалып отыр. Мысалы, ол гуманистік психологияда және акмеологияда басты орынды алады.

Тұлға дамуының мәселелерін қарастырған авторлар адам дамуының шарты болып табылатын себептерді анықтауға тырысады. Көптеген зерттеушілердің ойынша тұлға дамуынынң қозғаушы күші - түрлі қажеттіліктердің кешені. Олардың ішіндегі маңызды орын алатыны - өзін өзі дамыту қажеттілігі. Бірақ ол қол жетпес идеалға ұмтылу деген сөз емес. Тұлға үшін нақты мақсатқа жету немесе белгілі әлеуметтік статус алу маңыздырақ.

Келесі мәселе - тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі. Көптеген тұлға теорияларының негізіндегі тұжырым - тұлға әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде негізгі көріністері тұрақты құрылу. Тұлға қасиеттерінің тұрақтылық дәрежесі әрекеттердің біріздiлігін, мінез-құлықты болжау мүмкіндігін анықтап, оның қадамдарының заңдылықтарына сипат береді.

Алайда, бірқатар зерттеулердің көрсеткеніндей, адамның жүріс-тұрысы өзгермелі. Сондықтан еріксіз туындайтын сұрақ: адамның жүріс-тұрысы, тұлға болуы қаншалықты тұрақты және неде?

И.С.Конның ойы бойынша бұл теориялық сұрақта әрқайсысы бөлек қарастырылатын жеке сұрақтардың тұтас сериясы бар. Мысалы, біз ненің тұрақтылығы жайлы әңгіме қозғап отырмыз- жүріс-тұрыс, өзін - өзі ұстаудың

ба әлде психикалық процестердің, тұлғаның қасиеттері мен қырларының ба? Бұл жағдайда бағаланатын қасиеттердің тұрақтылығы мен өзгергіштігінің индикаторы не? Ол қасиеттер тұрақты және өзгермелі екендігін көрсететін уақыт көлемң қандай? Осы уақытқа дейін жүргізіліп келе жатқан зерттеулер бірыңғай жауап бере алмағандығын айта кеткен жөн болар, олардың нәтижелері де әртүрлі. Мысалы, үнемі тұрақты болуы тиісті деп саналатын тұлғаның қырлары тұрақты емес болып шыққан. Кейде тіпті бір адамның бойындағы қасиеттердің көріністері жағдайға байланысты елеулі түрде ауысады екен.

Ал лонгитюдті зерттеулер тұлғада тұрақтылықтың белгілі дәрежесі бар деп көрсетеді, мұндай тұрақтылықтың өлшемі түрлі тұлға қасиеттері үшін бірдей емес. 35 жыл жүргізілген осындай зерттеулердің бірінде 100 адам белгілі тұлғалық сипаттамаларының жиыны бойынша бағаланған. Олар алғашқы рет орта мектеп жасында тексерілсе, кейін мектептің жоғарғы сыныптарында, ал соңғы рет 35-45 жас шамасында тексерілген. Бірінші тексеруден кейін екінші тексеруге дейін 3 жыл аралығында сыналғандардың тұлғалық сипаттамаларының 58 %-ы сақталғаны анықталған. 30 жыл бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі тұлғалық сипаттамалардың 31 %- ы сақталатынын көрсетті.

ПСИХИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕР

1. Темперамент типтері

Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы. И.П. Павловтың нерв жүйесінің типтері туралы ілімі бойынша 4 түрлі темперамент өкілдері бойынша сипатталады.

1.Сангвиник темпераменті басым оқушының ерекшеліктері: ашық, көпшіл, сөзшең, кісіге қайырымды, қысылып-қымтырылмайды, оптимист, өмір сүргіш, көтеріңкі көңілді, басшылыққа, жетекшілікке құштар. Сондықтан да сангвиниктер өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы, ширақ темперамент болып саналады.

2. Флегматик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Ол өте сақ, ұяф байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты. Флегматик темпераментіндегі бала сабырлы, орынсыз асып-саспайды. Сабақта тыныш отырады, жанындағы баланы мазаламайды. Ауыр мінезді, көрсе қызар емес, мәселені тез шешуге асықпайды, салқынқанды. Бір істі бастаса салпақтап соңынан қалмайтын бала. Флегматик темпераменттіндегі балалардың көпшілігі мектепке келгенен кейін оқу дағдыларын меңгеруде өзінің икемділіктерін жақсы көрсетеді.

3. Холерик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері.

Бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл күйі жиі өзгеретін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі, тұрақсыз, соқпа мінезді, белсенді пысық, бірақ бейкам, ашуланшақ бала. Оның бұл сияқты ерекшеліктері өткір көзінен, тез және оқтайлы қозғалыстарынан жақсы байқалады.

4. Меланхолик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Сәл нәрсеге ренжиді, өпелегіш, пессимист тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын жай басар. Ол ұялшақ, тартыншақ, тұйық болғандықтан, көшіліктен аулақ жүргенді жақсы көреді. Мектепте осынді баланы құрбы-құрдастары “қорқақ”, “сылбыр”, “үндемес”, маубас” т.б. деп келеке ететін кездері де болады. Ол жасқаншақ, сіркесі су көтермейді, бірбет, қышр, қисық келеді. Темпераменттердің адам психикасынан алатын орнын топрақтың өсімдікке тигізетін әсерімен салыстыруға болады. Өйткені темперамент — адамның табиғи жағын көрсететін басты белгілерінің бірі. Әйтсе де темперамент адам психологиясының бүкіл мазмұнын көрсете алмайды. Өмір сүру барысында біртіндеп қалыптасып отыратын адамның дүниетанымы мен сенімі, қызығуы мен қажеті, мұраты мен талғамы, оның темпераментіне тәуелді емес.

Адамның темпераменті психикалық әрекетінің көрінуіне сырттай із қалдырғанмен, ақыл-ойының дамуына ешқандай әуелі әсер ете алмайды деген қағиданың бірден-бір дұрыстығын меланхолик темпераментіндегі оқушылардың өмірінен жақсы көруге болады. Осы айтылғадардан темпераменттердің қандай болмасын тәрбиенің ықпалы мен қалыптасып отыратындығы, тіпті меланхоликтердің өзін ерік-жігері күшті, мінезді ұжымның бағалы мүшесі етіп тәрбиелеуге болатындығы байқалады.

8.2. Мінез құрылымы мен типі

Мінез қалыптасуының ерекшеліктері. Мінез қалыптасуындағы сензитивті кезең. Мінез қалыптасуындағы үлкендер мен бала өзараәрекетінің рөлі. Мінездің мектеп жасында қалыптасуы. Өзіндік тәрбие. Мінез қалыптасуындағы еңбектің рөлі.

Нақты адамды сипаттау немесе бағалау кезінде оның мінезі туралы айтады. Әрбір адам басқа адамдардан өзінің даралық өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Адамдар өзара мінез ерекшеліктеріне қарай ажыратылады. Мінез деген психологиялық қасиеттің төркіні гректің "charakter" деген сөзінен шыққан. Мәнісі -із қалдыру. Психологияда бұл жеке,дербестік мағынадағы адамдарға байланысты ұғым. Психологияда мінез түсінігі адам іс-әрекеті және мінез-құлқы формасында көрінетін жеке-дара психикалық қасиеттердің жиынтығы.

Мінез- әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктер жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әр қилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез-бұл адамның әлеуметтік мінез-құлқының ерекшелігі, ол әлеуметтік топтағы адамдардың жүктелген ісін орындауында, адам аралық қарым-қатынасында көрініп отырады. Мінез ерекшеліктері адамның даралық өзіндік психологиялық қасиеттері. Дегенмен адам бойындағы ерекшеліктердің бәрі бірдей. Мысалы, естудің нәзіктігі, көздің көргіштігі, есте сақтаудың шапшаңдығы, ақыл ойдың тереңдігі мінез ерекшеліктеріне жатпайды. Адам мінезінің көріністері әрбір жеке жағдайда оның оқиғаларға қатысуынан аңғарылады. Адамның іс-әрекеті сол іске деген қатынасымен қатар, ерік-жігеріне, көңіл-күйіне, зеректігіне, ақыл ойына да байланысты болады. Соның нәтижесінде адамның әр алуан психикалық процесстері, оның іс-әрекет түрлеріне ықпал етіп, адамның ақыл ойын, көңіл-күйін, эмоциясын, ерік-жігер қасиеттерінің ерекшеліктерін айқын аңғартады. Мінез өмір бойы қалыптасуы мүмкін. Мінез қалыптасуы адам ойымен, сезімдерімен және ынталарына да байланысты болады. Сонымен адамның өмір сүру ерекшелігімен қатар, оның мінезі де қалыптасады. Осыған орай, өмір бейнесі, қоғамдық талаптар және нақты өмірлік жағдайлар мінез қалыптасуында мәнді рөлге ие.

Мінездің қалыптасуы даму деңгейлеріне және ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі топтарда өтеді(отбасы, достық орта, класс, спорт командалары, еңбек ұжымы т.б.). Әр топтың құндылықты ерекшеліктеріне байланысты мінез қырлары да дамиды. Мінез қыры дегеніміз адамның белгілі бір жағдайдағы мінез-құлқын анықтайтын психикалық қасиет ретінде түсіндіріледі. Мінез қырларының көптеген топтастырулары бар. Психологиялық әдебиеттерде көбінесе екі бағыт кездеседі. Біріншісі, мінез қырларын психикалық процестермен байланыстырады және ерікті, эмоционалды және интеллектуалды қырларды бөліп қарастырған. Мінездің ерікті қырларына жататындар: табандылық, батылдылық, қайсарлылық, өжеттік, сабырлылық, байсалдылық, дербестілік, белсенділік, ұйымшылдық. Эмоционалды қырларына екпінділік, әсерленгіштік, қызбалық, инерттілік, байыпсыздық, қайырымдылық. Ал, интеллектуалды қырларға терең ойшылдық, тапқырлық, зеректік, құмарлық, әуестік жатады.

Екіншісі, мінез қырларын тұлға бағытына байланысты қарастырады. Тұлға бағдарының мазмұны адамдарға, іс-әрекетке, қоршаған әлемге және өзіне - өзі қатынасы кезінде көрінеді. Тұлғаның бағдары адамның өмірлік мақсатын, жоспарын, оның өмірлік белсенділігінің деңгейін анықтайды.

Адамның тұлғалық қырларын шартты түрде мотивациялық және инструменталды деп екіге бөлеміз. Мотивациялық іс-әрекетті оятады және бағыттайды, ал инструменталды бұларға белгілі бір стиль береді. Тұлғаның мотивациялық қырлары сияқты, мінез де әрекет мақсатын таңдау кезінде көрінеді. Бірақ та мақсат анықталғаннан кейін мінез инструменталды рөл ретінде, қойылған мақсатқа жету құралдарын анықтайды.

Мінез тұлғаның негізгі көрінулерінің бірі болып табылады.

Мінезді зерттеуге теориялық және эксперименталды бағыттар.

Мінезді зерттеу бұдан бірнеше жылдар бойы басталған болатын. Мінезді зерттеу дамуының ұзақ тарихы бар.

Адам мінезінің даралық ерекшелігі жайын ғылым тарихында тұңғыш рет сипатттап жазған ертедегі грек философы Теофраст. Бірақ ол мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет дейді. Лабрю йер де "Теофраст мінездері"деген еңбегінде мінезді адамның әлеуметтік адамгершілік ерекшеліктері жағынан қарастырған. Бұл бірақ, темпераментке кері анықтама. Өйткені темперамент – адамда туа пайда болатын генотипті ағза қасиеті. Осы көзқарасқа орай, мінез адамның туа пайда болатын фенотиптік ерекшелігі.

19 ғасырда француз ғалымы А.Бен мінезді тек психологиялық ерекшелік, дара адамның ақыл ойы мен сезімінің және ерік ерекшелігінің қасиеті деп санады. Т.Рибо мінезді сезім мен ерік ерекшелігі десе, ал орыс дәрігері және педагогы П.Ф.Лесгафт ерік қасиеті деді. И.Кант мінезді темпераментпен салыстыра отырып,оны адамның жүре пайда болатын қасиеті деп анықтады. Сондай-ақ ол адамның даралық қасиеттеріндегі туа пайда болатын ерекшеліктері мен жүре пайда болатын ерекшеліктерді бөліп көрсетті. Ал Малапер Фуле т.б. мінездің туа пайда болуымен қатар, жүре пайда болатын ерекшеліктері бар деді.

Мінез адамның басқа адамдармен жұмысына қатынасын білдіретін жеке адамның тұрақты ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінез іс-әрекет пен қарым-қатынаста айқындалып, адам мінез-құлқына тән көрініс береді. Мінез адамның өзі таңдаған іс-әрекетінен байқалады. Кейбір адамдар іс-әрекетінің аса күрделі қиын түрлерімен айналасуды қалайды, олар үшін кедергілерді жеңу жолдарын іздеу, амалдарын табу қызықты болады. Ал, кейбіреулер іс-әрекеттің ешбір кедергісіз оңай түрін қалайды. Кейбіреулер үшін жұмыс нәтижесіне қандай жол арқылы жеткенінен басқа адамдарды басып озу басты мәселе болса, басқаларға әйтеуір жұмысты бітірдік деген ой өте маңызды. Адамдар мен қарым-қатынастағы мінез-құлықтың (үлгісі) манерасы адамдар әрекеттеріне жауап қайтаруларынан көрінеді. Қарым-қатынас мәнері сыпайы-анайы,биязы-дөрекі,әдепті-әдепсіз т.б. бола алады. Мінездердің темпераменттен бір айырмашылығы,олар тек жүйке жүйесі қасиеттеріне ғана емес, адам мәдениеті мен тәрбиесіне де байланысты. Адам мінезі-әр түрлі стимулдар мен түрлі оқиғаларға кездейсоқ жауап беру ерекшеліктерімен айқындалмайды,ол оның негізгі әрекеттерін айқындаушы. Мінезді адамның әрекеті әрдайым саналы, жауапты және ойланған түрде өтеді. Мінезді адам сыртқы жағдайға қарамай дербес, өзінің ерік-жігері мен белсенділігін көрсетеді, өзін-өзі ұстайды. Ал, мінезсіз адам іс-әрекетпен қарым-қатынаста сыртқы жағдайларға бағынып, тәуелділікте жүреді. Адамдардың мінезі пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы бойынша темпераментпен байланысты, бірақ мінез тұрақты және өзгермелі болып келеді.

Жеке адам ерекшеліктері:

Жеке адам ерекшеліктерін келесі кездерде көруге болады.

1.Мотивациялық-іс-әрекетті бағыттайды, тудырады.

2. Инструменталды-іс-әрекетке белгілі бір стиль береді.

Мінез мұнда жеке адамдардың инструменталды қасиеттеріне жатады. Одан іс-әрекет мазмұны емес, оны орындау мәнері айқындалады. Бірақ, мінез мақсатты таңдаудан да байқалады. Мақсат таңдалса, мінез инструменталды, яғни мақсатқа жету құралы болып табылады.

Адам мінезіне кіретін жеке адам ерекшеліктері:

1.Іс-әрекеттің мақсатын таңдауда адамдардың әрекеттерін айқындайтын жеке адам қасиеттері.

2. Алға қойылған мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттер.

3.Темпераментпен байланысты инструменталды бітістер.

Осы бітістердің барлығы бір адамның бойына жиналып адам белгілі бір типке жатқызылады.

Мінез типологиясы

1. Адам мінезі онтогенезді пайда болып, бүкіл өмір бойына тұрақты.

2. Мінезге кіретін жеке адам бітістері кездейсоқ емес, олар мінезді анықтауға көмектеседі және типтерге бөледі.

3.Сол мінез типтері бойынша адам мінезі бірнеше топқа бөлінеді.

Э.Кречмер бойынша дене бітімі бет әлпетіне қарай астеникалық тип-арық, жіңішке адам,соның арқасында ұзын болып көрінеді. Астениктердің дене және бет терісі жұқа. Иықтары кішкентай. Саусақтары ұзын жіңішке, бұлшық еттері нашар жетілген,ал әйел адамдар сонымен қатар кішкентай болады. Атлетикалық тип- орташа және ұзын бойлы, иықтары кең, көкірегі үлкен, басы ұзынша, әрі тығыз, қаңқа сүйектері мен бұлшық еттері жақсы жетілген. Пикниктик тип- орта бойлы, мойны қысқа, семіруге бейім, себебі бұлшық еттері мен қозғалыс аппараттары нашар дамыған. Э.Кречмердің айтуы бойынша осы типтер психологиялық ауруларға шалдығуы мүмкін. Астениктер мен атлетиктер шизофрения ауруына шалдығып жатады, оларды шизотимиктер деп атайды. Оларға ақ сүйектік, сезімталдылық, менменшілдік, суықтық, қатігездік, билікке құмарлық және эмоциялардың болуы тән. Ал, пикниктер маникалды –депрессивті психозға бейім, оларды циклотимиктер деп атайды. Оларға ақ көңілділік, ашық мінезділік, көпшілдік, көп сөйлегіштік, қалжыңға бейімдік, жеңілтектік тән.

Мінездің психологиялық теориялары 19ғасырдың аяқ кезінен бастау алады. Сол кездегі зерттеушілер адамның мінезін дене құрылысына қарай түсіндіруге тырысқан.Адамның дене құрылысы қандай болса, оның мінезі соған сәйкес қалыптасады деді. Адамның мінезін сыртқы тұрқы, бет-әлпеті, нышандарынан зерттеп қарастыруға болады . Осы кезде френология ағымы қалыптасты. Ол ағым бойынша адамның бас сүйегіне, формасына,жүйке саласына қарап адамның мінез-құлқын,ақыл-ойы дәрежесін т.б.ажыратуға болады деді. Ал, графалогия ағымы бойынша адамның жазуына қарап оның мінез ерекшелігін ажыратуға болады деді.

Осы кездерде көптеген ғалымдар мінез мәселесімен айна-лысты: неміс психиаторы Э.Кречмер, У.Шелдон, К.Леонгард, А.Е.Личко т.б.

Мінез акцентуациясы А.Е.Личко бойынша: жас өспірімдерді бақылауға негізделген, нақты бір мінез күшейуін қарастырды, ол сыртқы жағдайларына байланысты.

1) Гипертимді тип- қозғалмалылық, қарым-қатынасқа бейім жасөспірім. Шуды жақсы көреді, тынымсыз ортада болуды қалайды. Көңіл-күйі өте жақсы болады, оқуы бір қалыпты емес, бір орында отыра алмайды,тәртіпсіздік байқалады. Үлкен адамдармен конфликтілерге жиі түседі. Көптеген нәрселерге қызығады, бірақ ол тез өтеді. Өздерінің қабілеттеріне тым сенгіш, тіпті шектен тыс өзіне сенеді. Елдердің алдында өзін-өзі көрсеткенді ұнатады, мақтаншақ болып келеді.

2) Циклоидты тип- апатияға бейім, тез қозады, көбінесе өзімен өзі жалғыз қалғанды ұнатады. Барлық нәрселерді жүрегіне қатты алады. Екі үш апта сайын көңіл-күйлері көтеріңкіден өзіне кетіп қалуға ауысады. Ескертулер жасағанда ашуланады.

3) Лабильді тип- көңіл-күйі ауа райы секілді тез өзгереді, оған әр түрлі қарапайым нәрселер (біреудің көзқарасы, амандаспауы, бір нәрсеге ден қоюы) себеп болады. Олардың мінез құлқы уақытша көңілге байланысты. Казіргісі мен болашағы өзінің көңіліне ұқсас болады, біресе көңілде, біресе түңіліп те қалады. Кейде сәтсіздіктер мен қиыншылдықтар болмаса да көңіл-күйі төмен болады, көп әуреленеді, сондай кездерде оның жақын адамдармен болғаны жөн,оның басқа нәрсеге айналғандығы қажет. Олар өзіне деген қарым-қатынасты ерекше сезінеді.

4) Астено-невротикалық тип- қозғыш, шаршағыш, қырсық, Ақыл-ой жұмыстарына тез шаршайды.

5) Сензитивті тип-жоғары сезімталдық тип. Қозғалыс, құмар ойындарын жақсы көрмейді, үлкен компанияларда болуды қаламайды. Бейтаныс адамдармен ұяң, ұялшақ болғандықтан тұйық болып көрінеді. Тек жақын адамдарына ғана ашық сөзшең болады, өзінің қатарластарынан гөрі үлкен кісілермен, кішкентайлармен болуды ұнатады. Үлкендердің тілін алады, ата-аналарына жақын келеді. Ондай адамдарда"кемістік комплексі"болады. Ортаға бейімделу қиынға соғады. Оларда жастайынан жауапкершілік қасиеті қалыптасып, өзіне және басқа адамдарға үлкен талаптар қояды. Дос таңдауда қателеспейді, өзінен үлкен адамдармен достасқанды қалайды, оларды өте жақсы көреді.

6) Психо-астеникалық тип- интеллектісі тез дамиды, өзін-өзі және басқаларды бағалауға бейім, көп ойланып талқылауды ұнатады, бірақ іс жүзінде емес, сөз жүзінде ғана мықты. Өзіне-өзі тым сену шешімсіздікпен байланысты. Абайсыз, салғырт, кенеттен шешім қабылдайды.

7) Шизоидты тип- тұйық, өз қатарластарымен болғаннан гөрі үлкендермен болғанды ұнатады. Басқа адамдарға қызығушылығының жоқ екенін, немқұрайды екенін көрсетіп, олардың жағдайына көңіл білдіре алмайды. Ішкі жан дүниесі қиялға толы. Сырттай өз сезімін көрсете бермейді, маңайындағылар оны түсіне бермейді.

8) Эпилептоидты тип- көп жылап басқаларды мазасыздандырады. Ондай балалар кішкентайлар мен жануарларды ренжітеді, өздерін диктатор деп санайды. Олар қатігез, өзін-өзі жақсы көреді, билеуші. Басқаларды қорқыту арқылы өзіне бағындырып, қиын ережелер қояды. Өзін басқалардан жоғары деп санайды. Бастықтардың алдында бәрін жасап, көтерілуге тырысады.

9) Истероидты тип- үнемі ортада болуды қалайды, басқалардың алдында өзін суреттеп көрсетеді. Олар басқа біреуді мақтағанды, басқаларға көңіл бөлгенді жақтырмайды. Тек қана оны мақтап жүргенді ғана ойлайды. Көпшілік ортасында лидер болғанды ұнатады.

10) Тұрақсыз тип- ерік-жігерсіз, өзен ағысы бойынша өмір сүреді. Той-томалақ жұмыссыздықты жақсы көреді. Талғаусыз, бәріне қызығады. Өзінің болашағы жайлы ойламайды, кәсіби қызығушылығы жоқ.

11) Конформды тип- негізгі ерекшелігі барлығы сияқты болу. Өзі үшін досын да сатып кетеді, бірақ не істесе де оған себеп табады.

К.Леонгард өз классификациясында адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынасына сүйенеді:

1) Гипертимді тип- анық жест, мимикалары болады.сөзге құмар қарым-қатынасқа бейім, бастапқы тақырыптан кенет бас тартады, өзінің отбасылық қоғамдық міндеттеріне қалай болса солай қарағандықтан адамдармен конфликтіге тез түседі, конфликтіні өзі бастайды. Оптимист, энергиясы мол, іс-әрекетті сүйеді. Бірақ жеңілтек, аморальды әрекеттерді жасайды. Жоғары қозғыштық қасиеттері бар, жалғыздық пен қатал тәртіпті қиын көтереді.

2) Дистимді тип- пессимисті көңіл-күйді, аз сөйлегіш, үйде отыруды ұнатады. Тұйық өмір сүреді. Конфликтіге түспейді. Онымен достасатын адамдарды бағалап, тіпті оларға бағынады. Әділ, байсалды, баяу ойлайды, бірақ тиянақты.

3) Циклоидты тип-көңіл-күйі тез өзгереді, сондықтан да қарым-қатынаста өзгермелі болып келеді. Көңіл-күйі жоғары болғанда сөзге, қарым-қатынасқа жақсы түседі, төмен болғанда тұйық болады.

4) Қозғыш тип- вербальды және вербальды емес реакциялары баяу, контактілігі төмен, конфликтіге бейім, көңілсіз. Отбасында басшы болғанды ұнатады, коллективте бірге бола алмайды. Қозған кезде ашуланшақ, өз әрекеттерін қадағаламайды,жақсы күйде таза, ұқыпты, бала мен жануарларды сүйеді.

5) Тежелгіш тип- сөйлемейді, басқаларды үйретеді. Конфликтіде белсенді роль атқарады. Қолға алған жұмыста үлкен дәрежеге жетуге тырысады. Өзіне үлкен талаптар қояды. Ренжігіш, сезімтал, өш алғыш, өзіне тым сенімді, қызғаншақ, ар ұяты мол.

6) Педантты тип- конфликтіде енжар жақта, жұмыста басқаларға үлкен талапты қойса да лидерлікті кейде басқаларға да береді. Өзінің тазалықты сүйюімен үйдегілерді де мазалайды. Ол ұстамды, тазалықты сүйеді, жұмыста сенімді, бірақ конфликтіде ұрысқақ.

7) Уайымшыл тип- ұялшақ, өзіне сенімсіз, конфликтіге аз түседі, енжар болады. Басқалардан көмек іздейді. Достықты бағалайды, өзін-өзі көп сынайды, алға қойғандарын орындайды. Қалжың көтергіш.

8) Эмотивті тип- жарты сөзден ақ бірін бірі түсінетін адамдар тобынан құралады. Ренжісе оны ішінде ұстайды, сыртқа шығармайды. Жауапкершілік, орындаушылық қасиеттері бар, бірақ жылығыш, тым сезімтал жан.

9) Демонстративті тип- байланысты жеңіл орнатады, мақтанғанды ұнатады, билеуші мен лидерлікке талпынады, өзінің өзіне-өзі сенімділігімен адамдарға ұнамайды. Конфликтіні өзі тудырып, өзін өзі қорғай алады. Басқаларға ұқсамайтын әрекеттер жасайды. Басқаша ойлайды, басқаларды қызықтырады, бірақ эгоист, мақтаншақ, жұмыстан қашады, екіжүзді.

10) Экзалтацияланған тип- контактіге түсуі өте жоғары, сөзге құмар, тез ғашық болады. Дауласады, бірақ конфликтіге жеткізбейді, конфликт кезінде белсенді, әрі енжар болады. Достары жақындарына байланып қалады. Оларға көп көңіл бөледі. Талғамы жақсы, шын сезімге бейім. Көңіл-күйі тез өзгергіш.

11) Экстравертивті тип- достары, таныстары өте көп. Сөзшең, әр түрлі нәрселер жайлы сөйлесе береді, достары мен жақындарына лидерлікті береді. Олардан бір нәрсе сұраса соны орындайды,зейін қойып тыңдайды, бірақ жеңілтек. Басқалардың әсеріне бейім, ойланбай бір нәрсе істей салады, әңгіме айтып отыруға бейім, ойланбай көп нәрсе жасайды. Көңілді уақыт өткізуге құмар.

12) Интравертивті тип- тұйық, шындықтан алшақ, данышпандыққа бейім, жалғыздықты сүйеді, тек өз өміріне басқа біреу кіріскенде ғана конфликтіге түседі. өстамды, принциптері көп, қатал сенімдері мен көзқарастары болады. Бірақ бірбеткей, өз идеяларын дәлелдегіш, өз ойы қате болса да өз ойын дәлелдей береді.

Адам мінезіндегі әрбір ерекшелік белгілі жағдайларға сәйкес көрініс береді. Мұндай ерекшеліктердің өзіндік физиологиялық ерекшеліктер бар. Адам мінезінің физиологиялық негізін ашып көрсетуде ерекше орын алатын жәйт жоғары жүйке қызметінің типтеріндегі ауыспалы құбылыс. Осы орайда, И.И.Павлов қандай сигнал жүйесінің басым екендігіне қарай адам мінезінің типтерін мынадай үш типке бөледі:

1.Ойшыл тип-бұл негізінен сөзбен байланысты,екінші сигнал жүйесі рефлекторлық қызметінің басымдылығы.

2.Көркем тип-бірінші сигналдық шартты рефлекстің басымдылығы.

3.Орташа тип-мұнда екі сигнал жүйесінің бірде-бірі басымдылық көрсете алмайды. Адамдардың көпшілігі осы орташа типке жатады. Адам мінезінде бұлардан басқа да мінез ерекшеліктерінің пайда болуына әсер етіп отыратын арнайы типтердің болуы ықтимал. Әр мінез ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі типтегі адамдардың еңбексүйгіштігі мен әрекетшілдігі де түрліше болып келеді.

Адам мінезінің құрылымы әрқилы қасиеттер жиынтығынан тұрады. Кейбір мінез ерекшеліктері бір-біріне тәуелді, өзара байланысты болып келеді. Мінездегі осындай әртүрлі қасиеттерден құрылған біртұтас бірлікті мінез

құрылымы деп атайды. Ал, мінездегі өзара байланысты психикалық қасиеттердің жүйесі симптомокомплекс не факторлар деп атайды.

Тұлға және мінез

Тұлға құрылымында ең орталық орынды мінез алады. Адам мінезі көптеген адам бойындағы ерекшеліктерге, соның ішінде танымдық процестерге де әсер етеді. Мінез әрбір адамның жеке-даралығын және жеке адамдық ерекшеліктерін көрсетеді. Адам мінезі жеке адам қызығушылықтарымен, қажеттіліктерімен, бағдарларымен, бағытымен, мотивімен т.б. байланысты.

Психология ғылымында мінез топтастырылып оның қасиеттері мынадай төрт түрлі жүйеге бөлініп қалыптастырылады. Ондай қасиеттер адамның әр алуан нәрселерге қатынас ерекшеліктерін көрсетеді.

1.Мінездің еңбекке байланысты қасиеттері: еңбексүйгіштік, адалдық, еңбекке жауапкершілікпен қарау, жалқаулық, немқұрайдылық.

2.өжымға, адамға қатысты қасиеттер: қайырымдылық, сергектік, талапқойғыштық, асқақтық,менсінбеушілік.

3.Өзіне-өзінің қатынасы: өркөкректік, тәкаппарлық, мақтаншақтық, өзімшілдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік.

4.Заттарға қатынасы: ұқыптылық, салдыр-салақтылық, заттарды ұстап тұтынуы, ұқыпсыздығы.

Мұндай ерекшеліктер адамның азаматтық қасиеттерін көрсететін негізгі және өзекті сипаттары болып табылады. Олар адамның қоғамдық қарым-қатынасы және әлеуметтік типтік ерекшеліктері. Ал, мінез құрылымының ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1.Мінездің тереңдігі. Бұл қасиет адамның қоғам тарапына орай көпшілікке, ұжымға, еңбекке деген қатынасын білдіреді.

2.Адамның жеке басының ерекшелігі, белсенділігі. Бұл қасиет мінездің күші. Осыған орай, адам мықты, жақсы, тұрақты және нашар мінезді болып келеді.

3.Мінездің тұрақтылығының, бейімделгіштігінің ерекше мәні бар. Мұндай адамдар әрқилы қиыншылықтарға ұшырағанда табандылық, төзімділік пен бейімделгіштілік көрсетіп,мінездің күшін аңғартады.

Мінездің қалыптасу ерекшелігі

Мінез өмір барысында түзелетін, қалыптасатын психикалық қасиет болып табылады. Бұл мінез бала туылғаннан кейін қалыптасатынын білдіреді. Адам мінезінің қайнар көзін және оның ең алғашқы белгілерінің көрінуін өмірдің алғашқы кездерінен іздеу керек.

Жалпы жеке адамның мінезінің қалыптасуына, дамуына оның қоршаған ортамен,әсіресе адамдармен қарым-қатынасы өте үлкен әсер етеді және оның ролі өте маңызды. Әсіресе, кішкентай бала мінезінің дамуында өз туған-туыстары, жақындары, оларға ұқсауға тырысулары мен еліктеулері байқалады. Олар еліктеу арқылы үлкендердің мінез-құлқын үйренеді. Яғни бала мінезінің қалыптасуы мен дамуына қоршаған адамдармен көп және белсенді қарым-

қатынас жасау да ықпал етеді. Үлкен адамдар балалар сеніміне кіріп, оған сөзбен, іс-әрекетпен әсер ете алса,бала мінез-құлқының белгілі бір түрінің қалыптасуы мүмкін.Үлкендердің бір бірімен қарым-қатынасы, қарым-қатынас жасау ерекшеліктері бала мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді. Сонымен адам мінезі еңбекке, жұмысқа, басқа адамдарға деген қатынаста,өз ісіне деген қатынасында пайда болады.

Мінез қалыптасуында сензитивті кезең екі-үш жастан тоғыз-он жасқа дейінгі кезең болып табылады, себебі осы кезде бала өз құрбы-құрдастарымен, үлкендермен белсенді қатынасқа түседі. Осы кезеңде балаға әсер етуге болады, олар оны жақсы қабылдайды, еліктейді. Осы уақытта үлкен адамдар баланың сеніміне кіре отырып, мінез-құлықтың керекті формаларының қалыптасуына сөзбен, әрекеттерімен әсер ете алу мүмкіншілігі жоғары.

Баланың мінезінің қалыптасуына үлкендердің бір-бірімен қарым-қатынас жасау стилі, сонымен қатар үлкендердің баланың өзімен қатынас жасау ерекшелігі де өте маңызды. Ең біріншіден бұл ата-анаға, әсіресе анасының баласымен қатынасына байланысты болады. Ата-анасының баласымен қарым-қатынасы баланың өскен кездегі өз баласымен қатынас жасау ерекшелігіне үлкен әсер етеді.

Баланың мектепке дейін кезеңінде мінездің келесі қырлары қалыптасады: ақ көңілділік, көпшілдік, қайырымдылық және оған қарама-қарсы өзімшілдік, мейірімсіздік, байыпсыздық. Ал, бастауыш сынып кезінде адамдармен қарым-қатынас кезінде көрінетін қырлар қалыптасады. Егер баланың мінезіндегі белгілі бір қырлар отбасында қалыптасып, ол мектеп кезінде қолдауға ие болса бұл мінез қыры одан ары қарай дамып, тұрақталады. Егер қолдау таппаса мінез қырларында өзгерістер болады. Жасөспірімдік шақта мінездің ерікті қырлары, ал жастық шақта адамгершіліктік т.б. дамиды және қалыптасады.

Мінез адам өмірінің барлық жолдарында қалыптасады және өзгереді. Адам мінезінің қалыптасуында ең үлкен орынды еңбек алады. Сондықтан да, мінез басқа да тұлғаның қырлары сияқты іс-әрекет кезінде қалыптасады деп айта аламыз.

Адамның мінезінің өзгеріп отыруына әлеуметтік жағдайдың үнемі ықпал етіп,оның жаңа сапаларын қалыптастырып отырғандығы ғылыми тұрғыдан анықталған тарихи шындық және обьективті фактор екендігі еш дау тудырмайды.

8.3. Қабілет түрлері мен нышан

Қабілетті дамытудың негізгі кезеңдері. Қабілетті қалыптастырудағы ойынның маңызы. Қабілетті дамыту және жанұялық тәрбиедегі өзгешеліктер. Қабілетті дамыту және макроортаның шарттары. Үгіт-насихаттың мәселелері. Е.А.Климов бойынша мамандықты жіктеу және кәсіби жарамдылықты жіктеу.

Адам қабілетінің жалпы сипаттамасы

Біз жеке немесе жекелеген жағдайларда қалатын адамдардың неге әр түрлі табыстарға қол жеткізетінін түсіндіруге талаптанған кезде, көбінесе, қабілет

ұғымын негізге аламыз, адамдар табысының әр тектілігін тек осымен ғана түсіндіруге болатына тоқталамыз. Бұл ұғым біреулердің дағдылар мен іскерлікті тез игеру немесе білімді жылдам қабылдап алуының немесе басқалардың ұзақ, тіптен қиналып үйренуінің себептерін зерттеген кезде пайдаланады. Қабілет дегеніміз не?

Тәжірибеде "қабілетң сөзінің алуан түрлі салада кең қолданыста қолданылатын сөз екенін атап өтуіміз керек. Әдетте, қабілетпен қандайда бір немесе бірнеше іс-әрекеттің табысты орындалу шарттары болып табылатын дербес ерекшеліктер түсіндіріледі. Алайда, "қабілет" термині психологияда оның бұрыннан және кеңінен қолданғанына қарамастан, көптеген авторлар бірнеше мәнде түсіндіреді. Егер қазіргі кездегі қабілетті зерттеу барлық мүмкін нұсқаларды жинақтаса, онда оларды үш негізгі типке бөлуге болады. Бірінші жағдайда қабілетпен барлық мүмкін психикалық процестер мен жағдайлардың жиынтығын түсіндіріледі. Бұл "қабілет" терминінің неғұрлым кеңірек және ең көне түсіндірмесі. Екіншіден қабілетпен іс-әрекеттің сан алуан түрлерін адамдардың табысты орындауын қамтамасыз ететін іскерлік пен дағдылар, жалпы және арнайы білімнің дамуының жоғары деңгейі түсіндіріледі. Аталмыш анықтама XVIII-XIX ғасырдың психологиясында пайда болып, қабылданған және де қазіргі кезде де жеткілікті дәрежеде жиі кездеседі. Үшінші бұл – біліммен, іскерлікпен және дағдымен сәйкес келмейтін, тек қана олардың тәжірибеде тиімді пайдалануына негізделген .

Отандық психологияда қабілетті тәжірибелік зерттеу көбінесе соңғы ықпал негізінде құрылуда. Оның дамуына елеулі үлес қосқан отандық белгілі ғалым Б.М.Теплов. Ол "қабілеттің" төмендегідей негізгі үш түрін бөліп көрсетті.

Біріншіден, қабілетпен бір адамның келесісінен өзгешеленетін дербес-психологиялық ерекшеліктер түсіндіріледі; барлық адамдар бірдей болатын қатынаста қасиеттілік туралы сөз болған жерде қабілеттілік туралы ешкім сөз етпейді.

Екіншіден, қабілет деп қандайда бір немесе көптеген әрекеттердің орындалуының табыстылығына қатысы бар жалпы алғанда дербес ерекшеліктерді атайды.

Үшіншіден, "қабілет" түсінігі аталмыш адамда қалыптастырылған дағдылармен немесе іскерлікпен, сол білімділікпен сәйкес келмейді.

Қабілеттің онтогенезде даму мәселесі бойынша профессор С.М. Джакупов өзінің еңбектерінде көрсетеді: Қабілеттердің нышандар негізінде қалыптасуы туралы мәселе әлі күнге дейін шешілген жоқ. Іс- әрекет барысында нышан қабілетке айналады дегентұжырымның өзі де әлі дәлелденбеген. Өйткені қабілетке айналуы үшін нышандар іс- әрекетте қандай орын алатынын көрсету керек.

Қабілеттің генезис мәселесінің мәні , оны тек шешу арқылы қабілеттің даму механизмін түсіну нәтижесінде олардың мақсатты қалыптасуы мен диагностикасын жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені шешудегі ерекше жетістіктер С.Л. Рубинштейннің еңбектерінде көрінеді.Ол адамды

жануарлардан бөлетін қабілеттер оның табиғатын құрайды деген.Бірақ адам табиғаты – тарихи өнім болып табылады. Сондықтан да адам табиғатының қалыптасуы мен өзгеруі тарихи процесс негізінде жүреді.(адамның еңбек іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасады) Бірақ Рубинштейн осы мәселені нақтылағысы келгенмен, сол мәселенің шешімінен алшақтайды.” Нышандар-қабілеттің алғышарты,- дейді С.Л. Рубинштейн. Қабілет нышандар негізіндн дамымағанмен, кабілет бәрі бір нышанның функциясы болып табылмайды, керісінше нышандар алғышарт негізінде дамудың функциясы болып табылады. Ол индивидтің даму негізіне кіріп, олар өздері дамиды, яғни ауысып және өзгеріп отырады.

Ең қызығы көптеген зерттеушілер қолданбалы есептерді шешуде қабілеттер генезисі мәселесін пайдаланбайды. Н.С. Лейтес бойынша: балалық шақта жас ерекшелік дамудың ішкі жағдайлары қабілеттердің қалыптасу факторы болып табылады.лейтес жастық шақта дамудың ішкі жағдайы ретінде бейімділікті көрсетеді. Оның ролы: бейімділік қабілеттің алдында жүреді және дамудың алдында жүреді және дамудың негізгі факторларының бірі- ми қатысатын процесстерге жағымды эмоциялық күй береді, еңбекқорлықты жоғарлатады, ұйқыдағы күштерді оятады.

Бұл мәселе туралы Крутецский В.А неғұрлым анығырақ: „ Оқушыда математикаға ешқандай қабілеті байқалмаса, онда математиканы меңгеруге еш қабілеттері де көмектесе алмайды. Осындағы бейімділіктің ролы – қызығушылық болып табылады. Математикаға қызыққан оқушы көп ізденеді, оқиды, демен өз қабілеттерін дамытып, жаттықтырады.” Өзіміз көріп отырғандай, қабілеттер генезисі мәселесі мүлдем қарастырылмайды.Өйткені қабілет мұнда бейімділікке тәуелділікте көрсетіледі, ал бейімділік қызығушылыққа негізделеді.

Неліктен зерттеушілер қабілеттердің генезис мәселесінен қашып, оның қалыптасқан түріне көбірек жүгінеді? Онда қажеттіліктің органикалық алғышарты мен нышандар мен қабілеттердің функционалды көріністері арасындағы өтпелілік қайда деген сұрақ туындайды.

Жоғарыда айтылғандай, бұл мәселені шешуде ерекше жетістіктерге жеткен С.Л. Рубинштейн еді, бірақ он нақтылауға тырысқанда шешімнен алшақтағанын көруге болады. Оның осы мәселені шешуге жақындағаны қабілетті еңбек іс- әрекеті нәтижесінде құрылатын және өзгеретін адам табиғаты деп ашуында. Мұнда еңбек іс- әрекетін тарихи тұрғыда, Энгельстің” Маймылдың адам болу процесіндегі еңбектің ролы” деген еңбегін пайдалана, қарастырса, қабілеттің құрылымын оңай көрсетуге болар еді. Бірақ бұл сол уақыттағы материализм мен идеализмнің тартысы, іс- әрекетті „субьект-обьект” тұрғысында қараудың ықпалынан жүзеге асқан жоқ.

Басқаша айтқанда, зерттеуші психикалық функцияның құрылымына, соның ішіндегі қабілеттілікке, индивидуалды іс- әрекет тұрғысынан келеді. Сөз арасында айта кетсек, іс- әрекетті субьект- обьект қатынасында қарастыру тұрғысында (жоғарыда айтып кеткендей) көптеген психологтар болды. Солай бола тұра Л.С. Выготский психикалық функцияның интерпсихикалық мінезін

көрсетті. А.Н. Леонтев бұл жөнінде былай жазды: „ ... адамның сыртқы спецификалық психологиялық процес стер тек адам мен адам арасындағы қарым- қатынасында туады; басқаша айтқанда интерпсихологиялық болып табылады.” Тек одан соң ғана жеке адам өзінің өмір жолын бастайды, соның барысында кейбіреулері бастапқы сыртқы формаларын жояды, яғни интрапсихологиялық процесстерге айналады.

Осылайша, зерттеушілердің қабілет генезисінің мәселесінен алшақтауы кездейсоқ емес, заңды түрде болады.Өйткені бұл мәселені әрекетті зерттеудегі индвидуалды және обьект- субьект тұрғысында қарастыру барысында шешу мүмкін емес.

Қабілеттегі нышанның қайта құрылу механизмін түсіну үшін қабілеттерді біріккен іс-әрекет тұрғысында және субъект – объект қатынасында қарастыру қажет. Мәселені тарихи аспектте қарастырғанда, еңбек іс-әрекетін жүйелейтін қасиеттердің бірі болып табылатыын, оның бірлескен мінездемесін еске түсіру жеткілікті. Бастапқы кезеңде адам іс-әрекетіне потенциалды алғышарт (нышандар комплексі) ретінде тек еңбек іс-әрекетінде өзі мәтіндермен біріксе ғана өзекті алғышарт (қабілеттер комплексі) бола алады. Бұл процестің гипотетикалық нақтылауларын қалдырып, қорытынды жасайтын болсақ - адамның органикалық нышанның алғышартын функционалды активті жүйеге қайта құрылуының шарты- нышандардың бірлескен еңбек іс-әрекетіне енуі болып табылады.

Субъект – объект қатынасында қабілеттің онтогенезі анығырақ түсіндіріледі. Жаңа туған нәресте адамның қарым-қатынас жүйесіне енгенде ғана қабілетке белсендіріліп өзгере алатын, анатомо-физиологиялықтұрғыда нышандар жүйесі мен адамдық потенциалды мүмкіндіктер болып табылады. Іс жүзінде адам баласы өзінің алғашқы күндерінен – ақ міндетті түрде үлкендермен бірлескен іс-әрекетке енеді. Бұл жағдайда псевдо бірлескен іс-әрекет туралы айтылады. Мұнда қажеттілікте мотивациялық компоненттер болады, ал оны іске асыру ересек адамда шоғырланған. Тек кейін ғана белсенділік үлкен адамның позициясынан баланың позициясына ауысады. Бірлескен іс-әрекеттің индивидуалды іс-әрекетке интериоризациясы өтеді. Осы қабілеттің құрылымы болып табылады. Осыдан мынадай тұжырымға келеміз. Нышанның қабілетке өзгеруінің негізгі шарты олардың бірлескен іс-әрекетке енуі болып табылады. Бірақ бұл ңенуң қалай өтеді? Бұл процестің психологиялық мазмұны қандай?

Қабілеттің концептуалды схемасы былай көрсетілуі мүмкін. Нышандар белсенділіктің басым бөлігі үлкенде болатын псевдо бірлескен іс-әрекетке ене отырып, аклғашқы қабілетке ауысады. Осының қалыптасуы бала дамуындағы үлкен секіріс, яғни индивидуалды іс-әрекетте жасалатын элементарлы акттерді жүзеге асыру мүмкіндіктері туады. Одан кейінгі кезеңде алғашқы қабілет деңгейінде атқарылатын белсенділік үлкен адам мен бала арасында бөліне алатын, алатын бірлескен іс-әрекетке енеді. Мұнда екінші қабілеттер алғашқы қабілеттің синтезі негізінде құрылады да басында осы процеске ендеген қабілеттің нышандарына ауысады. Бұл екіншілік қабілеттің пайда болуын

баланың индивидуалды іс-әрекетінде неғұрлым күрделірек актілерде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кейін осы циклдер қайталанады және адамның әлеуметтік позициясының ауысуымен келуі мүмкін. Бастапқы кезеңдерде қабілеттің қалыптасуы мен дамуы осы бірлескен іс-әрекетте партнерға тәелді болса, онда кейінгі кезеңдерде жеке адамдық факторлар мен компенсаторлы қабілеттер негізінде индивидуалды қасиеттер біздің консептуалды схема бойынша санды сапалы нышандардың параметрлерімен анықталады, яғни партнердің мінездемесі (ата-аналардың даму деңгейі, ұстаздардың шеберлігі т.б.) мен бірлескен іс-әрекеттің құрылымдық қасиеттерімен анықталады.

Осылайша, көптеген факторларға тәуелді және мүмкіндік мінездемеге ие болатын нышандар параметрі және бірлескен іс-әрекеттегі партнерлер, қабілеттің құрылуы мен дамуы бірлескен іс-әрекеттің функциясымен және оның мазмұны мен анықталады. Тек жалпы мағыналық фонд пайда болғанда және әр партнердің оны қабылдауында ғана бірлескен іс-әрекеттің құрылуы мүмкін. Демек бірлескен іс-әрекетке нышандардың енуі (кейін алғашқы, екіншілік болатын) жалпы мағыналық фондтың пайда болуымен және оның индивидпен қабылдануы мен жүзеге асуы мүмкін. Бастапқы кезеңде жалпы мағыналық фонд мазмұны бойынша эмоционалды болуы мүмкін, және элементарлы жағдайда оны үлкен мен бала арасындағы эмоционалды контакт деп көрсетуге болады.

Берілген қабілеттің дамуының концептуалды жүйесі мазмұны бойынша танымдық және формасы бойынша бірлескен іс-әрекетті эксперименталды зертеу нәтижесіне негізделген. Бұл жүйенің жоғары эвристикалық және болжамды мүмкіндіктері жайында ойлануға негіз бар. Өйткені ол жүйе қабілеттің генезисі туралы мәселені шешуде және жеке адамның творчествалық потенциалын анықтауда жаңа әдіспен ерекшеленеді.

Жеке адамның творчествалық потенциалының мүмкіндіктері адамның вуздық оқу барысында құрылады және танымдық іс-әрекеттің құрылымның ерекшеліктерімен анықталады деп көрсетеді автор.

Өкінішке орай, күнделікті тәжірибеде “қабілет” және “дағдылар” ұғымы әсіресе педагогикалық тәжірибеде әдеттегі қорытындыға келтіруге жиі теңдестіреді. Бұл тектес классикалық үлгі ретінде соңынан белгілі суретші болып қалған В.И.Суриковтың сурет Академиясына түсудегі сәтсіз әрекеті қызмет етуі мүмкін. Суриковтың қабілеттілігі қаншалықты ерте берілгенімен де, оның сурет салудағы іскерлігі мен дағдылары әлі болмаған. Академиялық педагогтар Суриковтың академияға түсуіне бас тартты. Онымен қоса, академия инспекторы Суриков ұсынған суретті көріп, былай дейді: “Мынадай суреттер үшін сізге академияның жанынан жүруге тыйым салу керек”. Академия оқытушыларының қателігі олар қабілеттіліктің болмауынан іскерлік пен дағдының болмауын ажырата алмауында. Суриков үш айдың ішінде тиісті іскерлікті меңгеріп, нәтижесінде сол педагогтар бұл жолы оны академияға лайықты деп қабылдайды, ол олардың қателіктерін ісімен дәлелдейді.

Қабілет іскерлік және дағды, біліммен сәйкеспейтініне қарамастан, бұл іскерлік пен білімділік ешқандай байланыссыз дегенді білдірмейді. Іскерлік пен

дағдыны, білімділдікті жеңіл және тез қабылдап алуы қабілетке байланысты болады. Осы білім мен іскерлікті дер кезінде игеріп алу, қабілеттің ары қарай дамуына ықпал етеді, сонда лайықты білім мен дағдының болмауы қабілетті дамытудың тежеуі болып табылады.

Б.М.Теплов қабілет дамудың үздіксіз үрдісінсіз болуы мүмкін емес деп санаған. Адамдар тәжірибесіндегі қолданыстан шыққан дамымайтын қабілет уақыты келе жоғалып кетеді. Біз өзімізде бар қабілетті жүйелі сабақпен байланысты мынадай күрделі адамзат әрекеттерінің түрлері музыка, техникалық және көркемдік шығармашылық, математика, спорт және т.б. тек қана тұрақты жаттығудың арқасында қолдай және дамыта аламыз.

Кез келген әрекеттің орындалуының табыстылығы қандай да, болмасын әр түрлі қабілетке байланысты болады, және де сол бір нәтижені беретін бұл байланыстыру әр түрлі тәсілдермен қамтамасыз етілген болуы мүмкін. Бірдей қабілеттерді дамытуға қажетті талаптың болмауы олардың тапшылығы басқаларының неғұрлым жоғары дамуының салдарынан толықтырылуы мүмкін. “Адам психикасының маңызды ерекшеліктерінің бірі қандай да бір қабілеттің салыстырмалы әлсіздігі салдарынан басқаларының бірдей қасиеттері тетенше кеңінен орнын өтеу мүмкіндігі болып табылады, тіпті осы қабілетпен неғұрлым тығыз байланысты әрекетті табысты орындау мүмкіндігі ескерілмейді. Жетілдірілмеген қабілет сол адамның жоғары дамығанын өте кең шекте басқалармен орын толытыруы-деп жазды Б.М.Теплов”. Жалпы алғанда психология ғылымының көптеген мәселелерінің ішінде ең маңызды орынды қабілеттер мәселесі алады. Мүмкін бұл ғылыми зерттеуге қиындық келтіруші мәселенің әрқашан да қызығушылығын жоғалтпауы оның практикалық маңыздылығында болар. 50-60 жылдары, Ананьев Б.Г., Ковалев А.Г., Крутецский В.А., Леонтьев А.Н., Платонов К.К., Рубинштейн С.Л., Дружинин В.Н. және тағы басқа Кеңестік зерттеушілердің еңбектерінің арқасында қабілет мәселесінің барлық басты аспектілерін ғылыми тұрғыда түсінуге маңызды қадам жасалды. Рубинштейн С.Л. 30- шы жылдары қабілетке байланысты өз көзқарасын айта бастайды. Оның алғашқы жұмысының мазмұны кейінірек „жалпы психология негіздері” оқулығында баяндалды. Онда автор осы мәселеге деген көзқарасын айта отырып, қабілетті дамытудың алғышарттарын негізге ала отырып, жалпы дарындылық пен арнайы қабілеттер сұрақтарын қарастырады.

1. Жалпы; 2. Арнайы.

Арнайы қабілеттер адамның іс- әрекетінің жеке арнайы салаларындағы жетістіктерін анықтайды. Ол арнайы қабілеттердің түрге жікелуінен көрінеді.(математика, музыка, әдебиет т.б.) Жалпы және арнайы қабілеттердің арақатынасын жалпы мен ерекшенің ара қатынасы ретінде қарастырады. Ғылымда олардың жіктелуінің белгілі әрекеттері бар. Бұл жіктелулердің көпшілігі алдымен табиғи немесе шынайы (өзінің биологиялық шарттастырылуы негізіндегі) қабілет және қоғамдық-тарихи шығу тегі бар арнайы адами қабілет деп өзгешеленеді.

Өте көп қабілеттер бар. Ғылымда олардың жіктелуінің белгілі әрекеттері бар. Бұл жіктелулердің көпшілігі алдымен табиғи немесе шынайы (өзінің биологиялық шарттастырылуы негізіндегі) қабілет және қоғамдық-тарихи шығу тегі бар арнайы адами қабілеттер деп өзгешеленеді.

Табиғи қабілетпен әсіресе жоғарғы, адамдар мен хайуанаттар үшін ортақ болып табылады деп түсіндіріледі. Мысалы, мұндай қарапайым қабілет қабылдау, есте сақтау, қарапайым коммуникация қабілеті болып табылады. Ойлауды белгілі бір көзқараспен, адам үшін ғана емес, жоғары жануарлар үшін де сипатталған қабілет ретінде қарастыруға болады. Осы қабілет туа біткен бейімділікпен тікелей байланысты. Алайда адамның талаптылығы мен жануардың бейімділігі – бұл екі басқа нәрсе. Адамда бұл бейімділік негізінде қабілет қалыптасады. Бұл үйрету механизмі арқылы қарапайым өмірлік тәжірибеде өтеді. Адамның даму процесінде осы биологиялық қабілет арнайы адами қабілеттердің басқалар да қалыптасуға мүмкіндік туады.

Бұл арнайы адами қабілетті жалпы және арнайы жоғары интеллектуалды қабілет деп бөлу қабылданған. Өз кезегінде, олар теориялық және тәжірибелік, оқу және шығармашылық, пәндік және тұлғааралық т.б. бөлінеді.

Жалпы қабілетке сан түрлі әрекеттер түрлерінде адамдардың табыстарын анықтайтындарды жатқызу қабылданған. Мысалы, аталмыш категорияға қол қозғалысындағы талғампаздық пен дәлшілдік, есте сақтау, сөйлеу және басқа да ойлау қабілеттіліктері енеді. Олай болса, жалпы қабілетпен көбінесе адамдарға тән дараланған қабілеттермен түсіндіріледі. Арнайы қабілет ерекше пайда болатын қажетті бейімділіктерді жүзеге асыруға және олардың дамуына арналған, адамдар табыстылығын арнайы әрекеттер түрлерінде анықтайтындармен жобаланып түсіндіріледі. Ондай қабілеттерге музыкалық, математикалық, лингвистикалық, техникалық, әдеби, көркем-шығармашылық, спорттық және т.б. жатқызуға болады. Адамдарда жалпы қабілеттің болуы олардың арнайы қабілеттің дамуын жоққа шығармайтынын ескеруіміз керек Қабілет мәселелерін зерттеушілердің көпшілігі жалпы және арнайы қабілеттер арасында кереғар ұғым болмайды, олар өзара бірін-бірі толықтырып және байытып отырады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда жалпы қабілеттің жоғары деңгейде дамуы белгілі бір әрекет түрлеріне қатысы бойынша арнайы қабілет ретінде бой көтере алады. Осыған ұқсас кейбір авторлардың өзара әрекеттері олардың көзқарасы бойынша жалпы қабілет арнайы қабілетті дамытуға арналған базасы болып табылады деп түсіндіреді. Басқа зерттеушілер жалпы және арнайы қабілеттің өзара байланысын түсіндіре отырып, қабілеттің жалпы және арнайы деп бөлінуі өте шартты екенін атап көрсетеді. Мысалы, шын мәнісінде әрбір адам оқу курсынан соң қоса, көбейте, бөле алады сондықтан математикалық қабілетті жалпы қабілет ретінде қарастыруға болады. Алайда бұл қабілет соншалықты жоғары дамыған адамдар бар екенін, біз оларда өте күрделі есептерді шығару қабілеттілігі, математикалық түсініктер мен операцияларды меңгерудің жылдамдығын көрсететін математикалық таланттың барлығы туралы айта бастаймыз.

Біз адам қабілет қатарына адамдармен өзара әрекеттесуі, қарым-қатынаста айқындалынатын қабілетті толық негізді жатқызуға тиіс. Бұл қабілеттер әлеуемттік шарттастырылған болып табылады. Олар адамда қоғамдағы өмірінің процесінде қалыптасады. Қабілеттің бұл тобынсыз адамға өзіне ұқсастар арасында өмір сүру қиынға түседі. Солай, қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеу тілі болмаса, қоғамдағы адамдарға бейімделе алмаса, яғни, адамдардың әрекеттерін дұрыс бағалау және қабылдау, олармен бірлесіп әрекет жасау және әр түрлі әлеуемттік жағдайларда өзара жақсы қарым-қатынасты жөнге салу, қалыпты өмір және адамның психикалық дамуы мүмкін емес. Адамда бұл тектес қабілеттердің болмауы әлеуметтегі оның биологиялық мәнділіктен айналдыру жолындағы жеңе алмайтын бөгеттері болар еді.

Қабілетті жалпы және арнайы деп бөлудің сыртында теориялық және тәжірибелік қабілет деп бөлу қабылданған. Теориялық және тәжірибелік қабілет бір-бірінен біріншіден, адамның абстрактылы-теориялық ойлау бейімділігін алдын ала анықтайтынымен, екіншіден – нақтылы практикалық әрекетімен өзгешеленеді. Жалпы және арнайы қабілетке қарағанда теориялық және тәжірибелік қабілеттілік көбінесе бір-бірімен сәйкес келмейді.

Қабілеттің даму деңгейі және дербес ерекшелігі

Психологияда қабілеттің даму деңгейін жіктеудің төмендегідей түрлері жиі кездеседі: қабілет, дарындылық, талант, данышпандық.

Кез келген қабілет өзінің даму процесінде өзінің дамуын алдағы деңгейде жеткілікті рәсімделуіне қажетті неғұрлым жоғары деңгейге көтеретін кейбір қабілеттер үшін бірқатар кезеңнен өтеді. Алайда қабілеттің дамуы үшін алдыменен атлаптылықты құрастыратын негіздемесі анықталатын болуы тиіс. Бейімділікпен қабілеттілік дамуының табиғи негізін қалыптастырушы, жүйке жүйесінің анатомия-физиологиялық ерекшелігі түсіндіріледі. Мысалы, тума бейімділік ретінде алуан түрлі анализаторлардың даму ерекшелігі шыға келеді. Солай, музыкалық қабілетті дамытуға арналған негіз ретінде естуді қабылдаудың белгілі бір сипаттамалары бой көтере алады. Ал интеллектуалдық қабілет бейімділігі ең әуелі ми қызметінде - үлкен немесе кіші қозуы, жүйке үрдісінің жылжымалылығы, уақтылы байланыстарды құрастырудың жылдамдылығы және т.б. яғни, И.П.Павлов генотип – деп атаған жүйке жүйесінің тума ерекшеліктерімен айқындалынады. Бұл қасиеттерге мыналар жатады:

- қоздыруға қатысы бойынша жүйке жүйесінің күші, яғни, қарқынды және жиі қайталанатын жүктемені, оның белгілі шекте тежеуді болдырмай, ұзақ мерзімге төзіп тұра алатын қабілеттілік;
- тежеуге қатысы бойынша жүйке жүйесінің күші, яғни, ұзақ және жиі қайталанылатын тежеу әсеріне төзіп тұра алатын қабілет;
- қоздыру және тежеу әсерінің жауабына жүйке жүйесінің біркелкі реактивтікте анықталынатын қоздыруға және тежеуге қатысы бойынша жүйке жүйесінің салмақтылығы;

- қоздыру немесе тежеудің жүйке процесіндегі пайда болу мен тоқтатылудың жылдамдығы бойынша бағаланылатын жүйке жүйесінің тұрақсыздығы.

Қазіргі уақытта дифференциалды психологияда көбінесе В.Д.Небылицын ұсынған адам жүйке жүйесінің қасиеттерінің 12 өлшемдік жіктелінуі қолданылады. Оған 8 бастапқы қасиет (қоздыру мен тежеуге қатысы бойынша қозғалмалылығы және тұрақсыздығы, жылжымалылығы, күші) және 4 екінші деңгейлі қасиет (осы негізгі қасиеттер бойынша салмақтылық) жатады. Аталмыш қасиеттер барлық жүйке жүйесіндегі (оның жалпы қасиеті) сияқты, жекеленген анализаторларға да (парциалды қасиет) қатыса алатындығы дәлелденген.

Ми құрылысының бұл тума анатомия-физиологиялық ерекшеліктері, қозғалу және сезу мүшелері немесе туа біткен бейімділіктер адамдар арасындағы дербес ерекшеліктердің табиғи негізімен анықталынады. И.П.Павловтың пікірінше, дербес ерекшелік негізін жоғары жүйке әрекетінің басым типтері мен ескерту жүйелерінің сәйкестік ерекшеліктері анықтайды. Аталмыш белгілерді негізге ала отырып, адамдарды үш түрлі тұрпатқа бөлуге болады: шығармашылық тұрпатты (алғашқы ескерту жүйесі басым), ойлау тұрпатты (екінші ескерту жүйесі басым) және орташа тұрпатты (тең өкілді).

Павловтың бөлген тұрпатты топтары ана топтың да, мына топтың да өкілдерінде әр түрлі туа біткен бейімділіктер болатындығын шамалап отыр. Солай, шығармашылық тұрпаттың ойлау тұрпатынан негізгі өзгешелігі “көркемдеуші” үшін бүтіндей қабылдау сипатталған, ал “ойшы” үшін – оның жекелеген бөлігіне ұсақталған қабылдау ортасында айқындалынады; елестету және ойлау ортасында “көркемдеушілерде” кескінді ойлау мен елестету басым көрінеді, сол сәтте “ойлаушы” сияқты абстрактылы, теориялық ойлау неғұрлым сипатты; эмоционалды ортада шығармашылық тұрпатты тұлға көтеріңкі эмоциямен өзгешеленеді, ал ойлау тұрпатының өкілдері мәселеге неғұрлым интеллектуалды, сабырлы реакцияда қасиеттенген.

Адамда белгілі бір бейімділіктің болуы онда сол немесе басқа қабілеттіліктің дамитынын білдірмейтіндігін атап өткен жөн. Мысалы, музыкалық шығармашылықты дамыту үшін елеулі алғы шарты нәзік есту қабілет болып табылады. Алайда шеткі (есту) және орталық жүйке аппаратының құрылғысы музыкалық қабілеттілікті дамытудың алғы шарты болып табылады. Музыкалық естуге байланысты адамзат қоғамында пайда болуы мүмкін музыкалық қабілеттілік байланысты мамандық және кәсіпте ми құрылғысы алдын ала қарастырылмайды. Адам өзі үшін қызметтің қандай саласын таңдау және оның бейімділігін дамыту үшін оған қандай мүмкіндіктер ұсынылатыны қарастырылмаған. Демек, адамның бейімділіктері қандай дәрежеде дамуы оның дербес ерекшелегінің жағдайына байланысты болады.

Олай болса, бейімділіктің дамуы – бұл қоғамның даму ерекшелігі мен тәрбиелеу шарттарына байланысты әлеуемттік шарттастырылған үрдіс. Бейімділіктер егер қоғамда қандай да бір мамандықтарға қажеттілік туындаса, соның ішінде, нақтылы қайда жіңкішке музыкалық есту қажет болған жағдайда

дамиды және өзгередң. Бейімділікті дамытудың екінші елеулі факторы тәрбиелеу ерекшелігі болып табылады.

Спецификалық емес бейімдеулер. Адамда бейімділіктің белгілі бір түрініңі болуы оның негізінде қолайлы жағдайда қандайда бір нақтылы қабілет міндетті дамуы тиіс дегенді білдірмейді. Сол бір бейімділіктің негізінде ұсынылатын әрекеттің, талаптың сипатына қарай әр түрлі қабілеттілік дамуы мүмкін. Солай, ырғақты жақсы сезетін және жақсы естуі басым адам, музыкалық орындаушы, дирижер, биші, әнші, музыкалық сыншы, педагог, сазгер және т.б. болуы мүмкін. Сонымен қатар бейімділік болашақ қабілеттің сипатына әсерсіз деп тануға болмайды. Есту анализаторының өзгешелігі аталмыш анализатордың ерекше даму деңгейін талап ететін қабілеттерде айтылады. Біз осыдан әлеуметтік елеулі дәрежелі қабілеттілік адамның нақтылы әрекет барысында қалыптасады деген тұжырым жасаймыз. Қабілет даму үшін жағдайдың бар және жоқ болуына байланысты, олар потенциалды және актуалды болуы мүмкін.

Потенциалды қабілет нақтылы әрекет түрінде іске асырылмайтын, бірақ тиесілі әлеуемттік жағдайды өзгерткенде актуализациялауға қабілетті болуымен түсіндіріледі. Қағида бойынша, актуалды қабілетке тура сол сәтте нақтылы әрекет түрінде іске асырылуға қажеттілер жатады. Потенциалды және актуалды қабілеттер адамның қабілетін дамытатын әлеуемттік жағдайлар сипатаның жанама көрсетіші ретінде бой көрсетеді. Дәл сол әлеуметтік жағдай сипаттары потенциалды қабілеттің дамуына мүмкіндік туғызады немесе кедергі келтіреді, олардың актуалдыға айналуын қамтамасыз етеді немесе қамтамасыз етпейді.

Сіз көріп отырғандай, қабілетпен қандай да бір әрекеттің табысты орындалуына қатысты сондай дербес ерекшеліктер түсіндіріледі. Сондықтан қабілет тұлғалықтың негізгі қасиеті ретінде қарастырылады. Алайда, ешбір жекелеген қабілет іс-әрекеттің нәтижелі орындалуын өзі ғана қамтамасыз ете алмайды. Кез келген іс-әрекеттің нәтижелі орындалуы әрқашан бірқатар қабілетке қатысты болады. Жақсы жазушы болу үшін ол қаншалықты жетілген болса да, бір ғана байқампаздығы жеткіліксіз. Жазушы үшін бірінші дәрежелі мәнділік байқампаздық, кескінді есте сақтау, ойлаудың бірқатар түрлері, жазба тілмен байланысты қабілет, назарды шоғырландыратын қабілет және басқа да қабілеттердің болуы.

Екінші жағынан, кез келген нақты қабілеттің құрылымына іс-әрекеттің сан алуан түрлері мен арнайы қасиеттерінің талаптарына жауап беретін, іс-әрекеттің тек қана бір түрін табыспен қамтамасыз ететін әмбебап және жалпы қасиеттер жатады. Мысалы, математикалық қабілетті зерттей отырып, В.А.Крутецкий математикалық әрекетті табысты орындау үшін қажетті деп мыналарды белгіледі:

- пәнге белсенді, оң қатынасы, онымен шұғылдануға икемділігі, құмартып әуестенуде дамудың жоғары деңгейіне өтуі;

- мінездің кейбір белгілері, ең әуелі еңбексүйгіштік, ұйымдастырушылық, дербестік, мақсаттылық, табандылық, сонымен қоса, тұрақты интеллектуалды сезім;

- әрекет барысында орындалуына қолайлы психикалық жағдайдың болуы,

- сол салаға қатысты белгілі білім, іскерлік және дағдының қоры;

- сенсорлық және ақыл-ой орталарында аталмыш әрекеттің дербес-психологиялық ерекшеліктерінің талаптарына жауап беретін.

Бұдан аталған қасиеттердің алғашқы төрт категориясын барлық әрекеттер үшін қажетті жалпы қасиет ретінде қарастыру көзделеді, және оларды қабілеттің компоненттері деп санауға болмайды, қабілеттің компонентімен қызығушылығы мен икемділігі, мінез құлықтары, психикалық жағдайы, сонымен қатар іскерлігі мен дағдылары есептелінуі тиіс.

Қасиеттің соңғы тобы табыстылықты тек қана нақты әрекетте анықтайтын спецификалық болып табылады. Бұл осы қасиеттер ең алдымен басқа салаларда қабілеттіліктердің айқындалуымен байланыссыз және арнайы ортада айқындалатындығымен түсіндіріледі. Мәселен, биграфилық мәліметтер бойынша А.С.Пушкин лицейде математикаға көп тер төккенімен елеулі жетістік көрсеткен жоқ; Д.И.Менделеев мектепте математика және физика саласында зор жетістіктерімен өзгешеленіп, ал тіл сабақтарында толық “бірлікке† иелік еткен.

Сонымен қоса арнайы қабілетке музыкалық, әдеби, сценалық және т.б. жатқызу қажет. Қабілет дамуының келесі деңгейі дарындылық болып табылады. Дарындылық адамды қандай да бір әрекетті табысты орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ететін қабілеттің өзгеше сәйкестігі деп аталады.

Бұл анықтамада дарындылықтан әрекеттің жетістіксіз орындалуы емес, тек сондай жетістікті орындалу мүмкіндігі ғана тәуелді екені атап өту керек. Кез келген әрекетті табысты орындау үшін тек қана лайықты қабілеттің сәйкестігі болуы ғана талап етілмейді, сонымен қоса қажетті білім мен дағдыны талап етеді. Адам қандай да феноменалдық математикалық дарындылығы болса да, егер ол ешқашан математика оқымаған болса, ол осы саладағы ең қарапайым қызметті табысты атқара алмайды. Дарындылық қандай да әрекеттің табысқа жету мүмкіндігін ғана анықтайды, осы мүмкіндікті іске асырылуы лайықты қабілетті қандай өлшемде дамытады және қандай білім мен дағды игерте алатынын анықтайды.

Дарынды адамдардың дербес ерекшелігі қызығушылығы бағыттылықта басты кейіпте білінеді. Мәселен, бір адамдар математикаға, келесісі – тарихқа, үшіншісі - қоғамдық жұмысқа тоқталып жатады. Қабілеттің ары қарай дамуы нақтылы әрекетке өтеді.

Қабілет құрылымында компененттерді екі топқа бөлуге болатынын атап өту жөн. бірі жетекшілік жағдаймен шұғылданса, келесісі көмекші болып табылады. Суретшілік қабілет құрылымында жетекші қасиет көруші анализатордың жоғары табиғи сезімталдығы- сызық, пропорция, формалар, сәуле мен көлеңке, колорит, ырғақты сезу, және де суретші қолының сенсомоторлық қасиеті, жоғары дамыған есте сақтау және т.б. болады. Көмекші

қасиеттерге көркемдік елестету, эмоционалды көңіл күй, салытын суретіне эмоционалды қатысы және т.б. жатқызуға болады.

Қабілеттің жетекші және көмекші әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін бірлікті жасайды. Алайда қабілет құрылымы – бұл өте икемді құрылыс. Жетекші және көмекші қасиеттерін сәйкестігі әр түрлі адамдарда нақты қабілеттіліктері бірдей емес. Адамда қандай қасиеттің жетекші болатына байланысты әрекетті орындауға қажетті көмекші қасиеттердің қалыптасуына өтеді. Сонымен қоса, тіпті, қандай қызметтің шеңберінде де адамдар аталмыш әрекетті біркелкі табысты орындауға мүмкіндік беретін, кемшіліктердің орнын толтыратын әр түрлі қасиеттің сәйкестігін игере алады.

Қабілеттің болмауы қандай да әрекеттің орындалуына жоқ қабілеттіліктің орнын толықтыратын механизмдері болғандықтан адамның жарамсыздығын білдірмейтінін атап өткен дұрыс. Әрекетпен үнемі шұғылдану кімнің оған қабілеті бар тек сол ғана емес, кімде жоқ оларда бола береді. Егер адам бұл әрекетпен шұғылдануды жалғастыруға мәжбүрлі болса, ол онда өзінің тұлғалылығының күшті жақтарына сүйене отырып, жете түсіне отырып немесе жете түсінбей-ақ қабілеттің кемшіліктерін толықтыратын болады. В.И.Ильиннің пікірі бойынша орнын толықтыру меңгерген білім немесе іскерлігі арқылы, немесе әрекеттің дербес-тұрпаттылық стилінің қалыптасуы арқылы, немесе неғұрлым дамыған қабілеттіліктің басқасы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бір қасиетті басқалармен кеңінен толықтыру мүмкіндігі қандай да қабілеттің салыстырмалы әлсіздігіне әкеп соғады, бұл қабілеттілікпен анағұрлым тығыз байланысты әрекеттің жетістікті орындалу мүмкіндігін мүлдем жоққа шығармайды. Жеткіліксіз қабілет сол адамның жоғары дамыған басқалармен кең көлемде орнын толықтыру болуы мүмкін. Тура осы сан түрлі салалардағы адамның жетістікті әрекетінің мүмкіндігін қамтамасыз етуі ықтимал.

Қабілеттің білінуі әрқашан қатаң дербес және көбіне сирек ұшырасады. Сондықтан адамдардың дарындылығын қиюластыру, тіптен бірдей әрекетпен шұғылданатын нақтылы көрсеткіштер жиынтығын ұсыну мүмкін емес. Әр түрлі психодиагностикалық әдістің көмегімен қандай да қабілеттіліктің болуын қалыптастыруға және олардың дамуының салыстырмалы деңгейін анықтауға болады. Неге салыстырмалы? Себебі, қандай да қабілеттің даму деңгейін немесе абсолюттік бастамасын ешкім де білмейді. Әдетте, зерттелінетін қандай да бір таңдаудың біршама нәтижесімен оның нәтижесін салыстыру жолымен нақты адам үшін байымдылық шығарылады. Қабілетті бағалаудағы мұндай тәсілдеме сандық әдістерді қолданғанда негізделінеді.

Адамның қабілетті сипаттай отырып, олардың дамуының шеберлік деңгейін, яғни, әрекеттің нақтылы түріндегі кемелдігін жиі бөліп көрсетеді. Адамның шеберлігі туралы айтқанда алдымен оның өндірістік әрекеттегі жетістікті шұғылдану қабілеттілігін сөз етеді. Алайда бұдан шеберлік дайын іскерлік пен дағдының тиесілі жиынтығынан туындайды деп іздестіруге болмайды. Кез келген мамандықтың шеберлігі туындайтын мәселенің шығармашалық шешілуіне психологиялық дайындығын шамалайды.

“Шеберлік – бұл бір мезетте келетін “не” және “қалай” – деп текке айтпайды: шебер үшін шығармашылық міндетті жете түсіну және оны шешудің тәсілдерін табудың арасында үзіктің жоқ екенін атап көрсетеді.

Адам қабілеттілігі дамуының келесі деңгейі – талант. “Талант” сөзі бір жалқау құл өзінің қожасы жоқ кезде ұрлап алған күмісін, айналымға жібертіп пайда алудың орнына оны жерге көміп тастайтын (осыдан, “талантыңды жерге көм” –деген мақал шыққан) Библияда кездесетін шекті ұғым. Қазіргі кезде талант арнайы қабілеттіліктің (музыкалық, әдеби және т.б.) жоғары деңгейі болып түсіндіріледі. Қабілет сияқты талант та әрекет негізінде айқындалып, дамиды. Талантты адамның әрекеті тәсілдеменің сонылығымен, принципиалды жаңалылығымен ерекшеленеді.

Талантты ояту қабілет сияқты жалпы қоғамды шарттастырылған. Онда аталмыш қоғамның алдында тұратын нақтылы міндеттерінің ерекшеліктері мен дәуір қажеттілігіне байланысты толыққанды даму үшін неғұрлым қолайлы жағдай қанадай дарындылық.

Талант – бұл қабілеттің белгілі бір үйлесімділігі, олардың жиынтығы екенін атап өту қажет. Жекелеген айырушы қабілет, тіпті өте жоғары дамығаны да талант деп аталуы мүмкін емес. Мәселен, таланттылардың арасынан есте сақтауы жақсы да, жаман да адамдарды көптеп табуға болады. Адамның шығармашылық әрекетінің есте сақтауы бұл оның жетістігіне байланысты факторлардың бірі ғана. Бірақ нәтижелер терең қызығушылықсыз, күшті екпінсіз, бай қиялсыз, икемді ақылсыз жеткілікті болмайды.

Қабілет дамуының жоғары деңгейі данышпандық деп аталынады. Данышпандық туралы адамның шығармашылық жетістігі қоғамдық өмірде, мәдениет дамуында бүтін дәуірді құрастырғанда айтылады. Данышпан адамдар өте аз. Барлық бесмыңжылдық өркениет тарихында небәрі 400-ден астам ғана данышпан бар деп саналынады. Данышпандықты сипаттайтын дарындылықтың жоғары деңгейі әрекеттің әр түрлі салаларындағы сиректілігімен шарасыз байланысты. Лайықты әмбебептылыққа қол жеткізген данышпандар арасында Аристотель, Леонарда да Винчи, Р. Декарт, Г.В. Лейбниц, М.В. Ломоносовтарды атауға болады. Мысалы, М.В. Ломоносов білімнің әр түрлі салаларында: химия, астрономия, математика, сонымен қатар суретші, поэзияны күшті білген әдебиетші, тілші, жетістіктерге қол жеткізген. Алайда бұл данышпандардың барлық дербес қасиеттері бірдей дәрежеде дамыды деуге келмейді. Данышпандықтың өзіндік “профилі” болады, қандай да бір жақты онымен басым болса, кейбір қабілеттерде айқынырақ болып жатады.

Адами қабілеттің жаратылысы

Адами қабілеттің жаратылысы күні бүгінге дейін ғалымдар арасында даулы талас туғызып отыр. Неғұрлым кеңінен таралған көзқарастың бірі өз тарихын Платоннан бастайды. Осы көзқарасты ұстанған авторлар, қабілеттілік биологиялық шарттастырылған және олардың айқындалуы толығымен тұқымдық сипаттамаға тәуелді деп дәлелдейді. Оқыту мен тәрбиелеу олардың пайда болуының жылдамдығын ғана өзгертеді, бірақ олар әрқашан сол немес басқа кейіпте айқындалынады. Осы көзқарастыртың делелі ретінде балашық

шағында қылаң берген, оқу мен тәрбиелеудің әсерінде айқындаушы бола алмауы ықтимал дербес ерекшелік фактілері пайдаланылады. Мәселен, Моцарттың музыкалық дарындылығы үш жасында білінсе, Гайднда – төртте. Кескіндеме мен мүсіндемедегі талант сәл кешірек айқындалады: Рафаэлде – сегіз жасында, Ван Дейкада – он жасында.

Қабілет мұрагерлігінің өзіндік даму тұжырымдамасы адам қабілеттілігінің оның миының көлемімен байланысы туралы шамалау болып табылады. Бізге ересек адамның ми орташа шамамен 1400 г болатыны белгілі. Көрнекті адамдардың ми көлемін анаықтағанда, олардың миының орташа шамадан әлдеқайда көп екені көрсетілген. Сонымен, И.С.Тургеновтің ми көлемі 2012 г, Д.Байрон – 1800 г және т.б. құраған. Алайда, бұл шамалау соңынан ми көлемі орташа шамадан аз болған атақтылардың көбеюінен жарамсызданып қалды. Мысалы, белгілі химик Ю.Либихтің ми 1362 г, жазушы А.Фрнастікі – 1017 г болған. Онымен қоса, ең ауыр ми – 3000 г артық болған ол ақыл- ойы қалып қойған адамдікі болған.

Френология деп аталынған Франц Галляның оқуы қабілеті мұрагерлігі идеясымен байланысты. Френологтар адамның психикалық өзегешілігі оның бас сүйегінің сыртқы формасына тәуелділігін бақылауға тырысқан. Негізіг идеясы бас миының қабығы әрқайсысында адамның белгілі бір қабілеттілігі тоқтаған бірқатар орталықтардан құралады деп негізділінген. Бұл қабілеттердің даму дәрежесі тиісті ми бөлігінің шамасына тікелей тәуелділігінде орналасқан. Арнайы өлшеу негізінде әрқайсысы белгілі бір дербес ерекшелікке лайықталынған бас сүйектің үстіңгі қабаты 27 участоіққа бөлінген френологиялық карта құрылған. Солардың арасынан “қабілет томпағы” музыкаға, поэзияға, кескіндемеге; “дөңестер” атақұмарлық, сараңдық, батылдыққа және т.б. белгіленген. Алайда бұл тәсіл жарамсыз болып қалды. Сансыз көп ашылған жаңалықтар бас сүйек ми қабығының формасын қайталамайтынын көрсетті, сондықтан адамның ақыл-ой және адамгершілік ерекшелігін бас сүйектің томпағы және ойпаты бойынша анықтау ғылымға қарсы және тиянақсыз.

Ч.Дарвиннің эволюция теориясы ұстанымдарынан бастау алып, қабілеттілік мұрагерлігін түсіндірген Фрэнсис Гальтонның еңбегі кең танымалдыққа ие болды. Көрнекті қайраткерлердің өмір жолын талдай отырып, Гальтон адам табиғатының жоғары сатыға көтерілуін ақыл-ой және денелей дамыған адамдар, ерекше дарынды нәсілдің мұрагерлік заңдылығы негізінде сырын ашу долымен мүмкін деген қорытындыға келген. ХХ ғасырда Гальтонның желісін жалғастыра отырып, Коте атақты адамдардың дарындылық дәрежесін энциклопедиялық сөздіктерде оларға меншіктеп берліген жол саны бойынша анықтап, 400-ге жуық адамды бөліп алып, кімнің жоғары қабілеттілігі қаншама ұрпаққа жалғасатындығын анықтаған.

Аталмыш бекіту негіздемені жоққа шығару еместігін атап өтейік. Әсіресе, неміс музыканты Бахтың жанұя тарихына әсер етеді. Онда музыкалық зор қабілеттілік алғаш 1550 жылы анықталынған. Жанұядағы бастаудың көзі Т.Рибоның “Жан дүниелік қасиеттердің мұрагерлігі” еңбегінде көрсетілгендей,

жұмыстан соң жан дүниесін музыка мен әнге аранған тоқашшы В.Бах болған. Оның екі ұлы болған, екі ғасыр аясындағы белігілі Германияның үздіксіз музыканттар қатары осылардан басталады. Бахтың жанұясында жалпысы 60 - қа жуық музыкант болған, соның ішінде 20 – көрнекті. Сонымен қатар, Л.Н.Толстайдың әжесі – Ольг Трубецкая мен А.С.Пушкиннің әжесі – Евдокия Трубецкая апалы-сіңілі болғаны белгіленген. Неміс мәдениетінің бес ірі өкілі – ақын Шиллер мен Гельдерлин, философтар Шеллинг мен Гегель, және дле физик Макс Планк туысқандар болған: олардың арғы атасы XV ғасырда өмір сүрген Иоганн Кант болған.

Қабілетті дамытудағы мұрагерліктің маңызын зерттеу мақсатымен өткізілген зерттеулердің бірінде балалардың музыкаға қабілетті ата-аналарының не екеуі де музыкант, не екеуі де музыкант емес болғанын анықтаған. Төменде осы зерттеудің нәтижесі келтірілген (кесте)

Балалардың музыкалық қабілеттілігі ата-аналарының музыкалық дарындылығына тәуелділігі

Ата-аналар	Балалар %	
	Музыканттығы айқын көрінген	Мүлдем музыканттығы жоқ
Екеуі де музыкант	85	7
Екеуі де музыкант емес	25	58

Кестеде келтірілген мәліметтер мұрагерлік факторлардың маңызын түсіндіре отырып, баланы тәрбиелеген ортаныңы маңызын есептемегенін атап өту керек. Ал біз қабілеттің дамуының елеулі дәрежесі адам өмір сүретін және әрекеттенетін ортаның маңыздылығымен айқындалынатын жақсы білеміз. Егіздер әдісін қолданумен өткізетін қазіргі зерттеулер қабілет дамуындағы мұрагерлік пен ортаның маңызын нақтырақ бағалауға мүмкіндік береді. Егіздер әдісінің мәні егіздерді мақсаттылық зерттеумен қорытындыланады. Солай, бірқатар зерттеулерде біржұмыртқалы (момнозиготтық) және жай ағалы-сіңілілі (сибс деп аталатын) егіздердің қабілет көрсеткіштерін өзара салыстырған. Онда монозиготтық парлардың қабілет мен олардың ішкі даму деңгейі 70-80% сәйкес келсе, сибс парларында 40-50% құраған. Бұл зерттеу қабілет немесе бейімділік мұрагерлікпен өте тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Алайда, қабілетті дамыту үшін ең маңызды орта ма, әлде мұрагерлік пе деген сұрақ тағы да жауапсыз қалып қояды.

Бұл сұраққа гитерозиготтық (әр түрлі мұрагерлікке ие) және гомозиготтық (бірдей мұрагерлікті) егіздердің жекелеген сипаттарын зерттеген А.Басс пен Р. Плоумин өз еңбектерінде жауап беруге тырысқан. Әр түрл жанұяда өмір сүрген және тәрбиеленген гомозиготтық егіздерді салыстырмалы зерттеу олардың дербес психологиялық және мінез құлықтық ерекшелігі бұдан кеңеймейді, көбіне сол баяғы бір жанұяда өскен балалардік сияқты қалып қоятынын көрсеткен. Сонымен қоса, кейбір жағдайларда дербес ерекшеліктер олардың арасында тіптен азайып қалады. Бірдей мұрагерлікке ие егіздер-балалар оларды

бірге тәрбиелегенге қарағанда, жеке тәрбиеленудің нәтижесінде кейде бір-біріне өте ұқсас болып кетеді. Бұл бір-бірімен үнемі бірге болатын және бір іспен бірге айналсуына мүлдем ешқашан болмайтын біржылғылар-балалар арасында толық тең құқылы қатынас сирек сәйкестендіріледі.

Қабілеттің мұрагерлік жаратылысын толып жатқан артистер, суретшілер, теңізшілер, дәрігерлер, педагогтардың династиясы да куәландырып отыр. Алайда, көптеген жағдайда тек қана биологиялық қана емес, алдыменен әлеуемттік мұрагерлік айту керек шығар. Бала ата-анасының ізімен тек мұрагерлік болжамы үшін емес, бала күнінен олардың кәсібін сүйіп, ұнатқаны үшін де жүреді. Сондықтан отандық психология ғылымында қабілеттің өте қызықты, бірақ қабілеттің анықталуының барлық дәлелдері түсіндірілмеген мұрагерлік сипатының тұжырымдамасы есептеу қабылданған.

Басқа көзқарасты өкілдер, психиканың ерекшелігі бүтіндей тәрбиелеу және үйрету қасиетімен анықталынады деп есептейді. Солай, тіпті XVIII ғасырда К.А.Гельвеций данышпандықты тәрбиелеу құралымен қалыптастурға болады деп жариялаған. Бұл бағытты жақтаушылар ең дамымаған және дөрекі тайпалардың балалары да тиесілі білім алып, білімді еврейлерден еш айырмасы болмаған жағдайға сілтеме етеді. Осы тәсілдеменің аясында қатынас тапшылығына әкелетін әлеуметтік оқшаулану жағдайлары туралы, соның ішінде “маугли-балалары” деп аталатындар туралы айтылады. Бұл жағдайлар қоғамнан тыс жеке адамның дамуы мүмкін еместігінің дәлелі болып табылады. Осы тәсілдеменің пайдасына тағы да белгілі бір мәдениет жағдайындағы кейбір арнайы қабілеттердің көптеген даму дәлелдері айтылады. Ондай дамудың үлгісі А.Н.Леонтьевтің басшылығымен Ю.Б.Гиппенрейтер және О.Н.Овчинниковалар өткізген дыбыстық биіктікті естуді зерттегенде көрініс тапқан.

Дыбыстық жоғарылығы есту немесе дыбыстың жоғарылығын қабылдау музыкалық естудің негізін қалайды. Арнайы әдістеме көмегімен осынау перцептивтік қабілетті зерттей келе ғалымдар сынап көрген ересек үш орыстың бірінде оның соншалықты күшті дамымағанын тапқан. Тура күткендегідей, сол адамдар еш музыкалық қабілеті жоқ болып шыққан. Бұл әдісті сыналған-вьетнамдарға қолданғанда кері нәтиже берді: олардың барлығы дыбыстық жоғарылылықты естудің көрсеткіші бойынша ең жақсылар болып шықты. Басқа тест бойынша бұл сыналушылар сондай 100% музыканттығын анықтаған. Осы таңқаларлық айырмашылық орыс және вьетнам тілді өзгешеліктер былай түсіндірілді: бірнішісі тембрлік, екіншісі – тональдік тілге жатады. Вьетнам тілінде дыбыс жоғарылылығы мағыналық өзгешелік қызметін атқарса, орыс тіліндегі сөйлеу дыбыстарының жоғарылылығында ондай қызмет жоқ. Орыс тілінде басқа барлық еуропа тілдеріндегідей өз тембрімен фонемалар өзгешеленеді. Нәтижесінде барлық вьетнамдықтар ерте бала кезінен бастап, ана тілін меңгерте отырып, орыстар мен басқ аеуропалық балаларда болмайтын бір мезетте музыканттығын ояту қабілетін дамытады. Бұл мысал қабілеттің қалыптасуындағы орта мен жаттығу шарттарының маңызын көрсетеді.

Бұл тұжырымдаманың ақырғы қорытындысы әрбір адамда кез келген қабілетті қалыптастыруға болады дегенге саяды. Осы көзқарасты ұстанған

американдық ғалым У.Ушби қабілет ең әуелі адамның бала кезінде қалыптасқан интеллектуалды әрекет бағдарламасымен анықталынатынын дәлелдейді. Өздерінің бағдарламаларына сәйкес бір адам шығармашылық міндетін шешіп жатса, келесісі не үйретті соны орындауға ғана жағдайлы болып жатады. Қазіргі кезде осы тұжырымдаманы ұстайтындар АҚШ-та дарынды балаларды "жетілдіретін" арнайы орталықтар құрған. Адамның потенциалдығын жақсырақ пайдаланатын Филадельфий институтында балалардың ақыл-ойын дамыту бойынша сабақ әр минутты қымбат және миды "бос сандалтуға" болмайды деп есептей келе оларға төрт-бес жасында бастайды.

Өмірлік бақылау мен арнайы зерттеулер өз кезегінде қабілеттің табиғи алғы шарттарының бар болуына қарсы шығуға болмайтынын куәландырады. Отандық психология тума қабілеттілікті мойындамай отырып, белгілі бір әрекеттің жетістікті орындалуының шарты болып қалуы мүмкін ми құрылғыларының еоекшелігі мен туа біткен бейімділіктерді жоққа шығармайды.

Отандық психологияда қабілет мәселелерімен Б.М.Теплов, В.Д.Небылицын, А.Н.Леонтьев сияқты және т.б. белгілі ғалымдар айналысқан. Отандық психологияда қалыптасқан позицияны қыспалы түрде былайша сипаттауға болады: адамның қабілет жаратылысынан биоәлеуметті.

Олай болса, мұрагерлік адамның жүйке жүйесінің анатомия-физиологиялық құрылғыларының ерекшеліктері оның бейімділіктерінің елеулі дәрежесін анықтайтындықтан адам қабілеттің дамуы үшін зор маңыздылығы болады. Бірақ, басқа жағынан, бейімділіктер өздігінен адамдағы пайда болатын тиесілі қабілетті білдірмейді.

Қабілеттің дамуы көптеген әлеуемттік жағдайларға тәуелді. Олардың қатарына білім беру жүйесінің ерекшелігін, қоғамның қандай да бір әрекетке қажеттілігін, тәрбиелеудің өзгешелігін және т.б. жатқызуға болады.

Қабілетті дамыту

Кез келген бейімділік, ең әуелі қабілетке айналу үшін дамудың үлкен жолынан өтуі тиіс. Көптеген адам қабілеттері үшін бұл даму адамның туған кезінен басталады және егер ол қабілеттілігіне сәйкес дамитын әрекеттің сол түрімен шұғылдануын жалғастырса, өмірінің соңына дейін ол тоқталмайды.

Қабілеттің дамуын шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады. Әрбір адам өзінің даму барысында қандай да бір әрекет түрін меңгеруге, сол немес басқа да ықпалға көтеріңкі сезімталдылық кезеңінен өтеді. Мысалы, баланың екі-үш жас шамасында сөйлеу тілі қарқынды дамиды, бес-жеті жасында ол оқуды меңгеруге дайынырақ болады. Мектепке дейінгі жастағы орта және аға буынды балалар рөлдік ойындарды ойнауға құмартады және рөлге жаттығып, түрленуі төтенше қабілетті жария етіп жатады. Ерте ме, кеш пе аяқталынатын арнайы әрекет түрлерін игеруге ерекше дайындық осы кезең екенін атап өту керек, және де қандай да бір қызмет қолайлы кезеңде өз дамуын иемдене алмаса, онда мұның салдарынан оның дамуында төтенше қиыншылықтар

болады. Сондықтан баланың қабілетін дамыту үшін тұлғалық сияқты оның барлық кезеңдері маңызды. Бала есейген сәтте жібертіп алған толықтырып алады деп ойлауға болмайды.

Кез келген қабілетті дамытудағы бірінші кезең ол үшін қажетті органикалық құрылымның жетілуімен немесе олардың негізінде қажетті функционалдық мүшелердің қалыптасуымен байланысты. Әдетте бұл туғаннан бастап алты жас аралығында өтеді. Барлық анализаторлар жұмысының жетілдіріліуі, ми қабығының жекелеген бөліктерінің функционалдық дифференциациясы және дамуы осы кезеңде өтеді. Бұл балада арнайы қабілеттердің келешекте дамуы үшін алғы шарт ретінде көрінетіндердің белгілі дейгейін, жалпы қабілеттілікті қалыптастыру мен дамытуды бастау үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Осы сәтте арнайы қабілеттің қалыптасуы және дамуы бастау алады. Арнайы қабілетті дамыту сосын мектеп, әсіресе, бастауыш және орта сыныпта жалғасады. Арнайы қабілеттің дамуына бастабында әр түрлі балалардың ойыны көмектеседі, сосын барып оқу мен тәрбие әрекеті мәнді әсер ете бастайды.

Біздің көріп білгеніміздей, балалардың ойыны ерекше қызмет атқарады. Қабілеттің дамуына бастапқы түйткіл болатын ол ойын. Ойын барысында көптеген қозғалыс,құрылғыштық, ұйымдастырушылық, көркем-суретшілік және басқа шығармашылық қабілеттердің дамуы болады. Сонымен қоса ойынның маңызды ерекшелігі онда бір ғана емес, қатарынан қабілет жиынытығы дамуы болып табылады.

Бала шұғылданатын барлық әрекеттің түрлері ойын, жапсыру және сызу болсын, қабілетті дамыту үшін бірдей мәнге ие екенін атап өту қажет. Қабілеттің жақсырақ дамытатын балаларды ойландыратын шығармашылық әрекет. Мұндай әрекет әрқашан өзіне жаңа мүмкіндіктер ашқанда, өзі үшін жаңа білім ашқанда, кез келген жаңаны құрумен байланысты. Бұл пайда болған қиыншылықтарды жеңуге бағытталған қажетті күштерге қосымша, онымен шұғылдануға күшті және мәнді ынта болып табылады. Оынмен қоса, шығармашылық әрекет өзіне қол жеткізген жетістіктерінен қанағаттылықты сезінуге және өзіне сенімділікті туғызып, талаптылық деңгейін көтеріп, өзін-өзі бағалауын бекіндіреді.

Егер орындап жатқан әрекеті оңтайлы қиындықта тұрса, яғни, баланың шамасынан тыс болса, онда ол Л.С.Выготский жақын даму аймағы деп атаған дамуды іске қоса отырып, өзінің қабілетін дамытады. Бұл аймақта орналаспаған әрекет қабілеттіліктің соншалықты төмен деңгейде дамуына тірейді. Егер ол өте қарапайым болса, онда ол барлық қабілетті ғана жүзеге асырады; егер де ол төтенше күрделі болса, онда орындалынбайды, ал мұның салдары жаңа іскерлік пен дағдының қалыптасуын жасамайды.

Қабілетті дамыту елеулі көлемде бейімділіктерді іске асыруға мүмкіндік беретін шарттарға тәуелді екенін білесіздер. Сондай шарттардың бірі жанұялық тәрбиенің ерекшілігі болып табылады. Егер ата-аналар балаларының қабілеттілігінің дамуына қамқаорлық жасаса, онда балаларда өздерінің

кішкентай кезінде өздігінен анықталынған кез келген қабілетінің жоғары дамуына мүмкіндік болады.

Қабілетті дамыту шарттарының басқа топтарын көбінесе макроорта анықтайды. Макроорта деп адамның туып-өскен қоғамының ерекшелігін есептейді. Макророртаның неғұрлым позитивті факторы қоғамның өз мүшелерінің қабілетін дамытуына қамқаорлық жасаған жағдайлары болып табылады. Қоғамның бұл қамқорлығы білім беру жүйесінің тұрақты жетілдірілуінде, сонымен қатар өскелең ұрпақтың кәсіби бағдарын дамыту жүйесінің дамуында көрініп отыр.

Кәсіби бағдарланудың қажеттілігі әрбір адам тап келетін - өмірлік жолын таңдау және кәсібін анықтаудағы мәселелер, төтенше өзекті мәселелермен шарттастырылған. Кәсіби бағдарланудың француз психологы А.Леон диагностикалық және тәрбиелік деп атаған екі тұжырымдамасы тарихи қалыптасқан. Бірінші – диагностикалық - жеке тұлғаның кәсіби жарамдылығын анықтауға таңдау жүргізеді. Кеңесші тест көмегімен адамның қабілеттілігін өлшейді және кәсіпке қойылатын талаптармен оларды жинастыру жолымен оның аталмыш кәсіпке жарамдылығы немесе жарамсыздығы туралы қорытынды жасайды.

Көптеген ғалымдар кәсіби бағдарланудың осы тұжырымдамасын механистикалық деп бағаланады. Оның негізінде ортаның ықпалы шамалы, тұрақты білім сияқты қабілеттілік көзқарасы жатыр. Аталмыш тұжырымдаманың шеңберінде субьектіні енжарлық маңызға әкеп соғады.

Екінші – тәрбиелік – жеке тұлғаның тәрбиенің ықпалымен жоспарланумен және өзінің анықтағанының сәйкестігінде кәсіби өмірге дайындығына бағытталынған тұжырымдама. Негізгі маңызы әр түрлі әрекетті меңгеру барасында тұлғалық дамуды үйрету. Алайда, мұнда субьектінің тұлғалық белсенділігі, өзінің таңдау мүмкіншілігі, өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту толығымен бағаланылмайды. Сондықтан отандық психологияда осы мәселелерді шешу кешенді жүріліп жатыр. Кәсіби бағдарланудың бұл мәселелерін шешу екі тәселдеме де: жеке тұлғаның қабілетін анықтау және оған келешек мамандығының дайындығына көмек, тізбекті қатар ұсынғанда ғана мүмкін деп есептейді.

Е.А.Климов мамандыққа талап пен қабілеттің сәйкестігін қарастыра отырып, кәсіби жарамдылықтың төрт түрлі дәрежесін бөліп көрсетті. Бірінші – аталмыш кәсіпке жарамсыздығы. Ол уақытша немесе нақтылы жеңе алмайтын болуы мүмкін. Екінші - қандай да бір кәсіпке немесе солардың тобына жарамдылығы. Ол адам еңбектің қандай да бір саласы қатысына қарама қайшылығы болмауымен сипатталынады, бірақ көрсеткіші де болмайды. Үшінші - әрекеттіаң сол саласына сәйкестігі: қарама қайшылығы жоқ және белгіл бір кәсіпке немесе кәсіп тобының талаптарына анық сәйкес келтін кейбір жеке қасиеттері болады. Төртінші – аталмыш әрекеттің кәсіби саласына әуестенген. Бұл адамның кәсіби жарамдылығының жоғары деңгейі.

Климов кәсіби бағдарлануы жұмыстары бойынша кәсіптерді жіктеу сауалнама түрінде әзірленіп, іске асырылған. Осы жіктелімнің негізінде

кәсіптің адамға ұсынатын талаптарының ережелері болған. Мысалы, “адам – адам”, “адам – табиғат” және т.б. өзара қатынасты жүйелер сияқты әрекеттің барлық түрін бөліп қарауға болады.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУ СФЕРАСЫ

9.1. Психика туралы жалпы сипаттама

Жоғарғы жүйке қызметі - психиканың физиологиялық негізі. Психика - жүйке жүйесінің қасиеті болғандықтан, психикалық қасиетті түсіну үшін адам мен жануарлардың психикасының материалдық негізі болып табылатын жоғарғы жүйке қызметінің ерекшеліктерін білу керек.

Жүйке жүйесі орталық және периферияльық жүйке жүйесі болып екіге бөлінеді. Орталың жүйке жүйесі - бүл ми (бас миы және омыртқа жүлыны). Периферияльық жүйке жүйесі - жүйкелер, яғни талшық шоқтары. Осы жүйкелер бас миы мен омыртқа жүлынынан адамның барлық денесіне тарап жатады.



1-сурет. Жүйке жүйесінің құрылысы:
1. Бас миы.
2. Омыртқа жұлыны.
3. Жүйкелер.

Ми да, жүйкелер де, нейрондардан яғни бірімен - бірі жалғасып жататын жүйке жасушаларынан құралады. Мидың бірнеше бөліктері болады. Омыртқадағы жұлын қарапайым қозғалысты реттейді.

Жануарлардың миына қарағанда адам миының құрылысы күрделі болып келеді. Адамның миының аумағы да үлкен. Маймылдардың миының орта салмағы 400- 500 грамм болса, ал адам миының орта салмағы 1400 грамм. Ағзаның өмір сүруінде ми қызметі үлкен роль атқарады. Сонымен қатар организм тіршілігінде ми сыңарлары қыртысының маңызы зор. Адамда ол орта есеппен алғанда 14-15 миллиард нейроннан тұрады. Ми қыртысының маңдай жазығы неғұрлым маңызды роль атқарады.

Жануар неғұрлым дамыған болса, оның ми қыртысының маңдай жағының үлесі соғұрлым көбірек болады.

Жеке адамның психикалық өмірінде мидың көлемі мен салмағының бірсыпыра маңызы бола тұрса да, ми құрылымының ерекше маңызы бар. Сондықтан мидың салмағына қарай, адамның ақылы туралы кесіп-пішіп айтуға болмайды. Мәселен, Тургеневтің миының салмағы 2120 грамм, Павловтың миы 1653 грамм, ал кейбіреуінде кем, Анатоль Франстам миының салмағы небәрі 1170 грамм. Ми сыңарларынан айырылған ит толық мүгедек болады.

Жүйке жүйесі ағзаның сыртқы ортамен байланысын жүзеге асырып отырады, айналадан келетін тітіркендіргіштерге жауап қайырады.

Жүйке жүйесі нейрон деп аталатын жеке жасушалардан құрылған. Бұл нейройдардың әрқайсысының екі түрлі тармағы болады. Олардың бірі -ұзын тармақты нейрит (немесе аксон), ал екіншісі - көптеген қысқа тармақты дендрит деп аталынады. Нейрондардың тарамдала келіп, өзара түйінделіп бітетін жерін жүйке орталықтары дейді. Бұлар орталық периферияльық (шеткі) және вегетативтік (ішкі) жүйке жүйелерінің өн бойында орналасқан.

Жануарлар мен адамдардың психикалық әрекетінің материалдық негізі болып табылатын мидың және оның бөліктерінің құрылысы тәжірибелік зерттеулер арқылы ғылымда жан-жақты, толық дәлелденген.

Орталық жүйке жүйесінің бөліктерінің орналасуы көп қатарлы үйдің құрылысына ұқсас, яғни олар бірінің үстіне бірі орналаса біткен. Осы бөліктердің жоғарғысы төмендегісінен құрылысы жөнінде, атқаратын қызметі жөнінде де күрделірек болып келеді. Орталық жүйке жүйесінің төменгі бөлімі - жұлын (жуандығы 1 см-дей) омыртқа қуысының ішіне орналасқан, оның ұзындығы ересек адамдарда орта есеппен 45 см-ге дейін жетеді. Жұлынның ішкі жағында сұр зат орналасқан, сұр зат нейрондардың ұзын бұтақтарынан тұратын ақ затпен қоршалған.

Жұлыннан жан-жаққа 31 жүп нерв талшықтары тарайды, олардың бір

тобы ортаға тебетін, екінші бір тобы шетке тебетін жүйке деп аталады.

Жұлын біздің саналы әрекетіміздің орталығы емес, ал қарапайым қозғалыстарымыздың (аяқ-қолды бүгу, керіп-созу т.б.) жұмысын басқаратын орталық болып табылады. Мәселен, жаңа дүниеге келген нәресте емуге әрекеттенеді, аузына сүт барғанда, ол сілекей бөледі. Мұның бәрі жұлынның шартсыз рефлекстері, олар ағзаға туысынан тән болады.

Орталық жүйке жүйесінің екінші бөлігі - ми. Оның орташа салмағы ересек адамдарда 1400 грамм. Мұндағы сопақша, ортаңғы және аралық ми, бәрі қосылып - ми бағанасын құрайды. Ми бағанасы әсіресе, омыртқалы жануарлардың өмірінде ерекше роль атқарады.

Сопақша ми - жұлынның тікелей жалғасы. Мұнда жүрек қызметінің, қан айналысы мен ас қорытудың жүйке орталықтары бар. Біздің дем алу, түшкіру, шайнау, жұту сияқты түрлі реакцияларымыз - сопақша мидың қызметі.

Сопақша мидың сырт жағында, формасы ағаштың жапырағына әқсас мишық орналасқан. Мишық ағзаның қозғалысын, оның бірқалыпты жүріс-тұрысын басқарып отырады, ол шартсыз рефлекстік сипаттағы қозғалыстардың

үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұлардан жоғары орналасқан орта мида құлақ пен көзден баратын тітіркендіргіштерді, скелет еттерінің қалпын реттейтін жүйке орталықтары бар.

Аралық ми көру төмпешіктерінен және төмпешік асты аймағынан тұрады. Мидың осы бөлігін тор тәріздес құрылым деп те атайды. Бұл бөлім дененің барлық рецепторларын ми қабығымен байланыстырады, ал мұндағы көру төмпешігі-афференттік талшықтардың жиынтығы болады.

Психикалық дамудың алғашқы қарапайым формалары

Психиканың пайда болуы, яғни генезисі және оның дамуы туралы проблемалар өзара тығыз байланысты. Соңдықтан да психика дамуы туралы жалпы көзқарас психиканың туындауы жөніндегі мәселенің теориялық ерекшеліктерімен сипатталады. Аталған проблема бойынша ғылымда бірнеше теориялық бағыт қалыптасқан. Ең алдымен бұлар арасында философиялық ой-пікір тарихында Р. Декарт есімімен байланысты ғылыми елеуге тұрарлық "антропопсихизм" бағдары. Оның мәні психиканың пайда болуы адамның келіп шығуымен байланысты. Психика тек адамға тән қасиет. Осылай пайымдаудан адам психикасының біз білетін тарихтан бұрынғы болмысы түгелдей жоққа шығарылды. Мұндай пікір қазіргі күнде де өз қолдауын табуда.

Бұған қарама-қарсы, екінші теория "панпсихизм", яғни бүкіл табиғаттың жан-рухани қасиетке иелігі жөніндегі ұғым. Бұл біріне бірі қайшы екі көзқарастың аралығында кеңірек өріс алған "бопсихизм" теориясы бар. Биопсихизмшілдердің пікірі - психика жалпы материяның қасиеті емес, ал оның тек жанды бөлегіне ғана тән нәрсе. Қойылған проблеманың шешіміне орай өрістеген және бір көзқарас психика барша жанды материяның қасиеті емес, ал олардың арасындағы жүйке -жүйесіне ие болғандарына ғана тән құбылыс. Мұндай тұжырым "нейропсихизм" деп аталған. Ғылыми психология аталған тұжырымдардың бірде-бірін толығымен құптай алмайды. Оның дәлелдері тіпті басқаша психологияның туындауы жөніндегі мәселенің шешімін өмірдің өте күрделі формасы - психиканың туындауына себепші болған жағдайларды зерттеп танумен байланыстырады.

Тіршіліктің пайда болуының негізгі шарты - қоршаған ортамен тұрақты зат алмасуға икемделген күрделі аққуызды молекулалардың түзілуі. Өздерінің тірлік қалпын сақтап қалу үшін олар қоршаған ортадан қорек заттарды сіңіріп, сонымен бірге қалыпты өміріне зиянды қорытылған қорек қалдықтарын сыртқа шығарып отырады. Ассимиляция және диссимиляция деп аталған бұл екі процесс зат айналымының құрамды бөлектері болумен күрделі ақуызды түзілімдердің негізгі жасау шарты болып табылады.

Мұндай молекулалар тек қоректік заттарға ғана емес, сол заттарды қорытуға себебін тигізетін жарық пен жылуға да ұнамды әрекетпен жауап береді. Ал шектен артық механикалық не химиялық қалыпты жасауына кедергі болатын әсерлерге қарсылық білдіреді. Зат алмасу процесіне қатысы жоқ, бейтарап әсерді тіпті елемейді.

Каоцерваттардың индиферент әсерлерді елемей, зат алмасу процесіне себепші әсерлерді сезу қасиеті тітіркену деп аталады, ал бұл тітіркену

құбылысы органикалық емес материяның органикалық жағдайға ауысқанында көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды әрқандай тірі организм сыртқы тітіркендіргіштерге тандамалы қатынас жасап, тірі материяның өзіндік реттеу деп аталатын жаңа сапалық қасиетін танытады.

Тітіркену -бұл биологиялық бейнелеудің ең қарапайым формасы болумен, өсімдік және жануарлар эволюциясының барша кезендеріндегі тірі организмдерге тән құбылыс, яғни бұл тірі организмнің барша биологиялық мәнді әсерлерге жауап беру қабілеті. Осылай, органикалық дүниеге өту барысында бейнеленудің сапалық жаңа формасы келіп шығады, әлбетте, бұл бейне айнадағыдай дәл сипатты бере алмайды

Тіршілікке маңызды әсерлерге болған тітіркену процестері, тітіркенудің жоғары маманданған формаларының қалыптасуы және олардың Ү-рпақтан үрпаққа беріліп отыруы өсімдік дүниесі деп аталған өмір кезеңінің сипатына айналады. Мысалы, күн жарығына орай өсімдік тамырының терендеуі, дарақ діңінің қисық болуы, өсімдіктің күн сәулесін бағуы сияқты құбылыстар бәрі осы биотикалық әсерлерден болған тітіркенудің нәтижесі. Өсімдік өмірі үшін мәнді және бір жағдай бар. Биотикалық әсерге қарқынды зат алмасумен жауап беруші өсімдіктер нақты зат алмасу кезінде өзге әсерлерді байқамайды. Олар қоршаған ортада белсенді бағыт-бағдар таңдай алмайды. Мысалы, адым жерде күн сәулесі жарқырап түсіп тұрғанымен, өзі тасада қалған өсімдік жасай алмайды.

Мұндай өмір сүрудің енжар формасынан тіршілік эволюциясының келесі кезеңі жәндік-жануарлар дүниесі айрықша сипатқа ие. Бұл кезендегі жалпы, ең қарапайым тіршіліктің даму барысында пайда болған бейнелеудің бастапқы формасы - сезу екені жөнінде ғылымдық болжам бар (А. Н. Леонтъев). Бұл болжам бойынша, ең қарапайымдарынан бастап әрбір тірі организге тән құбылыс жануардың тек зат алмасуға қатысты биологиялық әсерлерге жауап беріп қоймастан, биологиялык мәнсіз не "бейтарап" әсерлерге де, егер олардың өмірлік қажеттілігі жөнінде хабар түссе, жауап бере алуы. Басқаша айтсақ, жануарлар, тіпті ең қарапайымдары да, қоршаған ортада белсенді түрде бағыт-бағдар іздестіреді, өмірлік маңызды жағдайларды қарастырады, төңіректегі барша өзгерістерді байқастырады. Мұндай алғаш биологиялық маңызсыз, ал сонан соң өмір қажеттілігіне айналған әсерлерді бақылау қабілеті - сезу деп аталады. Сезу құбылысы психиканың туындауында объектив биологиялық белгі қызметін атқарады.

Тіршілік иесі қоршаған ортада бағдарлау қабілетіне ие болып, онда болып жатқан әртүрлі өзгерістерге белсенді қатынас жасай отырып, есімдіктерге тән емес, әрекет-қылықтың жеке-дара өзгермелі формаларын қалыптастыра бастады.

Алғашқы кезде мұндай жеке өзгермелі әрекет-қылықтың қалыптасуы өте баяу болды, солай да болса, бұл процесті эксперимент жағдайында (Брамштедт) байқауға қол жетті. Бір жасушалы жануарлар жылуды сезеді де, жарықты қабылдамайды. Сондықтан да олар бір жағы жарық, екіншісі қараңғы, суы тендей жылы камерада бір қалыпты жайыла жасайды. Ал егер камерадағы

судың бір бөлігін ғана жылытса, жануарлар сол бұрышқа келіп жиналады. Егер камераның суық су тарапына ұзақ уақыт жарық түсіріп жылы жағын қараңғыласа, жануарлар әрекеті өзгере бастайды, яғни енді біржасушалылар температураның көтерілуінен хабар беруші сигналға айналған жарықты сезе бастайды. Өсімдіктерден жануарларды ажырататын жекелеген әрекет-қылық баяу өзгереді және пайда болған өзгерістер ұзақ уақыт сақталып, өте жай жойылады.

9.2. Псииканың қозғаушы күштері

Тірі организмнің психикалық дамуының бүкіл ұзақ процесі үлкен екі кезеңнен тұрады:

1. Жануарлардың психикасының дамуы (ол биология заңдарына, тұқым қуалаушылық, құбылмалылық, табиғи сұрыпталу заңдарына бағынады).

2. Адам санасының дамуы қоғамдық-тарихи заңдылықтарға сәйкес дамиды.

Жануарлардың психикасының дамуы қоршаған дүниені бейнелеудің және оның өзгеруіне бейімделу, күрделі психикалық процестердің пайда болуымен байланысты болды. Жануарлардың түйсіктерінің дамуының нәтижесінде оларда қабылдау туады. Сонымен қатар жануарлардың есі жетіле түседі. Мәселен, маймыл тығып қойған нананды іздей бастайды.

Омыртқалы жануарларда ойлау нышаны бар, бірақ ол адам ойлауынан әлдеқайда шамалы келеді. Психиканың дамуы үшін жануарлардың тұрмысының, қоршаған ортасының маңызы зор. Басқа жануарларға қарағанда ұшатын құстар мен балықтардың психикасы нашар дамыған. Бұл жағдай олардың тіршілік ететін ортасына байланысты, бірақ та құстың көзі жақсы көреді. Жемін алыстан көруіне көп көмек көрсетеді. Маймылдардың психикасының басқа жануарлармен салыстырғанда жоғары дәрежеде дамуының себебі орманда өмір сүруіге бейімделуінен. Ағаш арасындағы тіршілік жағдайында иіс айырудың қажеті азайып, көру рөлі арта түседі. Ағаш бұтақтарында отырып теңселу, ағаштан-ағашқа секіру, көзбен мөлшерлеуге жаттықтырады, дененің сезімталдығын жетілдіреді, әрі жылдам қозғалуды талап етеді. Маймыл жаңғақтың ішіндегі дәнін, түрлі миуа атауылыны, шөптің сабағын тауып жейді. Ол үшін ептілік керек. Маймыл қолын жүру қызметіне де, ұстау қызметіне де қолдана алады. Маймылдардың психикасының даму сатысын аңғаруға негіз болатын маңызды бір факт - көз бақылауы мен ептіліктің пайда болуы. Бұл бейімділік бұтақтан-бұтаққа секіріп, тамақ тауып жеуіне көмектеседі. Жануарлар дүниесінің дамуында үш түрлі әрекет бар. Олар: 1.Инстинкт 2.Дағды 3. Интеллект

Жануарлардың инстинкті.

Инстинкт деп жануарлардың биологиялық өмірінде тұқым қуалай отырып, бойына біткен мінезінің пайдалы тума түрін айтады.

Инстинктің мынадай өзіне тән ерекщеліктері бар:

1)Амалдық-тұтастық егерде қарапайым рефлекс организмнің жеке мүшелерінің аз уақыт ішінде бір рет қана жауап қайыруы болса, инстинкт ұзаққа созылып жануар үшін биояогиялық мәні зор, күрделі әрекет түрінде өтеді (ін қазу, үя салу, аң аулау, ұясына, іниіне тамақ жинау).

2)Туа пайда болу. Бұл жануардың нерв жүйесінің бойына біткен тұқым қуу арқылы берілген қасиеті. Бұл инстинкт қайталап отыруды тілемейді.

3)Санасыздық. Сырт қарағанда саналы сияқты болып жануарлардың "ақылына" байланысты көрінгенімен, жануарлар ісінде саналылық деген болмайды.

Мәселен, бал арасының балауызын тесіп қойсаң да бал арасы оған бұрынғысынша бал келтіре береді. Ұяда жұмыртқа басып отырған қасқалдақ жем іздеп ұшып кеткен кезде, оның жұмыртқаларын басқа орынға көрсетіп ауыстырып қойсақ, қасқалдақ оны байқамай үйреншікті орнына отыра кетеді. Жұмыртқаның жоқ екендігінде қасқалдақтың жұмысы болмайды, қасында көрініп жатқан жұмыртқаларының үстіне қонуға ақылы жетпейді, Өйткені оның бұл атқарып отырған іс-қимылдары тек қана инстинкт.

Сонымен инстинкт - жануарлар мінезінің бейімделу қасиетінің өте жай өзгеретін түрі. Инстинкт - «инстинк-тус» деген латын сөзі, қазақша «санасыз ұмтылу» деген мағынаны білдіреді.

Инстинкт - омыртқасыздардың, құстардың, балықтардың сондай-ақ т.б. жануарлардың мінез-құлық іс-әрекетінің негізі болып табылады. Инстинкт адамда да болады. Бірақ адамның іс-әрекеті әдетте интеллектіге, ақыл-ойға бағынады.

Жануарлардың дағдылары.

Жануарлардың мінез-құлықтарының көптеген формалары тұқым қуалаған емес өз өмірінен, өзінің тәжірибесінен алғаны. Бір әрекеттің қайталана беруінің нәтижесінде бірте-бірте жасалған іс-әрекеттер - дағдылар деп аталады.

Дағды инстинктерге қарағанда өзгермелі, мінез-құлықтың икемді түрі. Сондықтан да, хайуан ортаға тез бейімделіп, көндігіп кете алады. Орыстың атақты аң үйретушісі В.Д. Дуров өз аңдарына кітап оқытты, үй сыпыртты, есеп шығартты, тіпті орамалмен мұрнын сүртуге дейін үйретті. 1919 жылы ұйымдастырылған аңдар бұрышын В.Д. Дуров "шартты рефлекстердің фабрикасы" деп атады. В.Д. Дуров осындай табысқа И.П. Павлов ілімінің нәтижесінде жетті. Өйткені, В.Д. Дуров жануларды жаттықтырып, үйрету үшін әр түрлі сигналдарды шартты рефлекстерді жасады. Мәселен, цирк алаңына келтірілген поезға тышқандар жапа-тармағай міне бастайды. Кішкене көк вагондарға сұр тышқандар, қызыл вагондарға ақ тышқандар кіріп орын алады. Тышқандарды осылайша жаттықтырып, үйрету ісі оларды тамақтандыру арқылы жүргізіледі (сұр тышқандар көк вагонда, ақ тышқандар қызыл вагонда тамақтандырылды). Тамақтандыруды сан рет қайталағаннан кейін вагондардын, бөлгілі бір түрі мен түсіне қарап қоректендіру тышқандарда шартты рефлекстерді қалыптастырады.

Дағдының физиологиялық негізі - шартты рефлекстер. Дағдының жасалуының арқасында жануарлардың туғандағы инстинктері кейде өзгереді.

Мәселен, балықты дағдыға үйрету үшін, мынадай тәжірибе жасалған. Аквариумды шынымен екіге бөліп бір бөлігіне екі алабұға, екінші бөліміне тірі шабақ жіберілді. Шабақ – алабәғаның жемі. Сондықтан шабақты көре салысымен алабәғалар оған ұмтылады. Бірақ басы шыныға соғылып жей алмайды. Эксперимент екі ай бойы жүргізілді. Көп уақыт өткен соң алабұғалардың жеміне қарай ұмтылу бәсендеп, мүлдем жойылды. Осыдан кейін аквариумды бөліп тұрған шыныны алып тастасақ, шабақ алабұғалардың бөлмесіне жүзіп, араласып кете барады. Бірақ алабұғылар шабаққа тимейді. Себебі шыны түрған кезде тауы шағылған алабұғалардың олармен бірге тұруға бойы үйрене бастайды да, ұмтылу инстинктісін жоғалтып алады. Сондықтан екінші бөлмеге ауыспайды. Алабұғаның мінезіндегі мұндай шабуыл жасамау сипаты бірнеше күн қайталаудың яғни шартты рефлекс жасаудың арқасында пайда болады. Бұдан инстинктінің өзгеретіндігін байқаймыз. Инстинктінің өзгеруінде дағдының үлкен себебі бар.

3.ФРЕЙД ПСИХОАНАЛИТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ

10.1. Фрейд тұлға моделі

Психоанализ — батыс адамының рухани дағдарысының mine тән көрінісі және оның шешімін іздеудің талпынысы. Бұл психоанализдің соңғы кездегі бағыттарынан — гуманистік» және «экзистенциалды» анализдерден (сараптаудан) айқын көрінеді. Өзімнің «гуманистік» тұжырымдамаға көшпес бұрын Фрейдтің жүйесі, кең тараған, мүлде қайшы түрде, «науқас» және «емдеу» деген ұғымдар аясынан шығып кеткендігін, оның жаны сырқат ауруларды емдеуге ғана емес, дұрысы, адамды «құтқаруға» бағытталғанын айтқым келеді. Бір қарағанда, Фрейд психикалық ауруларды емдеудің жаңа түрін жасап, осы мәселеге күллі мүддесі мен өмірін бағыштаған адам. Алайда, тереңірек үңілсек, неврозларды медициналық жолмен емдеудің астарында Фрейдтің қызметінде аңғарыла бермейтін өзі сирек сезінген өзге мүдде жатқаны аңғарылады. Осы бір жасырын немесе тек қана имплицитті тұжырымдама психикалық ауруларды емдеуден гөрі, «ауру» және «емдеу» ұғымдарының аясынан кеңірек мәселеге қатысты болған сияқты. Ол не? «Психоаналитикалық қозғалыстың» негізі, өзегі не еді? Фрейд болашақтағы адамды қалай елестетті? ()ның қозғалысының іргетастық догматтары қандай? Бұл сауалдардың ең айқын жауабы, шамасы, Фрейдтің мына сөзінде жатыр: «Анау болған жерде Мен тұруға тиіс». Оның мақсаты иррационалды және санадан тыс нәрсенің бәрін ақылға билету болатын; адамды оның барлық мүмкіндіктеріне сәйкес санадан тыс нәрсенің құрсауынан босату еді. Ол сол күштерді өз бойынан сезінуге, бақылап басқарып отыру үшін оларды игеруге тиіс. Фрейдтің мақсаты ақиқатты, шын жағдайды мейлінше тану болатын. Ол үшін бұл (тану) мына дүниеде адамға бағыт берудің жалғыз тал ерулесіндей болды. Оның мақсаттары — рационализмнің, Ағарту философиясының, пуританды қ этиканың дәстүрлі мақсаттары. Егер дін мен философия осы өзін

өзі бақылау мақсатын утопиялық түрде қойса, Фрейд бұған бірінші болып ғылыми негіз жасап берген (санадан тысты зерттеу арқылы) адам болған — немесе, өзі солай деп есептеген — демек, осы мақсатқа жетудің жолдарын да көрсеткен. Фрейд батыс рационализмінің асқар биігі, алайда, оның дана ойы рационализмнің жалған аспектілері мен үстірт оптимизмнің кедергілерінен аттап өтуге мүмкіндік берді. Рационализм романтизммен — күллі 19 ғасырдың бойында иррационалдықты, адам болмысының аффектілік жақтарын әспеттеуімен рационализмге қарсы тұрған қозғалыспен синтезге түсті. Индивидті қарастырарда Фрейдті философиялық және этикалық мақсаттар әдеттегіден тыс алаңдатты. Психоанализге кіріспе бойынша жасаған лекцияларында ол әлдебір мистиктердің тұлғаны түбегейлі өзгертуге іс жүзінде талпынып көргені жайлы айтады. «Біз, — дейді Фрейд, — психоанализдің терапиялы ұмтылыстары мәселені осылай қоюға жақын екенін мойындауымыз керек.

Олардың діттегені Ego ны күшейтіп, оны Super – Ego дан мейлінше тәуелсіздеу ету, бақылау аймағын ұлғайтып, Id ның жаңа тұстарына қол жетерлік жағдай жасау. Анау болған жерде Мен тұруға тиіс. Бұл мәдениеттің Зюйдерзеені құрғатқандай көлемдегі жұмысы.» Ол «адам мәтіні невротикалық симптомдардан, мінез құлқын бәсеңдік пен қалыпты еместігінен құтқаруды» мақсат ететін психоаналитикалық терапия туралы осы ниетпен сөйлейді. Сонымен, ол үшін аналитиктің (сарапшының) бейнесі қарапайым доктордан, «емдеуші дәрігерден» биіктеу. Аналитик, егер ол пациент үшін кейбір аналитикалық мезеттерде өнеге ретінде, ал кейде мұғалім ретінде қызмет етуге тиіс болса, белгілі бір мағынада үстем жағдайда болуы керек. «Ақыр соңында, — деп жазады Фрейд , — аналитик пен пациент арасындағы қарым қатынастар ақиқатқа деген яғни, шындықты мойындауға негізделуге, сол арқылы ұятты да, алдауды да ысырып қоюға тиіс». Фрейд психоанализінің ауру мен емдеудің конвенциалды ұғымдарының аясына сыймайтын өзге белгілері де бар. Шығыс ақылойымен, әсіресе, дзенбуддизммен таныс адам үшін ондағы шығыс ақыл ойының ұғымдары мен ой толғаныстарының үндесу аңғару қиын емес. Фрейдтің мұнда көрсетілген принциптерінің біріншісі — өзгертуші білім, оған сайсақ, теория мен практика бірбірінен бөліп алғысыз нәрселер — өзімізді тану актісі арқылы біз өзімізді өзгертеміз (трансформациялаймыз). Бұл идеяның Фрейд заманындағы немесе біздің заманымыздағы ғылыми психологияның ұғымдарынан айырмашылықтарының бәрін атап айтып жатудың аса қажеті де жоқ, соңғысы үшін таным танушыны өзгертетіндей қызметі жоқ теориялық білім ғана. Фрейд тәсілі тағы бір тұста шығыс ақылойына, әсіресе, дзен-буддизмге мейлінше жақын. Фрейд осы заманғы батыс адамына тән нәрсені — саналы ойды шектен тыс, асыра бағалауды құптаған жоқ. Керісінше, ол біздің санамыз біздің барлық психикалық процестеріміздің шағын бөлігі ғана, оның үстіне онша маңызды да емес, біздің өз ішімізде санамыздан тыс күйде отырған қараңғы және иррационалды бастаулардың ғаламат күшімен салыстырғанда, бұл тіпті, болмашы деп есептеледі. Адам табиғатының шынайылығына жету үшін Фрейд еркін ассоциациялар тәсілінің көмегімен саналы ой жүйесін

бұзғысы келді. Еркін ассоциацияларды пайдалану арқылы қисынды, саналы, конвенционалдық ойлау кедергісінен асу қажет болды, Бұл біздің тұлғамыздың алғашқы құнар бастауына, санадан тысқа әкелуге тиіс еді. Біз Фрейд іліміндегі санадан тыстың мазмұнын қанша сынағанымызбен, оның еркін ассоциаялануы қисынды ойлауға қарсы қою арқылы батыс әлемінің конвенционалдық рационалдық ойлау тәсілі аясынан шығып, Шығыста әлдеқайда ұшқары және кең көлемде зерттеліп жатқан нәрселерге ұмтылғаны анық. Фрейдтің осы заманғы батыс позициясынан тағы бір түбірлі өзгешелігі бар. Мен оның тұлғаның анализін бір, екі, үш, торт, бес, тіпті, одан да коп жылдар бойы жүргізгісі келетінін айтып отырмын. Бүл Фрейдті шынымен сынға алуға себеп болды. Анализдің тиімді болуы шарт екеніне дау жоқ, алайда, мен Фрейдтің кісі өзін толық түсінетіндей жағдайға келуі үшін оны жылдар бойы зерттеу керек деген батылдығын құптаймын. Пайдалылық, шытын мен табыс тұрғысынан алғанда, аса ойлы іс емес.

ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУ ТЕОРИЯСЫ

11.1.Ж.Пиаженің операционалдық интеллект теориясы

Ж.Пиаженің психикалық даму теориясы. Швейцариялық психолог Ж.Пиаженің көзқарасы бойынша, кез-келген тірі Құрылым сияқты интеллект тек ынталандыруға ғана емес, ол өсіп, өзгеріп,әлемге бейімделеді. Шын мәнінде, дамудың мақсаты қоршаған ортаға бейімделу.

Оның жасаған білім саласы, биологияны эпистемологиямен (білімнің пайда болуын зерттейтін, тұжырымдамаларды қалыптастырудың механизмдері мен шарттары, танымдық әрекеттер және т.б.) зерттейтін генетикалық эпистемологияны дұрыс деп атайды. Пиаженің зерттеуі Симон және Бинемен бірлескен интеллект шкаласын жетілдіру жұмысынан басталды. Тестілеудің нәтижелерін талдаған Ж.Пиаже қате жауаптарда табылған үлгілерге қызығушылық танытты.

Ол балалар мен ересектер арасындағы айырмашылық білім көлемімен шектелмейді, бірақ таным әдістеріндегі айырмашылықтармен түсіндіріледі. Зияткерлік зерттеуді сандық (тест) тәсілмен қабылдамай, Ж.Пиаже клиникалық сұхбат (интервью) жүргізу әдістемесін әзірледі, егер бала сұрақтарға жауап берсе немесе ынталандыру материалын басқарса.Бұл тәсіл баланың жинақтаған білімін ашып қана қоймай, ішкі процестерді ойлау үрдістерін жауаптар кезінде анықтауға мүмкіндік берді. Осы сұхбаттардың нәтижесі Пиажеге логикалық модельдерді балалардағы интеграциялық ойлау үдерістерінің дамуын сипаттау үшін қолдануға болады деген қорытындыға әкелді.

Оның теориясын суреттеу үшін Пиаже баланың физикалық заттардың (көлемі, салмағы, саны) пішіні немесе сыртқы түрінің өзгеруіне қарамастан тұрақты болып қалатынын білдіру үшін танымал эксперимент ойлап тапты.

Баланың көз алдында Пиаже сұйықтықты бір шыныдан(кең және төмен) екіншіге (жоғары және тар) құйып жіберді.Содан кейін ол ұзын шыныда қанша

сұйықтық болғанын сұрады. 6-7 жастағы және одан жоғары жастағыбалалардың көпшілігі сұйықтықтың мөлшері бұрынғы қалпында қалды, бірақ 6 жасқа дейінгі балалар жоғары стаканда сұйықтық көбірек екендігін айтады.Пиаже дамудың белгілі бір кезеңіне дейін балалар өз ұғымдарын логикалық үдерістен гөрі перцептивтік үдерістерге сүйене отырып қалыптастырады деген қорытындыға келді. Басқаша айтқанда, олар көзіне сенеді.Кішкентай балалар сұйық деңгейдің биік шыныда жоғары екендігін көреді, сондықтан олар сұйықтықтардың көп екенін ойлайды. Екінші жағынан, алты жастағы немесе одан үлкен балалар Пиаже қойған сұраққа, стаканға араған сон жауап береді.Олар әйнек құйылған мөлшерге немесе формаға қарамастан сұйықтықтың мөлшері бірдей болып қалатынын біледі. Балалар бұл 39 қабілетті көрсеткенде, психологтар консервация тұжырымдамасы оларға қол жетімді деп санайды. Бұл балалар өз пікірлерін бір ғана қабылдауға негіздемейді, бірақ логиканы пайдаланады. Олардың білімі сыртқы көздерден де бар.Ж.Пиаженің айтуы бойынша, ақыл-парасат танымалы әлемді бейнелейтін білімді жазуға немесе айнаға айналдыра алмайтын таза тақтайша емес. Адам қабылдайтын ақпараттар, сезімтал бейнелер немесе субъективті тәжірибелер оның интеллектінің құрылымына сәйкес келсе, онда бұл деректер, суреттер мен тәжірибелер «түсінікті» немесе Пиаженің тілінде ассимилирленеді. Егер ақпарат интеллект құрылымына сәйкес келмесе, ол оны қабылдамайды (және оның құрылымы өзгеруге дайын болса, ол жаңа ақпаратты бейімдейді).Пиаженің терминологиясында ассимиляция-бұл қазіргі бар құрылымдарға негізделген жаңа тәжірибені түсіндіру. Екінші жағынан, аккомодация-ескі және жаңа тәжірибені біріктіру үшін қолданыстағы ой құрылымын өзгерту.Пиаже теориясындағы ассимиляция -жаңа ақпараттың схемадағы адамның ажырамас бөлігі ретінде қосу процесі. Пиаже теориясындағы аккомодация -жаңа идеясы немесе идеясы біздің ұғымдарымызға сай келмеген кезде, ойлау процестерін өзгерту әрекетін білдіреді.Осылайша, Пиаженің айтуынша, онтогенетикалық даму барысында сыртқы әлем балаға нысандар түрінде дереу емес, онымен белсенді өзара әрекеттесу нәтижесінде сөйлесе бастайды. Субъект пен объект арасындағы толығымен және толық өзара әрекеттесу барысында автор олардың өзара байытуы орын алады: объектіде көбірек сипаттамалар бөлініп, оның мақсаты әлемге әсер ету, нәзік және кешенді жолдары бар білу және саналы мақсаттарға жету.Интеллект әрқашан ассимиляция мен аккомодация арасындағы баланысты орнатуға тырысады, яғни қоршаған ортаға ең жақсы бейімделу, бұл ақылда пайда болған шындық пен оның көрінісі арасындағы сәйкессіздікті жоюда көрінеді. Алайда, тепе-теңдік тыныштық күйі ретінде түсінілмеуі керек.Бұл жүйе тепе-теңдікті тудыратын шынайы және күтілетін әсерлерді өтейдінемесе бейтараптандыратын үздіксіз әрекет жағдайы.Бұл дегеніміз егер ақаулықты түзету немесе осындай ақаулықты тудыруы мүмкін әсерге дайындық жасалмаса теңдестіру болуы мүмкін.Пиаженің айтуынша, теңдестіру үрдісі (қоршаған орта мен ішкі құрылымдар арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету) адамның негізінен және кез-келген биологиялық бейімделуден тұрады. Пиаже үшін,

интеллекттің дамуы биологиялық бейімделудің маңызды мысалы болып табылады.Ол инварианттыбейімделу функциялары, яғни ассимиляция және аккомодация, адамның зияткерлік бейімделуінің негізін сыртқы ортаға айналдырады және адам түрін сақтап қалуға мүмкіндік береді деп сенеді. Пиажедегі адамға қарсы теңдестіру механизмінің сипаттамасы психикалық құрылымдарда жүзеге асырылған.40 Пиаже психикалық құрылымдарды белгілеу үшін термин –схеманы қолданды.Схемалар -ақпараттың өңделу жолдары, адам өсіп, білім алуда. Схемалардың екі түрі бар: сенсорлық тізбектер немесе әрекеттер және ұғымға неғұрлым жақын ұқсас когнитивті сызбалар.

Біз жаңа ақпаратқа орналасудың (орналастырудың) схемаларын қайта жаңғыртып, сонымен қатар ескі схемаларға жаңа білімдерді біріктіруді үйренеміз.Пиаженің негізгі жұмыс тұжырымдамасын анықтағаннан кейін, оның екі негізгі ашылуының сипаттамасына -интеллект дамуының кезеңдері мен балалардың ойлауының эгоцентризміне баса назар аударайық. Ж.Пиаженің тұжырымдамасы бойынша интеллект дамуының кезеңдері. Пиаженің пікірі бойынша, интеллектуалды дамыту процесі келесідей: схемалар әр түрлі комбинациясы танымдық өсудің сапалы әр түрлі сатыларына сәйкес келетін операцияда ұйымдастырылған.Адамдар дамып келе жатқанда, адамдар ақпаратты ұйымдастыру және сыртқы әлемді түсіну үшін барынша күрделі схемаларды қолданады.Пиаженің айтуынша, бұл дамуда төрт дискреттік, сапалы әртүрлі сатылар немесе кезеңдер бөлінуі мүмкін. Ол осы кезеңдерге келесі атауларды берді: сенсо-моторлық кезең (туғаннан бастап 1,5-2 жасқа дейін), алдын ала операциялық кезең (2-ден 7 жылға дейін -кейде нақты операциялардың кезеңінің бірінші кезеңі), белгілі бір нақты операция кезеңі (7-ден 12 жасқа дейін)) және формальды операциялар кезеңі (12 жастан бастап және одан жоғары).Сенсомоторлық кезең (туғаннан бастап 2 жасқа дейін) мұнда бейімделу баланың егжей-тегжейлі және дәйекті материалдық әрекеттері түрінде жүзеге асырылады. Нәрестелер әрекеттер схемаларын қолданады: көру,ұқыптылық және т.б. -айналасындағылармен танысу. Бұл саты сезімтал деп аталады, себебі баланың ақыл-ойы сенсорлық деректерге және денелердіңқозғалысына негізделеді.Пиаженің айтуынша, алдын ала операциялық кезең (2-ден 7 жасқа дейін) -бұл балалар сөйлеуге және тіл мен басқа да символдық құралдарды (имитациялық, ойын) қолданатын уақытта басталады. Бұл кезеңде баланың ой-пікірі өте нақтылық, қайтымсыздық, эгоцентризмге ұмтылады, оларға объектілерді жіктеуге қиын. Алдын ала операциялық кезеңде балалар ең алдымен өз іс-әрекеттерімен әлемді үйренеді. Олар текшелерден, әжелерден немесе иттерден жасалған үйлер туралы жалпы кеңестік теорияларды ұсынбайды, бірақ нақты білімді қалыптастыру үшін күнделікті тәжірибесін пайдаланады.Алдын ала операциялық кезеңде балалар объектілердің бүкіл сыныбы туралы қорыту жасамайды, олар тіпті нақты оқиғалардың тізбегінің салдарын ойлау мүмкін емес. Бұдан басқа, олар таңба мен оғантағайындалған объект арасындағы айырмашылықты түсінбейді. Осы кезеңнің басында балалар өз ата-аналары туралы өздерінің мағынасын бөліп бере алмайтын атаулар туралы өте маңызды. Кезеңнің соңында әртүрлі

жағдайларда қайталануына байланысты сыртқы объективті әрекеттер схематизирленеді және символикалық құралдардың 41 көмегімен ішкі жоспарға ауысады. Осы кезеңнің соңында балалар тілдің сөздері дәстүрлі белгілер екенін біледі және бір сөз тек бір ғана емес, сонымен бірге бірнеше нысандарды да белгілей алады.Нақты операция кезеңі (7-ден 11 жасқа дейін) - мұнда балалар логиканы ойлауда қолдана бастайды. Олар нысандарды жіктеуге және иерархиялық жіктеліммен айналысуға, математикалық тұжырымдамалармен жұмыс істеуге және консервациялау заңын түсінуге қабілетті.Мысалы,алдын ала операциялық сатысында балаға бір мезгілде «иттер» және «терьер» болуы

мүмкін екенін түсіну қиын. Ол бір уақытта тек бір сыныппен жұмыс істей алады. Бірақ жеті жасар бала терьерлерді иттердің кең тобындағы бір кіші топ болып табылады деп санайды. Олар сондай-ақ басқа кіші топтарды, мысалы, терьерлер мен пуделлер сияқты «кішкентай иттер» кіші тобын және «алтын иттерді» және «Сент-Бернард» сияқты «үлкен иттердің» кіші тобын көре алады.

Осылайша ойланып, олар сыныптардың иерархиясын түсінуді көрсетеді. Белгілі бір операция кезеңінде балалар осы типтегі логикалық операцияларды меңгереді және олардың ойлауы ересектердің ойлауына ұқсайды. Бала кеңістіктегі өзгерістерге қарамастан белгілі бір заттар жиынтығының санының өзгермейтіндігі туралы қорытынды жасаған кезде, оның ойы бұл өзгерістерге әкеліп соқтырған қозғалыстарды кері қайтару арқылы объектілердің бастапқы орналасу оралу мүмкіндігін түсінуге негізделген деп саналады. Демек, оның ойлауы кері болады. Мұндай ойлаудың икемділігі «орталықсыздандыру» қабілетінің артуымен тығыз байланысты және бұл жедел құрылымдардың қалыптасуына байланысты деп саналады. Бұл құрылымдар қандай? Пиаженің теориясындағы «операция» деген сөздің мағынасы бар. Мұны түсіну үшін сіз үш нәрсені білуіңіз керек.Бірінші. Операция -әрекеттер. Рас, олар физикалық манипуляциялар емес, өйткені олар тек ақыл-ойында жүзеге асады. Дегенмен, бұл әрекеттер мен олардың көзі сенсорлық кезеңнің физикалық әрекеттері болып табылады.Екінші. Операцияның шығу тегі қандай да бір физикалық әрекеттер емес, сондай ақ, объектілерді біріктіру, реттеу, бөлу және қайта құру сияқты іс-әрекеттерді жүргізетін әрекеттер, яғни олар жалпы сипаттағы әрекеттер. Үшінші . Операция өздігінен болуы мүмкін емес, тек реттелген операциялық жүйе ішінде ғана. Және жүйелілік,жүйені ұйымдастыру әрдайым «топ» немесе «топтау» түріне ие. Дегенмен, жаңа символикалық әрекеттер бастапқы физикалық әрекеттер орындалатын нақты объектілермен тығыз байланысты: бала физикалық объектілермен әрекеттер туралы, олардың тәртібі, жіктелуі және т.б. туралы ойлайды. Демек, атау нақты операциялардың кезеңі болып табылады. Пиаже сенсорлық ақыл-ойды белгілі бір операциялық кезеңнің ақылымен салыстырғанда, ол негізгі бағыттардаң турады, оның нәтижесінде салыстырғанда соңғысы біріншіден озады.

Біріншіден.Сенсо-моторлық интеллект статистикалық, мобильді емес. Ол заттарды бір-бірінен соң қарап, оларды бір суретке байланыстырмайды. Екіншіден.Сенсомоторлық ақыл-ой тек практикалық жетістіккебағытталған. Операциялық ойлау, түсіндіру және түсіну үлкен қызығушылық тудырады. Бұл

өзгеріс сананың дамуына байланысты, бұл мақсатқа жету жолдарын жақсы түсінуге әкеледі.

Үшіншіден Сенсо-моторлық ақыл-ой нақты заттармен орындалатын нақты әрекеттермен шектелгендіктен, бұл тар кеңістіктік уақыттық кадрлармен шектеледі. Символдық әрекеттердің қолданылуы кеңірек болады.Формалды операциялар кезеңі(12 жастан бастап) дерексіз (дерексіз) ұғымдармен жұмыс істеу қабілетін сипаттайды. Бұл кезеңде жасөспірімдер проблеманы шешудің барлық логикалық нұсқаларын зерттеп, фактілерге қайшы келетін нәрселерді елестете алады, болашаққа шынайы көзқараспен қарауға,идеалдарын қалыптастыруға және жас балаларға қолайсыз метафоралардың мәнін түсінуге болады. Формальды жедел ойлау үшін, физикалық объектілермен байланыс немесе нақты оқиғалар қажет емес. Бұл жасөспірімдерге өздерін алғаш рет «Не болады, егер ...» деген сұрақ қоюға мүмкіндік береді («Егер мен бұл адамға айтсам не болады?»). Бұл оларға басқа адамдардың ойларына енуіне және олардың рөлі мен идеалдарын ескеруге мүмкіндік береді.

Даму кезеңдеріндегі өзгерістерді жылдамдатуға болады және, мысалы, бес жастағы балаға нақты операцияларды үйрету мүмкін бе? Пиаже бұл сұрақты «американдық» деп атады, себебі ол АҚШ-қа келген сайын сұраған. Ол, егер бұл мүмкін болса да, ұзақ мерзімді перспективада дамудың мұндай қарқынының маңыздылығы күмән тудырады. Ол кезеңдердің өзгеруін тездетпеу керек, бірақ әрбір балаға оның өсуінің әрбір кезеңіне сәйкес келетін жеткілікті білім беру материалдарын ұсынуға болмайтындығын атап өтті, осылайша, интеллект аймағы әлі дамымаған.Пиаже өз еңбектерінде «даму» мен «оқыту» арасындағы қарым-қатынасты жиі талдады. «Үйрену» -бұл «даму» деген сөздің синонимі емес. Керісінше, ол «үйренуді» кейбір сыртқы дереккөзден алынған білімді меңгеруді теңестіруге бейім, яғни, оны өз шеберлілігімен салыстырады, бұл өз ісінің салдары болып табылады.Осылайша, егер бала дұрыс жауапты есте білсе немесе ол хабардар болғандықтан немесе марапатқа ие болғандықтан, ол бұл жауабын өздігінен бағаласа, онда, сөзсіз, ол біледі. Бірақ Пиаже бұл жағдайда фундаменталды дамудың жоқтығына сенімді, өйткені ол құрылыстың және өзін-өзі реттеудің белсенділігімен байланысты.Ж. Пиаже бейімделу мінез-құлықтың ең қарапайым түрлерінен интеллекттің ең дамыған түрлеріне өтуде ешқандай кемшіліктер жоқтығын дәлелдеді. Біреуі біреуінен өседі. Сондықтан, интеллект өте білімді меңгере алатындай дамыған жағдайда да, осы білімнің пайда болуын қажет етеді. Сондықтан осы білімнің көздерін іс-әрекеттен іздеу керек. Пиаже бізге білімнің «дайын» сыртынан келмейтінін бірнеше рет қайталады. Бұл шындықтың «көшірмесі» емес. Сондай-ақ, білім бізде туғанда алған нәрсе емес. Біз оны құруымыз керек. Біз оны бірнеше жыл бойы баяу істеп келеміз. Пиаженің баланың ойлауындағы эгоцентризмінді ашуы Пиаженің алдында тұрған жалпы міндет тұтас логикалық құрылымдардың психологиялық механизмдерін анықтауға бағытталған, бірақ алдымен ол нақты мәселені анықтап, белгіледі және зерттеді -ол балалардың ойлауына сапалы түпнұсқалықты беретін жасырын ойлау үрдістерін зерттеген және олардың пайда болуы мен өзгеру механизмдерін белгіледі.Пиаженің клиникалық әдіс

